

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

ӘОЖ 930 (574.53) "1948-1991"

Қолжазба құқығында

**ПАЗИЛОВ ЕРЖАН ДЖАРКИНБАЕВИЧ**

**Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)**

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
тарих ғылымының докторы, профессор  
ҚР ҰҒА академигі Қойгелдиев М.Қ.

Шет елдік ғылыми кеңесші:  
PhD доктор, профессор  
Бенедиктас Шеткус (Литва).

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1 КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР КЕҢІСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....</b>	<b>29</b>
1.1 Қаратау өңірінің өнеркәсіптік тұрғыдан игерілуі және Кентау қаласының салынуының тарихи алғышарттары.....	29
1.2 Кентау қаласының архитектуралық келбеті және оның тұрғындардың күнделікті өміріне тигізген әсері.....	40
1.3 Қала тұрғындарының баспанамен қамтылуы.....	53
<b>2 КЕНТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....</b>	<b>63</b>
2.1 Қала халқының полиэтникалық ортасының қалыптасуы және кенді өлкеге күштеп жер аударылған халықтардың күнделікті өмірі.....	63
2.2 Қала халқының саны: жастық және ұлттық құрамындағы өзгерістер.....	70
2.3 Бірсалалы шағын қаладағы отбасылық өмірдің ерекшеліктері.....	80
<b>3 КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫРЛАРЫ.....</b>	<b>87</b>
3.1 Қала тұрғындарының еңбектегі күнделікті өмірі.....	88
3.2 Қала тұрғындарының азық-түлік және күнделікті тұтынатын тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейі.....	103
3.3 Қала халқының күнделікті өмірінің көлеңкелі жақтары: қылмыстық жағдай және маскүнемдік.....	114
<b>4 КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР.....</b>	<b>122</b>
4.1 Қала тұрғындарының күнделікті өміріндегі білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерінің қызметі.....	122
4.2 Қала тұрғындарының мәдени-тынығуы мен демалысы.....	131
4.3 «Біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясаты және оның қала тұрғындардың ұлттық бірегейлігіне тигізген әсері.....	138
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>146</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>152</b>
<b>ҚОСЫМША А</b> Ендіру акті.....	165
<b>ҚОСЫМША Б</b> Ендіру акті.....	166
<b>ҚОСЫМША В</b> Ащысай кен байыту фабрикасы.....	167
<b>ҚОСЫМША Г</b> Кентау тұрғындарының баспаналары.....	168
<b>ҚОСЫМША Д</b> Қаладағы тұрғын үй құрылысы.....	169
<b>ҚОСЫМША Е</b> Кентау қаласының архитектурасы.....	170
<b>ҚОСЫМША Ж</b> Кентау қаласы инфрақұрылымы.....	171
<b>ҚОСЫМША З</b> Қаладағы мәдени-тынығу орындары.....	172
<b>ҚОСЫМША И</b> Өндірістегі күнделіктілік.....	173
<b>ҚОСЫМША К</b> Халықты тауарлармен жабдықтау.....	175
<b>ҚОСЫМША Л</b> Мерекелік шаралар.....	176

<b>ҚОСЫМША М Д.А. Каракозидимен сұқбат.....</b>	<b>177</b>
<b>ҚОСЫМША Н К. Ахметқызымен сұқбат.....</b>	<b>179</b>
<b>ҚОСЫМША О И.П. Пиминидимен сұқбат.....</b>	<b>181</b>
<b>ҚОСЫМША П М.Ж. Битимбаевпен сұқбат.....</b>	<b>183</b>
<b>ҚОСЫМША Р Спутник кинотеатры.....</b>	<b>186</b>

## АНЫҚТАМАЛАР

«**Айтылған тарих**» (*Oral history*) – тарихи оқиғаның куәгерлері мен қатысушыларының ауызша айтқан ақпаратын жазып алудың ғылыми ұйымдасқан тәжірибесі.

**Депортация** (*лат. deportatio – шығару*) – мемлекеттен тұлғаны мәжбүрлеп шығару. Депортация термині – жеке тұлғаны ғана емес, тұтас халықтарды тарихи атамекенінен күштеп жер аударуы мағынасында да қолданылады. 1920-1950 жылдары Кеңестер Одағында этностық белгілері бойынша тұтас ұлттарды күштеп көшіру тәжірибесі – сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бөлігіне айналды.

**Жоспарлы (жаңа) қала** – ХХ ғасырдың орта шенінен Кеңестер Одағының халқы аз қоныстанған және толық игерілмеген, сондай-ақ, өнеркәсіпті дамыту мүмкіндіктері мол аймақтарында жедел әрі жоспарлы түрде салынған өндірістік қалалар.

**Күнделікті өмір тарихы** (*ағыл. – Everyday life history, нем. Alltagsgeschichte*) – ХХ ғасырдың екінші жартысында тарих ғылымындағы ескі тұжырымдарға қарсы «жаңа тарих» атауымен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасқан ғылыми бағыттардың бірі. Аталған ғылыми бағыттың аясында нақты бір тарихи кезеңдегі және белгілі бір аумақтағы халық бұқарасының («қарапайым адам») дағдылы жеке өмірі, еңбек етуі, демалысы, тұрмыстық жағдайы, тамақтану ерекшелігі, емделу әдісі, әлеуметтік бейімі, санасы мен мінез-құлық нормаларының қалыптасуына әсер ететін факторлар зерттеледі.

**Кеңестік өнеркәсіптік жаңғырту** (*советская модернизация*) – ХХ ғасырдың екінші ширегінен бастап жүргізілген кең ауқымды индустрияландыру үдерісінің нәтижесінде одақтас республикалардың өнеркәсіптік келбетінде орын алған түбірлі өзгерістер. Аталған үдерістің шеңберінде Қазақстанның жер қойнауындағы пайдалы қазбалары қарқынды игеріліп, ел өнеркәсібінің толыққанды шикізаттық сипаты қалыптасты.

**Микротарих** – дәстүрлі тарихта елеусіз және атаусыз қалып қоятын «кішкентай адамның» уақыт пен кеңістік бойынша шектелген аумақтағы күнделікті өмірлік тәжірибесін, сондай-ақ, осы мақсатқа қол жеткізу үшін шағын территорияны (*ауыл, қала*), әлеуметтік топтарды (*жеке отбасы, кәсіпорын жұмысшылары, діни секта, қоғамдық ұйымдар*) егжей-тегжейлі зерттеумен айналысатын ғылыми бағыт.

**Моноқала** – бұл еңбекке жарамды халықтың негізгі бөлігі (20 % және одан астамы) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы өнеркәсіп өндірісінде, қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорында шоғырланған қала.

**Шағын қала** – тұрғындарының басым бөлігі ауыл шаруашылығынан тыс салаларда еңбек ететін, халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АХАЖ	Азаматтық хал акті жазбасы
Абай ат.	
ҚазҰПУ	Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
БҒМ	Білім және Ғылым Министрлігі
БКП	Бүкілресейлік Коммунистік партиясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КОКП	Кеңестер Одағының Коммунистік Партиясы
КҚАК	Кентау қалалық атқару комитеті
Қазақ КСР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚРОМА	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚРПА	Қазақстан Республикасы Президент Архиві
КӨМА	Кентау өңірлік мемлекеттік архиві
МҚМ	Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі
ОСБ	Орталық статистика басқармасы
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы
ІМ	Ішкі істер министрлігі
ІХК	Ішкі істер халық комиссариаты
ШӨМА	Шымкент өңірлік мемлекеттік архиві
РМЭА	Ресей мемлекеттік экономика архиві
РФМА	Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві
РМЭСТА	Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві
ФЗО	Фабрика-зауыттық оқыту
ХШЖК	Халық Шаруашылығы Жоғары Кеңесі
ТММ	Түсті металлургия Министрлігі
ТОМА	Түркістан облысы мемлекеттік архиві

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыста 1948-1991 жылдар аралығын қамтитын кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының тұрғындарының күнделікті өмірі тың архив деректері негізінде талданады. Әсіресе, Кентау қаласының тұрғындарының күнделікті өмірінің маңызды аспектілері – неке-отбасылық қарым-қатынастар, еңбектегі күнделіктілік, тұрмыстық жағдайлары мен бос уақытының ұйымдастырылуы, кеңестік кезеңдегі халықтың бұқаралық санасы, бірегейлігі және тұрмыс салт ерекшеліктерінің қалыптасуын зерттеуге баса назар аударылады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Соғыстан кейінгі жылдары кеңес үкіметі бұрын толық игерілмеген, алайда жерасты қазба байлықтар мол шоғырланған Қазақстан сияқты шет аймақтарда шикізат өнеркәсібін дамыта отырып, оның маңынан жаңа қалаларды салуға баса мән берді. Өйткені, бұл бір жағынан елдің қорғаныстық-экономикалық әлеуетін арттыруға және шикізат қоры мол аймақтардың табиғи байлықтарын игеруге жол ашса, екіншіден коммунистік қоғам талаптарына сәйкес ұлттық стереотиптерден арылған қалалық ортаны жобалауға мүмкіндік беретін еді. Тарихы мен өзіндік дәстүрлері жоқ, кейіннен бой көтерген аталмыш «социалистік» қалаларда жаңа қоғамдық қатынастарға негізделген кеңестік өмір сүру салты қалыптасып, ұлттық тамырынан ажыраған «совет адамы» (*homo soveticus*) тәрбиеленіп шығуы тиіс болды. Қазақстанның шикізаттық әлеуеті зор өндірістік аймағында дүниеге келген осындай жаңа «социалистік» қаланың жарқын мысалы ретінде Кентауды атап өтуге болады.

Диссертациялық жұмыс отандық тарихнамада «антропологиялық бетбұрысқа» жол ашқан ғылыми бағыттардың бірі – күнделікті өмір тарихы әдіснамасы аясында орындалды. Аталған ғылыми зерттеу бағытының басты ерекшелігі – адамзат тарихындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени құбылыстардың мәніне қарапайым адамның өмірі тұрғысынан үңілу және жаһандық үдерістерді тұлғаның ішкі әлеміндегі өзгерістер негізінде талдау. Өткеніміздің шынайы зерттелмеген тұстарын күнделікті өмір әдіснамасы негізінде, яғни халықтың белгілі бір уақыт пен кеңестік аясындағы дағдылы өмірлік мәселелері – тұрмыс салты, жеке отбасылық жағдайы, еңбек етуі, демалысы, медицина және білім беру жүйесі, бұқаралық санасы мен бірегейлігінің қалыптасуы тұрғысынан зерделеу – тарихымызда бұрынғы қалыптасқан тұжырымдарды қайта қарауға және оны өзге қырынан түсінуге жол ашады.

XX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанды аумақтық және өнеркәсіптік тұрғыдан отарлауды тездетіп жүзеге асыру үшін кеңес өкіметі индустрияландыру мен урбандалу үдерістерін қарқынды жүргізгені белгілі. Осының нәтижесінде, Қазақстанның картасында көпшілігі шикізат өндіретін бір салалы кәсіпорынға тәуелді моноқалалар пайда болды. Жерінің асты-үсті қазына байлыққа толы қазақ өлкесі аграрлы қоғамнан урбандалған индустриалды қоғамға өту үдерісі күшейіп, жергілікті халықтың өмір сүру ортасы, кәсібі мен тұрмыс салттары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Ауыл

тұрғындарының қала халқына айналуы белең алды. Халықтың күнделікті өмір сапасы жаңа деңгейге көтеріліп, әлеуметтік-мәдени жағдайы жақсарды. Қарапайым адамның күнделікті өміріне бұрын-соңды болмаған жаңалықтар – өнеркәсіпте еңбек ету, жайлы пәтерге қол жеткізу, киноға және театрға бару, радио, теледидар, тоңазытқыш, т.б. тұрмыстық және мәдени құндылықтар берік орнықты. Әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылым құрылып, жаңа интелегенция қалыптасты. Алайда, кеңестік кезеңдегі жаңғырулардың нәтижесінде көптеген материалдық игіліктерге қол жеткізілгенімен, қазақ халқының ұлттық бірегейлігі барынша әлсіреп, демографиялық құлдырауға ұшырағаны, ел өнеркәсібінің тек шикізатқа бағдарланып, біржақты дамуынан күрделі экономикалық және экологиялық мәселелер туындағаны назардан мүлде тысқары қалды [1].

ҚР бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Кеңестік кезеңде қазақ жерінде көптеген өндіріс орындары салынды. Бірақ, экологиялық мәселелермен, шығарылған өнімдердің экономикалық тиімділігімен ешкім санасқан жоқ. Олардың барлығы да көп қуатты, көп ресурстарды талап етті. Сол себептен де бәсеке жағдайында бәрі қаңырап тұрып қалды. Бұл әлемде бар құбылыс» [2, 236 б.] деген болатын. Осы орайда кеңестік индустрияландыру және онымен қатар жүргізілген урбандалу үдерісі тек біржақты ғана жағымды дәріптеліп, ал оның түпкі мақсаты, осы жолда қарапайым халықтың басынан кешірген ауыртпалықтары, жергілікті ұлт өміріне тереңдей енген келеңсіздіктер айтылмай, саяси идеологиялық ұстанымдарға байланысты әдейі бүркемеленді. Сондықтан кеңестік кезеңде орын алған жаңғыртулар (*модернизация*) – ұлттың жаңғыруы емес, тек аумақтың жаңғыруы ғана болғаны ашық зерделеніп, тәуелсіз көзқарас тұрғысынан объективті түрде талдау жасауды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының өзекті болуының тағы бір себебі, кеңестік жаңғыртулардың басты туындысы болып табылатын моноқалаларда қазіргі таңда орын алып отырған шиеленісті мәселелерімен де тығыз байланысты. Кеңестік жоспарлы экономикалық жүйеден елімізге мұраға қалып, отарлық тонаушылықтың белгісіндей болған моноқалалардағы шикізат өндіруге бағдарланған кәсіпорындардың көпшілігі егемендік жағдайында жаңа экономикалық қатынастарға төтеп бере алмай дағдарысқа ұшырады. Сондықтан тәуелсіздік алып, дамудың даңғыл жолына бет түзеген жылдары елімізді тек шикізат көзі ретінде қалдыруды көздеген кеңестік солақай саясаттың жағымсыз салдарлары ең алғаш осы моноқалалар халқының күнделікті өмірінде көрініс берді. КСРО ыдырағаннан кейін қалыптасқан шаруашылық байланыстардың бұзылуы және шикізатты өнімдерге сұраныстың азаюы, моноқалалардағы қала құраушы кәсіпорындарды тоқырауға душар етті. Осының нәтижесінде бүкіл тұрмыс-тіршілігі жалғыз кәсіпорынға тәуелді моноқалаларда жаппай жұмыссыздық мәселесі туындап, халықтың әлеуметтік жағдайы күрт қиындай түсті. Бұл үрдіс уақыт өткен сайын шиеленісе келе, өнеркәсібі тұралаған кейбір моноқалаларда (Кентау, Жаңатас, Жаңаөзен т.б.) әлеуметтік наразылықтардың

бой көрсетуіне себепші болды. Осыған орай, 2012 жылы елімізде моноқалаларды дамытудың кешенді бағдарламасы қабылданды [3].

Кентау қаласы – кеңестік кезеңде республикадағы түсті металл өңдеу мен тау-кен өнеркәсібінің аса ірі орталықтарының бірі болған, соғыстан кейінгі жылдары жаңадан салынған өндірістік қала. Мұнда Ұлы Отан соғысы жылдары майданды қорғасынмен қамтуда басты рөл атқарып, тәуелсіздік жылдары тоқырауға ұшыраған одақтық қорғаныс кешенінің маңызды кәсіпорны Ащысай полиметалл комбинаты жұмыс істеді. Сондай-ақ, «Өңірлерді дамытудың бағдарламасы» бойынша еліміздегі 27 моноқалалар тізіміне Түркістан облысынан енген жалғыз шаһар болып табылады [4]. 1990 жылдардың басындағы дағдарыстың алғашқы толқыны кезінде қала тұзуші басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының жаңа нарықтық экономика талаптарына бейімделе алмай, толық тоқтап қалуынан Кентау қаласы күрделі жағдайға тап болды. Кеңестік жоспарлы экономикаға негізделген, тұрғындарының күнделікті өмірі бірсалалы кәсіпорынға тәуелді Кентау қаласының тоқырауға ұшырауының басты себебі – оның қалыптасуы мен кеңестік кезеңдегі даму тарихымен тығыз байланысты еді. Сондықтан жекелеген моноқалалар тұрғындарының күнделікті өмірін ұйымдастырудың кеңестік кезеңдегі тарихи тәжірибесін зерттеп білмей, қазіргі таңда орын алып отырған күрделі әлеуметтік мәселелерінің түп-төркінін анықтау қиын. Алайда, қазіргі таңда шаһарды сауықтыру мен жаңғырту бағытында қабылданған мемлекеттік бағдарламаларда моноқаланың тарихи қалыптасу ерекшеліктері мен кеңестік кезеңдегі мәдени-әлеуметтік даму тәжірибесі ескерілмей келеді. Жұмысымызда осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатының көзделуі – зерттеу тақырыбын өзектендіре түседі.

Қазіргі таңға дейін еліміздегі ірі және шағын қалалардың экономикалық мәселелеріне арналған зерттеулер жарық көргенімен, жеке әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде моноқалалардың тарихи қалыптасу ерекшеліктері зерттелмеген. Оның ішінде кеңестік дәуірдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмысымыздың негізгі мақсаты – 1948-1991 жылдар аралығындағы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған басты өзгерістерді және өзіндік даму ерекшеліктерін кешенді зерттеу. Осы зерттеу мақсатының аясында төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

– Қаратау өңірінің өндірістік тұрғыдан игерілуі мен Кентау қаласының салынуына негіз болған тарихи алғышарттарды анықтау және осы арқылы кеңестік жаңғырту саясатының түпкі мәнін бағамдау;

– Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетін, әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасуын зерделей отырып, тұрғындардың күнделікті өміріне тигізген ықпалын көрсету;

– бүкілодақтық санақ мәліметтерінің негізінде кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы халқының өсімі мен кему үдерістерін, жастық, ұлттық, жыныстық құрамындағы өзгерістерді саралау;



- Кентау қаласының мысалында кеңес үкіметінің неке-отбасы қатынастарында жүргізген саясатының мәнін ашып көрсету;
- «еңбектегі күнделіктілік» феноменін зерттеу және оның қала тұрғындарының өмірінде алатын орнын айқындау;
- кеңестік кезеңдегі қала халқының материалдық-тұрмыстық жағдайын, тұрғын үймен, азық-түлік және күнделікті тұтынатын тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейін саралау;
- қаладағы кеңестік кезеңдегі қылмыстық ахуалдың жай-күйін талдау арқылы тұрғындардың күнделікті өмірінің күнгейі мен көлеңкелі тұстарын бағамдау;
- кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының білім беру, медициналық мекемелерінің қалыптасуын және олардың халықтың күнделікті өмірінің сапасына тигізетін әсерін зерделеу;
- қала тұрғындарының бос уақыты мен демалысының ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктерін талдау;
- Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу мысалында өндірістік қалаларда жүргізілген кеңестік ұлт саясатының мазмұнын, «жаңа совет адамын» жасау үдерісінің нәтижелерін ашып көрсету;

**Зерттеу жұмысының нысаны** – 1948-1991 жылдар аралығын қамтитын кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының әлеуметтік-мәдени ортасы және тұрғындарының күнделікті өмірі.

**Зерттеу жұмысының пәні** ретінде кеңестік кезеңдегі өнеркәсіптік жаңғыртулар мен урбандалу аясында бой көтерген Кентау қаласының әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасу үдерісі және тұрғындарының күнделікті өмірінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани астарлары (*тұрғындарының тұрмыс салты, материалдық жағдайы, денсаулық және білім беру жүйесі, күнделікті өмірінің көлеңкелі тұстары, отбасылық жеке өмірі, мәдени тынығуы мен еңбектегі күнделіктілігі, кеңестік идеологияның жергілікті халықтың бұқаралық санасына тигізген әсері*) қарастырылады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Диссертациялық жұмыс бірнеше ғылым салаларының тоғысында және пәнаралық байланыста (тарихи антропология, тарихи демография, әлеуметтік тарих, тарихи урбанистика) зерттеледі. Осы орайда мәселенің тарихнамасы күнделікті өмір тарихын әдіснамалық тұрғыдан жүйелеп, алғаш ғылыми теориялық тұғырнамасын түзген осы бағыттың әлемдегі басты ғылыми мектептерінің өкілдерінің еңбектерін талдауға алудан басталады. Өйткені, күнделікті өмір тарихы бағыты отандық тарихнамада жаңадан қалыптасып келе жатқан зерттеудің тың методологиялық құралдардың бірі болғандықтан, әлемдік деңгейдегі басты ғылыми мектеп өкілдерінің тұжырымдары – диссертациялық жұмысымыз үшін тарихнамалық және методологиялық тұрғыдан мәні жоғары.

*Шетелдік тарихнама.* Күнделікті өмір тарихы – әлемдік гуманитарлық ғылымдар саласында «тарихи-антропологиялық бетбұрыс кезеңі» деп бағаланған ХХ ғасырдың 60-шы жылдары қалыптасты. Бірақ, «күнделікті өмір» терминін тарихшылардан бұрын философтар мен әлеуметтанушылар алғаш

қолданысқа енгізгенін баса айтып өткеніміз жөн [5]. Философиядағы феноменологиялық бағыттың «атасы» болып есептелетін неміс ғалымы Э. Гуссерль, өзінің ғылыми еңбектерінде «өмірлік әлем» деп атаған адамның күнделікті өмірінің түрлі аспектілерін зерттеуді алғашқылардың бірі болып ұсынды [6]. Әлеуметтанушы А. Шюц өзінің ұстазы Э. Гуссерль идеясын одан әрі дамыта отырып, алдын-ала ұсынылған «біз өмір сүріп жатқан әлемді» бірден тұтастай қабылдаудан бас тартып, оны адамның күн сайын қайталанып отыратын дағдылы өмір сүру тәсілімен, ішкі жан толғаныстарымен ұштастыра зерттеудің тиімділігін көрсете білді [7]. Әлеуметтанушы ғалым Н. Элиас өзінің ғылыми шығармаларында тұңғыш рет «күнделікті өмір – мерекелік шаралар», «тұрмыстық өмір – маңызды мемлекеттік істер», «қарапайым адам өмірі – аристократияның сән-салтанатты өмірі», «бұқара халықтың өмірі – көрнекті тұлғаның өмірі», «жеке өмір – қоғамдық ортадағы өмір» сияқты ұғымдардың ара қатынасына талдау жасап, «күнделіктілік» түсінігіне біріншілерін жатқызды [8]. Сол секілді американдық әлеуметтанушылар Т. Лукман мен П. Бергер адамның «күнделікті өмірлік әлемі» түсінігін тұңғыш рет әлеуметтік категория ретінде ғылыми айналымға енгізіп, жеке тұлға бірегейлігінің құрылымы тұжырымдамасының дамуына жол ашты [9]. Жалпы алғанда, философтар мен әлеуметтанушылар алғаш рет «күнделікті өмір» түсінігін ғылыми тұрғыда зерттеп, оның теориялық бастауларын қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

*Күнделікті өмір тарихы бағытының француздық ғылыми мектебі.* Сонымен «күнделікті өмір» концепциясы философиялық және әлеуметтік қана емес, тарихи-таным категориясы ретінде тарихшылардың да назарын өзіне аудара бастады. 1950 жылдары «Анналдар» мектебінің өкілдері М. Блок, Л. Февр және Ф. Бродель сияқты ғалымдар өз еңбектерінде жаһандық саяси тарихтан қарапайым адам өмірінің ментальды әлеміне бетбұрыс жасауды ұсынып, күнделікті өмір кеңістігін өткен тарихтың макроастарлы бөлігі ретінде зерттеуге ден қойды.

«Анналдар» мектебінің негізін қалаушылардың бірі М. Блок «жаңа тарих ғылымының» міндеті – тарихи оқиғалар мен атақты тұлғалардың іс-әрекетін емес, тұтастай қоғамды, оның терең ішкі қатпарларын зерттеп білуге ұмтылуы, осы жолда тарихшылар өзге гуманитарлық ғылымдардың әдістерін кеңінен пайдаланғаны жөн» деген пікірді алға тартады [10]. Аталмыш мектептің көрнекті өкілі, француз тарихшысы Л. Февр күнделікті өмір тарихы әдіснамасын заттар мен тарихи құбылыстарды ғана емес, адамның тікелей өзін, оның ішкі әлемін зерттейтін ғылыми бағыт деп дәйектеп, оның басты тұжырымдамалық сипатын қалыптастырды [11].

Күнделіктілік бағытының ірі теоретиктерінің бірі – Ф. Бродель қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б. салаларын қамтитын «ауқымды» (*тотальды*) тарихты қалыптастыруға ұмтылып, «тарихты баяндау» әдісін «тарихи мәселенің тереңіне үңілу» тәсілімен алмастыра зерттеуге талпыныс жасады. Ол күнделікті өмір тарихының негізгі зерттеу нысаны экономикалық немесе саяси үрдістер ғана емес, олардың шынайы бейнесі көрініс табатын

қарапайым адамның күнделікті тұрмыстық мәселелері – азық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз етілуі, тұрғын-үйі және еңбек жағдайы, демалысы мен құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер болғаны жөн деп санады [12]. «Анналар» мектебі өкілдерінің зерттеулері нәтижесінде күнделікті өмір тарихы – жеке ғылыми бағыт ретінде өзіндік зерттеу теориясы мен әдіснамалық принциптері қалыптасты.

*Күнделікті өмір тарихы бағытының германдық ғылыми мектебі.* XX ғасырдың соңына қарай күнделікті өмір ғылыми бағыты одан әрі қарқынды дамып, Еуропаның өзге елдерінде тарай бастады. Әсіресе, аталған ғылыми бағыт герман тарихшыларының арасында кеңінен қолдау тапты. Мәселен, 1980-ші жылдары Х. Медика [13], Ю. Кокка [14], сияқты неміс тарихшылары Германияда «*Alltagsgeschichte*» («күнделікті өмір тарихы») атты ғылыми бағытын қалыптастырып, қарапайым адамның ішкі толғанысын, болашаққа деген үміті мен арманын жан-жақты талдау жасау арқылы белгілі бір дәуірдің тарихын түсінуге жол ашатынын өз зерттеулерінде көрсетіп берді.

Қазіргі таңдағы күнделікті өмір тарихы әдіснамасының негізін қалаушылардың бірі, неміс ғалымы А. Людтке «Тарихты төменнен зерттеу» («*Geschichte von unten*») концепциясын пайдалану арқылы әлемдік деңгейдегі қоғам құрылымын және мемлекеттік саясатты зерттеуден бас тартып, балама ретінде оның орасан зор қысымына ұшырайтын «кішкентай адамның» өмірлік әлемін микротарихи талдау әдістерін қолдана отырып зерттеуді ұсынды. А. Людткенің пікірінше, «күнделікті өмірдің басты орталық өзегі – тарихта елеусіз қалып қойған қарапайым адамдардың өмірлік мәселелері болуы тиіс» [15].

*Күнделікті өмір тарихы бағытының италяндық ғылыми мектебі.*

XX ғасырдың 70-80 жж. күнделікті өмір тарихы ғылыми бағыты «микротарих» атауымен Италияда кеңінен өріс алды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері қатарына италян ғалымдары – Дж. Леви, К. Гинзбург, Э. Грендиді атап өтуге болады.

Микротарих бағыттың негізін қалаушылардың бірі, Дж. Леви атап өткендей: «микротарих дегеніміз – ұсақ-түйек нәрселерді қарастыру емес, тарихи оқиғаны немесе құбылысты бүге-шігесіне дейін тыңғылықты зерттеу» [16, с.193] деп, осы ғылыми бағыттың әдіснамалық негізін айқындап берген болатын.

Тарихшы-ғалым К. Гинзбургтің «Сыр и черви. Картина мира одного мельника, жившего в XVI в.» атты танымал еңбегінде еркін ойлаушы еретик ретінде инквизиция сотына тартылған Фриули қыстағының диірменшісі Меноккионың күнделікті өмірі баяндалады. Ол осы еңбегі арқылы орта ғасырлық Еуропада орын алған діни ахуалды, сол кезеңге тән қарапайым шаруа адамының дүниетанымын, әлем туралы түсінігі мен ішкі жан-толғанысын дәл әрі жан-жақты көрсете білді [17]. Осы ғылыми мектептің келесі бір өкілі Э. Гренди, микротарихи зерттеулерде – қоғамдағы тұтас үстем макроқұбылыстарды тыңғылықты тану мақсатында жеке адамдардың өткен өмірі мен оның әлеуметтік тәжірибесіндегі жекелеген оқиғалардың нақты талдануы қажет деп түсіндіреді [18].

*Күнделікті өмір тарихы бағытының ресейлік ғылыми мектебі.*

Батыс елдері ғалымдарының ықпалымен Ресейде «күнделікті өмір тарихы» жеке зерттеу әдістемесі ретінде қайта құру жылдарынан бастап қолға алынып, 1990-шы жылдардың басында тарих ғылымындағы басым зерттеу нысандарының біріне айналды. Нәтижесінде осы ғылыми бағыт бойынша жарық көрген шетелдік ғалымдардың еңбектері орыс тіліне жаппай аударылды. Сонымен бірге, «күнделікті өмір тарихы» курсы Ресейдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарына енгізіліп, іргелі ғылыми еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Л.П. Репина [19], Н. Козлова [20], С.В. Журавлев [21], Ю. А. Поляков [22], А.К. Соколов [23] т.б. осы сияқты кәсіби ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектерінің арқасында Ресейде күнделікті өмір тарихының тұтас тарихнамалық ғылыми мектебі қалыптасып үлгерді. Осыған қарамастан, әлі күнге дейін ресейлік ғалымдар арасында күнделікті өмір тарихының зерттеу нысаны мен әдіснамасына байланысты түрлі баламалы көзқарастар жиі байқалады. Мысалы, Н.Л. Пушкарева күнделіктілік тарихының зерттеу нысаны деп адам өмірінің түрлі қырларын тарихи-мәдени және саяси-құбылыстық астарларда қарастыруды ұсынады [24, р.100]. Атақты ғалым Н.Б. Лебина күнделікті өмір тарихының нысаны – қоғамдағы түбірлі өзгерістер кезеңіндегі халықтың тұрмысы, салт-дәстүрлері мен девиантты мінез-құлық ерекшеліктері зерттелуі қажет екенін алға тартады [25, с.6]. Ал тарихшы И.Б. Орлов күнделікті өмір концепциясының аясында белгілі бір уақыт шеңберінде шектелген тарихи кеңістіктегі әлеуметтік топтар мен қарапайым адамның өмірлік қажеттіліктері – еңбек етуі, демалысы, білім алуы, бірегейлігі, ішкі жан-толғанысы, баспанасы мен тұрмыстық заттары, тамақтануы, қоғамдық ортадағы әлеуметтік мәртебесі түгел зерттелінуі тиіс деп ой түйеді. Оның пікірінше, күнделікті өмір тарихының этнография ғылымынан басты айырмашылығы – этнографтар адамдардың тұрмыстық мәселелерін талдауға баса мән берсе, күнделіктілік бағытындағы тарихшы осы тұрмыстық ортаға адамның эмоциональды қатынасын, субъективті өмірлік тәжірибесі мен дағдыларын зерттеумен шұғылданады дейді [26, с.6]. Күнделіктілік бағытын зерттеуші Н.Н. Володинаның пікірінше, біртекті әлеуметтік топтардың болуымен сипатталатын өнеркәсіп жұмысшыларының күнделікті өмірін және олардың еңбек жағдайларын зерттеуге баса мән берілуі тиіс. Еңбектегі күнделіктілікті қоғамдық пирамиданың «терең қойнауынан» зерттеу арқылы кеңес адамының мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуын, оның мемлекеттік «алып машинаның» ұсақ бұрандасына айналу үдерісін, сондай-ақ, кеңестік тоталитарлық қоғамның тұтас бейнесін айқындауға мүмкіндік береді деп есептейді [27, с.7].

Соңғы уақытта күнделікті өмір ғылыми бағыты бойынша Ресейде қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларға тарихнамалық талдау жасау барысында анықталғандай, мұнда кеңестік кезеңге тән өнеркәсіптік қалаларды зерттеген ғалымдардың үлесі біршама басым екені байқалды. Оның себебін, жаппай қарулану жолына түскен Кеңестер Одағында елдің әскери саласының негізін құрайтын өнеркәсіп кешендерінің дамуына

ерекше мән беріліп, қоғамды жаңғыртуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық реформалар ең алдымен, осы өндіріс орындарының маңында орналасқан қалаларда жүргізілуімен түсіндіруге болады. Ресейдің өнеркәсіптік қалаларының күнделікті өміріне арналған маңызды ғылыми зерттеулердің қатарында – Н.Н. Макарова [28], А.М. Доценко [29], Е.Ю. Зубкова [30], А.В. Жидченко [31], С.А. Рафикованың [32], Ш. Фицпатриктің [33] еңбектерінде атап өтуге болады.

Қорытындылай келгенде, ХХ ғасырдың 60-жылдарында әлемдік гуманитарлық ғылымдар саласында орын алған «антропологиялық» төңкеріс тарих саласының дамуына да тың серпін беріп, жаңа әдіснама мен пәнаралық ұстанымдарға сүйенген жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына жол ашты. Осы кезеңде әлемдік тарихнамада орын алған методологиялық өзгерістер, зерттеу нысаны ретінде тарихтың терең қойнауында елеусіз қалып қойған «қарапайым» адам мен оның ішкі әлемін зерттейтін – күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытын дүниеге әкелді.

*Отандық тарихнама.* Отандық тарихнамада қалаларды жеке тарихи құбылыс ретінде зерттеу кеңестік кезеңнен бастау алады. Бірақ кеңестік тарихнамада бұқара халықтың және жеке адамның күнделікті өмірі, ішкі ой-толғанысы мен әлеуметтік-рухани қажеттіліктері, ұлттық бірегейлігіндегі өзгерістер зерттеуден шет қалды. Осы кезеңдегі тарихи зерттеулердің мазмұны жөнінде көрнекті тарихшы-ғалым, профессор З. Алдамжар өз еңбегінде: «Кеңестік кезеңде халық, ұлт, әлеуметтік топ, жеке адам көбінесе жалпылама түрде, әдетте қажетті мысал келтіру үшін ғана пайдаланылатын. Ал олардың рухани болмысы, дүниетанымы, қарым-қатынасы, ой-сана, толғанысы немесе ұлттық сезімі сияқты маңызды ұғымдар зерттеу барысында шеттеп қалатын. Тарихтағы бас кейіпкер қарапайым адам жай мысалдық деңгейге дейін төмендетілді» [34, 37 б.] деген болатын. Осыған қарамастан, Қазақстан өнеркәсібінің қалыптасуы мен өндіріс орындарының негізінде пайда болған қалалар тарихына арналған кеңестік зерттеулер – біздің диссертациялық жұмысымыздың тарихнамалық қырларын ашуға септігін тигізеді.

Кеңестік дәуірдегі тарихи зерттеулерде марксизм-ленинизм сияқты таптық методологиялық принцип үстем болғанымен, дәл осы кезеңде отандық тарихи урбанистиканың негізі қаланды. Қатаң идеологиялық бақылауда болуына қарамастан тарихи урбанистика ғылымының қалыптасуына кеңестік аға буындағы отандық тарихшылардың сіңірген еңбегі үлкен. Әсіресе, Қазақстанды өнеркәсіптік тұрғыдан жаңғыртудың кеңестік үлгісі мен жекелеген өнеркәсіп орындарының тарихына арналған іргелі еңбектердің зерттеу жұмысымыз үшін орны ерекше.

Атап айтқанда, А.Н. Нүсіпбековтың еңбегінде, социалистік революциялар мен азамат соғысынан кейін тұралаған халық шаруашылығын қалпына келтірудегі қиындықтар, индустрияландыру шарасының негізінде қалалардың салынуы, ондағы көп ұлтты жұмысшы табының қалыптасу мәселесі алғаш рет кешенді түрде қарастырылды [35]. Қазақстанның тарихи демографиясы мектебінің негізін салушылардың қатарындағы М.Х. Асылбеков пен

А.Б. Галиевтің монографиясында кеңестік кезеңдегі республика халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы құпия архив деректері арқылы тұңғыш талданып, тың пайымдаулар жасалынған [36]. С.К. Жақыпбековтың монографиясында Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің даму тарихы және осының негізінде қалалардың салынуы, ондағы ұлттық жұмысшы мамандардың қалыптасуы жан-жақты қарастырылған [37]. Аталмыш зерттеулерде біз қарастырып отырған мәселенің кейбір жекелеген қырлары жанама түрде баяндалып өтеді.

С. Атауовтың докторлық диссертациясында 1956-1965 жж. Қазақстанның ауыр өнеркәсіп кешенінің қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Шымкент цемент зауытының мысалында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын қалайтын өнеркәсіп өндірісін дамытуда партияның рөліне баға беріледі. Теміртау, Қаратау, Кентау сияқты өнеркәсіптік қалалардың құрылысын салуға одақтас республикалардан келген комсомол жастардың арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізуде қалалық партия ұйымдарының идеологиялық қызметіне баса назар аударылады [38].

Н. Күнқожаевтың монографиясы Қазақстанның оңтүстік аймағының өнеркәсібін дамытудағы партия ұйымдарының қызметіне арналған. Сонымен бірге мұнда Оңтүстік Қазақстан территориясында кеңестік кезеңдегі өнеркәсіп орындарының қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Алайда, автор сол кезеңнің идеологиялық ұстанымына сүйене келе арта қалған аграрлық оңтүстік аймақта ұлы кеңес үкіметі мен коммунистік партияның арқасында өнеркәсіп салалары барынша өркендеді, комсомол ұйымдарының басшылығымен ғана өңірде білім және мәдениет дамыды деп сыңаржақ тұжырым жасайды [39].

Зерттеу жұмысымызға тікелей қатысты кеңестік кезеңде жарық көрген алғашқы еңбектердің ішінде – С. Мауленқұлов және Г.С. Поповтың Ащысай полиметалл комбинатының 50-жылдығына арнап жазған «Доблесный труд Ачисая» атты кітабының маңызы зор. Мұнда Оңтүстік Қазақстан түсті металлургиясының тұңғышы – Ащысай полиметалл комбинатының салынуынан бастап, 1970 жылдың ортасына дейінгі тарихы баяндалады. Социалистік мадақтау тұрғысындағы бұл кітапта Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының еңбектегі даңқты ерліктері мақтанышпен жазылғанымен, қарапайым кеншілердің кеңестік кезеңдегі әлеуметтік жағдайы мен тұрмыстағы қиыншылықтары, олардың азапқа толы өндірістегі күнделікті шынайы өмірі шет қалған. [40].

Ащысай полиметалл комбинатының тарихына арналған келесі бір өлкетанулық сипаттағы маңызды еңбектің бірі – М. Аяповтың «Венец черных гор» атты зерттеу еңбегі [41]. Мұнда Кентау қаласының салынуына негіз болған Ащысай полиметалл комбинатының кеңестік кезеңдегі жетістіктері баяндалып, өндірістік өлкені дамытуда комсомол ұйымдары мен коммунистік партияның жетекші рөлі егжей-тегжейлі баяндалады. Бұл зерттеу еңбегінің ерекшелігі – архив құжаттарының мол қорын ғылыми айналымға енгізуімен құнды. Алайда, бұл екі еңбектің зерттеу нысаны да Ащысай полиметалл

комбинаты болғандықтан, мұнда Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірі жөніндегі мәліметтер тым жұтаң.

Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінің кейбір қырлары жергілікті авторлардың өлкетанулық сипаттағы еңбектерінде көрініс тапты. Атап айтқанда, Кентау қаласының 50 жылдығы және 60 жылдығына байланысты жарық көрген мерейтойлық шығармаларда Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жетістіктері жазылып, тұрғындардың күнделікті өмірін көрсететін фотосуреттер молынан беріледі [42]. Алайда, публицистикалық-әдеби жүйедегі мадақтау тұрғысынан жазылған бұл еңбекте қаланың кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын көтеріңкі көрсеткіштердің арғы жағындағы қарапайым халықтың шынайы күнделікті өмірі елеусіз қалған.

Қазақстанның оңтүстік аумағында металл өңдеу мен қалалық өркениетінің пайда болу тарихы көрнекті археолог-ғалымдар – А.Х. Марғұланның [43], К.М. Байпақовтың [44], Х.А. Алпысбаевтың [45] зерттеулерінде көрініс тапты. Олар өз еңбектерінде Түркістан облысы, оның ішінде Кентау қаласы орналасқан Қаратау өңірі – ежелгі адамдардың өмір сүруіне ең қолайлы, сондай-ақ, еліміздің аумағындағы ең алғаш металл кендері өндірілген аймақтардың бірі ретінде баяндайды.

Еліміз егемендік алған 1991 жылдан бастап, отандық тарих ғылымында тың серпілістер орын алды. Тарихи танымның бастауына адамның өмірлік қажеттілігі шығып, жеке қалалардың әлеуметтік-мәдени дамуына баса назар аударыла бастады. Осы жылдары Қазақстан қалаларының даму тарихы мен әлеуметтік, этнодемографиялық, мәдени аспектілері Ж.К. Қасымбаев [46], Т.С. Садықов [47], Г.А. Алпысбаева [48], К. Нұрбаев [49], Д. Тапалов [50], К. Нұрғалымова [51], Б. Күзетбаева [52] секілді урбанист-тарихшылардың еңбектерінде қамтылған.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның ірі қалаларына арналған тарихи зерттеулермен қатар, тұңғыш рет отандық тарихнамада шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған ғылыми зерттеулер жарық көрді. Мәселен, А.Ш. Алтаевтың монографиясында Қазақстанның шағын қалаларының қалыптасу тарихы және ондағы әлеуметтік-экономикалық, демографиялық үдерістердің динамикасы жалпылама зерттеледі [53]. Т.М. Байсалбаеваның диссертациялық жұмысы 1956-2000 жылдардың аралығындағы Қазақстанның шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған. Зерттеу жұмысының хронологиялық ауқымы кеңестік кезеңді қамтығанымен, мұнда еліміздегі шағын қалалардың пайда болуының аймақтық ерекшеліктері жалпылама айтылып, шағын қалалардың 1991 жылдан кейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуы зерттелген. Дегенмен, диссертациялық жұмыста кеңестік кезеңдегі шағын қала тұрғындарының әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық жағдайы, халықтың күнделікті өмірі қарастырылмаған [54]. Ж.Т. Жолдыбаевтың кандидаттық диссертациясында Оңтүстік Қазақстан облысының шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы зерттеледі. Бұл жұмыста оңтүстік өңірдегі шағын қалалардың 1991 жылдан бергі

әлеуметтік-экономикалық дамуына жалпылама шолу жасалынғанымен, Кентау қаласы мен оның кеңестік кезеңдегі тарихы қарастырылмаған [55]. Ж.А. Шаукеновтің диссертациялық еңбегінде экономикасы монобейінді Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына жете көңіл бөлінсе [56], А.С. Уалтаеваның ғылыми монографиясында Шығыс Қазақстан облысының шағын қалалары халқының құрамы мен оның демографиялық дамуы тың деректер негізінде сараланады [57]. Ж. Өмірбекұлының кандидаттық диссертациясында оңтүстіктегі көне шаһарлардың бірі – Түркістан агломерациясының әлеуметтік даму жағдайына арналғанымен, мұнда тек аталған қала халқының демографиялық даму мәселесі ғана талданады. Түркістан агломерациясының құрамына енетін Кентау қаласы жөнінде қандай да бір мәліметтер мүлде кездеспейді [58].

Тәуелсіздік жылдарынан бастап, әдіснамалық ұстанымдардың өзгеруімен сипатталған терең өзгерістер орын алып, отандық тарих ғылымында жаңа методологиялық ізденістерге бағытталған ғылыми еңбектер жарық көрді. Күнделікті өмір тарихының кейбір аспектілерін (тұрмыс, отбасы-неке, материалдық және рухани мәдениет) зерттеуге отандық этнограф ғалымдар да ат салысты. Атап айтқанда, Х.А. Кауанованың еңбегінде кеңестік кезеңдегі қала тұрғындарының отбасылық өмір салты мен тұрмыстық мәселелері кеңінен баяндалады [59]. А.Б. Қалыштың монографиясында Қазақстанның моно және полиэтникалық аймақтарындағы отбасы-некелік қатынастар заманауи ғылыми арнада зерттеледі. Автор кеңестік кезеңде жүргізілген түрлі әлеуметтік-мәдени реформалар халықтың көнеден үзілмей жалғасып келе жатқан озық үлгідегі дәстүрлі отбасылық құндылықтарына кері әсерін тигізіп, оның әлсіреуіне алып келді деп қорытынды жасайды [60, 147 б.]. Д.Б. Ескекбаев пен Б.К. Қалшабаеваның этнографиялық экспедиция материалдарына сүйене отырып бірлесе жазған еңбектері Түркістан қаласының этномәдени үдерістерін талдауға арналған [61]. Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл және қала қазақтарының отбасылық құрылымы, жанұядағы неке тұрақтылығын сақтау мәселелері Р.М. Мұстафинаның [62], Қ.Б. Баудиярованың [63] зерттеулерінде көрініс тапқан.

2000 жылдың ортасынан Ресей және Батыс тарихнамасының бай тәжірибесінің ықпалымен, отандық тарих ғылымында кеңестік идеологиялық ұстанымға балама бағыттардың бірі ретінде күнделікті өмір тарихына арналған зерттеу мақалалары мен еңбектер жарық көріп, ғылыми диссертациялар қорғала бастады. Отандық тарихнамадағы күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытының дамуына тән басты ерекшелік – зерттеулердің басым бөлігінің қалалар тарихына арналуы еді. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі қалалардың күнделікті өміріне арналған тұңғыш зерттеулер қатарына К.К. Абдрахманованың кандидаттық диссертациясын айтуға болады [64]. Мұнда соғыстан кейінгі жылдардағы урбандалу үдерісінің Орталық Қазақстан қалаларының инфрақұрылымының қалыптасуына және тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған әлеуметтік- мәдени өзгерістерге тигізген ықпалы жан-жақты ашып көрсетіледі. Профессор З.Г. Сактаганованың редакторлығымен жарық көрген



ұжымдық монографияда Орталық Қазақстан қалалары тұрғындарының 1946-1991 жылдар аралығындағы күнделікті өмірінің түрлі қырлары тың архив құжаттары негізінде талданады [65].

М. Қойгелдиевтің редакциялық басқаруымен жарық көрген «Советтік қоғамдағы еңбек феномені» атты ұжымдық монографияда, авторлар тың архив деректері мен айтылған тарих материалдарына сүйене отырып, кеңестік кезеңдегі еліміздің өнеркәсіп және ауылшаруашылық салаларындағы қарапайым еңбек адамының күнделікті шынайы өмірі қарастырылады [66]. Аталған ұжымдық монография – «еңбектегі күнделіктілік» деп аталатын ғылыми бағыттың отандық тарихнамада арнайы зерттеу мәселесі ретінде қойылуымен құнды. Осы ұжымдық еңбектің кейбір тарауларында Ащысай комбинаты жұмысшыларының соғысқа дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі өндірістік еңбектегі күнделікті өмірі ішінара зерттеледі. Алайда, бұл еңбекте кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихын кешенді зерттеу мақсаты көзделмеген.

Соңғы жылдары күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытының әр түрлі қырлары бойынша еліміздің бірқатар білім ошақтары мен ғылыми орталықтары белсене айналыса бастады. Мәселен, Абай атындағы ҚазҰПУ «Қазақстан тарихы» кафедрасында зерттеудің басым бағыттарының бірі ретінде қалалардың күнделікті өмір тарихынан диссертациялар қорғалуда. Атап айтқанда, Д. Б. Асымованың «XX ғасырдың 20-30 жылдары Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарындағы көрінісі» атты тақырыптағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациясында Алматы қаласының XX ғасырдың алғашқы жартысындағы мәдени-рухани өміріндегі өзгерістер тың кинофотофоно құжаттар негізінде сараланады [67]. Д.Ұ. Хамидуллинаның диссертациясында кеңестік кезеңде түрлі себептермен жабық тақырып болып есептелген қазақ жеріне күштеп жер аударылған халықтардың, әскери тұтқындар мен арнайы қоныстанушылардың күнделікті өмір тарихы зерттеледі [68].

М.М. Қозыбаеваның диссертациялық жұмысында кеңестік кезеңдегі Солтүстік Қазақстан облысының қалалық тұрғындарының отбасылық, неке қатынастарының ерекшеліктері, бұқара халықтың 1931-1933 жылы аштық және одан кейінгі жаппай саяси қуғын-сүргін жылдарындағы күнделікті өмірі сипатталады [69].

Қорытындылай келгенде, күнделікті өмір тарихы елімізде жаңа методологиялық зерттеу бағыты ретінде соңғы жылдары ғана қолға алына бастағанын көреміз. Соған қарамастан, отандық тарихнамада күнделікті өмір тарихының маңызды бір саласы – қалаларды зерттеуге деген құлшыныстың артып отырғаны байқалады. Оған елімізде соңғы жылдары қалалардың күнделікті өмір тарихына арналған ғылыми диссертациялар қорғалып, зерттеу мақалалары қарқынды жарияланып жатқаны дәлел бола алады. Отандық тарихнамадағы зерттеулерге талдау жасай келе, 1948-1991 жылдардың аралығындағы Кентау қаласының тарихы мен тұрғындарының күнделікті өмірі арнайы зерттеу мәселесі ретінде кешенді қарастырылмағанына көз жеткіземіз.

Осыған байланысты біз зерттеп отырған мәселе – жаңа әдіснамалық ұстанымға негізделген ғылыми талдауды қажет ететін тың тақырыптардың бірі екені анықталды.

**Зерттеу жұмысының деректік қоры.** Зерттеу жұмысының деректер қорын бұрын жарық көрген материалдармен бірге әлі баспа бетін көрмеген, автор тарапынан алғаш ғылыми айналымға енгізілген архив құжаттары, ғылыми еңбектер, мемуар-естеліктер, «айтылған тарих» (*Oral history*) материалдары және мерзімдік баспасөз мәліметтері құрайды.

Зерттеу жұмысымызда бұрын жарияланбаған, ғылыми айналымға тыңнан қосылған дерек көздері ретінде отандық және ресейлік 9 архив қорларының құжаттары пайдаланылды: Қазақстан Республикасының Президент Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), «құпия тергеу материалдары» жинақталған ІІМ қарасты Шымкент қалалық полиция басқармасының арнайы архиві, Түркістан облысының Мемлекеттік архиві (ТОМА), Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві (ТОҚСТМА), Кентау өңірлік мемлекеттік архиві (КӨМА), Ресей мемлекеттік экономика архиві (РМЭА), Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМЭСТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА).

Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмірінің әлеуметтік-мәдени қырлары, өндірістегі күнделіктілігі жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті архивінен құнды деректер алынып, қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасының Президент Архивінің қорындағы Кентау қалалық партия комитеті пленумының протоколдары мен бюро отырыстарының шешімдерінде Кентау қаласы тұрғындарының әлеуметтік-мәдени өміріне қатысты өзгерістердің динамикасын байқауға болады. Аталған архивтің қор құжаттарында Кентау қаласы тұрғындарының жоғары басшылық атына жолдаған хаттары мен арыз-шағымдарында, халықтың бұқаралық жалпы көңіл-күйі, жергілікті партия басшылары мен қарапайым халықтың өзара қарым-қатынасы көрініс тапқан. Сонымен қатар, аталмыш архив қорларынан Кентау қаласына жер аударылған грек ұлты өкілдерінің естеліктері ғылыми айналымға енгізіліп, кеңестік кезеңдегі Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының күнделікті өмірінен хабар беретін бірнеше фотосуреттер алынды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі Қазақ КСР Түсті Металлургия Министрлігі қорының құжаттарында Кентау қаласы тұрғындарының өндірістік еңбектегі күнделікті өміріне қатысты материалдар, еңбек жағдайы, кісі өліміне соқтырған өндірістік қайғылы оқиғалар, өндірістік жоспарлардың орындалу барысы, социалистік жарыс қорытындылары мен мемлекеттік наградаларға ие болған жұмысшылардың тізімі келтірілген. Осы архивтің құжаттарында жинақталған Ащысай полиметалл комбинатының Қазақ КСР ТММ жыл сайын жіберетін өндірістік есептерінде жұмысшылар санының өсуі мен кему көрсеткіштері, кәсіби ауруға ұшырау жөніндегі мәліметтер, еңбекақыларының мөлшері көрініс тапқан.

ІІМ қарасты Шымкент қалалық полиция басқармасының арнайы архивіндегі «аса құпия» деп белгі соғылған тергеу материалдары ғылыми талдаудан өткізіліп, тақырыпқа қатысты бұрын жарияланбаған тың тарихи деректер тұңғыш ғылыми айналымға тартылды. Атап айтқанда, 1937-1938 жылдары «Үлкен террор» науқаны кезінде Ащысай полиметалл комбинатының 54 қазақ жұмысшысы құпия ұлтшыл-диверсиялық ұйымның мүшелері ретінде жазықсыз айыпталып, атылып кеткен. Аталмыш қылмыстық іс 9-томды құрайды. Сонымен қатар, ІІМ қарасты Шымкент қалалық полиция басқармасының арнайы архивінде Кентау қаласына күштеп қоныстандырылған грек ұлтының бір тобының 1960 жылы Грецияға көшіп кетуге талпынысы жергілікті ҰҚК қызметкерлерінің тарапынан әшкереленіп, жетекшілерін «шетел жансыздары» деп соттап жіберген тергеу материалдары да арнайы зерттеу нысанына айналды. Сол кезеңде «Вояж» деген атау алған құпия операцияның даңқы бүкіл Одаққа әйгілі болып, Мәскеудегі Грецияның елшілігінің барлық дипломаттарын елден аластатуға себеп болған еді. Шын мәнінде аса қауіпті «шетел жансыздары» деп айыпталып, сотталып кеткен Кентаулық гректердің басты «кінәсі» – өздерінің туып өскен ата-мекеніне қайта көшкісі келген адал ниеті ғана еді.

Түркістан облысы мемлекеттік архивінің қор құжаттарында 1948-1955 жылдар аралығындағы Кентау қаласының бас жоспарына, архитектурасы мен құрылыс ісіне байланысты мәліметтер шоғырланған. Мұнда болашақ Кентау қаласының 1952-1955 жылдардағы бас жоспарын дайындаумен айналысқан Мәскеу қаласындағы «Гипроцветмет» жобалау институты басшылығы мен ОҚО архитектура бөлімінің арасында қызметтік хаттар, бас жоспарды талқылау мақсатында өткізілген мәжіліс хаттамалары, бас жоспардың егжей-тегжейлі техникалық жобасы сияқты материалдар жинақталған. Осы архивтің құжаттама және баспасөз бөлімінде Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінен хабар беретін «Горняков Каратау» (1948-1956 жж.), «Кентауская Правда» (1956-1991 жж.), «Казахстанская Правда» (1950-1991 жж.) атты газеттерінің тігіндемесі сақталған.

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің қор құжаттарында (*Шымкент облыстық халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті*) 1965 жылы Ащысай полиметалл комбинатындағы жергілікті қазақ ұлтынан шыққан инженерлердің Қазақ КСР Компартиясы Орталық комитетіне жазған ұжымдық шағым хаты, осы хат бойынша тексеруге келген арнайы комиссия жұмысының қорытындылары жайлы материалдар кездеседі. Қазақстан Коммунистік партиясы Түркістан ауданы деп аталатын қор құжаттарында Ащысай полиметалл комбинаты мен оның құрамындағы кеніштердің қалыптасу тарихына байланысты деректер жинақталған.

Әсіресе, Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмірін сипаттайтын мағлұматтар Кентау өңірлік мемлекеттік архивінде шоғырланған. Оның ішінде, Кентау қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің қор құжаттарында кеңестік билік органдарының қала тұрғындарының тұрмысы мен күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған

шаралары, қала тұрғындарын азық-түлік және өндірістік тауарлармен тауарлармен қамтамасыз етудегі қиыншылықтар, халыққа көрсетілетін тұрмыстық қызметтің сапасы жайлы мәліметтер молынан ұшырасады. Ащысай полиметалл комбинаты жайлы материалдар жинақталған қорда Кентау қаласы тұрғындарының еңбектегі күнделікті өмірі, қалалық коммуналды-шаруашылық жүйесінің қызметі, тұрғындардың табысы мен шығыны, білім беру және денсаулық сақтау, мәдени-тынығу мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру жөнінде деректер сақталған. Кеңестік кезеңдегі бүкілодақтық санақ құжаттары жинақталған қордан қала халқының саны, ұлттық және жыныстық құрамы жөніндегі статистикалық мәліметтер алынды.

Қаратау өңірінің өндірістік тұрғыдан игерілуі және Кентау қаласында орналасқан өнеркәсіп орындарын кеңейту мен дамытуға байланысты әр жылдары қабылданған бас жоспарлар негізінде қала құрылысының жүргізілуі жөніндегі маңызды құжаттар, Ресей мемлекеттік экономика архиві қорларынан алынды. Атап айтқанда, КСРО ТММ-нің құжаттары сақталған қорда қала түзуші басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының жыл сайын орталыққа жіберіп отыратын техникалық есептері, өндіріс ауқымын кеңейтуге бағытталған шаралармен қатар, Кентау қаласын абаттандыру мен көркейту жұмыстары, жұмысшылардың еңбек жағдайы мен жалақы көлемі жөніндегі мәліметтер көрініс тапқан. Аталған архивтің КСРО Құрылыс Министрлігінің құжаттарында қала құрылысын жүргізу мен бас жоспарлардың қабылдануы жөніндегі құжаттар жинақталған. Сонымен қатар, тау-кен металлургия кәсіпорындарындағы лагерьлердің Бас Басқармасы құжаттарында қала аумағындағы кеніштерде мәжбүрлі еңбекке жегілген соғыс тұтқындарының күнделікті өмірінен хабар беретін материалдар сақталған. КСРО Министрлер Кеңесі қорының құжаттарында 1950-1980 жылдар аралығындағы өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен инженер-техник кадрлардың, қызметкерлердің отбасылық бюджеті, табысы мен шығындары, азық-түлік өнімдермен қамтамасыз етілу деңгейінің одақтас республикалар бойынша салыстырмалы көрсеткіштері берілген.

Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивіндегі «Ерекше папка» деп аталатын қор құжаттарында және Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің қорында сталиндік қуғын-сүргін жылдары Кентау қаласына жер аударылған халықтардың күнделікті өміріне қатысты материалдар, атап айтқанда, шешен-ингуш және грек халықтарын жер аудару жөнінде мемлекеттік органдардың құпия қаулылары мен шешімдері, жер аудару шарасының барысы мен қорытындылары қамтылған.

Зерттеу тақырыбына қатысты архив қорларынан халықтың күнделікті өміріне тікелей байланысты мәліметтерді іздеу мен алу барысында бірқатар қиыншылықтар кездесті. Архив қорларынан ресми мемлекеттік органдардың қызметі, анықтамалары мен есептері, партия шешімдері, көрнекті партия көсемдері жөніндегі мәліметтер молынан ұшырасады. Ал әр бір тарихи кезеңнің шынайы ахуалынан хабар беретін қарапайым адамдардың жеке өміріне қатысты құжаттар қоры жұтаңдау болуымен ерекшеленді [70].

Сондықтан, зерттеу жұмысымызда ғылыми айналымға түспеген архив деректерімен қатар, «айтылған тарих» (*Oral history*) мәліметтерін кеңінен пайдалануға тырыстық. Автор тарапынан Кентау қаласында арнайы жүргізілген далалық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде кеңестік кезеңмен замандас болған респонденттерден терең биографиялық сұқбат, сараптамалық сауалнама, тарихи әңгіме, бақылау т.б. әлеуметтік зерттеу әдістері арқылы құнды ақпараттар алынды. Атап айтқанда: Д.А. Каракозиди, В.И. Габаиров, И.П. Пиминиди, Т. Абдрахманов, М.Ж. Битимбаев, Д. Пайзиев, Қ.И. Баймұратов, К. Ахметова, Ә.Е. Бегімбет, Н.М. Караяниди, С.Н. Николаев, В.В. Ченгелиди, И. Жұмабаев, А.Ж. Куштаев, К.В. Картасиди, С.Х. Начариди, Н.А. Попова, В.В. Чжен.

Сұқбат алу барысында респонденттердің жасына (1925-1965 жылдар аралығында туылған), әлеуметтік-кәсіби мәртебесіне (жұмысшы, инженер-техник), ұлттық әртектілігіне баса мән берілді. Тарихи сұқбат әдісі – респонденттің өз қолымен сауалнама паспортын толтыру, мәліметтерді ғылыми мақсатта жариялауға жазбаша келісім беру, диктофонға жазып алу және фотоға түсіру жолмен жүргізілді. Сұқбат нәтижесінде алынған «айтылған тарих» мәліметтеріне деректанулық талдау және транскрибация жасалынып, зерттеу жұмысымызда дерек көзі ретінде ғылыми айналымға қосылды.

Зерттеу жұмысымыздың келесі бір деректік қорын – кеңестік кезеңде өмір сүрген, қоғам өмірімен біте қайнасып бел ортасында жүрген замандас тұлғалардың жарық көрген мемуарлық естеліктері толықтырады. Мәселен, Кентау қаласын қарт Қаратаудың «алтын тәжісі» деп баға берген, 1959-1960 жылдары қалаға екі рет іс-сапармен келген заңғар жазушы М. Әуезовтың «Оңтүстік сапарлары» атты естелік кітабында кеңестік кезеңдегі қаланың сыртқы келбеті мен тұрғындарының күнделікті өмірінің түрлі қырлары сипатталған. Кентау қаласының кеңестік билік органдарында басшылық қызметтерде талай жыл еңбек еткен Ы. Тілеубергеновтың «Өмір өткелдері», Ащысай полиметалл комбинатын ұзақ жылдар басқарған С. Мауленқұловтың «Кентау аңызы» атты ғұмырнамалық еңбектерінде қала тұрғындарының күнделікті өміріне қатысты маңызды мәліметтер кездеседі. Ащысай полиметалл комбинатының 90-жылдық мерейтойына орай жарық көрген М. Битимбаевтың «Ачисайский полиметаллический комбинат: история, события, люди» атты көлемді жинақ бетінде кеңестік кезеңде Кентау қаласында тұрып, осында түрлі қызметтер атқарған бірқатар азаматтардың естеліктері беріледі. Қазақтың тұңғыш-геолог ғалымы Қ.И. Сәтбаевтың Ащысай мен Мырғалымсай кен орындарына геологиялық барлау жүргізіп, оның нәтижелерін қорытып жазған баяндамалары мен мақалалары, зерттеу жұмысымыздың деректік қорын байыта түскені сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың деректік қорының сүбелі бөлігін – мерзімді баспасөз материалдары құрады. Атап айтқанда, «Правда», «Қазақстан правдасы» сынды орталық мерзімді басылымдармен қатар, «Қаратау кеншілері» (1948-1956 жж.), «Кентау правдасы» (1956-1991 жж.), «Оңтүстік Қазақстан правдасы» (1950-1991 жж.) сияқты жергілікті газеттерді мазмұндық

талдаудан (контент-анализ) өткізу әдісі арқылы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінен мол мағлұмат беретін қажетті ақпараттар алынды. Мұнда биліктің ыңғайына сай келетін, көбінесе коммунистік идеологияны насихаттайтын материалдар басылғанымен, ара-тұра қала тұрғындарының шағымдары хаттары мен штаттан тыс жұмысшы тілшілердің сыни мақалалары жарияланып тұрды. Тұрғындардың шағым-арыздары көбінесе кезек арқылы тұрғын үй бөлудегі әділетсіздіктер, қаланың санитарлық ахуалы, өндіріс орындарында тиісті еңбек жағдайларының жасалмауы, қылмыстық ахуал т.б. күнделікті өмірде жиі орын алған өзекті мәселелерге арналды. Жоғарыда аталған мерзімді баспасөз материалдарынан алынған құнды фактілер мен ақпараттар, кеңестік кезеңдегі қала тұрғындарының бұқаралық көңіл-күйін, қарапайым халық пен билік органдарымен қарым-қатынасын анықтауға жол ашып, алға қойған зерттеу мақсатымызға жетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында сұқбат жүргізілген азаматтардың жеке отбасылық суреттерінің көшірмелері, сондай-ақ, Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмірінен хабар беретін қалалық тау-кен мұражайының фотоматериалдары да кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, диссертацияда 1956 жылы Алматы киностудиясы Кентау қаласына арнайы келіп, мемлекеттік тапсырыспен түсірген «Утро в Кентау» (режиссер А. Карпов) деректі фильмінің мәліметтері қолданылды.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған дерек қоры зерттеудің ғылыми міндеттерін шешуге және кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін кешенді қарастыруға мүмкіндік берді.

**Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі.** Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихын зерттеу барысында тарихи психология, география, әлеуметтану т.б. ғылымдардың теориялық және әдіснамалық әдістерін кеңінен пайдаланумен сипатталатын пәнаралық принцип – басты методологиялық бағдарлардың бірі болды. Автор тарапынан әлеуметтану ғылымына тән әдіс-тәсілдер (әлеуметтік зерттеу, сауалнама алу, анкеталық сұрақ, тарихи интервью т.б.) тиімді жүзеге асырылады.

Күнделікті өмір тарихы ғылыми концепциясы ауқымының көпқырлығы мен күрделілігін ескере отырып, зерттеу мәселесін белгілі бір хронологиялық уақыт және кеңістіктің шеңберінде қарастыратын жергіліктілік (локальды) ұстаным қолданылды. Зерттеу жұмысымызда жергіліктілік ұстанымды басшылыққа алу, Кентау қаласы мен оның тұрғындарының күнделікті өмірін жан-жақты, бүге-шігесіне дейін тыңғылықты зерттеуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмысты жазу кезінде, құбылыстар мен оқиғаларды сол кезеңнің шындығымен байланысты қарастыратын диалектикалық әдіс, сондай-ақ, деректер мен тарихи фактілерді талдау мен өңдеу үдерісінде тарихилық, нақтылық және шынайылық принциптері қолданылды. Зерттеуімізде жүйелілік және тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану – біртұтас феномен ретіндегі Кентау қаласының тұрғындардың кеңестік кезеңдегі күнделікті

өмірінің әлеуметтік-мәдени қырларын бір-бірімен тығыз байланысты құрамдас бөліктер ретінде қарастыруға, олардың эволюциялық өзгерістерін жүйелі зерттеуге жол ашты.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде шетелдік ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды.

Күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытының германдық өкілі А. Людке негізін қалаған «*Alltagsgeschichte*» (күнделікті өмір тарихы) концепциясының әдіснамалық принциптерін зерттеу жұмысымызда кеңінен пайдаланылды. Әсіресе, оның өндірістегі күнделіктілік саласында ғылыми айналымға енгізген «*Eigen-Sinn*» тұжырымы жұмысымыздың әдіснамалық негізін құраған басты ұстанымдардың бірі болды [71, с.3]. «*Eigen-Sinn*» термині қазақ тіліне аударғанда «бірбеткейлік, қыңырлық» деген мағынаны білдіреді. А. Людке өз зерттеулерінде бұл тұжырымды өнеркәсіп орындарындағы тәжірибесі мол, білікті жұмысшылардың қызмет бабында жеке даралық қасиеттерін көрсетуге ұмтылуы, басшылардың тісі бата бермейтін «таптырмас» маманға айналуға талпынысы ретінде қарастырады. Ащысай полиметалл комбинатында да қарапайым жұмысшылардың өндіріс озаты болуға, одақтық және әлемдік рекордтар жасаушы үздік бригадалардың құрамына енуге тырысуы, яғни өзіндік «менін» көрсетуге ұмтылу әрекеттері жиі байқалды. Мұндай деңгейге көтерілген жұмысшылар бір жағынан жоғары жалақыға ие болып, баспана мен тапшы тауарларды (*үй жиһазы, автомобиль*) кезексіз алуға қол жеткізді. Екінші жағынан, жұмысшылар үшін бұл жағдай басшылық алдында зор бедел мен құрметтің, сондай-ақ, қызмет орнын тұрақты сақтап қалудың кепілі болып табылатын еді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін әлеуметтік тарих бағытын қалыптастырған – Ф. Бродель, А. Людке, Э. Эванс, Ч. Тилли, Дж. Дэвис т.б. ғалымдардың концепциялары құрайды. Күнделікті өмір тарихы бағытын ғылыми негіздеген Ф. Бродельдің әдіснамалық ұстанымдары зерттеу жұмысымызда негізге алынған басты бағдарлардың бірі болды. Оның ойынша, күнделіктілік бағытындағы зерттеушілер адам өмірінің барлық қырларын бүгешігесіне дейін кешенді зерттеп, тарихқа жанама қатысы бар фактілерге жіті назар аударып, мәселені «тереңінен үңілу» принципін ұстануы тиіс дейді. Ол өзінің «Структуры повседневности: возможное и невозможное» атты еңбегінде: «Материалдық өмір дегеніміз бұл – адамдар мен заттар. Заттай өмірді – киім-кешек, азық-түлік, тұрғын үй, сән-салтанат заттары, еңбек құралдары, ақша, ауылдар мен қалалардың жоспары, яғни бір сөзбен айтқанда адамға қызмет ететіннің бәрін қамту арқылы зерттеу – күнделікті өмірді сезінудің бірден-бір тәсілі... [72, с.42]» деп жазған еді.

Күнделікті өмір тарихы бойынша жоғарыда аталған отандық және шетелдік зерттеулердің әдіснамасы мен теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, біз диссертациялық жұмысымызда «күнделіктілік» ұғымын – халықтың шынайы өмірінде күн сайын қайталанатын үдерістер (еңбек ету, тынығу, білім алу т.б.) мен адамның күнделікті дағдылы іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде қарастырамыз.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Отандық тарихнамада тұңғыш Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмір тарихы арнайы зерттеу мәселесі ретінде кешенді қарастырылды. Сонымен бірге, зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде:

– Кентау қаласының мысалында соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Қазақстанның өндірістік қалаларының салынуына себеп болған тарихи алғышарттар алғаш рет дәйектелді. Осы арқылы кеңестік өнеркәсіптік жаңғыртулар КСРО-ның басқа аймақтарымен салыстырғанда Қазақстанда кешірек, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана шикізаттық отарлау сипатында жүзеге асырылғаны айқындалды;

– Кентау қаласының кеңестік кезеңдегі архитектуралық келбеті мен инфрақұрылымының қалыптасуы зерттелді және оның жергілікті тұрғындардың күнделікті өміріне тигізген ықпалы анықталды;

– кең көлемдегі архив материалдарын талдай отырып, автор тарапынан Кентау қаласының мысалында кеңестік тұрғын үй саясаты жергілікті халықты «өнеркәсіпте ұстап қалу» құралы ретінде қолданылғаны сараланды;

– аймаққа жер аударылған халықтардың күнделікті өмір тарихы қарастырылып, жергілікті қазақтармен қатар олардың да кенді өлкені игеруде зор үлкен рөл атқарғаны және қаланың алғашқы тұрғындарын құрағаны анықталды;

– Кентау қаласының мысалында кеңес үкіметінің мақсатты түрде жүргізілген неке-жанұялық саясатына баға берілді және мемлекеттің қарапайым адамдардың жеке отбасылық өміріне кеңінен араласу тәжірибесі зерттелді;

– Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік кезеңдегі еңбектегі күнделікті өмірі зерттеліп, қарапайым еңбек адамының басынан кешірген қиыншылықтары, қала түзуші кәсіпорында кең етек алған жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан жұмысшыларды шеттету құбылысының мән-жайы талданды;

– кеңестік дәуірде әскери-қорғаныстық маңыздағы ірі кәсіпорын орналасқан Кентау қаласы тұрғындарын «Мәскеулік жабдықтаумен» (*Московское снабжение*) қамтамасыз ету жүйесінде «жылымық», «тоқырау», «қайта құру» кезеңдеріндегі өзгерістер серпіні зерделенді;

– Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінің көлеңкелі жақтары (*қылмыс, маскүнемдік*) алғаш рет зерттелді;

– қарастырылып отырған кезеңде өндірістік қалалар арқылы қарқынды жүргізілген «біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясатының келеңсіз тұстарына жаңа көзқарас тұрғысынан сараланды.

– Кентау қаласын кеңестік дәуірдегі тарихын көпқырлы және кешенді құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін бұрын жарияланбаған архив деректері, мерзімді баспасөз материалдары, тұрғындардың күнделікті өмірінен хабар беретін фотосуреттер, кеңестік кезеңде өмір сүрген қала тұрғындарының естеліктері мен сұхбаттары тұңғыш ғылыми айналымға енгізілді.



**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері.** Диссертациялық жұмыстың хронологиялық шеңбері 1948-1991 жылдардың аралығын қамтиды. Зерттеу жұмысымызды төменгі хронологиялық шегін соғыстан кейінгі кезеңнен, Мырғалымсай (*Кентау қаласының алғашқы атауы*) кентінің ресми құрылған 1948 жылдан бастауды жөн санадық. Диссертациялық жұмыстың төменгі шегін осы жылдан бастау, тақырыптың толық мазмұнын ашуға көмектеседі. Өйткені, қала құрылысының жүргізілуі мен маңызды мәдени-әлеуметтік нысандардың салынуы осы жылдан бастау алады. Кентау қаласының тұрғылықты халқының қалыптасуы мен демографиялық құрылымын сипаттау барысында зерттеу жұмысымыздың төменгі хронологиялық ауқымынан кеңейтіп, Қаратау аймағының игерілуі тарихын да қысқаша қамтуға тырыстық. Себебі, қаланың алғашқы тұрғындары – өндірістік аймақтың маңындағы ауылдардан жұмыс іздеп келген жергілікті ұлт өкілдерінен, соғыс жылдары осы өлкеге эвакуацияланғандар мен күштеп жер аударылған халықтардан құралған болатын. Зерттеу жұмысымыздың жоғарғы шегі – Кеңестер Одағы ыдырап, еліміздің өз алдына жеке тәуелсіз мемлекет ретінде шаңырағы көтерілген және отандық тарихнамада кеңестік кезеңнің аяқталуы болып есептелетін 1991 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Осынау жарты ғасырға (43 жыл) жетпейтін аз уақыттың арасында Кентау шаһары бой көтеріп, қала халқының қажырлы еңбегінің арқасында еліміздің оңтүстігіндегі ірі әкімшілік, мәдени және өнеркәсіптік орталыққа айналып үлгерді.

**Диссертацияның территориялық ауқымы.** Зерттеу жұмысының территориялық ауқымы кеңестік дәуірде республикалық деңгейде ғана емес, одақтық маңыздағы аса ірі өнеркәсіп орындары шоғырланған бірсалалы Кентау қаласы мен оған әкімшілік және өндірістік бағыныстағы жұмысшы кенттерінің (Хантағы, Ащысай, Байжансай) аумағын қамтиды.

**Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы.** Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелері Кентау қаласының қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық өмірінде туындап отырған мәселелердің негізгі себептерін бағамдауға, қаланың кеңестік кезеңдегі дамуының тарихи тәжірибесін түсінуге және болашақтағы дамуының ішкі әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мазмұны мен ғылыми нәтижелерін Кентау қаласын жаңғырту мен сауықтыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде пайдалы болады деп есептейміз. Сонымен қатар, еліміздің бірқатар жоғарғы оқу орындарында жаңадан енгізіліп жатқан күнделікті өмір тарихы атты арнайы курсының, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша дәрістік және семинар сабақтарының мазмұнын толықтыруға жәрдемдеседі. Сондай-ақ, «Туған жер» бағдарламасы бойынша, Кентау қаласындағы мектептері мен орта арнаулы оқу орындарында жүргізілетін «Өлкетану» курстарында қосымша дерек көздері ретінде қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылған тұжырымдар.** Зерттеу жұмысының нәтижесінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылды:

1. Кентау шаһарының құрылысы ресми деректерде айтылып жүргендей қала мәртебесін алған 1955 жылдан емес, Мырғалымсай жұмысшы кенті болып тұрған 1948 жылдан басталған. Орталықтың тікелей басқаруымен бой көтерген Кентау қаласын салудағы басты мақсат – қорғасын мен мырыш шикізатын өндіретін Ащысай полиметалл комбинатын жұмыс күшімен қамтамасыз ету және оларды осы өңірде тұрақты түрде ұстап қалу.

2. Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектурасына талдау жасай келе, оның өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қала» екені анықталды. Яғни, Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектурасы қала түзуші басты кәсіпорын саналатын Ащысай полиметалл комбинатының мүддесіне сай дамыды. Қаланы сумен, электр қуатымен, жылумен және баспанамен қамту қала түзуші кәсіпорынның мойнында болды және тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі оған тікелей тәуелді болды. Сол себептен қаладағы «басты өнеркәсіп орны» толық қуатымен жұмыс істегенде қала да гүлденді және сәйкесінше дағдарысқа ұшырағанда тұрғындардың әл-ауқаты да күрт төмендеді.

3. Кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерде Кентау қаласының құрылысы одақтың түрлі өңірлерінен қоғамдық шақыртулар негізінде келген комсомол жастарының көмегімен салынды деген тұжырым үстем болды. Автор тарапынан ғылыми айналымға енгізілген құпия архив деректері бұл тұжырымға елеулі түзетулер енгізуді қажет етіп отыр. Соғыстан кейінгі жылдары Мырғалымсай кен орнын игеруде және осы кеніштің жұмысшылары өмір сүретін қаланы салуға жергілікті халықпен қатар, күштеп жер аударылған ұлттар, сондай-ақ соғыс тұтқындарының еріксіз еңбегі кеңінен пайдаланылған.

4. Кентау қаласында мақсатты түрде жүргізілген кеңестік неке-отбасы саясатының нәтижесінде жергілікті халықтың отбасылық дәстүрлер түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Тұрғындардың ұлттық салт-дәстүрлері «ескіліктің қалдығы» ретінде күнделікті өмір кеңістігінен ығыстырылып, «кеңестік жаңа заманға» сай социалистік отбасылық құндылықтар жүйесі кеңінен насихатталды. Көп балалы отбасы орнын шағын индустриалды жанұя басып, ата-әже дәстүрі, қазақы туысқандық дәстүр әлсіреді. Қаланың шаруашылық жүйесі шикізат өндіретін тау-кен өнеркәсібіне негізделгендіктен, әйел азаматтардың арасында ер адамдарға тән ауыр өндірістік қызметтерді (*флотатор, машинист, құрылысшы т.б.*) меңгеру тәжірибесі кең тарады.

5. Ғылыми айналымға түспеген архив деректеріне талдау жасай келе, 1960 жылдың ортасына дейін Кентау қаласы тұрғындарын азық-түлік, баспана және тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету жүйесінде бірқатар қиындықтар орын алғаны анықталды. Бірінші кезекте шикізатқа негізделген өндірісті дамытуға баса мән беріліп, халықтың тұрмыстық және әлеуметтік мәселелері кейінгі орындарға ығыстырылды. Қала тұрғындарының күнделікті өмірінде өз қолдарымен киім-кешек тігу, тұрмысқа қажетті үй жиһаздарын жасау, өз күшімен жеке тұрғын үй салу тәжірибесі кең тарады. Кеңестер Одағын дүр сілкіндірген «Теміртау оқиғасынан» кейін ғана елімізде жаңадан бой көтеріп

жатқан индустриалды қалалардың шиеленісті тұрмыстық мәселелері оң шешіліп, орталықтанған жүйе бойынша жабдықтала бастады.

6. Кентау қаласының негізгі тұрғындары сырттан келгендерден құралғандықтан, бастапқы кезеңде қылмыстық әрекеттер жиі бой көрсетті. Кентау қаласы тұрғындарының арасында қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, алғашқы орында бұзақылық іс-әрекеттер болса, мемлекет мүлкін заңсыз иелену мен талан-таражға салу екінші орында тұрды. Әсіресе, қала тұрғындары арасында спирттік ішімдікке әуестенудің үлесі жоғары болғаны байқалды.

7. Медициналық мекемелердің жұмысы қала құрылған алғашқы жылдары сын көтермеді. Бастапқыда қала аумағында емдеу мекемелері мен білікті дәрігерлердің жетіспеушілігі орын алды. Кентау қаласының жергілікті ұлт өкілдері тұратын шеткі аудандарының (*Хантағы, Бала-Бүргем, Ащысай*) халқы шахтадан келетін сапасыз ауыз суды тұтынғандықтан, мұнда түрлі эпидемиялық аурулар өршіп тұрды. Өнеркәсіп орындары мен қаланың бір-біріне тым жақын орналасуы экологиялық мәселелерді шиеленістіріп, адам денсаулығына зиянды тау-кен өнеркәсібінде тиісті санитарлық талаптардың толық сақталмауы – қала тұрғындарының арасында кәсіби аурулардың (силикоз, туберкулез, шуыл және діріл ауруы т.б.) кеңінен таралуына себепші болды.

8. Кентау қаласында кеңестік дәуірде жүргізілген білім беру саласында реформалар тек жас жеткіншектердің ғана емес, жаппай сауатсыздықты жою науқаны арқылы ересек азаматтардың да күнделікті өміріне ықпал жасады. Тұрғындардың сауаттылық деңгейі көрші елдімекендермен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Қаладағы білім беру мекемелері қала түзуші кәсіпорынның әлеуметтік қамқорлығында болып, оларға тікелей маман даярлап беру міндеті жүктелді. Өндірістік қала халқы жұмысбасты болғандықтан, мектепке дейінгі ұйымдарға сұранысы өте жоғары болды. Бірақ, балалар бақшасы түгел дерлік орыс тілінде болғандықтан, бұл қазақ әйелдерінің өндірісте жұмыс істеуіне қолбайлау болды.

9. Қарастырылып отырған кезеңде қалада жекелеген ұлттардың салт-дәстүрі, тілі т.б. ұлттық құндылықтары «ескіліктің сарқыншағы» деген айдар тағылып, халықтың күнделікті өмір кеңістігінде қолдану аясы тарыла түсті. Билік органдары мен өндіріс орындарында «біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру мүддесіне қызмет ететін орыс тілі үстемдік құрды. Көп ұлтты қалалық ортаның күнделікті өмір кеңістігінде басқа кіші халықтардың тілдерімен қатар жергілікті қазақ тілі де қолданыстан біртіндеп шеттетілді және отбасы ішінде ғана пайдаланылатын тұрмыстық тілге айналды. Сондықтан қала тұрғындарының этникалық бірегейлігі барған сайын әлсіреп, олардың бойында «біртұтас кеңес халқына» тән жаңа құндылықтар жүйесі бекем орнықты.

10. Қала аумағындағы өндіріс орындары жұмысшыларының басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдерінен құралғанымен, басшылық құрам сырттан келген мамандардан жасақталды. Өнеркәсіпте жергілікті ұлт өкілдеріне немқұрайлы қарау және шеттету белең алды. Өндіріс орындарындағы жауапты

қызметтерге мамандарды сырттан әкелу – коммунистік партияның қазақ халқына жасаған шынайы қамқорлығының көрінісі деп дәріптелді. 1965 жылы Ачполиметалл комбинатындағы қазақ жұмысшылары мен инженерлері жазған әйгілі «43-тің хаты» – орталықтың өнеркәсіп саласындағы ұлт саясатының келеңсіз көріністерін бүкіл одақ көлемінде әшкере қылған алғашқы оқиға болды.

11. Қарастырылып отырған кезеңде Кентау қаласы тұрғындарының бос уақытының дұрыс және тиімді ұйымдастырылуына арнайы мекемелер тарапынан айырықша көңіл бөлінді. Әсіресе, жергілікті коммунистік партия ұйымдары қала тұрғындарының бос уақытын арнайы мәдени-тынығу мекемелерінде (клуб, кинотеатр, кітапхана, қызыл мүйіс т.б.) өткізуіне барынша мүдделілік танытты. Аталмыш мәдени-тынығу орындары арқылы жергілікті партия ұйымы идеологиялық қызметін жүзеге асырып, қала тұрғындарын коммунистік қоғам мақсаттарына сай тәрбиелеуге тырысты.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтілуі.** Диссертациялық зерттеу жұмысы Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының басты ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 17 ғылыми мақала және 1 ұжымдық монография түрінде жарық көрді. Оның ішінде ҚР ҒЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда – 6 мақала; отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 3 мақала; шетелдік ғылыми журналдар мен халықаралық конференцияларда – 7 мақала; «Scopus» ғылыми деректер базасының құрамына енген ғылыми журналда – 1 мақала; ұжымдық монография – 1.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

# 1 КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР КЕҢІСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

## 1.1 Қаратау өңірінің өнеркәсіптік тұрғыдан игерілуі және Кентау қаласының қалыптасуының тарихи алғышарттары

Кентау қаласы – облыс орталығы Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай 30 шақырым жердегі Қаратау жотасының етегінде, қойнауы пайдалы қазбаларға бай өнеркәсіптік аймақта орналасқан. Орта Азияның көне қалаларының бірі – Түркістанмен ортақ бір климаттық белдеуде орналасқанымен, Кентау қаласының өзіне тән табиғи-географиялық ерекшеліктері бар. Кентау қаласына тән географиялық ендіктің климаты – шұғыл континенті, жер бедері жазықты, кей бөліктері таулы болып келеді. Жер бедерінің күрделілігіне байланысты Кентау қаласының көршілес Түркістан шаһарымен салыстырғанда, жазы біршама жұмсақ, тауға жақын күнгей аймақтарының қысы қатал. Шілде айының орташа температурасы  $+28^{\circ}$   $+30^{\circ}\text{C}$  болса, қаңтар айының орташа температурасы  $-5^{\circ}$   $-7^{\circ}\text{C}$  құрайды. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 219 мм. Жауын-шашын мөлшерінің аз түсуіне байланысты қала орналасқан аймақ – аридті (*құрғақ*) өңірге жатқанымен, кеңестік кезеңде мұнда жер асты суының мол қоры анықталған.

Кентау қаласының құрылуы мен өсіп-өркендеуі, жер қойнауындағы пайдалы қазбаларын өндірумен тығыз байланысты. Сондықтан Кентау қаласының қалыптасуын қарт Қаратаудың өнеркәсіптік тұрғыдан игерілу тарихымен тығыз байланыста қарастырылуы қажет деп есептейміз.

Қаратау өңірінің шикізат көздерінің ашылуы мен игеру жылнамасының тарихы тым тереңде жатыр. Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау жотасы – адамдардың қоныстануына қолайлы болған және ежелгі металлургия орталығы ретінде қалыптасқан аймақтардың бірі. 1963-1965 жылдары археолог Х.А. Алпысбаев Қаратау жотасындағы Торлан асуының маңынан төменгі палеолит дәуіріне жататын Ащысай тұрағын тауып, қазба жұмыстарын жүргізген болатын [73, с.68]. Тарихи археологиялық деректерге сүйенсек, бұл өңірде көне дәуірдің өзінде-ақ кен игеру жүргізілгенін байқаймыз. Темір дәуіріне жататын ертедегі Қаракенсай кенішінің жер бетіне шығып жатқан полиметалл кендерін жергілікті халық үй тұрмысына қажетті бұйымдар мен қару-жарақ жасау ісіне кеңінен пайдаланған [74].

Ал орта ғасырлардан бастап, мұнда қорғасын кендері шаруашылық және тұрмыстық мақсаттармен қатар, архитектуралық құрылыстарды безендіру мен әрлеу жұмыстарына да қолданыла бастаған.

1926 жылы қазақтың тұңғыш геолог-ғалымы, академик Қ.И. Сатпаевтың КСРО ХШЖК металл өнеркәсібі бас басқармасына жазған баяндамасында XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен салынған Орта Азиядағы сәулет құрылысының тамаша туындысы – Әзірет Сұлтан кесенесінің сыртқы қабырғасындағы әшекей бояуларының құрамында Қаратау кендерінен өндірілген қорғасынның бар екенін атап өтеді [75].

Қазба байлықтары мол шоғырланған Қаратаудың кен көздері жөнінде алғашқы жазба деректер XVII ғасырдың соңынан бастап, орыс ғалымдарының зерттеулерінде кездесе бастайды. 1697 жылы Тобылдық картограф С. Ремезов құрастырған «Сібірдің сызба кітабы» атты еңбекте «Өтуі қиын тастақты далалар мен сусыз жерлердің сызбасы» атты картасында Сырдария мен Шу өзендері аралығындағы Созақ және Қарнақ қалаларымен бірге Қаратау өңірі де бейнеленіп, оның үстіңгі жағына: «мұнда тастан қорғасын балқытылады» деп жазылған [76, с.53].

Қаратаудың қойнауындағы Ащысайдың қорғасын кен орындары алғаш сипатталған еңбектердің қатарына тау инженерлері М. Поспелов пен Т. Бурнашевтің 1800 жылы Ташкент қаласына жасаған сапарының есептік жазбасын атап өтуге болады. Бұл жазбадағы Ташкент қаласының әскери қуаты мен қару-жарағын сипаттайтын ІХ-бөлімде оқ-дәрі жасауға пайдаланылатын қорғасын өнімдері Қаратаудың кен орындарынан қарабайыр әдіспен өндіріліп, шаһарға түйелермен тасып әкелінетіні айтылады [77, с.93].

Қаратаудың металға бай пайдалы қазбалары Ресей капиталистері үшін XVII ғасырдан бері белгілі болғанымен, кен көздерін белсенді игеру қадамы бұл өңірді орыс отаршылдарының жаулап алуымен тұспа-тұс келді. Бастапқыда орталықтан тым шалғай жатқан, жұмыс күші жеткіліксіз, темір жол жүйесі тартылмаған Қаратау өңірінде кең көлемде барлау жұмыстарын жүргізіп, полиметалл өнеркәсібін жандандыруға патшалық Ресейдің қаржылық және ғылыми әлеуеті жетіспеді. Тек XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қана кен көздерін игеру жұмыстары қолға алынды. Өйткені, XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей капитализмінің қарқын алған мерзімі болатын. Сондықтан осы кезеңде орыс отаршылдары қазақ өлкесінің жер асты кен байлықтарына құныға көз тігіп, зерттеу мен барлау жұмыстарын жүргізе бастады [78, 296 б.].

Көрнекті орыс ғалымы Н.А. Северцов патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен 1857-1879 жылдары Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіне бірнеше рет экспедиция ұйымдастырып, тұңғыш рет Қаратау өңірінің алғашқы ғылыми геологиялық картасын жасайды. 1866 жылы Н.А. Северцов Императорлық Ғылым Академиясының тапсыруымен Түркістан өлкесінің пайдалы қазбаларын, флорасы мен фаунасын, тіршілік етуге қолайлы жерлерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған кезекті экспедициясының барысында Қаратаудың қойнауына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кейінірек осы экспедициясының қорытындысы бойынша жарық көрген атақты еңбегінде ол Қаратаудың қазба байлықтарын сипаттай келе: «Маған дейін ешкім геологиялық зерттеулер жүргізбеген Бабата өзені мен Торлан (Ащысай) асуының аралығындағы Қаратаудың күз-жартасты бөлігіне аттандым. Экспедицияның коллекторы И.И. Скорняков және препараттор Г. Шилевтің көмегімен тау минералдарын, кенді тас үлгілерін жинастырдым. Маған дейін Түркістан өлкесінде зерттеу жүргізген П. Фрезенің де табаны тимеген Торлан асуында мен алғаш рет осы кезге дейін ешкімге белгісіз болып келген қорғасын кенінің мол желісін анықтадым. Қорғасын желісі әктасты тау жынысының көлденең жарықтарын бойлай орналасқан. Қорғасын шоғыры

кейде кесек, кейде ұсақ кристалдар түрінде ұшырасты. Жергілікті қырғыздар осы қорғасын кенін құм қоспалардан айыру үшін өзен суы мен вашгердті (*қорғасын кенін жуатын ағаш қондырғы*) пайдаланады» деп жазады [79, с.81].

1864-1865 жылдары генерал Черняев бастаған орыс әскерлерінің Шымкент және Ташкент қалаларын басып алуының нәтижесінде Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылу үдерісі аяқталғаны белгілі. Осы жылдан бастап-ақ, Қаратаудың кен орындары Түркістан генерал-губернаторына қарасты тау-кен округінің бақылауына өтіп, аймақтың қазба байлықтары ашкөзденген орыс көпестерінің оңай олжасына айналып шыға келді. Жергілікті қазақтарға қорғасын кен орындарын пайдалануына тыйым салынып, аталған шектеулерді бұзғандар қатаң жазаға ұшырап отырды. Қорғасынынан айырылған қазақ қорғансыз күй кешті [66, 16 б.].

1868 жылы орынборлық орыс көпесі И. Первушин Қаратау аймағындағы бірнеше кен орындарын патша үкіметінен 1200 күміс ақшаға сатып алды. Ол Түркістан өңірлік артиллериялық ведомоствосымен 3000 пұт (*1 пұт 16 кг*) қорғасын қорытып беру жөнінде келісім-шарт жасасады [80, 22 б.]. Көпес Ащысайда жергілікті қазақтардың күшімен екі шахта қондырғысы мен от жағатын қазандығы бар қорғасын қорыту зауытын салды. Ташкент горнизонынан басшылық қызметтерге арнайы шақырылған бірлі-жарым орыс солдаттарын есепке алмағанда, зауыт пен кеніштің негізгі жұмысшылары түгелімен қазақтар болды. Кеніштегі қол еңбегіне негізделген ауыр еңбегі үшін қазақ жұмысшыларына күніне небәрі 30 тиын ғана төленген. Көпес И. Первушинмен жасалған келісім-шартқа сәйкес, қазақ жұмысшылары тәулігіне 9 пұт таза қорғасын қорытып беруі тиіс болды. Белгіленген жоспарды орындай алмаған жағдайда, кеніш қожайынымен арадағы келісім-шартқа сәйкес, жергілікті жұмысшылар шығынның орнын толтыруға міндеттелді. Нәтижесінде жергілікті тұрғындар келісім-шарт міндеттерін кейде толық орындай алмай, шығынды жабу үшін кеніш қожайынына қорадағы азын-аулақ малын беруге мәжбүр болды. Өйткені, қарапайым жұмысшылар кеніште күні бойы жанын салып жұмыс істегенімен, өндіру технологиясы тым нашар болғандықтан, ол еңбек өнімділігінің деңгейіне әсер етіп, келісім-шарт талаптарын толық орындауға мүмкіндік бермеді.

Осылайша И. Первушиннің Ащысайда салған қорғасын зауытының ғұмыры ұзаққа созылмады. Оның қорғасын зауыты небәрі бір жарым жыл ғана жұмыс істеп, осы уақыт аралығында 1000 пұт кен өндіріліп, 500 пұт қорғасын қорытылды. Түркістан өңірлік артиллериялық ведомоствосымен арадағы келісім-шарт орындалмағандықтан, 1873 жылы оның қорғасын зауыты жабылып қалды. Жергілікті тұрғындарға қайтадан Қаратау өңірінен қорғасын кенін өндіруге шектеу қойылды. Енді Түркістан генерал-губернаторына қарасты тау-кен округі тарапынан 20 мың пұт қорғасын балқыту шартымен, өндірісті жолға қоя алатын сенімді өкіл іздестіре бастады. Өйткені, әскери мұқтаждық үшін Ресейдің орталық бөлігінен тасып әкелінетін қорғасынға қарағанда, мұнда өндірілген қорғасынның өзіндік құны бірнеше есе арзанға бағаланатын.

1882-1885 жылдар аралығында келесі бір орыс көпесі Н. Иванов басқарған Ащысай кенішінен 21 мың пұт кен шикізаты және 7 мың пұт таза қорғасын өндірілді. Осы жылдары И. Ивановтың екі шахтасында көпшілігі қазақтардан құралған 200-ден астам кенші мен 70 жасөспірім бала жұмыс істеген [41, с.8]. Қорғасын кені қазақ жұмысшыларының қол еңбегімен қазып алынып, 20 шақты жерден қазылған пештерде қорытылды. Металл пештеріне отын ретінде жақын маңдағы сексеуіл ағаштары пайдаланылды.

Ащысай кенішінде жалданып жұмыс істейтін кедей қазақтардың бұл кезеңдегі ауыр азапты күнделікті өмірі бастан-аяқ қауіп-қатерге толы болды. Жұмысшылар қолдарындағы кәдімгі күрек және қайламен бірге екі бүктеле отырып немесе етпетінен жатып, терең әрі қауіпті үңгірлерде қой майымен жанатын көмескі жарықтың көмегімен кенді қазып, тері қаптармен ауыр жүкті сыртқа сүйретіп шығарған. Қарапайым техникалық талаптардың сақталмауынан кейде жерасты опырылымдары орын алып, салдарынан кен қазушылар тірідей көміліп қалған жағдайлар жиі кездескен. Мысалы, ХІХ ғасырдың орта шенінде Баба-ата кенішінде тау жынысының опырылымы орын алып, шахта оқпанының бітеліп қалуынан, 200-ден аса қазақ жұмысшылары жер астында тірідей көміліп қалады. Жердің сызат-жарығы арқылы көміліп қалғандардың зарланған дауысы көпке дейін естіліп тұрды. Бірақ кеніштің аузын бітеп қалған тау жынысын аударып тастауға ешкімнің шамасы жетпеді. Сол күні шахтада болғандар түгел опат болып, ауыл молдасы марқұм болғандардың сырттай жаназасын шығарды [81, 16 б.].

Халық арасында кеңінен тарап кеткен «Тозақ бар болса, ол Түркістанның астында» деген сөз, кеншілердің басынан кешірген осы азапты өмірін сипаттау үшін айтылса керек.

Орыс көпесі Н. Ивановтан кейін Қаратаудың қорғасын кен орындарын игеруге Х. Бабатаев пен Б. Хасанов атты жергілікті бай саудагерлер рұқсат алды. Аталмыш көпестер кенішті 5 жыл бойы аяусыз пайдаланумен болды. Балқыту жұмыстары үшін деп айналадағы сексеуіл ормандары түгел оталды. Кеніштің металл мөлшері аз бөліктері әдейі ескерусіз қалып, тек қорғасынға бай желілері орналасқан жерлері ғана іске жаратылды. Қорғасын өндірудің мұндай жыртқыштық тәсілі мен жер асты кеніштерінің жоғары жағын бекітілмеуінің салдарынан осы жылдары кісі өліміне соқтырған жазатайым жағдайлар жиіледі. 1898 жылы маусым айында Мемлекеттік меншік және жер пайдалану Министрлігі қарапайым еңбек талаптарын сақтамай жұмыс жүргізгені үшін, аталған екі көпесті қорғасын өндіру құқығынан айырып, кеніштерін жабу жөнінде үкім шығарды [41, 9 б.].

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында Қаратаудың полиметалл кені мол шоғырланған 4 жер үлескісінен қорғасын өндіру мен барлау құқығы тау-кен өнеркәсібінің маманы М. Зайдельге берілді. Алайда, оның да кен өндірісін аяққа тұрғызуға шамасы жетпей, өзіне тиесілі кен үлескілерін ағылшын кәсіпкері Л. Лессманға 25 мың сом мөлшеріндегі қаржыға сатуға мәжбүр болды. Бұл ағылшын кәсіпкері 1915 жылы Торлан кен орнының маңында жаңадан қорғасын балқыту зауытын салдырды. Осы зауытты өз көзімен көрген



қазақтың тұңғыш геолог-ғалымы Қ.И. Сәтбаев «Торлан кендерінің шамасы және келешегі» атты мақаласында: «Торланның (Ащысай) қорғасын кендері орыстарға XVII ғасырдан белгілі. 1870 жылы жасалған Түркістан бас штабының картасында ол «көпес Первушин зауыты» деп көрсетілген. Мұнда 1882 жылдан 1921 жылға дейін қорғасын кені қол күрекпен балқытылған. Торлан кен орны – Түркістан қаласының шөлейтті шығысындағы 65 шақырым жерде, Қаратаудың оң сілеміндегі Көкқия мен Ашасай деген екі бұлақтың арасындағы биіктеу жотада орналасқан. Ашасай бұлағы – Қатын-қамал өзенінің бір тармағы. Осы өзеннің бойында, Тұрлан кенішінен 6,5 шақырым жерде, 1915 жылы ағылшын инженері Л. Лессман салдырған зауыт тұр. Одан 250 метр төменде жұмысшылар тұратын кент бар» деп атап көрсетеді [82, 9 б.].

Бұл маңызды деректен, Ащысай кен орнының бұрын Торлан деп аталғанын және оның кейінгі атауы Ашасай бұлағына байланысты қойылғанын байқауға болады.

1918 жылдың 16-наурызында Түркістан өлкесі Халық кеңесінің арнайы қаулысымен Ащысай қорғасын балқыту зауыты мен оған қарасты кеніштер мемлекет меншігіне өткізіліп, жаңа үкімет полиметалл кеніне бай Ащысайды игеруге кірісті [83]. Алайда техникалық құралдары артта қалған кеніштің жағдайы кеңестік дәуірде де ұзақ жылдар бойы оңалмады. 1921-1926 жылдар аралығында қаржы мен жанар-жағар майдың тапшылығына байланысты Ащысай кен балқыту зауыты тоқтап тұрды.

Азамат соғысынан кейін билікті мықтап қолына алған Кеңес басшылығы, өздерінің ұлы мақсаты – социализм идеясын Ресейде орнатып қана қоймай, бүкіл әлемге таратуды көздеді. Алайда, бүкіл әлемдік социализмнің жеңісін тойлауды армандаған пролетариат көсемдері бұл ойларын өнеркәсіп өндірісіне сүйенген мықты экономиканың және қуатты әскери күштің арқасында ғана жүзеге асыра алатынын түсінді. Осы мақсатта елде жаппай индустрияландыру шарасы қолға алынды. Кеңестер Одағының индустрияландыру шарасы – Қазақстанда ауыр өнеркәсіпке негізделген шикізат көздерін игеруден басталды. Әсіресе, әскери-қорғаныс саласының негізін құрайтын ауыр өнеркәсіптің маңызды саласы – қорғасын өндірісін дамыту міндеті кезек күттірмей шешілуі тиіс мәселе болды. Өйткені, осы жылдары Кеңестер Одағындағы қорғасын өндірісі, өнеркәсіп басқа салаларына қарағанда едәуір артта қалып қойған болатын. Индустрияландыруға дейін Кеңестер Одағы алтын, күміс сияқты бағалы металдарды сыртқа шығарып, оның орнына әскери-қорғаныс саласына қажетті қорғасын мен мырышты шет елдерден сатып алып отырды. XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Ресейдің қорғасын өндіру саласы бойынша әлемдік нарықтағы үлесі 0,01% құрап, нәтижесінде жыл сайын шеттен 1,25 млн тонна қорғасын сатып алуға мәжбүр болды. 1930 жылға дейін КСРО қорғасын мен мырыш өнімдерін импорттық металл ретінде шет мемлекеттерден тасымалдады [84, с.21].

Қорғасын өндірісін дамытпай, елдің әскери саласын дамыта алмайтынын түсінген кеңес үкіметі, патша заманынан өздеріне мұраға қалған қарт Қаратаудың металл кен орындарын қайтадан іске қосу қамына кірісті. Осыған

дейін шетел капиталистерінің қаржысымен жұмыс істеп келген Торлан (Ащысай) кен орнының өндірістік стратегиялық маңызы ескеріле келе, 1927 жылы 24 тамызда В.В. Кубышевтің төрағалығымен өткен КСРО ХШЖК Президиумының қаулысымен Ащысай полиметалл комбинатын құру жөнінде шешім қабылданды [85, с.55]. Сөйтіп Ащысай полиметалл комбинаты мен оған қарасты кен орындары жалпыодақтық «Казполиметалл» тресінің құрамына енгізілді.

Ащысай полиметалл комбинатының құрылуы – Кентау қаласының салынуына негіз болуымен бірге, бүкіл Оңтүстік өңірдегі түсті металлургия тарихының жаңа кезеңінің бастауы болып есептеледі.

1931 жылы Ащысайда шетелден әкелінген техникалық құрал-жабдықтарды тәжірибелік сынақтан өткізе отырып, өндірістік қуаттылығы бойынша тәулігіне 50 тонна қорғасын байыту мүмкіндігіне ие, Торлан кен – байыту фабрикасы іске қосылды. Торлан тәжірибелік кен-байыту фабрикасының бүкіл құрал-жабдықтары, «Соуст-Нестери» фирмасы құрастырған дайын фабрика түрінде сатып алынып, тұтасымен Америкадан көшіріліп әкелінген болатын [86]. Торлан тәжірибелік кен-байыту фабрикасының жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, 1934 жылы «Соуст-Нестери» фирмасының Н. Холлистер бастаған американдық инженерлер тобы мен «Гипроцветмет» институты мамандарының бірлескен жобалауымен тәулігіне 1000 тонна қорғасын балқытатын жаңа Ащысай кен байыту фабрикасы ашылды. Ащысай кен байыту фабрикасының жұмыс істеу ерекшелігі – кеннен қорғасын алу үдерісі ылғалдандыру, яғни флотация әдісімен жүргізілді [87]. Сондықтан кен байыту жұмыстары көп мөлшерде су ресурстарын қажет етті. Осы мақсатта Ащысай кен байыту фабрикасына қажетті су мөлшерін Итқырылған өзені қамтамасыз етіп, өндірістік қалдық сулары Ұртынды өзеніне тікелей ағып барып қосылатын. Арада көп уақыт өтпей-ақ, Ащысай кен байыту фабрикасы Кеңестер Одағында тұңғыш, әлемде тек Австралиядан кейінгі қышқылданған қорғасын кенін флотация әдісімен өндіретін алып өнеркәсіп орнына айналды (Қосымша В, сурет В1).

1934 жылы Түркістаннан Ащысай кенішіне дейінгі аралықта 100 шақырымға созылып жатқан тар табанды темір жол тармағының пайдалануға берудің маңызы зор болды. Осыған дейін Ащысайдың қорғасынын тасуды 1500 жылқысы мен түйесі бар Түркістанның «Қызыл керуен» транспорт артелі атқарып келген болса, енді полиметалл кендерін тасымалдау тұңғыш рет темір жол арқылы іске асырыла бастады [88]. Бұл кейінгі жылдары Түркістан таулы темір жолы деп аталып, осы жолмен шикізат кендері Шымкент қорғасын зауытына жөнелтіле бастады. 1934 жылдың 24 қыркүйегінде КСРО Ауыр өнеркәсібінің Халық комиссары С. Орджоникидзенің №1267 арнайы бұйрығы негізінде «Казполиметалл» тресінің құрамындағы Ащысай полиметалл комбинаты мен Шымкент қорғасын зауыты дербес кәсіпорындар ретінде қайта құрылды [89, 132 б.]. Осы кезеңде Ащысай кенішінің өндірістік жұмыстарында тұңғыш перфораторлар қолданысқа енгізілді. Бұған дейін тау-кен жыныстарын бұрғылау мен қопару жұмыстары тек қол еңбегімен атқарылып келген болатын.

Сонымен қатар, кеніш оқпанының шахталық көтерілуіндегі ат жегілімі тұңғыш рет электрлі жүк шығару көтерілімімен алмастырылды. Өндіріске осындай жаңалықтардың енгізілуінің арқасында кеніштегі еңбек өнімділігі 7,6 есеге, бұрғылау жұмыстарының қарқыны 2,3 есеге көбейді [90, с.9]

Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын одан ары арттыру мақсатында Қаратау өңірінің жаңа кен көздерін ашу мен барлау жұмыстары қайтадан қарқын алып, шапшаң дами бастады. Өлкенің қазба байлықтарын іздеп тауып, зерттеу үшін Ленинград тау-кен институты түлектерінен жасақталған Қаратау геологиялық барлау экспедициясы тұрақты түрде жұмысқа кіріскен еді. Осы экспедицияның басшысы Н.А. Брызгаловтың нұсқауымен құрастырылған маршрут бойынша тау-кен ісінің аға шебері М.В. Лебедихин тобы Бургем шатқалында бірнеше рет барлау жұмыстарын жүргізді. Кезекті барлау жұмыстары кезінде осы топтың құрамындағы аға барлаушы Мырғалым Фахрезитдинов Бургем жотасының тау жыныстарын мұқият қарау барысында қорғасынның кені – галениттің мол қорына жолықты. Кейінгі зерттеулерде Бургем шатқалы – қорғасын-мырыш-барит қосындыларына аса бай кенді аймақ екендігі анықталды. Алғашқы кенді тапқан барлау шебері – Мырғалым Фахрезитдиновтың құрметіне Бургем шатқалы Мырғалымсай деп атала бастады (Қосымша Г, сурет В2).

Мырғалымсай кенішінің ашылу тарихын кейбір зерттеушілер осы өңірде кен қазбаларына барлау жасаған экспедицияның басшысы, 1932-1933 жылдары ашаршылықта жергілікті қазақтарды аштықтан құтқаруға жәрдемдескен Мерғалым Қадылбековтың есімімен де байланыстырады. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геологтардың бірі Мерғалым Қадылбеков кейін жалған айыппен сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы 27 ақпанда РСФСР қылмыстық кодексінің 58-11 бабы бойынша ату жазасына кесілген болатын [66, 32-33 б.]. Сөйтіп, қалай болғанда да осы жерде кен орнын алғаш тапқан адамның есімімен Кентау қаласының салынуына негіз болған Мырғалымсай кен орны ашылды.

Бүкіл ел көлемінде жаппай жүргізілген сталиндік қуғын-сүргін саясаты Ащысай полиметалл комбинатын да айналып өткен жоқ. Мемлекет тарапынан белгіленген өндірістік жоспарларды орындай алмаған қарапайым жұмысшылар мен инженерлер «өндіріске қасақана зиянын тигізушілер» және тап жаулары ретінде айыпталып, қатаң жазалауға ұшырады.

1936 жылы қазан-желтоқсан айларының арасында Ащысай полиметалл комбинатының қазақ ұлтынан шыққан 54 жұмысшы Ішкі істер Халық Комиссариаты қызметкерлері тарапынан тұтқындалды. Оларға шетел жансызы болып табылатын күдікті тұлғамен бірге ұлтшыл ұйым құрып, өнеркәсіп орнында астыртын диверсиялық-қаскүнемдік әрекеттер жасамақ болған және Қазақстанда кеңес өкіметін құлатып буржуазиялық-ұлтшыл мемлекет құруға белсене қатысқан деген айыптаулар тағылды [91].

Шетелдің жансызы ретінде танылып, ең алғашқылардың бірі болып ұсталған – Бекарысов Әжібек 1936 жылы 19 қазан күні Байрам-Али қаласында тұтқындалады. Тергеу барысында анықталғандай, ол 1931 жылы Қарсақпай,

Жаңақорған өңірлерінен ұжымдастыру науқаны салдарынан аштыққа ұшыраған найман руынан құралған 1000 астам шаруа қожалығын бастап, Тәжікстанның Қурган-топе аймағына көшуді ұйымдастырған. Сонда жүріп бұрынғы Алашордашыл Байсариев Шенгильбаймен байланысып, Шығыс контрреволюциялық эмиграциясының жетекшісі М. Шоқаймен кездескен деген айыптар тағылды. Шетел жансызы ретінде барлау қызметінің арнайы тапсырмасын орындау үшін ол 1936 жылы наурыз айында Түркістан, Ащысай, Жаңақорған, Шымкент өңіріндегі найман руынан шыққан туыстарына келеді. Ащысай полиметалл комбинатында әкімшілік-шаруашылық бөлімі директорының орынбасары, өзінің туысы Б. Абдуллинмен бірлесе диверсиялық-ұлтшыл ұйым құрады. Осы астыртын ұйымға өнеркәсіп орнында жұмыс істейтін жақтастарын тартады. Оларға Ащысай полиметалл комбинаты жер асты жұмыстарында жүйелі апаттар ұйымдастыр, электр сымдарын бүлдіру, материалдарды дер кезінде жеткізуге кедергі келтіру, байыту фабрикасына жіберетін кендерге жарылғыш патрондар салу, механизмдерге қасақана зиян келтіру т.б. диверсиялық тапсырмалар берген. Ә. Бекарысовтың ұйымдастыруымен тек Ачполиметалл комбинатында ғана емес, Шымкент қорғасын зауытында (жетекшісі-Тұртаев Шахман), «Ленгеруголь» кен орнында (жетекшісі-Дюсенов Смаил) астыртын ұлтшыл ұйымдар құрылған. Сол себептен аталмыш диверсиялық-ұлтшыл ұйымның мүшелері ретінде 50-ден аса жұмысшылар да қоса тұтқындалады. Олар: Н. Мықтыбаев, И. Дауренбеков, А. Таукабаев, Б. Утемисов, С. Исабеков, И. Уразбаев, Н. Уталиев, С. Найманбаев, Б. Исбулганов, К. Дарибаев, Ш. Абдуллин, К. Утжанов, Б. Ахатбаев, Ш. Туртаев, А. Туртаев, Е. Мықтыбаев, И. Дауренбеков, К. Асылбеков, С. Сарбасов, Б. Наурызбаев, А. Баймаханов, Д. Утегенов, С. Шакашев, Д. Амантаев, Б. Болыспаев, Т. Тезекбаев, С. Садырбеков, Х. Такаев, Б. Байзақов, С. Дюсенов, Т. Битебаров, Б. Абдуллин, Т. Мусаев, Ш. Мерманов, Ж. Бисембаев, К. Кашаганов, К. Джакишев, А. Болтаев, К. Абубакиров, Б. Бегенов, Б. Тастамбеков, М. Алтыбаев, К. Букубаев, Х. Кударкулов, А. Бурханов, А. Оспанов, С. Джекебатыров, Д. Джакеев, Е. Курманғалиев, М. Аленов, А. Искаков, М. Оспанов, А. Байзақов, Т. Ерикбаев, К. Кунапгараев, Е. Баймендиев.

ІІМ қарасты Шымкент қалалық арнайы архивінің құпия қорында 8-томды құрайтын тергеу материалдарының мазмұнына талдау жасасақ, айыпталушылардың кінәсін дәлелдейтін ешқандай бір дәлелді фактілер ұсынылмаған. Тергеудің айғақтық базасын тек ұсталған тұлғалардың бірін-бірі айыптаған көрсетулері негізінде құрылған. Аталмыш көрсетулер түрмеде 3-4 ай бойы физикалық күш көрсету, психологиялық қысым және күніне 8-10 сағаттық тергеулердің нәтижесінде алынғанын көреміз.

Соған қарамастан, 1937 жылдың 12-тамызы күні Шымкент қаласында Орта Азия әскери округының жылжымалы Әскери трибуналы РСФСР ҚК 58-9, 58-11 баптары бойынша сот үкімін шығарды: Е. Мықтыбаев, К. Кашаганов, Д. Амантаев, А. Баймаханов, С. Садырбеков, Ж. Бисембаев, Д. Джакеев, Т. Битебаров, С. Джекебатыров, К. Асылбеков – қылмыстың жазаның ең ауыр түрі ату жазасына, қалғандары түрлі мерзімдерге сотталды. Өкінішке орай,

арада біршама уақыт өткеннен кейін ғана тарихи әділеттілік қалпына келіп, сталиндік саяси қуғын-сүргін шараларының құрбаны болған азаматтар толық ақталды. 1960 жылы КСРО Жоғары Сотының Әскери Коллегиясы аталмыш қылмыстық істі қайта қарап, қылмыстық құрамы жоқ деп тапты.

Ащысай полиметалл комбинатындағы 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін шараларының астарында не жатқанына талдау жасасақ, мынандай тұжырымдар жасауға болады:

1. Ащысай полиметалл комбинатында қауіпсіздік талаптары мен еңбек тәртібінің дұрыс жолға қойылмауы;
2. Техникалық құрал-жабдықтардың жиі істен шығып, кен өндіру үдерісіндегі іркілістердің және апаттардың орын алуы;
3. Жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық мәселелерінің шешілмеуі;
4. Өз ісін жетік білетін білімді техник кадрлардың жетімсіздігі;
5. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының төмен болуынан кеңес өкіметінің жүргізген реформаларына наразылық.

Мұнда шын мәнінде комбинат жетекшілері кен өндіру ісінде жоғарыда қалыптасқан түйіткілді мәселелерді шешуге тырыспай, барлық кінәні «тап жауларын әшкерелеу» науқанына аудара салып, оңай құтылу әрекеттерінің орын алғанын байқаймыз. Яғни өнеркәсіп басшылығы өндірісті қажетті техникалық құрал-жабдықтармен жабдықтау, жұмысшылардың тұрмыстық мұқтаждықтарын шешу, жалақыны көбейту, шахтада қауіпсіздік талаптарын күшейту және т.б. шараларды жүзеге асырудың орнына, кен өндіру жоспарын орындай алмауын жекелеген инженер-жұмысшылардың «қаскүнемдігіне» байланысты деп өз бастарын арашалап алуға тырысты.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Мырғалымсай кен орны маңызды мемлекеттік резерв ретінде консервацияланып, толық қуатында пайдаланылмай жатты. Соғыстың алғашқы жылынан бастап-ақ, Ащысай полиметалл комбинатының ең ірі кеніші – Ащысай кенінің құрамындағы қорғасын мөлшерінің күрт кемуі салдарынан Шымкент қорғасын зауытын шикізатпен қамтамасыз ете алмау қауіпі туындады [92]. Сондықтан мемлекеттік резерв ретінде уақытша пайдаланылмай жатқан Мырғалымсай кен орны жедел түрде іске қосылды. Енді Мырғалымсай кен орнының маңызы артып, аймақтағы бүкіл еңбек ресурстары осы кенішке жұмылдырылды. Сондықтан, Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға қажетті балқытылған қорғасын кендерінің жартылай даяр бөлігін беріп отырған Мырғалымсай кенішінің маңызы зор болды.

Ащысай полиметалл комбинатына тиесілі Мырғалымсай кен орны, Екінші дүниежүзілік соғыс қимылдары белсенді жүріп жатқан қиын жағдайда іске қосылуына байланысты білікті мамандарға ғана емес, қатардағы жұмысшылардың тапшылығын басынан кешірді. Халық жаппай әскер қатарына алынып, соғысқа аттанып жатты. Жұмысшы қолы жетіспеуі салдарынан түрлі құрылыс және шахтаның ауыр жұмысына кеніш маңындағы елді мекендерден әйелдер мен жасөспірім балалардың еңбегі кеңінен пайдаланылды. Белгіленген өндірістік жоспарды артығымен орындау үшін, ер азаматтардың жаппай

майданға аттануына байланысты, кен өндірудің қара жұмыстарына әйелдерді тарту көзделді. 1942 жылы 1-қаңтардағы мәлімет бойынша, Ащысай кенішінде қайта даярлаудан өтіп, токарь, слесарь, паровоз машинисі сияқты өндірістік мамандықтарды игерген 528 жұмысшының 428-ін әйелдер құраған болатын [93]. Олардың ішінде кейін КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты болған Т. Досжанова, электр дәнекерлеуші А. Мықтыбаева, электр машинистері Л. Гудзева, Л. Шатиенконың т.б. қажырлы еңбегін ерекше атап өтуге болады. Соғыс жылдары Ащысайда еңбек көрсеткішінің жоғары болғаны соншалық – 100% жоспарды орындау тым төмен деп есептеліп, ол тұста әрбір жұмысшы өз нормасын 150-300% кем орындап көрген емес [94].

Ел арасында соғыс жылдары жауға жұмсалған он оқтың тоғызы Қазақстанда, оның жетеуі осында өндірілген қорғасын өнімдерінен жасалған деген пікір жиі ауызға алынады. Ұлы Отан соғысы жылдары бүкіл КСРО бойынша балқытылған қорғасынның 62,1% жуығы Ащысай полиметалл комбинатында өндіріліп, Шымкент қорғасын зауытына жіберілген кеннен алынған болатын [95]. Сондықтан осы жылдары «Қаратаудың асты да майдан» деген теңеу тектен-текке айтылмаса керек.

Соғыстан кейінгі КСРО-да 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бойынша, халық шаруашылығын қайта қалпына келтірумен қатар, елдің әскери қорғаныстық қабілетін арттыратын ауыр өнеркәсіпті дамыту шаралары қолға алынды. Соғыс жылдары жүргізілген Қ.И. Сәтбаев, В.В. Ларин бастаған геолог-ғалымдардың іздеу және барлау жұмыстарының нәтижесінде Мырғалымсай кен орнының болашағы зор, қазба байлықтары мол екендігі дәлелденген еді. Соғыстан кейін әскери-қорғанысты дамытуға ерекше мән беріп, жаппай қаруланудың қамына кіріскен Кеңестер Одағы қорғасын мен мырыш өнімдерін өндіруге ерекше көңіл бөлді. Сондықтан полиметалл кеніне аса бай Мырғалымсай кен орнын игеру мен дамыту, кезек күттірмес маңызды міндеттердің біріне айналды. Осыған орай, 1945 жылы Мырғалымсай кеніші мен кен-байыту фабрикасының бірінші кезеңінің құрылысын жүргізетін – «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» ерекше құрылыс-монтаждау басқармасы құрылды [96]. Аталған құрылыс мекемесін еңбек күшімен қамтамасыз мақсатында еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілер пайдаланылды. Осы мақсатта соғыс басталған жылы Хантағы елдімекеніне көшірілген №37 еңбекпен түзеу колониясына Шымкенттің осы тектес мекемесінен 400 адам, Түркістаннан 150 адам әкелінді. Мырғалымсай кенішінің маңындағы халық саны, өндіріске жалданып жұмыс істеуге келген жұмысшылардың есебінен де жылдам өсе бастады. 1945 жылы «Мырғалымсайқұрылыс» басқармасына елдің әр түрлі аудандарынан мобилизацияланған – 1,9 мың адам, кен өндіру жұмыстарына – 400 адам арнайы жолдамамен келді. Осыған байланысты кенттегі әлеуметтік мәселелер күрт шиеленісіп, тұрғын үйдің жетіспеушілігі өткір сипат ала бастады [97]. Тұрғын үй құрылысының ауқымы әсіресе, кеніштің маңында өрістей түсті. Мырғалымсай кенішінің маңында Бургем өзенін жағалай жұмысшылардың өздері тұрғызып алған екі бөлмелі лашық тектес және ұзынша барак үйлерден құралған жұмысшы кентінің құрылысы

қолға алынды. Қабырғасы сабан мен қам кірпіштен тұрғызылған, жатын бөлмелері тар, кейбірінің едендері жоқ, кәріз құбырлары және жылыту жүйелерімен мүлде қамтамасыз етілмеген жұмысшылардың мұндай тұрғын үйлерінің жағдайы қарапайым санитарлық талаптардың өзіне сай болмады. Мырғалымсай кеніші жұмысшыларының жеркепелерінен құралған жатақ жайларының маңында киіз үйден тұрғызылған баспаналары да болды. Кентау қаласының салынуына негіз болған Мырғалымсай жұмысшы кентінің бастапқы көрінісі осылай болатын (Қосымша Г, сурет Г1).

1948 жылы тұрғын саны 4 мың адамды құрайтын Мырғалымсай елдімекені Хантағы елдімекенінен бөлініп, Түркістан ауданына қарасты жеке жұмысшы кенті болып өз алдына отау тікті. Сонымен осы жылдан бастап, ресми болашақ Кентау қаласының құрылысы жүргізіле бастады деп есептеуге болады [98].

Мырғалымсай жұмысшы кентін болашақта комбинат жұмысшылары өмір сүретін жайлы қалаға айналдырып, олардың қарапайым тұрмыстық қажеттіліктерін жедел түрде қанағаттандырмай, өндірістік міндеттерді шешу мүмкін еместігін түсінген Ащысай полиметалл комбинатының басшылығы, шиеленіскен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді жақсартуды қолға алды. Осы мақсатта 1950 жылы наурыз айында Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Мырғалымсай қорғасын құрылыс» тресті қайта құрылымдаудан өтіп, оның ішінен ашылған арнайы құрылыс-монтаждау бөлімдері болашақ Кентау қаласының құрылысын жүргізу қамына кірісті.

Мырғалымсай кентінің құрылысы бастапқы кезде белгілі бір жоспарсыз, бейберекет жүргізілді. Бірыңғай жоспардың болмауына байланысты, жергілікті мамандардың жобалауы негізінде балшықтан тұрғызылған қоржын үйлер Мырғалымсай кентінің солтүстік және шығыс бөліктерінде беталды салына бастады (Қосымша Г, сурет Г3).

Нақты бас жоспардың қабылдануын күтпей-ақ, «Мырғалымсай қорғасын құрылыс» тресті жұмысшылары тұрғын үйлер мен түрлі мәдени-әлеуметтік нысандарды ел игілігі үшін пайдалануға беріп жатты. Мәселен, көлемі 4,5 га аумақты құрайтын, кейінгі жылдары кеншілердің сүйікті демалыс орнына айналған алғашқы мәдени нысан - «Горняк» саябағы, Кентау қала мәртебесін алмай, Мырғалымсай кенті болып тұрған 1948-1950 жылдары салынған болатын [99]. Мырғалымсай кентіндегі осы жылдар аралығында тұрғызылған қоғамдық құрылыстар ретінде – наубайхана, жабдықтау бөлімінің қоймасы, тері-венерологиялық диспансері, туберкулез диспансері, бірнеше дүкендер т.б. мекемелерді атауға болады.

Қорытындылай келгенде, Кентау қаласы – соғыстан кейінгі бесжылдықта Мырғалымсай деп аталатын жұмысшы кентінің орнында бой көтерген шағын өндірістік қала. Кентау қаласының құрылысы Мырғалымсай жұмысшы кенті болып тұрған кезден, яғни, қала мәртебесін алмаған жылдардан басталғаны архив құжаттары, сол кезеңнің заманхаттары мен естеліктерін талдау нәтижесінде анықталды. Кентау қаласын салудың басты тарихи алғышарты – қарт Қаратаудың жер қойнауындағы мол шикізат кен байлықтарын игеру және

Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын дамыту болды. Өйткені, әлемдік алып державалар арасында туындаған «қырғи-қабак соғыс» аясына тартылып, жаппай қарулану жолына түскен Кеңестер Одағында әскери-қорғаныс саласының негізін құрайтын полиметалл шикізатына сұраныс күрт артқан еді.

## **1.2 Кентау қаласының архитектуралық келбеті мен инфрақұрылымы**

Қаланың архитектурасы мен инфрақұрылымдық жағдайының жергілікті тұрғындардың күнделікті өміріне тигізетін әсері үлкен. Өйткені, қала құрылысының әсемдігі мен инфрақұрылымының қолайлылығы қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени ортасының ғана емес, тұрғындардың неғұрлым жайлы тұрмысы мен өмірлік құндылықтарының қалыптасуын да қамтамасыз етеді.

Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Кентау сияқты жаңа қалаларға тән басты ерекшеліктердің бірі – олардың басым бөлігінің шикізат кендерін өндіретін өнеркәсіп орындарының маңында орналасуы еді. Сондықтан Кеңестер Одағында урбандалу үдерісі индустрияландырудың ажырамас жанама бөлігі ретінде қатар жүргізілді [100, с.300]. Осы ретте кеңестік сәулет құрылысының озық үлгілері көрініс тапқан, соғыстан кейінгі жылдары жаңадан бой көтерген Кентау қаласының архитектурасы мен инфрақұрылымының қалыптасуын зерттеу – советтік типтегі тоталитарлық қоғам ішкі қырларын, индустрияландыру шарасының түпкі мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Кентау қаласының құрылысының жүргізілуіне одақтық деңгейде қабылданған үкіметтік шешімдер негіз болды. Атап айтқанда, 1951 жылы наурыз айында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Мырғалымсай кен орнын игеру шараларын жеделдету туралы» арнайы қаулысы негізінде Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын арттыру көзделіп, Мырғалымсай кен байыту фабрикасының екінші кезеңін жүргізу жөнінде шешім қабылданды [101]. Бұл жұмыстың ауқымдылығы мен маңыздылығын ескере отырып, жобаны дайындау мен іске асыруды КСРО ТММ тікелей өз бақылауына алды.

Арада бір жыл өткен соң, 1952 жылы тамыз айында КСРО ТММ қарасты «Гипроцветмет» (Мәскеу) және «Оралмеханобр» (Свердловск) жобалау институты Мырғалымсай кен байыту фабрикасы құрылысының екінші кезеңінің жобасын әзірлеп, бекітуге ұсынды [102]. Жоба бойынша кен байыту фабрикасының құрамына – кен орындары, кен байыту цехтары, су қоймасы, ЖЭО, қосалқы және көмекші жөндеу цехтары енгізілді. Сонымен қатар, ауқымды өндірістік жобаның маңызды бөлігі комбинат жұмысшылары өмір сүретін, Мырғалымсай кентінің орнында салынатын болашақ Кентау қаласының бас жоспары құрады.

Қаланың бас жоспарына сәйкес, Ащысай полиметалл комбинатының еңбек ресурстарының сыйымдылығы 6800 адам, оның ішінде жер асты қазба жұмыстарында – 2144 адам жұмыс істейді деп жобаланды. Комбинат жұмысшыларының отбасылық коэффициенті – 2,5 адам деп есептелініп, жан



басына шаққанда тұрғын үй көлемі – 5 м<sup>2</sup> кем болмауы тиіс болды. Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларына арналған болашақ қаланың тұрғындарының саны алдағы онжылдықта – 23,0 мың адамды құрайды деп болжанды. Жобаға сәйкес, қалада бұрын салынған 26346 м<sup>2</sup> ескі тұрғын үй қорын есептемегенде, таяу онжылдықта жаңадан 139265 м<sup>2</sup> көлемінде мәдени-тұрмыстық мекемелерді салуда қарастырылды. Осы мақсатқа сай Ащысай комбинатын жаңғырту жұмыстарына мемлекет тарапынан 27,7 млн. сом қаражат бөлінді. Бөлінген қаржы қала құрылысын жүргізумен қатар, комбинат жұмысшыларын баспана, әлеуметтік-тұрмыстық мекемелермен қамтамасыз етуге жұмсалатын болды [103].

Кентау қаласының бас жоспарын «Гипроцветмет» институтының архитекторлары – П.З.П. Костинская, Я. Гришин және Г.И. Андропов сияқты білікті мамандар дайындады. Алайда, жоба авторларының жергілікті жердің жағдайымен жете таныс болмауының салдарынан, бастапқы жоспарда бірқатар кемшіліктерге жол берілгені белгілі болды. Жоба авторлары болашақ қаладағы тұрғындарының болжамдық санын есептеуде, Мырғалымсай кен байыту фабрикасы мен оған қарасты кен орындарының еңбек ресурстарға деген сұранысын ғана негізгі болжамды индикатор ретінде қарастырған болып шықты. Яғни, Мырғалымсай кен байыту фабрикасы мен оның жүйелі жұмысын қамтамасыз ететін кен орындарына қанша мөлшерде еңбек ресурстары қажет болса, қалада сонша халық тұруы тиіс деп жоспарланды. Ал болашақта қалада ашылатын жаңа өнеркәсіп орындарының еңбек сыйымдылығы бұл жоспарда есепке алынбады. Сонымен қатар, Мырғалымсай кентіне жер аударылып келген арнайы қоныстанушылар уақытша тұрғындар қатарына жатқызылып, қаланың тұрақты тұрғындарының санатына енбей қалған. Бұл өз кезегінде жоба авторларының қаладағы халық санының перспективалы өсімі мен үдемелі демографиялық әлеуетіне қате болжам жасауға алып келді. Жоспар бойынша құрылыстың бірінші кезеңінде қала халқының саны 23 мың, ал алдағы 20 жылдағы өсімі 35 мың адамды құрайды деп есептелінді. Ал бас жоспар дайындалып жатқан 1952 жылдың өзінде Хантағы мен Мырғалымсай жұмысшы кенттерінде арнайы қоныстанушыларды қоса алғанда 30 мыңға жуық халық тұрып жатқан еді.

Қала аумағында орталыққа тікелей бағынатын одақтық қорғаныс өнеркәсібінің маңызды кәсіпорыны орналасуына байланысты Кентау қаласы 1-дәрежелі елді мекен санатында болатын. Осыған қарамастан, қаланың бас жоспарында әуе шабуылына қарсы қорғаныш шаралары, электр қуатын өндіретін қондырғылар істен шыққанда автоматты режимде қосылатын баламалы екінші қорек көзі мен қаланы сумен жабдықтау жүйелері қарастырылмаған болып шықты. Уақыттың тығыздығына орай, осы аталған кемшіліктерді қала құрылысын егжей-тегжейлі жоспарлауда (*детальная планировка*) ескеру қажеттігін ұсына отырып, 1952 жылдың 2-қазанында КСРО Министрлер Кеңесі болашақ Кентау қаласының бас жоспарының жобасын мақұлдады [104].

Жоба авторларының өнеркәсіптің тиімді ұйымдастырылуы мен тұрақты дамуын болашақ қаланың орнын белгілеуде басты принцип етіп алды. Бас жоспарға сай болашақ Кентау қаласы – Мырғалымсай кентінен батысқа қарай, Ащысай полиметалл комбинатына маңындағы Қаратау жотасының оңтүстік тауалды жазығындағы бос жатқан 868 га аумаққа орналастырылды. Кентау қаласының орнын анықтау Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. Пиченюктің жетекшілігімен құрылған сарапшылар комиссиясының 1951 жылдың 16-тамызындағы №473 «Кентау қаласының орнын таңдау туралы» шешімі бойынша бекітілді [105]. Бұл аймақтың болашақ қаланың орны ретінде белгіленуінің басты себебі, біріншіден, қала түзуші кәсіпорынға өте жақын болса, екіншіден Қаратаудың етегіндегі қала орнына лайықты бірден-бір тегіс жазық жер болатын.

Қаланы жоспарлау құрылымының негізгі өзегі – Ленинград қаласының жоспарын еске түсіретін, тік бұрышталған кварталдарды қиып өтетін басты транспорт магистральдарынан құралған композициялық кешен түрінде ойластырылды. Кентау қаласының аумағы 49 кварталға бөлініп, оларды 20 басты көше арқылы бір-бірімен жалғастыру көзделді. Қала құрылысының алғашқы кезеңінде әлеуметтік-мәдени нысандардың 60% көлемі – 3 қабатты, 40% – 1 қабатты тұрғын үйлер құрауы тиіс болды [106]. Жобалаушылар ең алдымен, бас жоспарды қала маңындағы өнеркәсіп орындарының мүддесіне лайықтап жасауға тырысты. Болашақ қаланың бүкіл инфрақұрылымы – электр энергиясы, сумен қамтамасыз ету жүйесі т.б. тікелей Ащысай полиметалл комбинатынан тартылды. Қала мен басты кәсіпорынның арасын барынша жақындату, біріншіден, инфрақұрылымдық жүйелерді тартуға кететін шығындарды азайтса, екіншіден кәсіпорын жұмысшыларының өз жұмыстарына кедергісіз тез жетуін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, қаланың орталығынан қарағанда өнеркәсіптің биік мұржалары мен еңселі құрылыстары анық көрініп, ол қала тұрғындарының бойындағы еңбекке деген ынтасын оятып, коммунистік қоғамның басты құндылығы – жарқын болашақ үшін тынбай еңбек ету сезімін қалыптастыруы тиіс болды. Сондықтан қала орталығы мен өнеркәсіп орындарының арасындағы байланысқа ерекше мән берілді. Қаланың орталық бөлігі мен өнеркәсіптік ауданын батыстан шығысқа қарай созылып жатқан қаладағы ең басты магистральдар – Коммунистік және Ленин атындағы даңғылдар жалғастырды (Қосымша Е, сурет Е2). Мәдени мекемелер мен демалыс орындарын, әкімшілік-басқару нысандарын осы даңғылдың бойына орналастыру арқылы қала орталығының жинақы қоғамдық кеңістігін қалыптастыру көзделді.

Жоба авторлары тұрғындардың өмір сүру ортасын жұмыс орындарына барынша жақындастыруға тырысты. Жұмысшылардың баспаналары мен жұмыс орнының арасындағы қашықтық көлік құралдарымен барып-келуді есептегенде 15-20 минуттан аспауы тиіс болды. Сондықтан қаланың негізгі көшелерінің барлығы шығыстағы өнеркәсіптік ауданға қарай бағытталды. Тұрғын жаймен өндірістік аймақтың арасын, шикізат кені тасымалданатын тар табанды теміржол бөліп тұрды.

Алайда, жоспарға сәйкес тұрғын жай ауданы мен өндірістік аумақтың арасын барынша жақындастырудың салдары көп уақыт өтпей-ақ Кентау қаласының санитарлық жағдайын күрт нашарлатып, желдің әсерінен өндірістік кен қалдықтарының қалаға ұшып келуінен шиеленіскен экологиялық мәселелердің пайда болуына себепші болды. Осындай мәселеге байланысты тұрғындар қала басшылығы мен жергілікті баспасөз редакциясына шағым хаттарды қарша боратты. Мәселен, жергілікті газетте жарияланған шағым хаттардың бірінде Мырғалымсай кен байыту фабрикасы қалдықтарының қалаға ұшып келуінен туындап отырған төмендегідей экологиялық мәселелер сөз болады: «Мырғалымсай кен байыту фабрикасының «құйрықтар» деп аталатын қалдықтары қаланың шығыс жағындағы арнайы жерге төгіледі. Көктем мен жазда қатты жел тұрған уақытта бұл «құйрықтар» қала тұрғындарына зиянын тигізеді. Әбден кепкен соң олар түрлі химиялық реагенттермен араласып қалаға тарайды. Ағаштарды сарғайтып, адамдардың өкпесіне орнайды. Кен байыту фабрикасынан 50-100 миллиметр жалғамалы түтіктер арқылы шығатын көбік түріндегі сулы қалдықтар түрлі реагенттерге араласа отырып, қала жолдарының бойымен ағып өтеді. Зиянды шайындылар жол бойындағы шұңқырларды толтырып, кепкеннен кейін зиянды шаңға айналады. Бірақ мұның барлығы «құйрықтардың» зиянын бізден артық білетін кен байытушылардың ойына келер емес» [107].

Кеңестік кезеңдегі ресми құжаттарда Кентау қаласының құрылысы соғыстан кейінгі жылдарда елдің түкпір-түкпірінен қоғамдық шақыртулар бойынша келген комсомол жастарының көмегімен салынды деген тұжырым үстем болып келді. Алайда архив деректері мен автор тарапынан ғылыми айналымға енгізілген «айтылған тарих» (*Oral history*) мәліметтері бұл пікірді жоққа шығарып отыр. Осы деректерді талдау барысында, Кентау қаласы мен ондағы өнеркәсіп орындарының құрылысын жүргізуге соғыс тұтқындарының және күштеп жер аударылған халықтардың еріксіз еңбегі пайдаланылғанына көз жеткіздік.

Соғыстан кейінгі жылдары өңірде қалыптасқан демографиялық дағдарыс салдарынан, еңбек ресурстарының жетіспеушілігі айқын сезілді. Қысқа уақыттың ішінде, Мырғалымсай кен байыту фабрикасы мен Кентау қаласының құрылысын жүргізуге жергілікті халықтың демографиялық әлеуеті жеткіліксіз болды. Ауа-райы қатал, қарапайым тұрмыстық жағдайлары шешілмеген өндірістік аймаққа, алғашқы кездері қанша үгіттегенмен ерікті қоныс аударушылар келе қоймады. Жұмыс бабымен көшіп келген ерікті жұмысшылардың басым бөлігі, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің қиындығынан қаладағы өндіріс орындарында көп тұрақтамады. Осыған байланысты, болашақ қаладағы азаматтық құрылыстарды салуға және өнеркәсіп орындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге, соғыс тұтқындары мен өлкеге күштеп қоныс аударылған халықтардың еріксіз еңбегін пайдалану шаралары қолға алынды. Жұмыс күші ретінде әскери тұтқындарды пайдалану мақсатында, 1945 жылы 27-қыркүйектегі КСРО ІХК басқармасының №001097 бұйрығына сәйкес соғыс тұтқындарына арналған

№348 Хантағы лагері құрылды [108, С.3266]. Лагердің бірінші бөлімшесі темір жолдан 65 шақырым қашықтықтағы «Ащысай» елдімекенінде, екінші бөлімшесі «Мырғалымсай» кенішінің маңындағы Хантағы кентінде орналасты. Түрлі ұлт өкілдерінен (жапон, неміс, итальян т.б.) құралған 2,5 мың соғыс тұтқындары шахтада, механикалық цех пен азаматтық тұрғын үй құрылысы саласында еріксіз еңбекке жегілді [109]. Кентау қаласындағы фин үлгісіндегі барак типтес алғашқы тұрғын үйлер осы соғыс тұтқындарының көмегімен тұрғызылған еді (Қосымша Г, сурет Г2).

1949 жылдың маусым айының соңғы күндері Мырғалымсай кентіне Қара теңіз жағалауы, Грузия және Азербайжаннан, сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылған грек ұлтының өкілдері әкелінді. «Саяси сенімсіз халық» өкілдері ретінде олар комбинаттың өндірістік жұмыстарына емес, көбінесе құрылыс жұмыстарына тартылды. Сталиндік қуғын-сүргінге байланысты жер аударылған грек ұлтының өкілдері кейін түрлі себептермен осы өңірде тұрақтап қалды. Жер аударылып келген халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыруды жергілікті басшылық кейінге ысырып, барлық күш-жігерді өндірістік міндеттерді шешуге жұмылдырды. Дегенмен, кейіннен қарт «Қаратаудың алтын тәжі» аталған Кентау қаласының бастапқы кезеңдегі құрылысы солардың қолымен салынғаны талас тудырмайтын шындық болатын. Олар өздерінің жан қиярлық еңбегінің арқасында Кентау қаласының әлеуметтік-мәдени ортасы – алғашқы тұрғын үйлері мен инфрақұрылымы қалыптасып, шиеленіскен әлеуметтік мәселелері біршама шешілгеннен соң, сырттан шақырылған мамандар келе бастаған еді (Қосымша Д, сурет Д2). Зерттеу мақсатына орай өңірге күштеп жер аударылған халықтардың күнделікті өмірін қаладағы демографиялық үдерістер барысы баяндалатын келесі тарауда егжей-тегжейлі тоқталатын боламыз.

Сонымен қабылданған бас жоспарды негізге ала отырып, қаладағы азаматтық және өндірістік құрылыстарды жүргізетін бірден-бір мекеме – «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» трестінің жұмысшыларының күшімен 1950-1955 жылдар аралығында жаңадан 46 мың м<sup>2</sup> көлемінде әлеуметтік мекемелер құрылысын аяқтап, пайдалануға берді. Осы жылдар аралығында қаладағы 4 орта мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңадан тәулігіне 25 тонна өнім шығаратын нан зауыты, 2 балалар бақшасы, 2 мың жанкүйерге арналған «Строитель» стадионы, 330 орынға арналған «Дружба» кинотеатры, 200 науқасқа арналған аурухана салынды. 1955 жылы Хантағы-Ащысай электр тарату жүйесінің құрылысы аяқталып, Кентау қаласы толық электр жарығымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, ведомствалық тұрғын үйлерді қыста жылумен қамтамасыз ету үшін, қала кварталдарының ішінде 17 жылу қазандығы орнатылды [110].

Осы жылдар аралығында Кентау қаласының негізгі жолдары болып есептелетін – Орджоникидзе көшесі, Железнодорожная көшесі, Пушкин даңғылы, Тоқтаров гүлзары, Түркістан даңғылы т.б. 20-дан астам көшеге қиыршық тастар мен арнайы асфальт жабындылары төселді. Осы аталған көшелердің бойында жаяу жүргіншілер жолағы мен сәндік ағаштар

отырғызылып, қаланы жасыл желекпен абаттандыру ісі қолға алынды. Қаладағы жарықтандырылған көшелердің ұзындығы-15 шақырым, жаяу жүргіншілер жолағы - 33 шақырымды құрады (Қосымша Д, сурет Д1).

1955 жылы Ащысай полиметалл комбинатының жұмысшылары мен Мырғалымсай кентінің тұрғындары үшін көптен күткен қуанышты оқиға орын алды. Яғни, 1955 жылы 1- тамызда Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының қаулысы бойынша, Түркістан ауданына қарасты Мырғалымсай және Хантағы жұмысшы кенттері тікелей облысқа қарайтын қалаға айналдырылып, оған Кентау қаласы деген атау беру жөнінде шешім қабылданды. Ащысай жұмысшы кенті Түркістан ауданынан бөлініп, Кентау қалалық кеңесінің әкімшілік қарауына берілді [111].

Жұмысшы кентінің қала мәртебесіне ие болуы және тұрғындар санының тез артуынан қала құрылысының даму жоспарына бірқатар түзетулер енгізу мәселесін туындады. 1955 жылы Кентау қаласы мен оған қарасты елді мекендердегі халық саны 44,3 мың адамды құрады. Қала тұрғындарының саны – Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік сыйымдылығынан асып кеткендіктен, қала тұрғындарының барлығын жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жетпеді. Сондықтан қалада қосымша жұмыс орындарын ашып, халықты жұмыспен толық қамту үшін жаңа кәсіпорындарды (*Экскаватор және Трансформатор зауыттарын*) салу қажеттілігі күн тәртібіне қойылды. Осы кәсіпорындарды тиімді орналастыруды жоспарлау мен қордаланған әлеуметтік мәселелердің тез арада шешу міндеті – қала құрылысының егжей-тегжейлі жоспарын жасаумен тығыз байланысты болды.

1957 жылы «Гипроцветмет» жобалау институты (сәулетшілер З.П. Костинская, С.Д. Патутин) алдыңғы бас жоспарда кеткен кемшіліктердің барлығын ескере отырып, Кентау қаласының жаңа егжей-тегжейлі жоспарын ұсынды [112]. Бұл жоспардың басты идеясы – Кентау қаласында жаңадан ашылатын өндірістік кәсіпорындарды ұтымды орналастыру арқылы қаланы әлеуметтік кеңістіктігін оңтайландыру және сәулет-жоспарлау құрылымын жетілдіру болды. Сонымен қатар, сәулетшілер Кентау қаласын республикадағы озық үлгідегі «социалистік қалаға» айналдыруды да мақсат етті.

Кентау қаласы құрылысының алдағы 20 жылға дейінгі егжей-тегжейлі даму жоспары бойынша, жаңадан жалпы көлемі 235 мың шаршы метр болатын әлеуметтік-мәдени нысандар салынып, тұрғын үй алаңы жан басына шаққанда 6 м<sup>2</sup> болады деп есептелінді. Бұл жалпы одақ көлеміндегі жан басына шаққандағы орташа нормадан (9 м<sup>2</sup>) біршама аз еді. 1950 жылдары жан басына шаққанда тұрғын үй алаңы 1 м<sup>2</sup> жетпеген Кентау қаласы үшін, мұндай көрсеткіштің өзі қуантарлық жағдай болатын. Есептік кезеңде тұрғын үй қорының 60% 4 және 5-қабатты, 40% 2 және 1-қабатты, оның ішінде 20% жеке меншік үйлер құрауы тиіс деп жоспарланды.

Сәулетшілер құрғақ, шөлді аймақта орналасқан Кентау қаласын, өндіріс маңындағы жасыл желекпен көмкерілген «бақ-қалаға» айналдыруды көздеді. Бас жоспар бойынша, қаланың селитебты-тұрғын жай бөлігін көгалдандырудың

санитарлық-гигиеналық нормасына сәйкес, адам басына шаққандағы жасыл желек көлемін 45-50 м<sup>2</sup> жеткізу міндеті қойылды [113].

Кентау қаласының құрылысының егжей-тегжейлі жоспары қабылданғаннан соң, «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресті күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізуге қызу кірісті. Қалада жаңадан темірбетон зауытының салынуына байланысты, тұрғын үйлер құрылысы саласында тез құрастырылмалы ірі панельді конструкцияларды қолдануға басымдық берілді.

Әсіресе, Хрущевтік кезеңде Кентау қаласында тұрғын үй құрылысына КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Жобалау мен құрылыста артық безендірулерді жою» жөніндегі №1871 санды арнайы қаулысының ықпалы зор болды [114]. Бұл қаулы бойынша, осы кезге дейінгі салынған ғимараттардың архитектуралық келбеті сталиндік кезеңдегі дарақылықтың көрінісі ретінде бағаланып, енді бой көтеретін әлеуметтік-мәдени нысандар «артық безендірулерден» арылып, барынша қарапайым және арзан, бірыңғай типтік жобалар бойынша тұрғызылуы тиіс деген шешім қабылданды. Осыған байланысты, Кентау қаласының құрылысын дамыту жұмыстары «ғимараттарды жылдам, әрі арзан және берік етіп саламыз» деген хрущевтік ұранның аясында жүзеге асырыла бастады.

«Гипроцветмет» жобалау институты сәулетшілерінің пікірінше, жаңа қаланың жоспарлық құрылысы коммунистік идеологияға сәйкес қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық қатынастардың өзгеруіне ықпал етіп, жаңа мәдени дәстүрлердің туындауына себепші болуы тиіс еді. Жоспарға сай Кентау қаланың сәулет-жоспарлық құрылысы «формасы бойынша ұлттық, ал мазмұны жағынан коммунистік» болуы тиіс еді. Сондықтан жоба авторларының ұсынысымен, қалаға кіре беріс көшелердің бойында орналасқан ғимараттардың қасбетін қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіруге мән берілді. Ал, қаланың орталығын еуропалық үлгіде кең әрі сәулетті етіп жоспарлап, оған барынша идеологиялық сипат беруге тырысты. Осы мақсатта қаланың басты көшесі – Коммунистер даңғылының бойындағы орталық алаңға еңбек озаттарының аллеясы мен партия көсемдерінің ескерткішін, сондай-ақ саяси-идеологиялық сарындағы іс-шараларды өткізетін 500 орынға лайықталған Лектория, 800 адамдық Мәдениет сарайын орналастыру арқылы қала тұрғындарының бойына коммунистік қоғамның шынайы құндылықтарын сіңірту көзделді. Коммунисттер көшесінің жалғасы болып табылатын Ленин даңғылының ені 48 метр болып, мұнда кең тротуарлар, велосипед жолдары, көгеріштер отырғызатын жиектер салу қолға алынды. Орталық алаңды қаланың ең көрікті орындарының біріне айналдыру мақсатында осы маңда 4 қабатты, әйгілі француз сәулетшісі Ле Корбюзьенің үлгісіндегі тұрғын үйлер тұрғызыла бастады (Қосымша Е, сурет Е1).

Әсіресе, Кентау қаласының ауа-райы құрғақ шөлейтті аймақта және зиянды өнеркәсіп орындарының маңында орналасуын ескере отырып, комбинат басшылығы бас жоспар бойынша қарастырылғандай қаланы барынша көгалдандырып, жасыл желекке айналдыруға тырысты. Қала ішіндегі басты 20 көшенің жартысына жуығы бірбағыттағы гүлзарлар ретінде жобаланып, негізгі

көлік жолдарының екі жағы жергілікті жердің табиғатына сай келетін түрлі екпе көшеттермен безендіру жұмыстары жүргізілді. Қаланың қоғамдық орындарын абаттандыру – саябақтар, тынымбақтар, жаяу жүргіншілерге арналған саяжолдар салу мен кварталішілік тұрғын үй алаңдарын сәндік гүлдермен көмкеру арқылы іске асырылды. Жасыл желектерді суғаруға Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай кенішінен тік дренажды сорғыш қондырғылар арқылы алынатын шаруашылық мақсатындағы жер асты сулары ұтымды пайдаланылды. Көгеріштер алғашқы кезде Қызылорда мен Шымкент қалаларынан тасымалданса, 1957 жылы Кентау қаласының маңында салынған көшеттер мен сәндік гүлдер өсіретін арнайы тұқымбақтың аумағы 860 га жетті.

1960 жылғы мәлімет бойынша қала аумағында 75 түрлі көшеттерден құралған 2 млн. жуық ағаштар отырғызылып, ирригациялық жүйелердің ұзындығы 240 шақырымға созылып жатты. 1959-1960 жылдары Кентау қаласында іссапармен екі рет болған заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов кейін өз естелігінде былай деп жазады: «Кентау қаласы сәулеті Ленинградпен Мәскеудің архитекторларының көмегімен жобаланған екен. Маған ерекше ұнаған бағалы нәрсе – қаланың көгі, әр көше ағашы ұқыпты, күтімді отырғызылған. Әр аулада жүзім, өрік, алма жемістері өсе бастағаны көрініп тұр. Бақтары патша сарайларының айналасындай әсем, көрікті. Саябақтарына демалуға ыңғайлы орындықтар мен гүлсатарлар (ларек) орнатылған. Көшелерінің жартысынан астамы бір бағытты болып келеді. Жалпы сырттай, іштей тани келе бұл қала әлдебір мәдениетті, өнерлі Еуропаның немесе үлгілі Шығыстың көркем шаһарын танытқандай. Мысалы, Индияда Пенжаб штатында салынған жаңа орталық қала Чандигар осындай қала еді. Сонымен қатар Кентау өз Отанымыздағы Қырым, Кавказдың курорт-санаторий қалаларын аңғартқандай болады. Соншалықты сүйсіндірген Кентауды қазыналы Қаратаудың тәжі дер едім» [ 115, 185 б.].

1967 жылы Монреаль (Канада) қаласында өткен дүниежүзілік Экспо-67 көрмесіне КСРО Түсті Металлургия Министрлігінің атынан Ащысай полиметалл комбинаты да қатысып, үздік экспонаттар қатарында Кентау қаласының архитектуралық үлгі жоспары көрсетілді және әлем жұртшылығының оң бағасына ие болды.

1967 жылы қалада өнеркәсіптік және қызмет көрсету бағытындағы 21 мекеме жұмыс істеді. Кентау қаласын Түркістан станциясымен байланыстыратын кең табанды теміржол құрылысының аяқталуына байланысты, тұрғындар өзге қалаларға еркін қыдыруына кең мүмкіндіктер ашылды. Сондай-ақ, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімінің негізінде, Кентау қаласында Экскаватор және Трансформатор зауыттары іске қосылды [116]. Енді Кентау қаласы тек кеншілер ғана емес, көлік жасаушылардың қаласына айналды. Аталған кәсіпорындардың іске қосылуы, Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін берді. Осыған орай, жаңа жұмыс орындары ашылып, сырттан білікті мамандардың шақырылуына байланысты қала халқының саны да күрт арта бастады.

Аталмыш жылдарға дейін «Гипроцветмет» жобалау институты ұсынған бас жоспарлар қала құрылысын іске асырудағы басты құжат болып келді. Алайда қаланың инфрақұрылымының даму қарқыны тұрғындарының баспана мен әлеуметтік – мәдени мекемелер қызметіне деген сұраныстарынан көп арта қалып қойды. Мұндай жағдайда халықты орналастырудың ұтымды жолдарын қарастыру қажеттілігі туындап, қаланың жаңа бас жоспарын жасау мәселесі көтерілді.

1960 жылдың ортасына қарай, Кентау қаласы халқының саны 50 мыңға жуықтады. Ал бұған дейінгі қабылданған бас жоспар 35 мың тұрғынға лайықталып жасалған болатын. 1963 жылы Ащысай полиметалл комбинатының тапсырысымен «Гипроцветмет» жобалау институты Кентау қаласының құрылысын дамытудың 1980 жылға дейінгі бас жоспарын әзірлеп шыққан болатын. Алайда, жобалау жұмыстарын жүргізу үшін арнайы қаржының қарастырылмауынан, бұл жоспар бекітілмей қалды.

1968 жылы Шымкент облыстық құрылыс және сәулет бөлімінің тапсырысы негізінде «Казгорстройпроект» (Алматы) жобалау институты Кентау қаласының жаңа бас жоспарын әзірлеп, қаланың 1990 жылға дейін дамуына арналған перспективалы бас жоспарын дайындап шықты. Бірақ қала құрылысына тікелей жауапты Ащысай полиметалл комбинаты мен қалалық партия кеңесінің арасындағы келіспеушіліктердің орын алуынан жоспарды бекіту ұзақ жылдарға созылды. Сонымен қатар қалада орналасқан кәсіпорындарының көпшілігі тікелей Мәскеудегі түрлі Министрліктер мен мекемелерге бағынышты болғандықтан, бас жоспарды дайындаушылар олардың әрбірімен жеке келісім жасауға тура келді. Бас жоспарды оңтайландыру жұмыстарына Оңтүстік Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыру сызбасын дайындап шыққан «Ленгипрогор» (Ленинград) мемлекеттік жобалау институтының мамандары мен ірі ғалымдары да тартылды.

1968 жылы дайындалып біткен Кентау қаласының жаңа бас жоспары, арада 3 жыл өткен соң ғана, яғни, 1971 жылдың наурыз айында ҚР Министрлер Кеңесінің шешімі негізінде мақұлданып, бекітілді [117]. Аталған құжат Кентау қаласының кеңестік кезеңде қабылданған ең соңғы бас жоспары болып тарихқа енді.

Аталмыш бас жоспар бойынша Кентау қаласы тұрғындарының саны құрылыстың алғашқы кезеңінде (1975 жыл дейін) 65 мың адамды, есептік мерзімнің келесі кезеңінде (1990 жыл) 100 мың адамды құрайды деп жоспарланды.

Жаңа бас жоспар авторларының (сәулетшілер В.Ш Гершберг, Г.П. Балицкий, В.И. Лапин, С.В. Киселева) жобалауына, Кентау қаласының құрылысы мен инфрақұрылымы батыс бағытқа, бастауын Қаратаудан алатын Бүргем өзені жағалауына қарай дамитын болды.

Бұл бас жоспардың алдыңғылардан ерекшелігі – тұрғын үйлер мен әлеуметтік-мәдени нысандардың құрылысы қаланың орталығынан шеткі мөлтекаудандарға қарай ойысты. Яғни, қала құрылысын дамыту



мөлтекаудандық жүйеге көшірілді. Қаланың аумағы бірқатар өнеркәсіп орындарының территориясы есебінен, 868 гектардан 2600 гектарға дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, қаланың бүкіл тұрғын үй қорын 1990 жылға қарай 870 мың м<sup>2</sup> көбейту арқылы, халықты баспанамен қамтамасыз етуді жан басына шаққанда 12 м<sup>2</sup> жеткізу міндеті қойылды. Хантағы мен Баялдыр елдімекендері тікелей қаланың құрамына енгізіліп, онда жеке меншік тұрғын үйлер құрылысы дамытылатын болды. Халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің 3 сатылы жүйесі қалыптасты – кенттік, мөлтекаудандық, жалпы қалалық. Бас жоспарға сәйкес, әлеуметтік-мәдени мекемелер – мектептер, магазин, аурухана және т.б. енді мөлтекаудандардың ішінде салына бастады. Қаланың ескі бөлігінде орналасқан 40 мың м<sup>2</sup> құрайтын бір қабатты үйлер бұзылып, оның орнына көпқабатты баспаналар тұрғызу арқылы ескі тұрғын үй қорын жаңарту қолға алынды. Дегенмен, жеке меншік үй салу жүйесі қатаң бақылауға алынып, ол тек типтік жоспар бойынша және арнайы белгіленген аймаққа, яғни, Кентау қаласының оңтүстік және батыс аудандарында ғана салуға рұқсат берілді.

Жоба авторларының ұсынысымен Бала-бүргем су қоймасы қала құрамына енгізіліп, оның маңына жаңадан мәдени-тынығу орындары (саябақтар, тынымбақтар т.б.) салу арқылы, бұл жерді қаланың басты демалыс аймағына айналдыру міндеті қойылды.

Бас жоспарға сәйкес, Ащысай полиметалл комбинаты мен тиісті Министрліктердің үлестік қатысуымен Кентау қаласы мен ондағы кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттырудың 1969-1975 жылдарға арналған іс-шараларды жүзеге асыруға 250 млн. сом қаржы жұмсау жоспарланды [118]. Алайда бұл қаржының біраз бөлігі қалада жаңадан салынатын өнеркәсіп орындарының құрылысына жұмсалуды тиіс болды. Соның өзінде Кентау салына бастаған 1949 жылдан бергі уақытты есептегенде қала құрылысын дамытуға жалпы 245 млн. сом бөлінгенін ескерсек, бұл қаржы өзінің қомақтылығымен ерекшелінді.

Осы қаржыны тиімді игерудің арқасында 1969-1975 жылдары «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресті жұмысшылары жаңадан 95 мың м<sup>2</sup> көлемдегі әлеуметтік-мәдени нысандарды салып, пайдалануға берді. Осы жылдардың аралығында Кентау қаласында 3600 орынға арналған 3 орта мектеп, 840 орынға арналған 6 балалар бақшасы, 2 кәсіподақ клубы, 100 орынға арналған санаторий-профилактория, көлемі 35 га құрайтын орталық мәдениет және демалыс саябағының құрылысы аяқталды. Өндірістік нысандар бойынша қала аумағында қиыршық тас өңдейтін зауыт, тәулігіне 65 тонна өнім шығаратын нан зауыты, тігін-трикотаж фабрикасы іске қосылды. Сондай-ақ, қала тұрғындарының сүйікті демалыс аймағына айналған Бала-бүргем су қоймасы мен Экскаватор зауытына қарасты «Машиностроитель» және «Горняк» стадиондарының салынды [119].

Өндіріс маңындағы қаланың өзге елдімекендерден басты ерекшелігі – қаланың бүкіл әлеуметтік-экономикалық мәселелері мен инфрақұрылымын дамыту ісі, қала түзуші кәсіпорынға тікелей тәуелді болуында еді. Ачполиметалл комбинатына қарасты коммуналды-тұрғын үй басқармасы

қаланы көріктендіруді, аулалар мен көшелерді көгалдандыруға ерекше көңіл бөліп, осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізді. Бұл жұмыстарға комбинат жұмысшыларымен қатар, бүкіл қала тұрғындары жұмылдырылды. 1970 жылдардың ортасына қарай, қаладағы жасыл желектердің саны – 2 млн. 400 мың түпке жеткізілді [120].

Кентау қаласы салына бастаған алғашқы жылдардан-ақ, саябақтар мен гүлзарларда, тынымбақтарда автомобиль және мотоциклмен жүруге, жасыл-желектерді таптауға немесе арнайы отырғызылған гүлдерді жұлуға тыйым салынды. Аталған талаптарды бұзған азаматтар 100 сом көлемінде айыппұл төледі немесе 15 тәулікке еңбекпен түзеу мекемелеріне қамалды.

Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру ісіне ерекше бақылауда болғанын, шаһардың байырғы тұрғыны Д. Каракозидидің естелігіндегі мына сөздер дәлелдей түседі: «Бірде Ащысай полиметалл комбинатының директоры В.И. Логиновтың кабинетінде сөйлесіп отырғанымызда, хатшысы кіріп келіп: «Владимир Илларионович! Қазір ғана қала тұрғыны телефон арқылы Коммунистер даңғылында гүлдердің жұлынып жатқанын хабарлады» деді. Директор жалма-жан қалалық ішкі істер бөлімінің бастығына телефон соғып: «Ей сендер қайда қарап отырсындар! Күндізгі уақыттың өзінде көз алдарындағы орталық даңғылда гүлдер жұлынып жатыр. Гүлді бүлдіргенді тез тауып жауапқа тартындар! Басында түнейсіндер ме, жұмысым жоқ, гүлдерді күзететін болындар!» деп тұтқаны қоя салды» (Қосымша М).

Кентауды жасыл-желекті «бау-бақшалы қалаға» айналдыру мақсаты – қала архитектурасы мен инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болды. Басшылық тарапынан ерекше бақылауға алынған осы шаралардың нәтижесінде, жазы ыстық, қысы қатты болып келетін Кентау қаласының өзіне тән ерекше микроклиматтық жүйесін қалыптастырды. Қала тұрғындары жазда небәрі 30 шақырым жердегі Түркістан қаласында +40<sup>0</sup> ыстық болып тұрған кезде, Кентау қаласындағы ауа-райы +35<sup>0</sup> болатынын өз естеліктерінде атап өткен еді (Қосымша Ж, сурет Ж2).

Қарастырылып отырған кезеңде, Кентауда көріктендіру мен тазалық жұмыстары бойынша апта сайын қалалық сенбіліктер өткізіліп, тұрғын үй комитеттері арасында «Жасыл желекті үздік аула» атты социалистік жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып отырды (Қосымша К, сурет К2). Жергілікті газет беттерінде ағаштар мен сәндік гүлдерді қалай өсіріп, баптау керектігі жөнінде кеңестер жиі жарияланып тұрды.

Кентау қаласы абаттандыру мен көгалдандыру бойынша үздік коммунистік қала атағы үшін, республикадағы өзге де өндірістік қалалармен (Шымкент, Рудный, Қаратау, Арқалық т.б.) социалистік жарысқа түсті. Мысалы, абаттандыру мен көгалдандырудың республикалық жарысының қорытындысы бойынша, Кентау қаласы «Жасыл желекті ең үздік таза қала» атағын бірнеше жыл қатарынан (1967 жыл, 1969 жыл, 1974 жыл, 1979 жыл) жеңіп алып, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туы мен ақшалай сыйлығына ие болды.

1971 жылы республика бойынша ұйымдастырылған «Үлгілі коммунистік тұрмыс үйі» жарысына да белсене қатысқан қаладағы 81 көпқабатты тұрғын үй коопертивтерінің ішінен, осы атаққа 53 тұрғын үй лайықты деп танылды [121]. Көріктендеру мен абаттандыру көрсеткіштері бойынша республика көлемінде үлкен жетістіктерге қол жеткізген Кентау қаласы сол кезде тек астана болып тұрған Алматыны ғана алдына түсіретін еді. Осы жылы Ащысай полиметтал комбинаты өндірістегі жарқын жетістіктері үшін Октябрь революциясы орденімен марапатталса, Кентау қаласы Коммунистік еңбек қаласы деген атауға ие болды. Бұл сол кезеңдердегі қалаларға берілетін ең жоғары атақтардың бірі болатын.

Сондықтан да 1970 жылдан бастап, Кентау қаласы барынша гүлденіп, әлеуметтік-экономикалық дамуы шарықтаған кезеңді басынан кешірді. Себебі бұл уақытта қала тұзуші басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинаты жаңа технологияларды өндіріске енгізіп, қосымша өндіріс орындарын ашудың арқасында толық қуатында жұмыс істейтін табысты кәсіпорынға айналған еді.

1977 жылғы мәлімет бойынша, қаладағы инженерлік жүйелердің ауқымы да шапшаң өсіп, қалалық су өткізу тораптарының ұзындығы – 129,1 шақырым, жылу құбырлары – 63 шақырымды, канализациялық жүйелердің ұзындығы – 75,5 шақырымды құрады. Осыған дейін кварталішілік жылыту жүйелеріне жалғанған қаладағы әлеуметтік-мәдени мекемелер толығымен орталықтанған жылу жүйелеріне ауыстырылды. Кентау қаласына қарасты ведомствалық тұрғын үйлерді газ тарату жүйелерімен қамтамасыз ету ісі де жанданып, газбен қамтудың үлесі 48% жетті [122]. Алайда, басты мақсаты түсті металл өнімдерін мүмкіндігінше көп өндіріп, елдің әскери-қорғаныс қабілетін арттыру міндеті жүктелген орталыққа тәуелді Ащысай полиметалл комбинаты үшін қала құрылысын дамытумен қатар, қаланың коммуналдық жүйелерін тиісті деңгейде ұстап тұру өте үлкен күш еді. 1980 жылдың ортасына қарай, Кентау қаласының халық саны 90 мың адамға жуықтады. Қаланың аумағы бастапқы жылдармен салыстырғанда, екі есеге ұлғайды. Өндірістік мақсаттарға орай, бірқатар кеніш маңындағы елді мекендер (Бала-бүргем, Сарбас) Кентау қаласының құрамына енгізілуінен, қордаланған шаруашылықтық және әлеуметтік мәселелер пайда болды. Бастапқы жылдары неге екені белгісіз, кеніш маңындағы қазақтар ғана мекендейтін ауылдар қала құрамына енгізілмей келген болатын. Бұл жөнінде Кентау қаласына арнайы іс-сапармен келген М. Әуезов өз жолжазбасында: «Түстен кейін Кентау қаласының сыртын аралауға шықтық. Содан тау бөктерлеп қаланың күншығыс жағындағы биікше қабаққа көтерілдік. Жолда «Хантағы» суының жағасында қаладан қашқан қазақ ауылы – Сарбас созыла ілеседі. Үйлері сұр кірпіш, терезелері батысқа қарағандықтан, мына жол жақ, тау жақ сырттары аса сұрқай» [115, 188 б.] деп көрсетеді.

Соңғы қабылданған бас жоспар бойынша қала құрамына енген осындай елді мекендердің бірі – қазақтар тұратын Бала-бүргем шағын ауданы болды. 1975 жылы Кентау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Ә. Жәкішевтің атына осы Бала-бүргем мөлтек ауданының бір топ тұрғындары арызданды. Тұрғындардың айтуынша, Кентау қаласының құрылысы алғаш осы

Бала-бүргем ауданынан басталғанымен, 3 мың тұрғыны бар бұл жерде әлі күнге дейін мектеп, бала-бақша, монша, шаштараз, тіпті электр жарығы жоқ, ауыз су құбырлары мен телефон желілері тартылмаған. Тек байырғы ұлт өкілдері ғана тұратын және қаланың шеті болып есептелетін Бала-бүргем аумағын абаттандыруға байланысты тұрғындар көп жылдар бойы қала басшылығына өтініш хат жазғанымен, қаржының жоқтығынан, кейінгі бесжылдық жоспарына енгіземіз деген сырғытпа жауап алып келген. Бала-Бүргем ауылын абаттандыру мен инженерлік-коммуналдық жүйелермен қамтамасыз ету ісі тек 1970 жылдың аяғында ғана қолға алынғанымен, 1990 жылдардың басында қаржы тапшылығынан әлеуметтік-тұрмыстық нысандар құрылысы аяқталмаған күйінде қалды.

Шаруашылығы монобейінді Кентау қаласының еліміздегі басқа шаһарларымен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болды. Біріншіден, қаланың коммуналдық жүйесін, яғни, инфрақұрылымын дамыту мен абаттандыру жұмыстарын жүргізу міндеті – Ащысай полиметалл комбинатының мойнында болды. Екіншіден, қалаға қарасты жұмысшы кенттерінің бір-бірінен шалғай орналасуы, инфрақұрылым жүйесін дамыту мен шаруашылық тұрғыдан қызмет көрсетуді қиындатты. Мысалы, Хантағы мен Баялдыр кенттері Кентау қаласынан 5-6 шақырым жерде, Ащысай кенті- 60 шақырым, Байжансай кенті – 240 шақырым қашықтықта орналасты. Мысалы, 1980 жылы тұрғын үй қорын қамтамасыз ету сметасы бойынша, коммуналдық төлемдерден түскен табыс көлемі – 487,0 мың сом, оны дамыту үшін жұмсалатын шығын – 1,2 млн. сом болып, амортизациялық айырма – 713 мың сомды құрады [123]. Бұл басқа әлеуметтік шығындарды есепке алмағанда, тек қаланың коммуналдық-шаруашылық жүйесін қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін комбинат тарапынан жыл сайын қомақты қаржы жұмсалып отырғанын байқауға болады.

Жалпы алғанда, кәсіпорын табысының мардымсыз бөлігі ғана Кентау қаласының дамуына бөлініп, осы аз қаржының жұмсалуды орталықтың қатаң бақылауында болды. Мысалы, қаладағы орталық жүзу бассейнін салуда қаржыны артығымен жұмсады деген сылтаумен Ащысай полиметалл комбинатының директоры М. Харитонов жауапқа тартылып, жазадан әрең дегенде қатаң сөгіс алып құтылған еді (Қосымша 3, сурет 31). Д.А. Қонаев Кентау қаласына келген кезекті іс-сапары кезінде олимпиадалық типпен салынған осы жүзу бассейнін көріп: «Мұндай бассейн үшін екі рет сөгіс алсаң да өкінбеуге болады екен. Сөгіс уақыт өте келе алынып тасталады, ал бассейн халықтың игілігі үшін қалады» деп өзінің оң пікірін білдірген екен [124].

1990 жылға қарай кен қорындағы руда мөлшерінің азайып, өндірістік құрал-жабдықтардың амортизациялық тозуынан қала тұзуші кәсіпорынның жұмысы да баяулай бастаған болатын. Енді қаланың инфрақұрылымы мен коммуналды шаруашылық жүйесін ұстап тұруға Ащысай полиметалл комбинатының мүмкіндіктері сарқыла бастағаны айқын сезіле бастады. Бұл үдерістің әрі қарай тереңдеп өрістеуін 1990 жылдардың басындағы Ащысай

полиметалл комбинатының тоқтап қалуы және одан кейінгі қоғамда басталған түбегейлі саяси өзгерістер тіптен күшейтіп жіберген болатын.

Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетіне талдау жасай келе, қаланың өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қала» (*плановый город*) ұғымына сай келетіні анықталды. Кеңестік қала құрылысындағы өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қала» концепциясының дамуына ХХ ғасырдың басында Э. Говардтың орыс тілінде «Болашақтың қаласы» атты еңбегінің жарық көруі үлкен әсер етті [125]. Э. Говардтың бұл еңбегінде өткен кезеңнің сарқыншақтары мен дәстүрлерінен ада бұрын игерілмеген тақыр жерде «жаңа қала» салудың артықшылықтары мен пайдасы егжей-тегжейлі баяндалады. Әдетте, өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қалалар» шикізатқа аса бай, бұрын толық игерілмеген аймақтарда мемлекеттің көмегімен және қала түзуші кәсіпорынның мүддесіне лайықтап салынды. Эволюциялық жолмен дамиды «дәстүрлі» қалаларға қарағанда «жоспарлы» қалалар жедел қарқынмен (2-5 жыл) тұрғызылуымен, тек шикізат өндіруге негізделген тар мамандануымен ерекшеленді. Мұндай «жоспарлы» қалалардың басты қызметі – қала түзуші өндірістік кәсіпорынды еңбек ресурстарымен үздіксіз қамтамасыз ету болды. Сондықтан өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қаланың» тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі – өндірістік міндеттерді шешуге бағытталады. Сәйкесінше қаланың бүкіл әлеуметтік-экономикалық өмірі қала түзуші кәсіпорынға тәуелді болып, архитектурасы мен инфрақұрылымы да өнеркәсіп мүддесіне сай, жоспарлы негізде дамиды. Бұл жағдайда қала түзуші кәсіпорын толық өндірістік қуатымен жұмыс істегенде қалада бірге гүлденіп, ал жұмысы нашарлаған кезде қаланың дамуы тежелетінін байқауға болады.

### **1.3 Қала тұрғындарының баспанамен қамтылуы**

Тұрғын үй – адамның әлеуметтенген тіршілік ету кеңістігі және күнделікті өмір сапасының көрсеткіші болып табылады. Адамдардың қоғамда үйлесімді өмір сүруі мен отбасын құруы, оның баспанамен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты. Баспана мәселесі – кеңестік кезеңде адамдардың еңбек етуге деген құлшынысын, белгілі бір кәсіпорында жұмыс істеу тұрақтылығын, еңбек өнімділігіне әсер ететін басты факторлардың бірі болды. Бұл әсіресе, тұрғын үй бөлу жүйесін түгелдей мемлекеттің бақылауы арқылы жүзеге асырылатын Кеңестер Одағында ерекше маңызға ие болды. [126, с.5].

Кентаудағы басты қала түзуші кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатында жұмысшылар мен инженер-техник мамандардың арасындағы ағымның жоғары болып, олардың бір орында тұрақтамауының басты себептерінің бірі – тұрғын үйдің жеткіліксіздігі еді. Сондықтан Ащысай полиметалл комбинатының басшылығы инженер-техниктер ағымын тұрақтандыру үшін, бірінші кезекте сырттан шақырылған мамандарды баспанамен қамтамасыз етуге тырысты. Еңбек ресурстарының қаладағы түсті металлургия кәсіпорындарына сырттан толассыз ағылуы, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыстық деңгейіне де айтарлықтай әсерін тигізді. Осы жылдары Кентау қаласына көшіп келіп, баспана қиыншылығын өз басынан

өткізген Күләнда Ахметқызы былай еске алады: «1950 жылы отбасымызбен Созақ ауданынан Мырғалымсайға көшіп келдік. Мұнда нағашыларымыз тұрушы еді. Ол кезде Кентау дегенің Мырғалымсай кенішінің маңындағы шағын ауыл еді. Нағашыларымыз өздерінің екі бөлмелі қоржын үйінің бір бөлмесін бізге босатып берді. Бізде ешқандай жиһаз, үй заттары болмады, біреуі көрпесімен, біреуі тамағымен бөлісті. Біз де Кентауға жер ауып келген гректер сияқты өмір сүрдік. Ол жылдары жұмыс іздеп жақын маңдағы ауылдардан көшіп келген біздермен бірге жергілікті қарапайым қазақтардың да тұрмыстық жағдайы өте жұпыны болды. Қазақтардың көпшілігі өз қолдарымен салып алған жеркепе үйлерде тұрып жатты. Арасында киіз үйде тұратын қазақтар да кездесетін» (Қосымша Н).

Өнеркәсіпте жұмыс істейтін қарапайым адамдардың тұрақты жұмыс істеуінің маңызды тұрмыстық алғышарттарының бірі тұрақты тұрғын үймен қамтамасыз ету екенін жақсы түсінген Ащысай полиметалл комбинатына басшылығы, қаладағы тұрғын үй қорын кеңейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруға кірісті. Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресті өндіріс орындарының құрылысын жүргізумен қатар әлеуметтік нысандарды, оның ішінде тұрғын үйлерді салуды қолға алды. Трестің құрамынынан әлеуметтік-мәдени нысандарды салуға маманданған арнайы құрылыс-монтаждау басқармалары құрылып, азаматтық тұрғын үй құрылысын жүргізе бастады. Алайда, қала құрылысының дамуы тұрғындар санының өсімінен көп артта қалды.

1955 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша Кентау қаласындағы өнеркәсіп орындарына қарасты ведомствалық тұрғын үй қоры 46 мың м<sup>2</sup> құрады [127]. Осы жылдары қаладағы халық саны 42,3 мың адам болғанын ескерсек, тұрғын үй көлемі жан басына шаққанда бар болғаны 1 м<sup>2</sup>-ден сәл ғана асты. Бұл жалпы Кеңестер Одағы көлеміндегі қабылданған адам басына шаққандағы тұрғын үйдің санитарлық нормасынан (9 м<sup>2</sup>) 9 есеге аз еді. Осы көрсеткіштерден Кентау қаласында баспана мәселесі қаншалықты шиеленісіп тұрғанын байқауға болады. Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен жиналған жұмысшылар алғашқы жылдары қарапайым санитарлық талаптарға сай келмейтін кеніштің жанындағы барак типтес үйлерде тұрып жатты. Оның үстіне жұмысшылар қалашығындағы жатақханаларда пәтерақы мөлшері де жоғары болды. 1956 жылы Ащысай полиметалл комбинатына қарасты жұмысшылар қалашығында тұру үшін адам басына айына 146 сом 11 тиын төлеуі тиіс болды. Бұл жылдары комбинат жұмысшыларының орташа айлық жалақысы – 870 сомды құрағанын ескерсек, табысының 17% пәтерақыға кетіп отырғанын байқауға болады.

1956 жылы 28-ақпанда өткен Кентау қалалық Атқару комитеті кеңесінің жұмысшылардың еңбек жағдайы мен тұрмыстық мәселелеріне арналған қорытынды жиналысы өтіп, онда Ащысай полиметалл комбинатының құрамындағы «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасының басшысы В. Степиннің атына бірқатар сын-ескертпелер келіп түсті. Жиналыста қаладағы шиеленіскен тұрғын үй дағдарысы өнеркәсіп орындарына жаңа жұмыс күшін

тартуға, еңбек өнімділігін арттыруға тежеу болып отырған басты факторлардың бірі екендігі айтылды. Мәселен, азаматтық құрылысқа жауапты «Мырғалымсайқорғасынкұрылыс» басқармасына қарасты құрылыс-монтаждау мекемелері 1955 жылы қала тұрғындары үшін 8133 м<sup>2</sup> көлемдегі тұрғын үй мен мәдени-тұрмыстық жайларды пайдалануға берген. Бұл сол жылы салынуы тиіс тұрғын үй жоспарының небәрі 74% ғана құраған еді [128, 100 б.]. Сондықтан Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. Пиченюктің төрағалығымен өткен осы жиналыс қорытындысы бойынша, тұрғын үй құрылысы саласында қалыптасқан дағдарысты шешудің төте жолы ретінде тұрғын үй құрылысын дамытудың 5 жылға арналған жоспары жасалынуы қажет деген шешім қабылданды.

1957 жылы қала тұрғындарын әлеуметтік-мәдени мекемелер және баспанамен қамтамасыз етудің 1957-1961 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бекітілді. Бұл жоспар бойынша Кентау қаласының баспана қорын 3 есеге көбейтіп, ал тұрғын үй көлемін жан басына шаққанда 3,5 м<sup>2</sup> жеткізу жоспарланды. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің бесжылдық жоспарын жүзеге асыруды қаладағы басты өнеркәсіп орны – Ащысай полиметалл комбинаты толық өз мойнына алып, жұмыс барысы мен сапасын қадағалау, Кентау қалалық Атқару комитеті жанынан құрылған тұрақты бақылау комиссиясына жүктелді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін 35 млн. сом қаржы жұмсау да қарастырылды [129].

1957 жылы 31-шілдеде КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО-да тұрғын үй құрылысын дамыту туралы» арнайы қаулысы жарық көрді [130]. Қаулы бойынша, тұрғын үй құрылысы мемлекет саясатының басты бағыты деп жарияланып, ол халықтың баспанаға деген мұқтаждығы мен тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталды. Сонымен қатар, қала құрылысын жүргізуде арзан тұрғын үйлер салуға рұқсат берілді. Осы қаулыны негізге ала отырып, Кентау қаласындағы тұрғын үй құрылысын сериялық өндіріске негізделген индустриялық бағытта, яғни құрастырмалы темір-бетон конструкциялары мен жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану арқылы жүргізу қолға алынды. Бұл шаралар құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын едәуір арзандатуы тиіс болды. Алайда бұл жылдары Кентау қаласында құрылыс материалдарын өндіретін және стандартты үй құрастыратын зауыттар жоқ болатын. Сондықтан құрылысқа қажетті цементтің 50%-нан астамы Орск және Магнитогорск қаласынан, құрастырмалы конструкциялы блоктар Шымкент тұрғын үй комбинатынан тасымалданды. 1957 жылы Кентау қаласында қуаттылығы жылына 20 мың м<sup>3</sup> темірбетон өнімдерін шығаратын алғашқы зауыт іске қосылды [128, 101 б.].

Осы уақытқа дейін қаладағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік-мәдени нысандар, КСРО ТММ қарасты жобалау институттарының сәулетшілері ұсынған әртүрлі жеке жобалары негізінде салынып келсе, енді бірыңғай типтік жобалар бойынша салу жоспарланды. Кентау қаласының тұрғын үйлер құрылысы енді тек I-439 А-40 мен А-447 С сериялы 2 типтік жоба бойынша жүргізілетін болды. Бұл типтік үлгідегі үйлердің ерекшелігі, біріншіден арзан

әрі тез құрастырылатын болса, екіншіден тұрғын үй құрылысын көп адамды қажет етпейтін шағын бригадалардың көмегімен жүзеге асыруға болатын еді. 1959 жылы Кентау қаласында түсірілген «Кентаудағы таңғы мезгіл» атты деректі фильмде (реж. А. Карпов, оператор С. Авлошенко т.б.), тұрғын үйлердің қалай салынып жатқаны жөнінде былай айтылады: «Айналдырған 15-20 минуттың ішінде бүкіл бір үйдің бөлмесі пайда болды. Ең керемет жері мұндай үйлердің бөлмелеріне іштей әрлеу жұмыстарын жүргізудің, сылаудың да көп қажеті жоқ» [131].

Осы жылдары Кентау қаласында салынып жатқан 3-4 қабатты үйлердің қабырғалары, көбінесе ірі бетондық тез құрастырмалы конструкциялар мен керамзитті кірпіштерден қаланды. Халықтың әлеуметтік нысандарға деген сұранысын тез арада шешу үшін осындай көпқабатты тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындар, мәселен, дүкендер, шаштараз, тігін шеберханалары орналастырылды. Халық арасында «Хрущевтік» деп аталып кеткен жеке отбасыға арналған бұл үйлердің басым көпшілігі подвалы мен шатыры жоқ, ас бөлмесі мен коридоры барынша тарылған, санитарлық тораптары мен бөлмелері біріктірілген, қабырғасының биіктігі 2,5 метрден аспайтын, көбінесе бір немесе екі бөлмеден тұратын қорап-үй үлгісінде салынды. Аталған үйлердің архитектуралық-көркемдік келбетінде қосымша безендірулері жоқ, бір-біріне ұқсастығымен, өте жұтаңдығымен ерекшеленді. Соған қарамастан, аталған тұрғын үйлердің қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуде маңызы зор болды. Көптеген жылдар бойы ортақ коммуналдық жатақханалар мен барактарда тұрып, үйсіз-күйсіз жүруден шаршаған қала тұрғындары үшін, осындай жеке отбасыға арналған баспаналарға қол жеткізудің өзі үлкен қуаныш болатын. Алайда, мұндай үлгідегі тұрғын үйлер қала халқының баспанаға деген сұранысын ішінара қанағаттандыруға ғана мүмкіндік берді. Өйткені көлемі барынша тарылған, жан басына қатаң есептеліп берілетін мұндай баспаналарға ие болған тұрғындар, көп уақыт өтпей-ақ, отбасыдағы адам санының көбеюіне байланысты, үй алаңын ұлғайту үшін, қайтадан пәтер кезегіне тұруға мәжбүр болды. Нәтижесінде, қаладағы пәтер кезегі жылдан-жылға арта бастады.

«Хрущевтік жылымық» кезеңінде құрылыс бригадалары арасында «ғимараттарды жылдам, әрі арзан және жақсы етіп саламыз» деген даңғаза ұранның аясында социалистік жарыс өрістетіліп, осының нәтижесінде салынып жатқан нысандардың сапасы нашарлап кетті. Құрылыс бригадалары басқаларды басып озу үшін тұрғын үйді пайдалануға беруді бітпеген күйі, асығыс «өткізе салуды» әдетке айналдырды. Құрылыс материалдарынан барынша үнемдеу арқылы өзіндік құнын арзандату және ғимараттарды жеделдете салу еңбек өнімділігінің көрсеткіші ретінде сипатталған науқаншылық белең алды. Қалалық партия комитетінің баспасөз органы болып табылатын «Кентау правдасы» газетінің беттерінде құрылыс бригадаларының жоспарды асыра орындап, тұрғын үйлерді мерзімінен бұрын тапсырып жатқан қуанышты сәттері бейнеленген нөмерлері жарыса шығып жатты. Тұрғын үй құрылысының дамуын асыра дәріптейтін осындай мақалалармен қатар,



баспаналарының сапасын сынаған қала тұрғындарының арыз-шағымдары да жарық көре бастады. Мысалы, аталмыш газеттің 1957 жылғы 21-сәуіріндегі санында қала тұрғыны Р. Назиповтың «Тұрғын үй құрылысының артта қалуын жояйық» атты сын мақаласында: «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы жыл сайын тұрғын үй құрылысының жоспарын олқылықтарға ұшыратумен қатар, ғимараттарды өңдеу жұмыстары бойынша да артта қалуда. Сталин көшесінің аяқталған жеріндегі үйлер өңдеуді күтіп тұрғанына көп уақыт болды. Орнатылып қойылған есік, терезелерінің әйнектері қирап біткен. Көптеген салынып жатқан объектілердің сапасы нашар. «Ачполиметалл» комбинатының коммуналды-тұрғын үй басқармасы үйлерді қабылдап алған соң, бір айдан кейін қайтадан жөндеу жұмыстарын жүргізуге мәжбүр. Мысалы, 36-шы кварталдағы бір үйге құрылысшылар сыртқы канализация құдықтарына түтік салуды ұмытып кеткен. Осының нәтижесінде екі пәтердің едені бір айдан соң ойылып түсті. Сталин көшесіндегі №13 үйдің сылақтары құлап түсіп, едендері ойылып тұр» дей келе, құрылыс жұмыстарының сапасын жақсартуды талап етті [133].

Алғашқы жылдары жергілікті тұрғындар баспанаға мұқтаждықтарын өз беттерінше қанағаттандыруға тырысып, жеке меншік баспаналар салып алған болатын. 1960 жылдың ортасына қарай, Кентау қаласында жоспарсыз салынған осындай жеке меншік үйлердің саны 2 мыңға жетті. Бұл үйлерде көбінесе жақын маңдағы ауылдардан көшіп келген жергілікті жердің байырғы тұрғындары мен жер аударылып келген халықтар тұратын еді. Қала басшылығы енді көпқабатты ведомствалық баспаналармен қатар, жеке меншік тұрғын үй құрылысын да бақылауға алып, оны жоспарлау жүйесіне көшіруге тырысты. Өйткені кеңестік кезеңде тұрғын үй мәселесі халықты басқару мен ықпал етудің ең тиімді құралдарының бірі болатын. Сондықтан жеке меншік тұрғын үй салу жүйесі де Ащысай полиметалл комбинатына қарасты коммуналды тұрғын үй шаруашылығының тарапынан қатаң қадағалауға алынды. Халықтың өздері тұрғызған жеке меншік үйлері, көп жағдайда бас жоспарға сай келмейді немесе қаланың көркінін бұзады деген сылтаумен қадағалаушы органдардың шешімімен сүрілуге (*снос*) ұшырады. Мұның өтеуі ретінде қаланың жаңа солтүстік-батыс ауданынан, «Гипроцветмет» тарапынан ұсынылған бас жоспарға сәйкес 300 м<sup>2</sup> және 600 м<sup>2</sup> көлемдегі жер учаскелері бөлініп, жеке тұрғын үй салу өнеркәсіп орындары арқылы бөлінетін мемлекеттік ссуда қаржысымен жүзеге асырыла бастады. Мемлекеттік ссудаларды өтеу мерзімі 20-25 жылға дейін ұзартылды [134]. Ащысай полиметалл комбинаты жыл сайын мемлекеттен осы мақсатқа қаржы алып, оны жеке меншік тұрғын үй құрылысын дамыту үшін халыққа мемлекеттік ссуда ретінде бере бастады. 1960 жылы комбинат жеке меншік тұрғын үй құрылысы үшін 700 мың сом қаржы бөлді. Бірақ құрылыс материалдарын алуға бөлінген ссуданы рәсімдеу кезіндегі бюрократтық кедергілерге байланысты және құрылыс заттарының сапасыз болуының кесірінен тұрғындар ұзақ мерзімдік мемлекеттік несиені алуға соншалықты құлықты болмады. Жалпы алғанда, қала аумағында 1957-1961 жылдардың аралығындағы бесжылдық жоспары бойынша 55353 м<sup>2</sup>

тұрғын үй пайдалануға берілді. 1961 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша Кентау қаласының ведомствалық тұрғын үй қоры 125,425 м<sup>2</sup>, жеке азаматтарға тиесілі тұрғын үй қоры – 97,516 м<sup>2</sup> құрады [135].

Кесте 1 – 1957-1961 жылдары Кентау қаласындағы ведомствалық тұрғын үй құрылысының даму қарқыны [136].

Атауы	Өлшем бірлігі	1957 жыл	1958 жыл	1959 жыл	1960 жыл	1961 жыл
Қаладағы тұрғын үй қоры	мың м <sup>2</sup>	72,0	87,0	99,0	112,0	125,4
Қала халқының саны	мың адам	45,3	46,3	50,8	53,1	55,5
1 адамға шаққанда тұрғын үй көлемі	м <sup>2</sup>	1,6	1,9	2,0	2,2	2,3

Кестеден 1957-1961 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бойынша ведомствалық тұрғын үй қорын жан басына шаққанда 3,5 м<sup>2</sup> жеткізу міндеті орындалмағанын көруге болады. Осыған қарамастан, Кентау қаласының тұрғын үй құрылысын дамытудың бірінші бесжылдығы, жалпы алғанда қала халқын баспанамен қамтамасыз етуде маңызы үлкен болды. Осы кезге дейін барактар мен коммуналдық үйлерде тұрып келген тұрғындар шағын, әрі қарабайыр болса да жеке отбасы арналған пәтерлерге қол жеткізіп, тұрмыстық жағдайын жақсартуға мүмкіндік алды. Халықтың алғаш рет жеке отбасына арналған пәтерлерге қол жеткізуі әрбір шаңырақ үшін естен кетпес қуанышты оқиға болумен қатар, қаланың демографиялық ахуалының жақсаруына да оң ықпал етті. Халықтың жеке отбасылық өмір кеңістігі қалыптаса бастады. Қала тұрғындарының жеке отбасыға арнап салынған осындай тұрғын үйлерге ие болуы халықтың тұтынушылық сұранысын да арттырды. Қала тұрғындары пәтерлеріне өз бетінше әрлеу жұмыстарын жүргізіп, дүкендерден түрлі бөлме жиһаздарын, тоңазытқыш, кір жуатын машина т.б. тұрмыстық тауарларды сатып алу қажеттілігі артты.

Бүкіл Қазақстан бойынша бірегей Экскаватор зауыты мен Трансформатор зауытының бой көтеруі, халық санының тез өсуіне алып келді. Осыған байланысты, қалада пәтерге мұқтаж тұрғындарының саны өсті. 1962 жылғы мәлімет бойынша, тек Ащысай полиметалл комбинаты бойынша 990 отбасы пәтер кезегінде тұрса, бүкіл қала бойынша баспанаға мұқтаждардың саны 2997 отбасыны құрады. Сонымен қатар, 559 отбасы тұрғын үй көлемін ұлғайтуды қажет етсе, 2758 отбасы тозығы жетіп бұзылуы тиіс үйлерде, 1500 отбасы ескіріп, құлауға шақ тұрған ведомствалық уақытша үйлерде өмір сүріп жатты [137].

Сөйтіп, баспана мәселесі қайтадан ушыға түсті. 1959 жылы Кентау қалалық партия комитетіне келіп түскен 930 шағым хаттың 72% жуығы тұрғын үй мәселесіне байланысты еді. Мысалы, 1959 жылы 16-қыркүйегінде Кентау қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің төрағасы М. Жүнісовтың атына, Ленин

көшесінің бойындағы №27 үйдің тұрғыны, азаматша А.А. Толумидиден тұрғын үйге мәселесіне байланысты шағым жазылды. Арызданушының шағым хатының қысқаша мазмұны төмендегідей: «Ащысай полиметалл комбинатында слесарь болып жұмыс істейтін және жұмысшы жастар мектебінде оқитын ұлым екеуміз, 8 м<sup>2</sup> көлемдегі асханаға арналған қуықтай бөлмеде тұрып жатырмыз. Пәтерімізге кіретін есікті, тамақтанатын жер мен әжетхананы, көршіміз Е. Фотиади екеуміз ортақ пайдаланамыз. Алайда, азаматша Е. Фотиадидің шайпау қылықтары мен ортақ пайдаланылатын дүниелерді бөліскісі келмеуінен туындаған отбасылық жанжалдар ұлымыз екеумізді әбден шаршатты. Кезекті жанжал кезінде көрші ауладағы ортақ ағаш сәкіні отқа жағып жіберді. Енді қазіргі таңда тамағымызға у қосамын немесе көзімізге химиялық қышқыл шашып жіберемін деп күнде қоқан-лоқы көрсетуде. Қайғылы оқиғаның орын алуына жол бермей, басымыздағы қиын баспана мәселесін шешуге жәрдемдесіп, бізге жеке пәтер бөлуге ықпал етуіңізді өтінемін» [138]. Осы мазмұндағы келесі хаттың бірі Киров көшесі №-47<sup>б</sup> үй, 24-пәтердің тұрғыны, қалалық сүт зауытының жұмысшысы К. Жұпарбекова тарапынан жазылды. Аталған азаматша өз хатында, кәмелет жасына толмаған 5 баласы, қартайған ата-енесімен бірге, 9 адам 24 м<sup>2</sup> көлемдегі аядай бір бөлмеде тұратынын, күйеуінің ішкілікке салынып кеткен маскүнем екендігін жазады. Отбасының жалғыз асыраушысы ретінде тұрмыс жағдайының ауырлығын баяндай отырып, тұрғын үй көлемін ұлғайтуға көмек беруін өтінеді [139].

Кентау қаласында баспанаға мұқтаж қала тұрғындарының арасында пәтер жетпей тұрған осындай шиеленісті жағдайларда, кезек бойынша пәтер бөлу жүйесінде тамыр-таныстыққа жол беріліп, кезексіз үй алу мен артық тұрғын үй көлемін иемдену жағдайлары жиі кездесті. 1962 жылы қыркүйек айында тұрғын үйлердің дұрыс бөлінуін анықтау мақсатында Кентау қалалық кеңесі депутаттарынан құралған комиссия (төрағасы Байтасов М.) тексеру жұмыстарын жүргізіп, бірқатар заң бұзушылықтарды анықтады. Тексеру барысында анықталғандай, тұрғын үйлер ведомствалық жүйе бойынша, тек өнеркәсіп орындары арқылы бөлінетін болғандықтан, пәтерлер ең алдымен кезексіз инженер-техниктерден құралған басшылық құрамға беріліп келген. Басым көпшілігі инженер-техниктер мен кәсіпорын басшыларынан тұратын 241отбасы, белгіленген санитарлық нормадан артық тұрғын көлемі бар пәтерлерде тұрып келген. Тексеру қорытындысының нәтижесінде, артық тұрғын үй көлемі бар пәтерлерде тығыздастыру мен қайта бөлу жұмыстары жүргізілді. Кентау қалалық кеңесінің еңбекші депутаттары атқару комитетінің 1962 жылы 9-қазандағы №189 қаулысы негізінде тұрғын үйлерді бөлудің жаңа тәртібі енгізілді. Ол бойынша енді пәтерлердің 70% қарапайым жұмысшыларға, 15% мемлекеттік қызметкерлерге, 15% ғана инженер-техниктер мен басшылық құрам арасында бөлінуі тиіс деген шешім шығарылды [128, 103 б.].

Қала басшылығының көзжұмбайлққа салынуының арқасында тұрғындарға пәтер беру жүйесінде заңсыздықтар мен әділетсіздік жағдайлар көптеп орын алды. Тұрғын үйді бөлу жүйесіндегі әділетсіздіктер жөнінде қалалық газет редакциясына, облыстық партия комитеттеріне, тіпті

Коммунистік партияның Орталық комитетінің атына арыздар жазу жиілей түсті. Мысалы, «Кентау правдасы» газетінде жарық көрген осындай сын мақалада төмендегідей кемшіліктер тізбектеледі: «Қала құрылысшылары өткен жылы тұрғын үйлерді пайдалануға беру жоспарын толық орындамады. Пәтер мәселесі әлі де ойдағыдай шешілмей келеді. Сондықтан тұрғын үйлер үйлердің дұрыс бөлінуіне үлкен көңіл бөлуіміз керек. Алайда, қалада кейбір көп балалы жұмысшылардың семьялары шағын пәтерлерде тұратындығы бізге мәлім. Ал бір секцияда жалғыз тұратын салт бастылар да бар. Мысалы, Ачполиметалл комбинатының шофері Катаев жолдас әйелі екеуі 35 шаршы метрлік пәтерде тұрса, Абилов жолдастың 7 адамнан құралған семьясымен 25 шаршы метр пәтерде тұруға мәжбүр. Коммуналдық тұрғын үй басқармасының қызметкері Бабаджаниди 29,5 шаршы метрлік пәтерде, Ильясова жолдас күйеуі екеуі 41 шаршы метрді құрайтын пәтерде тұрып жатса, ал азық-түлікпен жабдықтау бөлімінің жұмысшысы Дүйсенбаевтың 6 адамнан құралған семьясымен 14,75 шаршы метрлік пәтерде күнелтеді. Мырғалымсай руднигі шахтатранспортының жұмысшысы Баранов 5 адамнан құралған семьясымен 16,65 шаршы метрлік бір бөлмеде тұрады. Көптеген жұмысшылар осындай қолайсыз бөлмелерде тұрып жатса, ал химлабораторияның меңгерушісі Нелюбина бір өзі бір секцияда тұрады» [140].

1970 жылдан бастап, Кентау қаласында тұрғын үй құрылысы қайтадан қарқын алды. Оған себепші болған жағдай – қаланың жаңа бас жоспарының бекітілуіне байланысты 1969-1975 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың жетіжылдық жоспарының қабылдануы еді. Бұл жоспар бойынша қаланың бүкіл тұрғын үй қорын 350 мың м<sup>2</sup> көбейту арқылы халықты баспанамен қамтамасыз етуді жан басына шаққанда 6 м<sup>2</sup> жеткізу міндеті қойылды. Бұл міндеттерді тез арада шешу үшін, азаматтық тұрғын үй құрылысын салу қаланың бас жоспарына сай, мөлтекаудандық жүйеге көшті. Яғни, халықтың күнделікті әлеуметтік-мәдени сұранысын қаланың шағын бөлігінің шеңберінде толықтай қамтамасыз етуге мән берілді. Осы жылдары, құрылыс саласында кеңінен қолданылып келе жатқан дәстүрлі кірпіш және керамзит сияқты материалдармен қатар, Кентау қаласында оңтүстік өңірдегі тұңғыш ірі панельді тұрғын үйлер салу жолға қойылды. Жаңа бас жоспарға сай қаланың аумағы III-климаттық ауданнан IV-климаттық ауданға ауыстырылды. Кентау қаласының жергілікті ауа-райы ерекшеліктеріне сәйкес келетін «ТбилЗНИИЭП» мекемесі дайындаған арзан және тез құрастырмалы №II-450 жобасындағы типтік үйлер салу жолға қойылды. Техникалық мүмкіндіктердің шектеулігіне байланысты осы кезге дейін қалада салынған үйлердің биіктігі 4 қабаттан аспайтын еді. Енді тұрғын үйге деген сұранысты жедел қарқынмен шешу үшін сол кездегі одақ көлеміндегі тәжірибе негізінде шағын көлемді 5 қабатты үйлер көптеп салынып, бой көтере бастады.

1969-1975 жылдардың аралығында «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресі жұмысшылары жоспар бойынша 95 мың м<sup>2</sup> көлемдегі (жеке меншік үйлерді есептемегенде) тұрғын үй қорын пайдалануға берді. 1975 жылғы мәлімет бойынша, Кентау қаласы мен Ащысай, Байжансай елдімекендерін қоса

есептегенде, мемлекеттік тұрғын үй қоры 346 мың м<sup>2</sup> құрап, қала халқының саны 68,7 мың адамға жетті [141]. Осы жылдардың аралығында әрбір бесінші қала тұрғыны жаңа баспанаға ие болды. Тұрғын үйлердің сыртқы келбетімен қатар, ішкі құрылымы да жақсарып, барлық коммуникациялық тораптармен қамтамасыз етілді. Пәтерлерге жылу беру жүйесі бұрынғыдай кварталдардың ішінде орналасқан 17 жылу қазандықтарынан емес, ТЭЦ-5 жылу мекемесінің тораптарына тікелей қосылды. Бұл қысқы мезгілде ауа атмосферасының ластануынан туындайтын қолайсыз әсерлерді азайтып, қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етті (Қосымша М).

Осыған қарамастан, Кентау қаласы тұрғын үй қорының коммуналдық жүйелермен қамтамасыз етілуі тиісті деңгейде болған жоқ. 1975 жылы қаладағы тұрғын үй қорының абаттандырылуы бойынша, су жүйелерімен – 70%, канализация тораптарымен – 64%, газбен – 48,3%, орталықтандырылған жылумен – 82% қамтамасыз етілді. Жан басына шаққанда тұрғын үй қорының көлемі 5,8 м<sup>2</sup> құрады [142]. Бұдан қаланың көптеген қарапайым тұрғындары жағдайы жасалмаған, тұрғын жайы барынша тар коммуналды үйлерде немесе жұмысшылар жатақханасында өмір сүргенін байқауға болады.

Қала құрылысын дамытудың 1969-1975 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарының мерзімі аяқталғаннан кейін, тұрғын үй салу қарқыны, орталықтан бөлінетін қаржыға байланысты баяулай бастады. Қаланың коммуналдық жүйесін қамтамасыз ету, қала түзуші кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының мойнына артылғаны белгілі. Сондықтан тұрғын үй құрылысын тек Ащысай полиметалл комбинатына ғана емес, өз жұмысшылары үшін қаладағы басқа да кәсіпорындар жүргізуге міндеттелді. Енді Ащысай полиметалл комбинатынан өзге қаладағы 5 кәсіпорын – «Золотошахтопроходка» тресті, Экскаватор зауыты, Трансформатор зауыты, Қаратау кен-барлау экспедициясы, тоқыма-тігін фабрикасы да тұрғын үй құрылысын үлестік негізде жүргізуі тиіс болды.

1977 жылы аталмыш кәсіпорындардың тапсырысы бойынша «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы Кентау қаласы мен оған қарасты кенттерде керамзитблокты және ірі панельді 14 тұрғын үйдің, 1978 жылы 8 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Құрылыс саласына қойылатын талаптардың қатаңдануына байланысты және қаржының дер кезінде бөлінбеуі себепті тұрғын үйлерді тапсыру мерзімі 3-4 жылға дейін ұлғая бастады. Салынып жатқан құрылыс нысандарды авторлық қадағалау жұмыстарын «Южгорсельпроект» (Шымкент) жобалау институты жүргізді. Осы институт қызметкерлері мен қалалық архитектура бөлімінің техникалық бақылаушылары жиі-жиі тексерістер өткізіп, құрылыс сапасын қадағалап отырды. 1978 жылы аталған комиссия қаладағы салынып жатқан тұрғын үй құрылыс нысандары бойынша 72 рет тексеру жұмыстарын жүргізіп, тек 64% ғана «қанағаттанарлық» деп бағалаған. 1979-1982 жылдардың аралығында пайдалануға берілген 45,9 мың м<sup>2</sup> көлемдегі тұрғын үйлердің ешқайсысы да «жақсы» деп бағаланбады [143].

Халықтың тұрғын үйге деген өскелең талабын толық қанағаттандыра алмайтынын түсінген қала басшылығы енді жеке меншік тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін ынталандыру шараларын қолға алды. 1983 жылы жеке меншік үй құрылысын жүргізу үшін қала тұрғындарынан 1773 өтініш келіп түссе, оның ішінде 1565 азаматтың (89%) өтінішіне оң шешім шығарылған. 1987 жылғы мәлімет бойынша Кентау қаласындағы жеке тұрғын үйлердің саны 6007 жетіп, оның ішінде 3387 үй типтік жоспар бойынша салынды [144].

1987 жылы қала халқының тұрғын үйге сұранысын қанағаттандыру үшін «Тұрғын үй-91» бағдарламасы қабылданды. Бұл халықты баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған кеңестік кезеңдегі соңғы тұрғын үй бағдарламасы болатын. Бағдарлама бойынша 1987 жылдың 1-қаңтарына дейін пәтер кезегінде тұрған азаматтар барлығы алдағы 5 жылдың ішінде баспанамен толық қамтылуы тиіс деп жоспарланды. 1987 жылғы 1-қаңтардағы мәлімет бойынша тек Кентау қаласы бойынша пәтер кезегіне 4833 отбасы тіркелсе, 2004 отбасы тұрғын үй аумағын ұлғайтушылар тізіміне енген [145]. «Тұрғын үй-91» бағдарламасы бойынша баспана кезегінде тұрған азаматтарды жеке пәтермен қамтамасыз ету үшін 1991 жылға дейін қалада 290 мың м<sup>2</sup> көлемде немесе 2593 пәтерлі тұрғын үй салу жоспарланды. Бағдарламаның алғашқы кезеңі болып есептелетін 1987 жылы қалада мердігерлік әдіспен 13587 м<sup>2</sup> және шаруашылық әдіспен 4791 м<sup>2</sup> көлемде тұрғын үй салынды [146]. 1988 жылдан бастап, басы жақсы басталған тұрғын үй бағдарламасының жүзеге асырылуы баяулап, елдегі саяси өзгерістер мен қаржының тапшылығына байланысты ақыры науқаншылыққа айналып кетті.

Қорытындылай келгенде, кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының тұрғын үй құрылысы қаншалықты қарқынды жүргізілгенімен, саны жедел өскен тұрғындардың баспанаға деген сұраныстарын толық өтей алмады. Қаладағы тұрғын-үй құрылысының дамуы тұрғындар санының өсімінен үнемі артта қалып отырды. Кентау қаласындағы ведомствалық тұрғын үй қорының барлығы қаладағы өнеркәсіп орындарының балансында болды. Тұрғын үй бөлу жүйесі тек өндіріс орындары арқылы жүргізілді. Қалаға сырттан келгендер өнеркәсіпке немесе қалалық қызмет көрсету мекемелеріне жұмысқа тұрғаннан кейін ғана тұрғындар тізіміне алынып, баспана кезегіне тұрғызылды және кәсіпорын жатақханасынан орын алды. Қаладағы тұрақты жұмыс орнынан шығып қалған жұмысшылар ведомствалық баспаналарымен қоса, қала тұрғыны мәртебесінен де қоса айырылып отырды. Кеңес үкіметінің осындай мазмұндағы тұрғын үй саясатының нәтижесінде, өнеркәсіп орындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мен қала халқының санын басқару механизмі қалыптасты. Кеңестік кезеңде баспана мәселесі жұмысшыларды өндіріс орындарында тұрақты жұмыс істетудің, еңбек сапасын арттырудың, халықты басқару мен оған ықпал етудің басты құралына айналды.

## 2 КЕНТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

### 2.1 Қала халқының полиэтникалық ортасының қалыптасуы және кенді өлкеге жер аударылған халықтардың күнделікті өмірі

Кентау қаласының демографиялық құрылымының өзіне тән басты ерекшелігі – оның этникалық, діни, мәдени әралуандығымен сипатталатын көп ұлтты қала ретінде қалыптасуы еді. Кентау қаласының тұрақты халқының қалыптасу үдерісіне кеңес қоғамында орын алған түбірлі оқиғалар әсер етті. Осыған орай, жұмысшы кентінің демографиялық дамуында облысқа тікелей бағынышты қала мәртебесіне ие болғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердің бір-бірінен елеулі айырмашылықтары болды. Сондықтан, Кентау қаласының демографиялық құрылымының қалыптасуы мен халқының құрамындағы өзгерістерді екі кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. *1941-1955 жылдардың аралығындағы жұмысшы кентінен қала мәртебесін алғанға дейінгі кезең.* Бұл кезеңде жұмысшы кенті тұрғындарының дені жақын маңдағы елді мекендерден жұмыс іздеп келген жергілікті ұлт өкілдері, әскери мобилизацияланғандар, соғыс тұтқындары мен күштеп жер аударылған халықтар есебінен құралды. Казармалық-әміршілдік саясаттың құрбаны болып, Кентау қаласындағы өндіріс орындарында еріксіз еңбекке жегілген халықтардың көпшілігі кейін түрлі себептермен осында тұрақтап қалып, қаланың алғашқы тұрғындарын құрады. Бұл жылдар қаланың бастапқы демографиялық құрылымының қалыптасуындағы шешуші кезең болып табылатындықтан, зерттеу жұмысымыздың төменгі мерзімдік шегінен шығып, соғыс жылдарын да қамтып өтуді жөн көрдік.

2. *1956-1991 жылдардың аралығындағы Кентаудың облысқа тікелей бағынатын өнеркәсіптік қалаға айналған кезең.* Бұл кезеңде қаланың демографиялық жағдайы ерікті халықтың, атап айтқанда, Кеңестер Одағының еуропалық бөлігінен қоғамдық шақыртулар бойынша келген комсомол жастар мен білікті мамандармен, сондай-ақ, жергілікті халықтың табиғи өсімі есебінен қалыптасты.

Сонымен 1941-1955 жж. аралығындағы Кентаудың жұмысшы кентінен қала мәртебесін алғанға дейінгі кезеңге жете тоқталып өтсек, қаланың бұл кезеңіндегі негізгі тұрғындарын жергілікті халық пен арнайы қоныстанушылар құрады. Сталиндік қуғын-сүргін жылдары шаруашылықтың түрлі салаларында арзан жұмыс күші ретінде жер аударылған халықтардың еңбегін пайдалану тәжірибесі, жұмысшылардың тапшылығы айқын сезілген Ұлы Отан соғысы жылдары тіптен күшейе түсті. Соғыс жылдары республикада ғана емес, одақтық деңгейде ерекше өнеркәсіптік және қорғаныстық маңызға ие болған Ащысай полиметалл комбинатын қажетті жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында, өңірге жер аударылған халықтар мен соғыс тұтқындары көптеп әкеліне бастады.

Соғыс жылдары өнеркәсіптік-стратегиялық жағынан маңызды рөл атқарған Оңтүстік Қазақстан облысы – майданға жақын аудандардан

эвакуацияланған және күштеп көшірілген халықтарды орналастырған негізгі аймақтардың бірі болды. 1942 жылдың көктеміндегі мәлімет бойынша облысқа Балтық жағалауы, Украина мен Белоруссиядан неміс, поляк, еврей, мордва, орыс, украин т.б. ұлт өкілдерінен тұратын – 89 639 адам көшіріп әкелінді [147].

1944 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына Солтүстік Кавказбен Қырымнан шешен, ингуш, қарашай, балқар т.б. этникалық топ өкілдерінен құралған 12 725 отбасы немесе 52 482 адам орналастырылды. Ал Түркістан ауданына жалпы 732 отбасы (3518 адам), оның ішінде 367 отбасы немесе 1877 адам Мырғалымсай және Хантағы, Ащысай жұмысшы кенттеріне қоныстандырылды [148, С.285]. Аталған жұмысшы кенттеріне әкелінген арнайы қоныстанушылар «саяси жағынан сенімсіз» ұлт өкілдерінен құралғандықтан, жұмыс күші ретінде тікелей өндірісте емес, азаматтық құрылыстар мен қосалқы шаруашылық салаларында жұмыс істеді. Мәселен, 1944 жылы жер аударылғандар есебінен Ащысай жабдықтау мекемесінде – 346 адам, Таскөмірсайда – 275 адам, Қотырбұлақта – 182 адам, полиметалл комбинатқа қарасты «Шахтер» совхозында – 351 адам, «Горняк» совхозында – 150 адам, Түркістан таулы темір жолында – 156 адам, Хантағы ОЭС – 9 адам, Ақжар станциясында – 204 адам, құрылыс жұмыстарында – 408 адам еңбекпен қамтамасыз етілді [149]. Арнайы қоныстанушылардың еңбекке жарамдылары жұмыспен қамтылды деп жоғары жаққа ресми ақпарат берілгенімен, жер аударылған отбасылардың шын мәнінде әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы ауыр болды. Оларға орталықтан арнайы бөлінген азық-түлік өнімдері, аяқ-киім т.б. шаруашылық заттары басқа мақсаттарға жұмсалып кетті. Мысалы, 1944 жылдың шілде-қазан айларының аралығындағы мерзімде Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Таскөмірсай карьерінде еңбек еткен арнайы қоныстанушыларды басшылық арнайы жұмыс киімінсіз және жалақы төлемей жұмыс істеткен. Арнайы карточка жүйесі бойынша күнделікті берілуі тиісті нанның орнына малға арналған арпа бөлініп келген. Осыған қарамастан, жақын маңда орналасқан Созақ, Шаян, Түркістан сияқты ауыл шаруашылығына маманданған аудандардағы арнайы қоныстанушылар әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың ауырлығына байланысты соғыс жылдары «Мәскеулік жабдықталу» жүйесімен қамтамасыз етілген Ащысай, Мырғалымсай жұмысшы кенттеріне келуге құштар болды. Алайда, Ащысай полиметалл комбинатының басшылығы арнайы техникалық білімі жоқ, күштеп жер аударылған саяси жағынан сенімсіз ұлт өкілдерін жаппай өндіріске қабылдауға құлқы да болмады. 1944 жылы сәуір айында арнайы мекемелердің рұқсатымен көршілес Шаян ауданынан Мырғалымсай жұмысшы кентіне 184 шешен-ингуш отбасы, яғни 806 адам көшіріліп әкелінді. Ащысай полиметалл комбинатының директоры Н. Сульгинский болса, көшіріліп әкелінген осы шешен-ингуш отбасыларының ішінен жұмысқа жарамды 68 отбасыны ғана теріп алып, қалғандарын үй-күйсіз, азық-түліксіз, аш-жалаңаш күйінде далада қалдырған. Комбинат директорының осындай жауапсыз іс-әрекетінің салдарынан 10 күннің ішінде 55 қоныс аударушы аштан өлген [150].



Соғыстан кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты, Ащысай полиметалл комбинатында жұмыс істеген соғыс тұтқындары өз еліне қайтарыла бастады. Сонымен қатар, соғыс қарсаңында осында эвакуацияланған халықтар да өздерінің бұрынғы қоныстарына қайта көшіп кетуі орын алды. Соғыс тұтқындарының еліне қайтарылуы, өндіріс ауқымы жедел өсе бастаған Ащысай полиметалл комбинатын еңбек ресурстармен қамтамасыз етуге кері әсерін тигізіп, жұмысшы күшінің тапшылығын туындатты. Еңбек ресурстарының жетіспеушілігін жою мақсатында Ащысай комбинаты басшылығы жақын маңдағы аудандар мен колхоздардан жұмысшылар жинауға (*вербовка*) рұқсат алды. Алайда өнеркәсіп орындары мен құрылысқа қажетті жұмысшы жинау көп жағдайда күтілгендей нәтиже бермеді. Ауылдық жерлерде өздеріне жұмыс күші жетпей жатқандықтан, жұмысшы жинау науқаны көп жағдайда кедергілерге ұшырап отырды. Колхоз төрағалары тарапынан өнеркәсіптерге жұмысқа кету туралы келісімге қол қойған тұрғындардың құжаттарын бермеу фактілері орын алды. Жұмыс күшінің зәрулігін жою үшін Ащысай полиметалл комбинатына қарасты кен орындарына тарихи отанынан күштеп көшірілген «сенімсіз» халықтарды пайдалану шаралары қолға алынды. Кенді аймақты қосымша еңбек ресурстармен қамтамасыз ету үшін осында күштеп көшіріліп әкелінген, кейінгі жылдары саны жөнінен Кентауда қазақтар мен орыстардан кейінгі орында болған халық – грек ұлтының өкілдері еді.

Грек ұлты өкілдерінің Қазақстанға күштеп жер аудару тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Қазақстанға жер аударылған гректер - 1942 жылы Ресейдің Краснодар аймағынан, 1944 жылы Қырым (Украина) өлкесінен, 1949 жылы Грузия мен Қара теңіз жағалауынан көшірілгендер. Осылардың ішінде ұзаққа созылып, ауқымы жағынан тегеурінді болған қоныс аудару үдерісі – гректерді 1949 жылы Қазақстанның оңтүстігіне жер аударуы еді.

Грек ұлтының өкілдерін Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына жер аудару шарасы, жоғарғы билік органдары тарапынан қабылданған төмендегі екі құпия қаулыға сәйкес іске асырылды.

1949 жылы 17 мамырда КОКП ОК Саяси Бюросының №68 шешімімен «Грек азаматтарын, қазіргі таңда азаматтығы жоқ гректерді, кеңес азаматтығын қабылдаған бұрынғы грек ұлтының өкілдерін жер аудару туралы» құпия қаулысы қабылданды [151]. Құпия қаулыда, Әзірбайжан мен Грузияны, Қара теңіз жағалауын саяси жағынан «сенімсіз» халықтардан тазарту мақсаты мен оны іске асыру жолдары көрсетілді.

Жоғарыда аталған қаулыдан кейін іле-шала, 1949 жылы 28 мамырдағы КСРО Министрлер Кеңесінің №00183 шешімімен «Әзірбайжан, Грузия мен Қара теңіз жағалауын саяси сенімсіз элементтерден тазарту мақсатында грек азаматтарын, кеңес азаматтығын қабылдаған гректерді отбасымен жер аудару туралы» екінші қаулысы жарық көрді [152]. Қаулы бойынша, жер аудару шаралары жүргізілетін аймақтардағы грек азаматтарының саны, мерзімі мен оларды қоныстандыратын арнайы аймақтар анықталды. КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігі мен Ішкі Істер Министрлігі қызметкерлерінің қатаң қадағалауымен іске асырылатын арнайы «Толқын» операциясы бойынша, грек

ұлтының өкілдері Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына мәңгілікке тұрақтап қалу құқығымен көшіру мақсаты көзделді. Қоныс аударушылардың жеке дүние-мүлкі, тұрғын үйі, малы, жүзім қожалықтары т.б. кәмпескеленіп, мемлекет қарамағына өткізілуі тиіс болды.

«Толқын» арнайы операциясы өте құпия түрде, мемлекеттік қауіпсіздік мекемелері тарапынан тыңғылықты жоспарланды және жер аударушылардың алдын-ала тізімі жасақталды. Олар халық арасында сезікті дүрбелең тудырмау үшін, жергілікті грек ұлтының өкілдерін Грецияға көшіреді екен деген сыбыс таратты. Бұл хабарды кеңес азаматтығын қабылдап, жергілікті жерге үйреніп қалған гректер екіұдай сезіммен қабылдаса, кеңес азаматтығы әлі берілмеген гректер қуанышпен қарсы алды [153].

Сонымен, 1949 жылдың 13 маусымында жоғарыда аталған аймақтардан грек ұлтының өкілдерін жаппай көшіру шарасы басталды. Ащысай полиметалл комбинатының еңбек ардагері В.И. Габайров өз естелігінде: «Гректерді көшіру шарасы түн ортасында басталды. Шабаланып үрген иттің даусынан шошып оянған әкем сыртқа беттеді. Келгендер қарулы солдаттар екен. Олар тез арада жиналуымызды және басқа аймаққа көшірілетінімізді ескертті. Түн ортасында бізді темір жол станциясына алып келді. Айналаның бәрі азан-қазан, шулаған халық. Кей тұстан Грецияға кетеміз деп ойлаған жұрттың қуанышты күлкісі мен кемеңженің (гректердің ұлттық музыка аспабы) әуені естіледі. Барлығымызды екі қабатты сәкілермен жабдықталған 18 тонналық жүк вагондарына лық толтыра тиіп алған поезд жүктемесі, бізге беймәлім жаққа бағыт алып, жүріп кетті. Алайда, поезд эшелоны ұзақ жүріп, шығыс бағытқа қарай бет алғанда ғана халық алданғанын, өздерін Грецияға емес, Кеңестер Одағының шығысындағы алыс аймаққа әкетіп бара жатқанын түсінді. Үнсіз іштей егілген еркектердің, шыңғырған балалардың, шашын жұлып ойбайлаған әйелдердің даусынан поезд іші азан-қазан шуға толды. Өте ұзақ жол жүрдік, ыстықтан халықты шөл қысып, ашыға бастады. Халықтың көпшілігі көшіру шарасы аяқ астынан ұйымдастырылғандықтан, азық-түлікпен қамданып үлгермеген болатын. Алайда, көңілімізге күдік ұялатқан ең үлкен қайғы – қайда бара жатқанымызды білмеуіміз еді» [154, р.123] деп жазған болатын.

Қазақстанның КП (б) Орталық Комитетінің хатшысы Ж. Шаяхметовтың 1949 жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша арнайы қоныстанушылардың жағдайына байланысты Мәскеуге жолдаған хатында, Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына барлығы 8911 грек отбасы немесе 37108 адам көшіп келгені жазылған. Қоныс аударған 8911 грек отбасының 5512 отбасы, яғни 24882 адам, немесе көшірілгендердің 62% жуығы Оңтүстік Қазақстан облысына қоныстандырылды [155]. Әсіресе, грек ұлтының өкілдерінің көпшілігі оңтүстіктегі басты өнеркәсіптік аймақтардың бірі – Мырғалымсай (кейінгі Кентау қаласы) кентіне қоныстандырылды. Өйткені, мұнда соғыстан кейінгі жылдары еңбек ресурстарының тапшылығын басынан кешіріп жатқан одақ көлемінде стратегиялық маңызға ие, Ащысай полиметалл комбинаты орналасқан еді.

Сол кезде 19 жаста болып, күнделікті өмірінің әрбір сәті есінде жақсы сақталған грек ұлтының өкілі И. Пиминиди естелігінде былай дейді: «біздің лагеріміз қаладағы Пушкин көшесінің бойында орналасты. Бастапқыда жер аударылғандар қашып кетпеуі үшін және жергілікті халықтан алшақ ұстау мақсатында лагерді арнайы әскерилер күзететін. Жергілікті халық арасында гректерге жақындауға болмайды, бірден бас салып тонайды, өлтіріп кетеді деген жалған өсек таратылғандықтан, жергілікті халық бізге жақындамауға тырысты. Кез-келген бейсауыт уақытта арнайы қоныста әрі-бері жүруге қатаң тиым салынды. Лагерь аумағынан сәл ұзаған жағдайда күзетшінің «Тоқта! Артқа! Атамын!» деген даусы естілетін. Бір күні жергілікті қазақтар мекендейтін Бала-Бүргем жақтан екі қарайған нүктенің сұлбасы көрінді. Жақындап келгенде байқағанымыз, айран мен сүт құйылған 10 литрлік ыдыстары бар екі қазақ әйелі екен. Әйелдердің ауыр еңбекпен күнелтіп жатқан осы маңдағы қазақ ауылдарындағы қарапайым малшылар екендігін, күс басқан қолдарының адырайған тамырларынан байқауға болатын еді. Күзетшілер олардың бізге жақындауына алғашқыда рұқсат бермеді. Бірде олар жанымыздан өтіп бара жатқандай кейіп танытып, күзетшілер ары қарағанда, жалт бұрылып, жер аударылған гректердің арасына еніп кетті. Алдымен сүт жас балаларға үлестірілді. Бір стакан сүттің өзі әлсіреген балалардың өңіне қан жүгіртіп, көздерін жайнатып жібергендігі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Әйелдер кейін күн сайын келіп тұрды. Күзетшілер олардың еш зияны жоқ адамдар екеніне көздері жеткен соң келуіне рұқсат бере бастады. Қазақ әйелдері кей кездері тілімізді түсінбесе де, қиыншылықтан қажыған немесе баласынан айырылған грек әйелдерімен қосылып, ұзақ жылайтын. Басқа түскен ауыртпашылықты түсіну үшін тілін білудің қажеті жоқ екендігін, баласын аман сақтап қалуға ұмтылған аналардың қайғысының ортақ болатынын сол кезде түсіндім. 1956 жылы гректерге салынған шектеу алынып тасталғаннан кейін, Бала-бүргемдегі қазақ ауылынан бізді аштықтан құтқарған сол екі әйелді іздестіре бастадық. Қанша шарқ ұрып іздегенімізбен оларды сол күйі таба алмадық. Қиын-қыстау кезеңдерде адамгершілікпен мейірімділіктің жоғары үлгісін көрсеткен екі қазақ әйеліне сол күйі ризашылығымызды айтып, құрмет көрсете алмағанымыз, біз үшін өкініш болып қала берді» (Қосымша О).

Күштеп жер аударылған гректердің бастапқы жылдардағы күнделікті өміріндегі қиындықтарды көзімен көріп, басынан өткізген, бұрынғы арнайы қоныстанушы, грек ұлтының өкілі Н.М. Караяниди өз естелігін былай баяндайды: «Жергілікті жердің климаттық ерекшеліктеріне байланысты бастапқыда жаңа ортаға бейімделуіміз өте қиын болды. Теңіз жағалауындағы өңірлерден келгендіктен, жергілікті жердің құрғақтығы мен судың тапшылығы, күннің аптап ыстығы біздерге ауыр тиді. Сонымен қатар, азық-түлік тапшылығы да орын ала бастады. Арамызда жаппай ауру тарап, біртіндеп қатарымыз сирей бастады. Осындай ауыр күндерді басынан кешіріп жатқан біздерге, бір күні Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. Пиченюк келді. Ол біздің тұрмыс жағдайымызбен танысқаннан кейін, басымызға түскен қиындық уақытша екендігін, бұл жерде социалистік үлгідегі жаңа қала

(болашақ Кентау қаласы) салынатынын, барлығымыз жұмыспен қамтылып, жағдайымыз жақсаратынын айтты. Комбинат директорының осы сөзі аз да болса көңілімізге сенім ұялатып, бойымызда болашаққа деген үміт отын жақты. Кейіннен көп ұзамай гректер қаладағы түрлі деңгейдегі құрылыс жұмыстарына қызу тартыла бастады. Ол кезеңде Ащысай полиметалл комбинаты одақтық қорғаныс өнеркәсібінің маңызды кәсіпорындарының бірі еді. Жер аударылып келген біздерге бастапқыда диверсия жасауы мүмкін деген күдікпен қарап, өндіріс орындарында жұмыс істеуге рұқсат етпеді. Сондықтан гректердің барлығы дерлік азаматтық және өндірістік құрылыс саласында еңбек етті. Есесіне Кентау қаласында алғаш бой көтерген әлеуметтік-мәдени нысандар мен ғимараттардың көпшілігінде гректердің қолының табы қалғанын мақтанышпен айта аламын» [156, 406 б.].

1956 жылы 27 наурызда КСРО Жоғары Кеңесінің «Арнайы қоныстардағы гректер, болгарлар, армяндармен олардың отбасы мүшелерінің құқығы жөніндегі шектеулерді алып тастау» жөніндегі арнайы қаулысы шықты [157, с.223]. Бұл қаулы бойынша жер аударған гректердің құқықтық жағдайларындағы кейбір шектеулер алынып тасталғанымен, толық ақталмады. Оның айқын көріністерінің бірі – Кентау қаласындағы гректердің бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтуына, еркін көшіп-қонуына тиым салынды. Аталған тәртіпті бұзушыларға «шетел жансызы», «отанын сатқан опасыздар» деген жалған айыптар тағылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. 1960 жылы Кентау қаласындағы гректердің Грецияға көшуге талпыныс жасаған белсенділері ұсталып, «Грецияның шпионы» деген айыппен сотталды. Сонымен қатар, осы іске қатысы бар деген желеумен бірқатар грек дипломаттары Мәскеуден аластатылып, өз елдеріне қайтарылды. Өздерінің тарихи отанына оралуға әрекет жасаған гректерді ұстау үшін арнайы органдар тарапынан «Вояж» деп аталатын құпия операция жоспары жасалынған болатын. Осы құпия операцияның мән-жайы сол кезде Кентау қалалық ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы болған Қ. Бишимбаевтың «Олар қолма-қол ұсталды» атты очеркінде мақтанышпен баяндалады [158].


Осындай шектеулердің нәтижесінде мыңдаған грек ұлтының өкілдері үшін Кентау қаласы тұрғылықты жаңа мекенге айналды. Жер аударылған халықтардың тарихи отанына жаппай қоныс аудару үдерісі белең алған 1990 жылға дейін Кентау қаласы – Қазақстандағы грек ұлт өкілдерінің ең көп бөлігі шоғырланған аймақтардың бірі болды [159].

Өздерінің тарихи отандарына жуық арада орала алмайтынын түсінген гректер жаңа ортаға бейімделіп, тезірек сіңісіп кетудің қамына кірісті. Арнайы қоныстанушылар жергілікті қазақтар тарапынан кемсітушілік пен қысымға ұшырамай, достық қарым-қатынаста өмір сүргені респонденттердің сөзінен байқалады. Жер ауып келген гректер өз естеліктерінде жергілікті қазақтардың қамқорлығы арқасында жаңа ортаға қиналмай бейімделіп кеткенін шынайы ризашылықпен әрдайым еске алады.

Гректердің көпшілігі құрылыс жұмыстарында, халыққа қызмет көрсету саласында (аяқ киім шебері, шаштараз, шофер, дәрігер, аспаз т.б.) еңбек етті.

Олардың арасынан кейін еңбек озаттары да көптеп шықты. Мысалы, 1974 жылы В.Д. Каракозидидің ұнгушілер бригадасы Қазақ КСР Түсті Металлургия Министрлігіне қарасты кәсіпорындар арасындағы жарыста 2 орын алып, сыйлыққа су жаңа «Волга» машинасын алды. Соғыстың кезінде барлаушы қызметінде 100-ден аса барлау операциясын сәтті жүзеге асырған, Ұлы Отан соғысының даңқты батыры В. Фисатиди көп жылдар Кентау қаласындағы автобазаның басшысы болып жемісті еңбек етті [160].

Жер аударылған халықтардың Мырғалымсай кентіне қоныстандырылуы халық санының күрт өсуіне әсер етті. Мысалы, 1948 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша, Ащысай жұмысшы кентіндегі халық саны - 9,9 мың адам, Мырғалымсай жұмысшы кентінің халық саны – 3,2 мың адамды құраған болса, [167], ал, 1955 жылы Кентау қалалық кеңесіне қарасты Ащысай кентінің халқы – 10,4 мың адамға жетіп, Мырғалымсай кентінің орнында құрылған Кентау қаласының тұрақты халқы 28,7 мыңға дейін артты. Яғни бар болғаны 7 жылдың ішінде Ащысай кентінің халқы 0,5 мың адамға ғана өссе, Кентау қаласының халқының саны 25,5 мың адамға көбейіп, шамамен 9 есеге жуық артты [161].



Сурет 1 – 1948-1955 жылдар аралығындағы Кентау қаласы мен Ащысай кенті халқы санының өсімі [162].

Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай, қарастырылып отырған жылдардың ішінде қала халқының ең жоғары өсімі 1954 және 1955 жылдарға сәйкес келеді. Кентау қаласына қарасты Ащысай жұмысшы кентін қоса есептегенде халықтың саны 1953 жылы - 26,5 мың адамды құраса, 1954 жылы - 37,6 мың адам, ал, 1955 жылы – 39,1 мың адамға жетті. Тек 1954 жылы бір жылдың өзінде қаланың тұрғылықты халқының саны 11,1 мың адамға, яғни 30%-ға көбейгенін аңғарамыз.

Қала халқы санының бұлай күрт өсуіне сол жылдары қаланың күнделікті өмірінде орын алған төмендегідей оқиғалар әсер еткен болатын:

– 1952 жылы Мырғалымсай кен байыту фабрикасының екінші кезеңінің іске қосылуынан Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатының артуы;

– 1955 жылы Кентаудың жұмысшы кентінен қала мәртебесіне ие болып, екпінді құрылыс алаңына айналуы;

Қорытындылай келгенде, Кентау қаласының демографиялық құрылымының 1941-1955 жылдар аралығын қамтитын бірінші кезеңінде, тұрғындардың негізгі бөлігі – соғыс жылдары осы өңірге эвакуацияланғандар, соғыс тұтқындары мен күштеп жер аударылған ұлт өкілдерінен, саны аз ерікті халықтан құралды. Қала халқы негізінен алғанда, осы сырттан келгендердің есебінен көбейді. Сәйкесінше, қала халқының сандық және сапалық динамикасына механикалық қозғалыстың ықпалы зор болды. Осы кезең аралығында қала халқының демографиялық құрылымы да үлкен өзгерістерге ұшырап, полиэтникалық сипатқа ие болды. Осының нәтижесінде, түрлі ұлт өкілдеріне тән салт-дәстүрлер мен мейрамдарды бір дастархан басында бірлесіп тойлайтын айрықша толеранттыққа ие, Кентау қаласының негізгі халқы қалыптасты. Сонымен қатар, жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі төмендеп, қазақ халқының өзінің байырғы жерінде азшылдыққа айналу үдерісі басталды.

## **2.2 Қала халқының саны: жастық және ұлттық құрамындағы өзгерістер**

1956-1991 жж. аралығындағы екінші кезеңі – жаңа қаланың демографиялық даму бағытын айқындаған, түбегейлі процестер орын алған шешуші кезең болып табылады. Кентау қаласының 1955 жылы жұмысшы кентінен облысқа тікелей бағынатын өндірістік қала мәртебесіне ие болуы, оның әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындаған маңызды оқиға болды. Осыған орай, қаланың демографиялық құрылымы сандық және сапалық өзгерістерге ұшырауы қарқынды жүрді. Енді қаланың тұрақты халқының құрамы жер аударылғандар есебінен емес, қоғамдық шақыртулар бойынша Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен келген ерікті жұмысшылар мен оқу орындарының жолдамасымен келген жастар легі толықтыра бастады. Қала мәртебесін алған алғашқы жылдары жаңа қоныстанушылардың санының артуымен қатар, кері миграциялық үдерістердің де қарқыны күшті болды. Келгендердің кері қайтып кетуіне әсер етуші себептер – КСРО-ның еуропалық бөлігіне тән емес табиғи-климаттық жағдайдың қаталдығы, тұрғын-үйдің жетіспеуі т.б. сияқты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің шешілмеуінен туындаған болатын.

1956-1959 жылдар аралығында сырттан келушілермен қатар, қаладан кетушілер ағымының қарқыны да жоғары болғандығы байқалады. Мысалы, 1956 жылы, қаладан кеткендердің саны 3840 адам, яғни, халықтың 10% құрады. Сонымен қатар, қала халқының саны сыртқы миграцияның есебінен ғана емес, тұрғындардың табиғи өсімі есебінен көбейгенін көреміз. Халықтың өлім-жітім көрсеткіштеріне қарағанда туу көрсеткіштерінің қарқыны асып түскен. Мұны қала тұрғындарын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының (баспана, азық-түлік, т.б. қамтамасыз ету) жақсаруы және осыған байланысты тұрғындардың отбасын құруға ынталылығының артуымен түсіндіруге болады.

Кесте 2 – Кентау қаласы мен Ащысай кенті халқының 1956-1959 жылдар аралығындағы механикалық қозғалысы [163].

Кентау қалалық кеңесі	Жыл басындағы халық саны	Келгендер саны	Дүниеге келген балалар	Кеткендер саны	Қайтыс болған адам саны	Жыл аяғындағы халық саны
1	2	3	4	5	6	7
1956 жыл						
Кентау	29070	3105	1474	3184	344	30121
Ащысай	10808	544	440	656	127	11009
Жалпы:	39878	3649	1914	3840	471	41130
1957 жыл						
Кентау	30121	3883	1414	3410	302	31706
Ащысай	11009	574	450	570	101	11362
Жалпы:	41130	4457	1864	3980	403	43068
1958 жыл						
Кентау	31706	3505	1664	3169	295	33411
Ащысай	11362	438	519	631	136	11552
Жалпы:	43068	3943	2183	3800	431	44963
1959 жыл						
Кентау	38281	3591	1459	2684	288	40359
Ащысай	9467	265	402	530	108	9496
Жалпы:	47748	3856	1861	3214	396	49855

Кестеден байқағанымыздай, осы жылдар миграциялық үдерістердің көлемі қарқынды артып, қаланың негізгі демографиялық құрылымының қалыптасуы басталған кезең деуге болады.

Кентау қаласында алғашқы толыққанды халық санағы 1959 жылы қаңтар айының 15-22 күндердің аралығында өткізілді. Бұған дейін қала халқының саны жергілікті қалалық кеңес ұсынған статистикалық мәліметтер негізінде анықталып жүрген болатын. Санақ бағдарламасының бөлімдері азаматтығы мен ұлты, жынысы, жасы, неке-отбасы жағдайы, білімі т.б. сияқты жалпы демографиялық мәселелерді қамтыды [164]. 1959 жылғы бүкілодақтық халық санағының қорытындысы бойынша Ащысай жұмысшы кентін қоса алғанда, Кентау қаласында 49,5 мың адам тіркеліп, тұрақты тұрып жатқанын көрсетті.

Халық санағының нәтижелері бойынша Кентау қаласында қазақтардан басқа 27 ұлт өкілдері бар екені анықталды. Қала халқының арасында үш этникалық топ – қазақтар, орыстар мен гректердің пайыздық көрсеткіштері жоғары екендігін кесте мәліметтерінен байқаймыз. Осы үш этникалық топтың жиынтық үлесі қала халқының шамамен 80% құрады. Қалаға сырттан келуші мамандар ұлттық белгілері бойынша да сұрыпталды. Қалаға көбінесе славян тектес ұлт өкілдерінің көптеп келуіне ерекше мән беріліп, бұл мемлекеттік арнайы мекемелер тарапынан қадағаланып отырды. Әсіресе, қала халқының

құрамындағы орыс ұлты өкілдерінің көбеюіне көші-қон үдерістерінің бағыты үлкен әсер етті.

Кесте 3 – 1959 жылы Кентау қаласы халқының ұлттық құрамы [165].

Ұлттар	Жалпы саны	Ащысай	% үлесі	Кентау	% үлесі
1	2	3	4	5	6
Қазақтар	18830	6464	68	12366	30,9
Орыстар	12352	1571	17	10781	27
Украиндар	1576	150	1,5	1426	3,7
Өзбектер	2994	305	3,2	2689	6,9
Гректер	8276	27	0,2	8249	20,5
Татарлар	2453	541	5,6	1912	4,7
Немістер	132	13	0,1	119	0,2
Еврейлер	260	19	0,1	241	0,6
Беларустар	140	10	0,1	130	0,3
Басқа ұлт өкілдері	2487	403	4,2	2084	5,2
Барлығы	49500	9503	100	39997	100

Кентау қаласындағы өндіріс орындарына сырттан шақырылған жұмысшылардың көпшілігі – Кеңестер Одағының еуропалық бөлігінен, негізінен алғанда славян халықтардың тарихи атамекені Ресейден, Украинадан, Беларуссиядан қоныс аударғандардан құралған еді. Сондықтан қаладағы орыс ұлтының өкілдерінің өсіміне сыртқы миграциялық үдерістердің ықпалы айтарлықтай күшті әсер етті.

1959 жылғы халық санағы бойынша Кентау қаласы халқының құрамындағы басқа ұлт өкілдерінің жиынтық үлесі 70% жуық болса, қазақтардың үлесі 30% құрап, дәл республикадағыдай көрсеткішті қайталады. Осы жолғы санақта бүкіл Қазақстанда жергілікті қазақ ұлты өкілдерінің саны 2,794 мың адам болып, яғни республика халқының 30% құраған еді [166, 34 б.].

Санақ мәліметінше, басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда қазақтардың үлесі Кентау қаласына қарасты Ащысай кентінде жоғары екендігі байқалды. Мұнда 1959 жылғы санақ бойынша жергілікті қазақтардың үлесі 68% құрады. Мұның басты себебі, соғыстан кейін салынған Кентау қаласына қарағанда, Ащысай жұмысшы кенті халқының демографиялық құрылымы сыртқы миграциялық үдерістердің қарқындылығы төмен болуымен сипатталатын соғысқа дейінгі кезеңде қалыптасып үлгерген еді.

1959 жылғы халық санағы бойынша қала халқының құрамындағы әйелдердің үлесі 53,2% құрап, 46,8% көрсеткіштегі ерлердің үлесінен басым екенін көреміз. Қала халқының жыныстық арақатынасы бойынша әрбір 100 ер адамға 112 әйелден келеді.

Мұндай гендерлік теңгерімсіздіктің астарында ХХ ғасырда болып өткен түрлі тарихи жағдайлардың кері әсерлері жатқанын аңғаруға болады. Кеңестік билік тарапынан өз халқына жасаған солақай эксперименттері (ашаршылық,



индустрияландыру, ұжымдастыру, кәмпескелеу, қуғын-сүргін т.б.) және Екінші дүниежүзілік соғыс, әсіресе Қазақстанды орны толмас демографиялық апатқа ұшыратқан еді. Сондықтан халық құрамындағы неке жасындағы ерлердің үлесі күрт кеміп кеткен болатын. Бір жағынан, өнеркәсіптік Кентау қаласында әйелдерге қарағанда ерлердің денсаулыққа зиянды жерасты кеніштерде жұмыс істеуі, осыған байланысты олардың арасында кәсіби аурулар, өндірістік жарақаттар мен бақытсыздық жағдайлардан туындайтын өлім-жітім басым болуы да жыныстық теңгерімсіздіктің күшеюіне соқтырды. Екінші жағынан, демографиялық заңдылықтар бойынша, дүниеге келетін ер балалар мен қыздардың арасалмағы бастапқыда теңдей болғанымен, ерлердің арасында өлім-жітім көрсеткіштерінің жоғары болуынан 35 жастан кейінгі үлесі біртіндеп кему бастайды. 1959 жылғы санақ бойынша Кентау қаласы халқының жыныстық құрамы төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – 1959 жылы Кентау қаласы халқының жыныстық құрамы [167, 257 б.].

Кентау қалалық кеңесі	Жалпы саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі
Кентау	39997	18973	47,5	21024	52,5
Ащысай	9503	4427	46,6	5076	53,4
Барлығы	49500	23192	46,8	26308	53,2

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағы қорытындылары бойынша Кентау қаласында 49,5 мың адам тұрса, оның ішінде 18 жасқа дейінгілердің үлесі – 38% (18641 адам), 18 жастан 60 жасқа дейінгі азаматтардың үлесі – 56% (28107 адам), 60 жастан жоғарылардың үлесі – 6% (2752 адам) құрады. Қала халқының құрамындағы 35 жасқа дейінгі халықтың үлесі 69,4% құрады. Бұл қала халқының құрамында жастардың үлесі өте жоғары екендігін көрсетеді. Ж. Боже-Гарнье – Э. Россет құрастырған демографиялық қартаю шкаласы бойынша халықтың құрамында қарттар мен егде жастағы адамдардың үлесі 8% аспаса, қала халқы жас деп есептеледі [168, с.25]. Кентау қаласының құрылысы жедел қарқын алған жылдары сырттан келушілердің көпшілігі 20 мен 35 жас аралығындағы еңбекке жарамды азаматтар еді. Осы жылдары елдің әр түкпірінен жиналған жастар жаңадан бой көтерген Кентау қаласын «жастық шағымның қаласы» деп атағаны тегінен-тегін емес екенін байқаймыз.

1970 және 1979 жылдары жүргізілген бүкілодақтық халық санағы бойынша Кентау қаласындағы мәліметтерді бір-бірімен салыстыра қараймыз. Осы уақытқа дейін Кентау қалалық кеңесінің құрамында Ащысай жұмысшы кенті ғана болса, 1961 жылдан бастап, Шымкент қорғасын зауытына тікелей қараған Байжансай жұмысшы кенті қосылды. 1970 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша қала халқының саны – 65,4 мың адамды құрап, 11 жылда 15,9 мың адамға дейін көбейген. Ал 1979 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша қала халқының саны – 72,1 мың адамды құрап, 9 жылда 7,1 мың адамға өскенін байқауға болады [169]. Қала халқының санақ

мерзімдері аралығындағы салыстырмалы өсімі мен жыныстық құрамы төмендегі кестеде берілген.

Кесте 5 – Кентау қаласы халқының 1950-1979 жылғы санақ кезеңдеріндегі салыстырмалы өсімі мен жыныстық құрамы [170, С. 364].

Жылдар	Халық саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі	Халықтың жалпы өсімі
1950 ж.	20400	8820	43,2	11580	56,8	-
1959 ж.	49500	23192	46,8	26308	53,2	29100
1970 ж.	65400	31567	48,3	33833	51,7	15900
1979 ж.	72109	34994	48,5	37115	51,5	7109

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1959 жылы Кентау қаласының халқы 58% (29,1 мың адам) көбейсе, 1970 жылғы санақта 24,4% (15,9 мың адам), 1979 жылғы халық санағы бойынша 9,8% (7,1 мың адам) болды. Халықтың ең жоғарғы өсімі 1950-1959 жылдардың аралығында тіркеліп, аз уақытта қала тұрғындарының саны екі еселенген. Бұл жылдары миграциялық үрдістердің ықпалы күшті болып, қалаға сырттан келушілердің қарқыны жоғары болғандығын байқаймыз. Өйткені осы жылдары қала түзуші кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатының артуымен қатар, қалада жаңадан ірі өндіріс орындары – Трансформатор және Экскаватор зауыттары іске қосылған болатын. Сондықтан қала халқының саны осы өндіріс орындарына сырттан келген жұмысшылар есебінен өсті. 1960 жылдың ортасынан бастап, қаладағы өнеркәсіп орындарына сырттан келетін мамандар легі саябырсып, халықтың көші-қон үдерістері де іштей тұрақтала бастады. Енді қала халқының санының өсуіне тұрғындардың механикалық қозғалысы емес, табиғи өсім – әсер етуші басты факторға айналды. 1970 жылғы санақ қорытындыларында халық санының қарқынды артуына қаланың құрамына жаңа елді мекеннің, атап айтқанда, Байжансай жұмысшы кентінің қосылуы да өз ықпалын тигізген еді.

1959 жылғы санақ қорытындылары бойынша қала халқының құрамындағы гендерлік теңгерімсіздік айқын байқалған болатын. Қалада әрбір 100 ер адамға шаққанда 112 әйелден келетінін жоғарыда айтқанбыз. Ал 1970 жылғы халық санағы бойынша ер мен әйел азаматтарының арасындағы жыныстық теңгерімсіздік сәл де болса азая бастағанын көреміз. 1970 жылғы санақ нәтижесінде қала халқының құрамындағы әйелдердің үлесі 51,7% құрап, 100 ер адамға 107 әйелден келді. 1979 жылғы санақ қорытындысында әйелдердің үлесі 51,5% құрап, 100 ер адамға шаққанда 106 әйелден келді. Өйткені, қала халқының құрамында алдыңғы жылдардағы демографиялық теңгерімсіздіктің жағымсыз салдарлары бірте-бірте азая бастаған болатын.

1979 жылғы бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша халықтың полиэтникалық сипаты да күрделі өзгеріске ұшырағанын көруге болады. Мәселен, осы санақ мерзімінде қалада 44 аса ұлт өкілдері тіркелгенін көреміз

[171]. Яғни бұл санақта қала тұрғындарының полиэтникалық сипаты күрделене түскен. Сонымен қатар, қала халқының құрамындағы жекелеген ұлттардың үлесі де айтарлықтай өзгерген. 1970 жыл мен 1979 жылдар аралығындағы Кентау қаласы халқының ұлттық құрамындағы салыстырмалы өзгерістерді төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 6 – 1970 жыл мен 1979 жылғы Кентау қаласы халқының салыстырмалы ұлттық құрамы [167, 258 б.].

Ұлттар	1970 жылғы қала халық саны	% үлесі	1979 жылғы қала халқының саны	% үлесі
Қазақтар	25400	38,8	31290	43,4
Орыстар	14610	22,4	21103	29,3
Украиндар	1873	2,8	2163	3
Беларустар	169	0,2	200	0,3
Өзбектер	4197	6,4	5407	7,5
Татарлар	3390	5,2	4326	6
Әзірбайжандар	557	0,8	743	1
Немістер	206	0,3	253	0,3
Кәрістер	213	0,3	269	0,3
Басқа ұлт өкілдері	14782	22,8	6355	8,9
Барлығы:	65400	100	72109	100

1970 және 1979 жылғы бүкілодақтық санақ нәтижелері қала халқының құрамында екі этникалық топ – қазақтар мен орыстардың үлесі жоғары екендігі және олардың саны басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда қарқынды артып отырғандығын байқауға болады. Мәселен, орыс ұлтының өкілдерінің саны 1970 жылы 14,6 мың адамды құраса, араға 9 жыл салып, 1979 жылғы санақ қорытындылары бойынша 21,1 мың адамға көбейіп, яғни 44,5% өскен. Қала халқының құрамындағы орыс ұлт өкілдері санының артуына сыртқы көші-қон үдерістермен бірге, өзге этникалық топтардың ассимиляциясы да ықпал етті. Халықтың күнделікті тұрмыстық өмірі және еңбек жағдайында орыс мәдениеті мен тілі үстем болғандықтан, қаладағы шағын этникалық топтар ұлттық тамырынан ажырап, аралас некелік қатынастар арқылы орыс ұлтының құрамына сіңіп кету үдерісі белең алды. Осыған байланысты, санақ кезінде аралас неке арқылы дүниеге келген балалар көбінесе ата-аналарының көрсетуімен орыс ұлтының өкілі болып жазыла бастады. Орыс ұлтының ықпалына қарай ассимиляциялану үдерісі әсіресе, славян тектес және еуропалық ұлттардың арасында күшті жүрді.

Қала халқының құрамындағы келесі бір үлкен этникалық топ – осы өлкенің автохтонды тұрғындары қазақтар еді. 1970 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың үлесі 38,8% (25,4 мың адам) құраса, 1979 жылғы санақ бойынша қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесі 43,4%-ға (31,2 мың

адам) жетті. Бұл мәліметтерден қазақтардың қала халқының арасындағы үлесі 1970 жылдың орта кезінен бастап жедел өсе бастағанын көреміз. Себебі, осы жылдары бүкіл республика инженерлік-техникалық мамандықтарды игерген қазақтардың үлесі де артып, қаладағы өндіріс орындарына көптеп келе бастаған болатын. Сонымен қатар, қала халқының құрамындағы қазақтардың табиғи өсімі басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда жоғары болды.

1959 жылғы санақ бойынша қала халқының арасындағы қазақтар мен орыстардан кейінгі аса ірі этникалық топтардың бірі – грек ұлтының өкілдері, 1970 жылғы және 1979 жылғы санақтар бойынша жеке ұлт ретінде нақты сандары көрсетілмеді және кеңестік ұлт саясатына байланысты қала халқының құрамына енбей қалды. Бұл сталиндік қуғын-сүргін жылдары жалған айыппен тарихи отандарынан Кентау қаласына жер аударылып, қиын кезеңдерді бастан кешірген және енді ғана жергілікті жерге бейімделе бастаған грек ұлты өкілдеріне жасалған кезекті қиянаттардың бірі болатын. Енді Кентау қаласы халқының құрамындағы қазақтар мен орыстардан кейінгі үлкен этникалық топтар ретінде жалпы саны аз болса да өзбектер мен татарлар атала бастады.

Кесте 7 – 1979 жылы Кентау қаласы халқының жыныстық құрамы мен қазақтардың саны [167, 259 б.].

Елдімекен атауы	Халық саны	Ерлер	% үлесі	Әйелдер	% үлесі	Қазақтар саны	% үлесі
Кентау қаласы	62004	29946	48,3	32058	51,7	24083	38,8
Ащысай кенті	6930	3148	45,4	3782	54,6	5017	72,4
Байжанай кенті	3175	1500	47,2	1675	52,8	2190	68,9
Барлығы	72109	34994	48,5	37115	51,5	31290	43,4

Кентау қаласына қарағанда ауылдық жерлердегі Ащысай мен Байжансай кенттерінде қазақтардың саны жоғары екендігі байқалады. Бұл мәліметтерден қала маңындағы жергілікті қазақтардың урбандалу үдерістеріне тартылуы баяу жүргенін және олардың өлкенің байырғы халқы ретінде ауылдық жерлерге тығыз мекендегенін көреміз. Кентау қаласының өзінде қазақтар көбінесе шеткі мөлтек аудандардағы жер үйлерден құралған Хантағы, Сарбас, Бала-бүргем мен Баялдыр шағын аудандырында көптеп шоғырланды.

1989 жылы келесі бүкілодақтық халық санағы өткізілді, сонымен бірге бұл кеңестік кезеңдегі жүргізілген соңғы санақ болып тарихта қалды [172]. Осы санақ қорытындылары нәтижесінде Кентау қаласындағы халық саны 93,0 мың адамды құрап, 1979 жылмен салыстырғанда 22,4%, яғни 20,8 мың адам көбейген [173, с.14]. Осы санақ мерзімінде қала халқының өсіміне жаңадан қосылған елдімекендер үлкен әсер етті. 1989 жылғы санаққа дейін, Кентау қаласының құрамына 10 мыңға жуық халқы бар Атабай ауылдық кеңесі қосылған болатын. Санақ нәтижесі бойынша, Кентау қаласында – 74,7 мың адам, қалаға қарасты Ащысай кентінде – 6,1 мың адам, Байжансай кентінде –

2,9 мың адам, Атабай ауылдық кеңесінде – 9,3 мың адам тұрақты тұрып жатқаны анықталды. Кентау қаласының халқы тиісті санақ кезеңдері аралығында тұрақты түрде өсіп отырса, керісінше Ащысай мен Байжансай кенттерінің халқы азая бастағаны да байқалды. Өйткені, осы жылдары аталған жұмысшы кенттерінде орналасқан кеніштерде кен рудасының мөлшері кеми бастағандықтан, тұрғындарының жұмыс бабымен өзге өндірістік қалаларға қоныс аударуы жиілеген болатын.



Сурет 2 – 1948-1989 жылдар аралығындағы Кентау қаласы мен оған қарасты кенттер халқының жалпы өсімі [174].

1989 жылғы халық санағы барысында халықтың ұлттық құрамы алдыңғы халық санақтары сияқты, тұрғындардың қай ұлтқа жататынын өздерінің көрсетуі негізінде және балаларының ұлты ата-анасы арқылы анықталды. Санақ жүргізушілерден тұрғындардың ұлтын анықтау үшін қосымша құжаттар мен басқа да дәлелдер сұрауына тыйым салынды.

Сонымен 1989 жылғы бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша, қала халқының ұлттық құрамында елеулі өзгерістер орын алғаны да байқалды. Халықтың полиэтникалық сипаты тереңдеп, ұлттық құрамы күрделене түсті. Мысалы, 1959 жылғы бүкілодақтық халық санағы бойынша, Кентау қаласында 27 ұлт өкілдері бар болса, 1989 жылғы бүкілодақтық халық санағының қорытындысында, қалада 50 астам ұлт өкілдері тұрып жатқаны анықталды. Осыған сәйкес, қала халқының құрамындағы жекелеген ұлттардың үлесі де біршама өзгеріске ұшырады. 1989 жылғы бүкілодақтық халық санағы бойынша, қала халқының құрамындағы барлық ұлттардың үлесі кеміп, тек өзбек және қазақ халқының саны тұрақты түрде өскені байқалды. 1989 жылы, алдыңғы санақ мәліметімен салыстырғанда қазақтардың үлесі 43,4%-дан 50,8%-ға дейін көбейді [173, с.26]. Сөйтіп, қазақтар қала халқының жартысынан астамын құрап, тұңғыш рет өзінің байырғы жерінде саны басым ұлт деңгейіне көтерілді.

Қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесінің артуын, басым көпшілігін өзге ұлт өкілдері құрайтын сырттан келушілер тасқынының тоқтауымен және қазақтар арасында табиғи өсімнің едәуір жоғары болуымен түсіндіреміз. Қазақ халқының өсіміне ықпал еткен факторлардың қатарына жақын маңдағы ауылдық елдімекендерден қазақтардың жиі қоныс аударуын атап өтуге болады.

Кесте 8 – Қала халқының 1979-1989 жылдардағы санақ бойынша ұлттық құрамы [167, 260 б.].

Ұлттар	Қала халқының құрамындағы пайыздық үлесі %	
	1979 ж.	1989 ж.
Қазақтар	43,4	50,8
Орыстар	29,3	17,9
Украиндар	3	1,8
Беларустар	0,3	0,1
Өзбектер	7,5	17,5
Татарлар	6,0	4,3
Әзірбайжандар	1,0	0,7
Немістер	0,3	0,1
Кәрістер	0,3	0,1
Басқа ұлт өкілдері	8,9	6,7
Барлығы	100	100

1979 жылы бүкілодақтық санақ бойынша қаладағы орыс халқының үлесі 29,3% (21,1 мың адам) құраса, 1989 жылы 17,8% (16,5 мың адам) құрады [173, с.27]. Яғни, соңғы екі санақ кезеңі аралығында орыстардың пайыздық үлесі 4% азайғанын көруге болады. Мұның басты себебі, славян тектес және еуропалық ұлт өкілдерінің тарихи отандарына оралуына байланысты қалада миграцияның теріс айырымы (*сальдосы*) мен олардың арасында депопуляция үдерісі айқын көрініс бере бастады. Осы жылдары славян тектес (орыстар, украиндар, беларустар) және еуропалық (немістер, гректер т.б.) ұлттардың саны тоқырауға ұшырауы басталғанымен, тарихи отандарына көшіп кетуі әлі жаппай сипат алмаған болатын. Қала халқының құрамындағы жоғары өсу көрсеткішіне ие болған ұлт өкілдерінің бірі – өзбек халқы еді. 1979 жылғы халық санағымен салыстырғанда, олардың үлесі 7,5% (5,4 мың адам) болса, 1989 жылы 17,5% (16,2 мың адам), яғни 3 есеге жуық көбейген. Қаладағы өзбек ұлт өкілдері санының күрт артуына Кентау қаласының құрамына Атабай ауылдық кеңесінің қосылуы себеп болды. Өйткені, Атабай ауылы халқының көпшілігін өзбектер құрайтын еді. Сонымен қатар, өзбек халқының арасында бала туу көрсеткіштері де, басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда жоғары болатын.

1989 жылғы бүкілодақтық халық санағы бойынша ұлттық белгілерімен қатар, әр ұлттың ана тілімен қоса орыс тілін қаншалықты меңгергені де анықталды. Санақ нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйенсек, қала халқының 86,7% өз ана тілін, ал күнделікті өмірде қолданылатын қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін атады. Нәтижесінде, қала халқының арасында орыс тілін

еркін сөйлейтін тұрғындардың үлесі 71,4% құрады [173, с.28]. Бұл салыстырмалы түрде, сол кездегі республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі болатын.

Санақ қорытындылары қала халқының түрлі жас топтарының арасындағы айырмашылықтар, айтарлықтай өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. 1979 жылғы халық санағымен салыстырғанда 1989 жылы 18 жасқа дейінгілердің үлесі 44% - дан 38%-ға азайса, ал 19-59 жас аралығындағы еңбекке қабілетті азаматтардың үлесі керісінше 49,3%-дан 51,1% көбейді.

Қала халқының құрамында зейнет жасындағы қарт адамдардың үлесі де жоғарлап, біртіндеп қартаю үдерісі белең алды. 1989 жылғы санақ бойынша, Кентау қаласында егде жастағы халықтың үлесі 10,9% құрады.

Ж. Боже-Гарнье-Э. Россеттің демографиялық қартаю шкаласына сүйенсек, егде жастағы адамдардың үлесі 8% төмен болғанда ғана, қала халқы жас деп айтуға болады. Бұл көрсеткіштен, «жастық шақтың қаласы» атанған Кентау қаласының халқы да біртіндеп, демографиялық қарттық үдерісіне бағыт алғанын көреміз. Өйткені, бұл жылдары әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиындауына байланысты қаладан көшіп кету үрдісі қарқын ала бастаған болатын. Кентау қаласынан көшіп кетушілердің алғашқы толқынын, кезінде осы өлкеге жер аударылып келген грек ұлтының өкілдері бастады.

1990 жылдың алғашқы айының өзінде, Кентау қаласынан Грецияға 512 адам көшіп кетсе, 684 адам көшуге рұқсат алып, 552 қала тұрғыны көшіп кету үшін арнайы мекемелерге өтініш білдірген [175, с.41]. Ал осыдан кейін, Кентау қаласынан гректерден басқа ұлт өкілдерінің (орыстар, немістер, татарлар т.б.) де көшуі де жаппай сипат алды. Әсіресе, өзге ұлт өкілдерінің жайлы тұрмыс іздеп Кентау қаласынан ауа көшуі, 1991-1995 жылдары аралығында қала құраушы кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының дағдарысқа ұшырап, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлағаннан кейін орын алған еді. Бұл өз кезегінде қалада күрделі демографиялық ахуалды қалыптастырып, қордаланған әлеуметтік мәселелердің одан әрі шиеленісуіне алып келді.

Жалпы алғанда, қаланың әлеуметтік-демографиялық күнделікті өмірі өндірістік мақсаттарға бағындырылды. Халық санының көбеюі мен кему үдерістері, қаладағы өнеркәсіп орындарының еңбек ресурстарына деген сұранысымен анықталды. Қала түзуші кәсіпорынның өндірістік қуаты артқанда немесе жаңа кеніштері іске қосылған жағдайларда, сәйкесінше қала халқының саны да өсіп отырды. Ал, керісінше, қала түзуші кәсіпорынның өндірістік қуаты кеміп, тоқырауға ұшырағанда, халық саны да азайды. Қалада қалыптасқан мұндай жүйе, кейін қала халқының өсімін анықтайтын және реттейтін басты факторға айналды. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде қалыптасқан басқа өнеркәсіптік моноқалалар сияқты, Кентау қаласының халқы жұмыс күші ретінде Кеңестер Одағының түкпір-түкірінен жиналған «уақытша» тұрғындар және жер ауып келген ұлттардан құралған еді. Тоқырауға тап болған алғашқы жылдары Кентау қаласында орын алған күрделі демографиялық ахуал – осы «уақытша» тұрғындардың көпшілігінің тарихи отандарына жаппай қоныс аударуының нәтижесінде туындаған болатын.

### 2.3 Бірсалалы шағын қаладағы отбасылық өмірдің ерекшеліктері

Отбасы – адам баласының дүниеге келуі мен өсіп-өнуін, тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететін әлеуметтік институт болғандықтан, ол адамзат тарихының дамуындағы шешуші факторлардың бірі. Отбасы нақты тарихи кезеңнің ауқымында өмір сүретіндіктен, оның жалпы өзіндік сипатына қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің тигізетін ықпалы үлкен. Отбасы институтының өзіндік даму заңдылықтары болуымен қатар, белгілі бір тарихи кезеңнің ерекшеліктері мен жергілікті қоғамның әлеуметтік өзгерістері көрініс табатын халықтың күнделікті өмірінің айнасы деуге болады.

Коммунистік үлгідегі жаңа қоғам құру жолына түскен Кеңес үкіметінің соғыстан кейінгі жылдардан бастап, қолға алған шараларының бірі – бұрынғы қалыптасқан неке және отбасы саласындағы қатынастарды өздерінің мақсаттарына орай түбірімен өзгертіп, қайта ұйымдастыруды қолға алуы еді. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан орын алған демографиялық апаттың орнын толтырып, халық шаруашылығының еңбек ресурстарына деген сұранысын жедел қанағаттандыру үшін, кеңес үкіметі халықтың демографиялық өсімін ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін жүргізуді қолға алды. Мәселен, Кеңестер Одағы елдерінің аумағында 1955 жылға дейін қолданылған арнайы заңға сәйкес жасанды түсік жасатуға тиым салынды [176].

Көп балалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақы төленді. Кентау өңірлік мемлекеттік архивінен көпбалалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау жөніндегі жергілікті өкіметтік органдардың арнайы шешімдерін көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Кентау қалалық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің 1956 жылдың 17 наурызындағы №38 шешімінде: «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1947 жылы 25 қарашадағы қаулысына сәйкес, төмендегідей көп балалы және жалғызбасты аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындалсын:

1. Үш баласы бар, төртінші баланы дүниеге әкелген Тайметова Сараға – біржолғы жәрдемақы 650 сом, 1956 жылдың қыркүйегінен 1960 жылдың тамызына дейін ай сайын 40 сом;

2. Төрт баласы бар, бесінші баланы дүниеге әкелген Текеева Зейнеге – біржолғы жәрдемақы 850 сом, 1957 жылдың қаңтарынан 1960 жылдың желтоқсанына дейін ай сайын 60 сом;

3. Бес баласы бар, алтыншы баланы дүниеге әкелген Қошқарова Балкүміске - біржолғы жәрдемақы 1000 сом, 1956 жылдың тамызынан 1960 жылдың шілдеге дейін ай сайын 70 сом;

4. Екі баласы бар, үшінші баланы дүниеге әкелген жалғызбасты ана Дюсембаева Сейтжамалға – 200 сом көлемінде біржолғы жәрдемақы төленсін» деп жазылған [177].

Жоғарыдағы мәліметке қарағанда, көп балалы отбасыға төрт немесе одан да көп баласы бар отбасылар жатқызылып, біржолғы және ай сайын төленетін жәрдемақы бала санына қарай есептелгенін байқаймыз. Ал жалғызбасты аналарға мемлекет тарапынан біржолғы ғана жәрдемақы төленген.



Кеңестік билік қоғамда бұрыннан бері орнығып, өмір сүріп келе жатқан дәстүрлі тұрмыс салтын бұзып, коммунистік қоғамға лайықты жаңа отбасы үлгісін қалыптастыруға тырысқаны белгілі. Осы ретте дәстүрлі үлкен отбасы (*ата-әже, ата-ана, балалар*) институтының орнына индустриалды қоғамға тән шағын жанұялық (*ата-ана, бала*) құрылымды орнықтыруға мән берілді. Отбасы-неке саласындағы жергілікті ұлт өкілдерінің дәстүрлері мен салттары (құда түсу, ұзату, жеті ата ғұрпы, қалың мал т.б.) «ескі дәуірдің сарқыншақтары» ретінде айыпталып, мерзімді баспасөз беттерінде аяусыз жазылып та жатты. Мысалы, «Кентау правдасы» газетінің 1956 жылдың 5-наурызындағы санында Ащысай кентінің жергілікті халқының салт-дәстүрлерін сынаған мақала жарық көрді [178]. Мақалада, Ащысай кентінің тұрғыны Жаулыбаева Күләш есімді 18 жастағы қыздың қазақы салт-дәстүрмен Шаян ауданының азаматына ұзатылып, қыздың әкесі қалыңмал ретінде 10 мың сом алғаны, жездесінің тәрбиесіндегі 19 жастағы Асылбекова Ұлту есімді қыздың Созақ ауылында тұратын бір жігітке ұзатылып, қалыңмал ретінде бір жылқы мен 3000 сом төленгені айтылады. Ақшаға сату жолымен үйленген жастардың арасында қандай махаббат болуы мүмкін дей келе мақала авторы, Ащысай кентінде әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан жергілікті қазақтардың ескі феодалдық-байшылдық әдеттер мен ғұрыптарын түбірімен жоюды ұсынады. Партияның қамқорлық қанатының астында коммунистік білім алуға тиіс қазақ жастары, әлі күнге дейін «ескіліктің» қазақы салт-дәстүрлерінің шылауында деп ой түйеді.

Қарастырылып отырған кезеңде, отбасылық қатынастар адамның жеке өмірі емес барша қоғамның ісі деп есептелінді. Отбасы мүшелерінің өз міндеттерін дұрыс атқармауы, олардың арасындағы дау-жанжалдар көпшіліктің талқысына салынып, азаматтарды ұжымдық негізде тәрбиелеуге күш салынды. Әсіресе, халқының саны аз, көпшілігі қала түзуші бір өнеркәсіп орнында жұмыс істейтін, шаруашылығы монобейінді Кентау қаласында бұл жағдай қоғамның ерекше бақылауында болды. Мысалы, 1957 жылы «Қаратау кеншілері» газетінің 7 наурыздағы санында отбасы ішіндегі дау-дамай жазылған мақала жарияланды [179]. Мақалада, Ащысай полиметалл комбинатында 23 жыл жұмыс етіп, зейнеткерлікке шыққан еңбек ардагері П.В. Башкатовты балалары Түркістандағы мүгедектер үйіне өткізіп жібергені және олардың әкесіне көрсеткен қатігездігі сөз болады. Жергілікті газет бетінде жарияланған бұл мақала Кентау қаласының тұрғындары арасында кеңінен талқылауға ұшырап, еңбек ардагеріне мейрімсіздік көрсеткен балаларының әрекеті қатаң сынға алынды. Осы оқиғаға байланысты, газет редакциясына қаладағы өндіріс орындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінен, мұғалімдер мен оқушылар тарапынан жүздеген хаттар келіп түсті. Газеттің келесі санында жарияланған осындай хаттардың бірінің мазмұны төмендегідей: «Біз ХХХ жылдық Қазақстан атындағы мектептің мұғалімдері ұлы Советтік Отанымыздың барлық мұғалімдері сияқты, келешегіміздің жас жеткіншектерін коммунистік рухта сүйіспеншілікке, ата-аналарды құрметтеуге тәрбиелеп келеміз. Сондықтан біз Василий және Николай Башкатовтардың өз

әкелеріне жасаған зорлық-зомбылығымен танысқанымызда қатты қынжылдық. Біз мақаланың авторымен келісеміз: мүгедек П.В. Башкатовты балалары қорлағанына Мырғалымсай кенішінің көпшілік ортасы қалай төзгені бізге белгісіз. Күні бүгінге дейін адамгершілігі аз балалардың ауру әкесін жәбірлегені үшін неге тәртіпке шақырылмайды?..» [180]. Осы мақала қоғамдық ортада қызу талқыланып, нәтижесінде Н. Башкатов өз үйіне қайтарылды.

Көптеген қала тұрғындары жатақханалар мен ортақ коммуналдық тұрғын үйлерде тұратындықтан, күнделікті өмірдегі жеке отбасылық қарым-қатынастар әрдайым көпшіліктің назарында болды. Әсіресе, тұрғындардың көпшілігі бірін-бірі танитын шағын қалалық ортада сыр жасыру да мүмкін емес еді. Қоғамға жат қылығымен көзге түскен қала тұрғындары көршілерінің сынына ұшырап, баспасөз бетінде ашық жарияланып отырды. Мысалы, «Кентау правдасы» газеті редакциясына көршілерден келіп түскен «Азаматша Л-ның жарамсыз мінезі» атты хатта «Ачполиметалл» комбинатының механикалық цехында істейтін азамат А. Масловтың жанұясы бола тұра жеңіл жүрісті әйел Л. мен байланысқаны, түнімен тұрғындардың мазасын алатыны жазылған. Осы хат жарияланған соң, партия ұйымы жиналысында көрсетілген фактілер толық анықталып, оқиға аталған азаматтардың өз мінездерін түзеуге уәде беруімен аяқталды [181]. Жергілікті газет бетінде жарық көрген келесі мақала мазмұны былай еді: «Біздің қалада ерлермен тең дәрежеде коммунистік қоғам құру жолында жан аямай еңбек етіп жүрген әйелдер бар. Сонымен бірге кеңес әйелінің намысын төмен түсіріп жүргендер де кездеседі. Біздің жатақханада жақында Шымкент қаласынан арнайы жолдамамен Қызыл Ай қоғамының қалалық бөліміне жұмысқа келген азаматша Т. Падкина тұрады. Ол жақсы жұмысшы болғанымен, бөлмесіне күнде әр түрлі бөтен еркектерді қабылдайды. Біз оған жатақхана ережесін бұзып жүргенін айтқанымызбен, қоғамға жат қылықтармен айналысуын қояр емес. Қаланың қоғамдық ортасы мұндай жағдайларға төзбеуі тиіс» [182]. Осы мақаладан кейін іле-шала қоғамдық ортаның қысымына ұшыраған аталған азаматша Кентау қаласынан көшіп кетуге мәжбүр болды. Мұндай әлеуметтік ауытқушылықтардың бірқатарын жергілікті баспасөз беттерінен мысал ретінде көптеп келтіруге болады. Бірақ, қала тұрғындарының арасында қоғамдық ортадағы жат мұндай әрекеттер ара-тұра байқалып тұрғанымен, жаппай құбылыс ретінде кеңінен тарай қоймағаны байқалады.

Кесте 9 – 1959 жыл бойынша Кентау қаласы мен Ащысай кентінде некелесу мен ажырасу көрсеткіші [183].

Елдімекен атауы	Халық саны	Дүниеге келген бала саны	Қайтыс болғандар саны	Некелесу саны	Ажырасу саны
Кентау	39997	1318	283	439	5
Ащысай	9503	402	69	147	-
Барлығы	49500	1720	352	586	5

Жоғарыдағы кесте мәліметінен, осы жылдары, қала халқының арасында ажырасу көрсеткіші өте төмен болғанын байқаймыз. Өйткені, мемлекет отбасы мен некенің тұрақтылығын нығайту мақсатында ажырасу үдерісін барынша қиындатты. Ажырасу үдерісін қарау ісі қалалық прокуратура мекемелеріне жүктелді. Ажырасу барысында прокуратура органдары, көп жағдайда әйелдер құқығын қорғау жағында болды. Отбасылық жеке өмір ең алдымен партия жиналыстарында, содан кейін ажырасу бойынша сот үдерісінің барысы мен нәтижесі, міндетті түрде жергілікті баспасөз беттерінде ашық жарияланып, көпшіліктің талқылауына ұсынылды.

«Кентау правдасы» газетінің 1959 жылы 27-желтоқсандағы санында «Диагнозы – рухани жан-дүниесі мүгедек» деген атпен Ащысай кенішінің жұмысшысы Н.С. Митюкованың хаты басылды. Хаттың қысқаша мазмұны төмендегідей: «Мен күйеуім М.П. Митюковпен 19 жыл бірге тұрып келдім. Ұлым – Владимир әскер қатарында. Қызым Татьяна 6 жаста. Басында бәрі жақсы еді. Бірақ мен 1952 жылы ауырып қалдым. Осыдан бастап күйеуімнің маған деген көзқарасы өзгере бастады. Әсіресе ол қалалық ЖЭС бухгалтері М.И. Бугановамен қыдыра бастағаннан кейін маған теріс көзқарасы күшейді. Күйеуім мені балағаттап, ұрып-соғуын жиілетті. Осының салдары менің денсаулығымға әсер етіп, 1959 жылы қаңтар айында сал ауруына ұшырадым. Содан күйеуім М.И. Бугановаға үйленетінін айтып, мені үйден қуып шықты. Тамыз айында ауруханаға жаттым. Қыркүйекте ауруханаға келген анам, күйеуімнің қызымды алып кеткенін айтты. Қызымды қатты сағынудамын. Қазір дәрігерлер мені ауруханадан шығармақ. Менің барар жерім жоқ. Күйеуім бар болғандықтан мүгедектер үйі мені қабылдамайды. Ал күйеуім менен бас тартуда. Қаланың көпшілік ортасынан бұл сатқындықты айыптап, үн қосса екен деп көмек сұраймын. Мен отбасыма оралғым келеді» [184].

Аталған мақала Кентау қаласы тұрғындарының арасында үлкен қоғамдық пікір туғызып, газет редакциясына Н.С. Митюков пен М.И. Буганованың әрекетін айыптаған хаттар легі толассыз ағылды. Бұл істі КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттары Т. Досжанова мен А. Мықтыбаевалар өз бақылауларына алып, оң шешілуіне ықпал етті. Осыдан кейін көп уақыт өтпей, бұл іс Н.С. Митюков жұмыс істейтін Мырғалымсай кенішінің жолдастық сотында қаралды. Жолдастық сотта Мырғалымсай кенішінің маркшейдері Н.С. Митюков жаза басқанын мойындап, мұндай жағдай екінші рет қайталанбайтынын, қайтадан жанұясына оралатынын айтып уәде берді.

1965 жылы 10 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Сот арқылы некені бұзу ісін қарау тәртібіндегі кейбір өзгертулер туралы» атты қаулысы бойынша, ерлі-зайыптылардың заңды ажырасуы біршама жеңілдеді [185, с.725]. Азаматтардың ажырасуы жөніндегі істерді қарау міндеті прокуратура құзырынан алынып, жолдастық соттар мен ұжымдық партия жиналыстарына жүктелді. Осы қаулыдан кейін, жергілікті «Кентау правдасы» газеті беттерінде ерлі-зайыптылардың ажырасу ісі мен барысын жариялап отыру үдерісі біртіндеп тоқтатылып, ол тек жабық жағдайда өткізілетін партия жиналыстарының хаттамаларына ғана тіркеле бастады. Ерлі-зайыптылардың

заңды ажырасуын жеңілдету шараларының нәтижесінде қала тұрғындарының арасында ажырасулар саны күрт арта бастады.

Кесте 10 – 1970 жылы Кентау қаласындағы дүниеге келген және қайтыс болған адам саны, некелесу мен ажырасу көрсеткіштері [186].

Елдімекен атауы	Халық саны	Дүниеге келген бала саны	Қайтыс болғандар саны	Некелесу саны	Ажырасу саны
Кентау	53880	1374	204	371	103
Ащысай	7830	319	56	86	7
Байжансай	3690	176	29	45	4
Барлығы	65400	1869	289	502	114

Кентау қалалық АХАЖ мәліметі негізінде құрастырылған жоғарыдағы кесте мәліметіне талдау жасасақ, 1970 жылы заңды тіркелген жұбайлардың әрбір үшіншісі ажырасып кеткенін байқаймыз. Осы жылдардан бастап тұрғындар арасында ажырасу үдерісінің қарқыны біртіндеп артып, қарастырылып отырған кезеңнің соңында ең жоғарғы деңгейге жетті.

«РСФСР неке және отбасы Кодексі» бойынша шетел азаматтарымен некелесу кеңес азаматына жат іс-әрекет деп бағаланды [187, с.1086]. Алайда, Кентау қаласында аталған заң талаптары ішінара болса да бұзылып отырғанын көреміз. 1972 жылы Кентау кен-байыту фабрикасына бір жылдық іс-тәжірибеден өту үшін келген Алжир Халық Демократиялық Республикасының азаматымен №1 мектеп-интернатының мұғалімі Н. деген азаматша ерлі-зайыпты ретінде ресми тіркелмеген некелік қатынаста болған. Ал аталған шетел азаматы мұнымен қоса, кен-байыту фабрикасында жұмыс істейтін тағы 3 әйелмен бейресми отбасылық қатынас орнатып үлгерген. Қоғамға жат осындай қарым-қатынастың нәтижесінде қаланың 3 азаматшасы осы шетел азаматынан жүкті болып қалғаны анықталды. Бұл іс сол жылы Кентау қалалық партия активінің жиналысында талқыланып, шетел азаматымен жасырын некелік қатынас жасаған азаматшалардың кеңес қоғамына жат іс-әрекеті қатаң сынға алынды және енді қалаға сырттан келетін өзге елдің азаматтарын бақылауға алу жөнінде шешім қабылданды [188].

Кентау қаласына тән отбасылық өмірдің ерекшелігі ретінде – әйелдерді өндірістен тысқары қоғамдық пайдалы еңбекпен қамтудың қиындығын атап өтуге болады. Өйткені, шаруашылығы монобейінді Кентау қаласында ең мәртебелі және жалақысы жоғары мамандық кен қазу мен байыту өндірісі болғандықтан, әйелдердің басым көпшілігі ер азаматтармен бірдей өндірістегі ауыр еңбекті қажет ететін кәсіптерді игеруге мәжбүр болды. Ұлы Отан соғысы жылдары еңбек ресурстарының жетіспеуіне байланысты белең алған әйелдерді өндіріске белсенді қатыстыру ісі, соғыстан кейінгі кезеңде де өз жалғасын тапты. Сонымен қатар, жұмыс күшінің жетіспеушілігін жою үшін әйелдердің өнеркәсіпте жұмыс істеуіне барынша мүдделілік танытты. Кемелденген социализм дәуірінде отбасы мүшелерінің құқықтары тең болуы тиіс деген

қағида үстемдік етіп, әйел азаматтардың еңбектегі белсенділігі мен мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Осы жылдары жергілікті «Кентау правдасы» газеті бетінде: «Біздің күнделікті өміріміз жеке және қоғамдық болып бөлінбейді! Кеңес әйелінің құқықтары ерлермен тең! Әйелдерге еңбек етудің барлық саласының есігі ашық!» деген жалынды ұрандарды жиі кездестіруге болады [189].

Алайда, көп жағдайда өндіріс орындарында ерлермен тең дәрежеде жұмыс істейтін әйелдерге тиісті жағдайлар жасала бермеді. 1980 жылы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, Ащысай полиметалл комбинатында – 2380 әйел, Экскаватор зауытында 1246 әйел, оның ішінде ауыр еңбекті қажет ететін және адам денсаулығына зиянды цехтарда 255, Трансформатор зауытында 729 әйел, оның ішінде 38 әйел зиянды жағдайдағы өндірістік цехтарда жұмыс істеп жатты. Жалпы алғанда, қаладағы кен байыту жұмысшыларының 26%, коммуналды-тұрғын үй басқарамасының 45%, механикалық және резина-техника цехтарында жұмыс істейтіндердің 40% әйелдер құрады [190]. 1981 жылы маусым айында Кентау қалалық депутаттарынан құралған ана мен баланы қорғау, әйелдердің тұрмыс және еңбектегі мәселелері бойынша тұрақты комиссия отырысында Экскаватор және Трансформатор зауыттарындағы әйел азаматтардың еңбек жағдайындағы қиындықтары талқыланды. Экскаватор зауытындағы (басшысы К. Құралбаев) әйелдерге арналған гигиеналық бөлменің аты болғанымен, затына сай емес әжетхана секілді қуықтай тар бөлмеде орналасқаны, әйелдердің арнайы жұмыс киімімен толық қамтылмағаны, Трансформатор зауытының (басшысы Р.Е. Ан) әйелдер жұмыс істейтін цехтарында газдану мен шуылдың деңгейі жоғары екендігі анықталып, тез арада зауыт басшыларына жағдайды түзеу жөнінде тапсырмалар берілді.

Әйелдердің ерлермен тең дәрежеде өндірістің ауыр жұмыстарына тартылуының жағымсыз жақтары да болды. Ауыр еңбектен қажыған әйелдер арасында кейбір ер азаматтар сияқты дөрекі сөйлеу, темекі шегіп, арақ ішу т.б. жат қылықтарға әуестенуі пайда болды. Мысалы, 1982 жылы «Кентау правдасы» газетінде жарияланған «Азғындағана аналар, қараусыз қалған балалар» атты мақалада: «Мырғалымсай» кенішінің қызметкері Р. Жансейітованың 6 баласы бар. Ол ішкілікке салынған, балалары қашанда босып жүреді. Олар ата-ананың аялы алақанын сезініп көрген емес. Жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссия 6 баланың 4-еуін мектеп-интернатқа орналастырды. Осы кеніштің жұмысшысы В.И. Вандышева ішкілікке салынып, балаларының тәрбиесінен шеттеп қалған. Ол ішіп келіп, туған қызын ұрып балағаттап, бірнеше рет далаға тентіретіп де жіберген. Комбинаттың тұрғын үй коммуналдық басқармасында жұмыс істейтін 27- жастағы В.Ф. Кунтарева тәуліктеп 1 жасар баласын пәтеріне қалдырып кетіп жүрген. Милиция бастығына берген түсініктемесінде: «Баламды қалдырып кетуімнің себебі, көрші үйде демалыс күннің құрметіне арақ ішіп жүрдім» деп жазады. Ал Ленин көшесі №29 үйдің тұрғыны К.А. Маркелова үйіне жиі мас болып келеді. Күйеуі мен баласына дөрекі сөйлейді. Ол бірде көршісі Ногельдердің пәтерінде

бұзақылық жасап, радиоқабылдағышты қиратты. Халық соты К.А. Маркелованы бір жыл еріксіз жұмысқа жегу бабымен соттады» [191].

Өндірістік қаладағы отбасыларға тән қиыншылық бала өсіру мен тәрбиелеу болды. Қарастырылып отырған кезеңде, Кентау қаласында шешімін таппаған әлеуметтік мәселенің бірі балалар бақшасының жетіспеуі мен жасөспірімдердің бос уақытының тиімді ұйымдастырылмауы еді. Ата-аналары күн ұзақ жұмыста болатын отбасыларда бақылауы әлсіреген балалар, жат қылықтармен әуестеніп, аулалық шағын топтарға бірігіп, бұзақылық әрекеттерге баруы жиіледі.

Кеңестік кезеңдегі жас ұрпақты ұжымдық және қоғамдық негізде тәрбиелеудің тиімділігі жоғары деп дәріптелді. Өскелең ұрпақ көп уақытын отбасында емес, мемлекет қарауындағы білім беру мекемелерінде – бөбекжай, балалар бақшасы, мектептер мен ұзартылған күн топтарында өткізуі тиіс деп есептелінді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде негізгі рөлді мемлекеттің өз мойнына алуы ата-аналарды үй шаруасынан босатқанымен, отбасылық тәрбие маңызының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Мінекей көріп отырғанымыздай, қала халқының күнделікті өмірінде осындай оқиғалар да жиі орын алып отырды.

Қорыта келгенде, кеңес үкіметінің өнеркәсіптік қалаларда мақсатты түрде жүргізілген осындай саясатының нәтижесінде отбасы институтының бұрынғы құндылықтар жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген туыстық қатынастардың маңызы әлсіреді. Неке-отбасылық қатынастарда бұрыннан бері пайдаланылып келе жатқан халықтық салт-дәстүрлер «ескіліктің сарқыншағы» деген айдар тағылып, күнделікті өмір кеңістігінен ығыстырылды. Сонымен қатар, отбасында және қоғамның барлық саласында әйелдердің рөлін арттыру көзделді. Әйелдердің ауыр еңбекті қажет ететін өндірісте ер адамдармен тең дәрежеде жұмыс істеуі кеңінен насихатталды. Мемлекет отбасы тұрақтылығын сақтауға мүдделілік танытып, ерлі-зайыптылардың ажырасуын барынша қиындатты. Отбасынан ажырасқан немесе әйелін тастап кеткен ер азаматтарды жөнге салу партияның және еңбек ұжымының қасиетті борышы деп есептелінді. Күйеуі көзіне шөп салғанын сезсе, әйелі партия комитетіне, комсомол ұйымына кәсіподақ төрағасына шағымдана алды. Отбасын тастап кеткендер партия жиналысына салынып, отбасына қайта қосылуға мәжбүрледі. Отбасының шырқын бұзғандар сыйақыдан қағу, сөгіс беру, партия қатарынан шығару, қызметтік пәтерден шығарып жіберу т.б. сияқты мәжбүрлеу шаралары арқылы жазаланып отырды.

## **3 КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫРЛАРЫ**

### **3.1 Қала халқының өндірістік еңбектегі күнделікті өмірі**

Өндірістік қалалардың экономикалық өмірі мен шаруашылық мамандануында бір салалы өнеркәсіптің үлесі басым болатындықтан, еңбек ресурстарының басым көпшілігі қала түзуші кәсіпорында шоғырланатыны белгілі. Сол сияқты, кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындарының күнделікті өмірі – Ащысай полиметалл комбинатының жұмысымен тығыз байланысты және көп жағдайда тікелей тәуелді болды. Ащысай полиметалл комбинатынан өзге, қалада Трансформатор және Экскаватор зауыттары, тігін-тоқыма фабрикасы жұмыс істеді. Алайда, қала тұрғындарын жұмыспен қамтуда, Ащысай полиметалл комбинатымен салыстырғанда аталған кәсіпорындардың үлесі мардымсыз болды. Мысалы, 1967 жылғы мәлімет бойынша, Кентау қаласының еңбек ресурстарының жалпы саны – 21536 адамды құраса, оның ішінде, Ащысай полиметалл комбинатында – 8933 адам, осы комбинаттың бір жөндеу цехының негізінде ашылған Экскаватор зауытында – 648 адам, Трансформатор зауытында – 405 адам жұмыс істеді [192]. Яғни, Кентау қаласында еңбекке жарамды халықтың 40% астамы, немесе шаһардағы әрбір отбасының кем дегенде бір мүшесі Ащысай полиметалл комбинатында жұмыс істегенін байқауға болады.

1950 жылдары Ащысай полиметалл комбинаты бірнеше кен орындары (Мырғалымсай, Западный, Ащысай, Байжансай, Қарасай) мен кен байыту фабрикаларын (Мырғалымсай, Баялдыр, Хантағы, Ащысай) қамтитын республикалық деңгейде ғана емес, одақтық маңыздағы түсті металлургияның аса ірі кәсіпорындарының бірі болып саналды. Комбинатқа қарасты кен орындары – тау жыныстарының құрамында қорғасын мен мырыштың мөлшері жөнінен республикадағы ең бай кеніштер болып есептелінді. Ащысай мен Мырғалымсай кеніштерінің құрамындағы қорғасын мөлшері Зыряновск кен орнынан 2 еседен астам, Текелі кен орнынан 3 есеге жуық, Лениногорск кен орнынан 5 есе көп болғанын айтсақ та жеткілікті [193].

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңде республика өнеркәсібін басқару жөніндегі өкілеттіліктің 3 түрі болды:

- 1) КСРО-ның ерекше өкілеттілігіндегі кәсіпорындар
- 2) КСРО мен Қазақстан бірлесіп басқаруына жататын кәсіпорындар
- 3) Қазақстанның басқаруындағы кәсіпорындар

КСРО-дағы ерекше өкілеттілігі бар кәсіпорындарға әскери-қорғаныстық маңыздағы Қазақстан өнеркәсібінің түсті металлургия, көмір, мұнай, газ салаларындағы өндіріс орындары жатты. Одақтық органдардың билігіне жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар ғана емес, республика аумағында болашақта тұрғызылатын кәсіпорындарға дейін қарады. Одақтық үкімет орталыққа және республикаға бағынатын кәсіпорындар тізімін өз бетінше жасады. Ірі кәсіпорындардың Орталыққа тікелей бағынуы республикалық мекемелердің

тарапынан оның жұмысына қандай да болсын ықпал жасауға мүмкіндік бермеді [194, 117 б.]. 1950 жылдың басына дейін тікелей орталыққа бағынып келген Ащысай полиметалл комбинаты, 1954 жылдан бастап Қазақ КСР ТММ қарамағына берілді. Комбинат ресми түрде республиканың балансында болғанымен, қорғаныстық өнім шығаратын өнеркәсіп орны ретінде, орталықтың бақылауындағы ерекше өкілеттілігі бар кәсіпорын қатарына енді. Ащысай комбинаты түсті металдар кенін өндіріп, Шымкент қорғасын зауытын шикізатпен қамтамасыз етумен қатар, полиметалды байыту жұмыстарымен де айналысты. Кен байыту фабрикаларында флотациялық (полиметалл кендерін судың көмегімен айыру) және гравитациялық әдістер негізінде қорғасын, мырыш, барит, күміс т.б. сирек кездесетін металдарды өңдеу жұмыстары жүргізілді. 1953 жылдан бастап, одақ көлемінде өндірілген мұнай өнеркәсібіне аса қажетті барит өнімінің 90% жуығы Ащысай полиметалл комбинатының үлесіне тиді (Қосымша II, сурет II1).

Өндірістік қала тұрғындарының күнделікті өмірінің басты ерекшелігі – уақытының басым бөлігін өнеркәсіптегі еңбек орындарында өткізуі болып табылады. 1960 жылғы мәлімет бойынша, комбинаттағы орта статистикалық жұмысшының бір жыл көлеміндегі өз уақытын пайдалану көрсеткіші аясында 365 күннің 63,3% – жұмыс күндерінің үлесіне, 36,7% – демалыс күндеріне тиесілі болды [66, 51 б.].

1956 жылы 10 наурызда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының «Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің демалыс және мейрам алдындағы жұмыс күндерін қысқарту туралы» қаулысы жарық көрді [195]. Қаулыға сәйкес, Ащысай полиметалл комбинатының забойдағы жұмысшыларына 6 сағаттық, басқа категориядағы еңбек ететін барлық жұмысшылар мен қызметкерлер үшін 7 сағаттық жұмыс күні белгіленді. Комбинатқа қарасты кеніштер арасында 1 сағаттық үзіліспен 3 ауысым бойынша жұмыс режиміне көшті.

Алғашқы жылдары жергілікті халықтың арасында арнайы мамандығы бар білікті кадрлар тапшы болғандықтан, өндірістік басқару жұмыстарына қажетті инженер-техник мамандарды сырттан шақыртуға тура келді.

Кесте 11 – 1955-1991 жылдардағы Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының жалпы саны [196].

Жылдар	1955	1960	1965	1970	1975	1980	1985	1991
Инженер-техниктер саны	477	724	764	839	841	958	1195	1217
Қызметкерлер	211	291	303	260	221	311	465	489
Жұмысшылар	7459	7372	7394	7928	8434	9020	8065	9648
Барлығы	8147	8387	8461	9027	9613	10289	11540	11354

Көрсетілген кесте мәліметтеріне қарасақ, аталған жылдар аралығында комбинат жұмысшыларының саны тұрақты түрде өсіп отырғанын байқаймыз. Жұмысшылардың сапалық және ұлттық құрамына келер болсақ, 1955 жылғы 1



шілдедегі мәлімет бойынша, Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының жалпы саны – 8147 адам, оның ішінде инженер-техник қызметкерлердің саны – 477 адам, қызметшілер саны – 211 адамды құрады. Комбинат жұмысшыларының ішіндегі қазақтардың үлесі – 41% болды [197]. Республикадағы өзге кәсіпорындар арасында Ащысай полиметалл комбинаты өндірісте жұмыс істейтін жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі жөнінен бірінші орында еді. Алайда, жергілікті қазақтардың жұмысшылардың арасындағы үлес салмағы едәуір болғанымен, инженер-техник мамандар мен басқару қызметкерлерінің ішіндегі үлесі мардымсыз, яғни 4,2% ғана құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде комбинат жұмысына тән сипат – жұмысшы кадрлар ағымының жоғары болуы еді. 1951 жылдан бастап өз бетінше бір кәсіпорыннан келесіне ауысуға немесе өндірісті тастап кетуге салынған үкіметтік шектеу мен қылмыстық жазаның күші жойылды. Әсіресе, бастапқы кезеңде Ащысай полиметалл комбинаты жұмысының сырттан шақырылған жұмысшылардың тұрақтануы өте баяу жүрді. Өндіріс ісін басқаруға қажетті инженер-техник мамандардың ағымының күшті болуы, өнеркәсіп өндірісінің жандануына кері әсерін тигізді. Мысалы, тек 1955 жылы 3853 адам жаңадан жұмысқа қабылданса, 3561 адам жұмыстан босады [198]. Кадрлар ағымының көрсеткіші – 43,7% құрады.

Кесте 12 – 1955-1985 жылдардағы Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының ағымы [199].

Жұмысшылар ағымы	Жылдар			
	1955 жыл	1965 жыл	1975 жыл	1985 жыл
Жұмыстан босатылғандар саны	3561	1707	1269	1586
Кадрлар ағымы %	43,7	18,7	13,2	13,7
Жұмысқа қабылданғандар саны	3853	2566	1798	1875

Кесте мәліметтеріне қарасақ, мамандар ағымының көрсеткіші бастапқы жылдары жоғары болып, кейінгі кезеңде біршама тұрақтала бастағанын байқаймыз. Ащысай комбинатына сырттан келген жұмысшылар мен білікті инженер мамандардың тұрақтанбауының өзіне тән бірқатар себептері бар еді. Кентау қаласының қатал климаты, ауыз су мен медициналық мекемелердің жетімсіздігі, мәдени ошақтарының болмауы және азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі т.б. күрделі әлеуметтік мәселелердің нәтижесінде алғашқы жылдары сырттан шақырылған жұмысшылардың келген жерлеріне қайтып кету қарқыны күшті болды. Осыған байланысты, кәсіпорынға жаңадан қабылданғандардың басым бөлігін, жұмыс тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі аз жастар құрады. Мысалы, 1956 жылы қыркүйек айында өткен Кентау қалалық кеңесінің кезекті жиналысында: «Ащысай кенішінде жалпы жұмысшылардың 70%-ын жұмыс өтілімі 3 жылға дейінгілер құрайды. Кеніштің техникалық жағынан арта қалуы, мүгедектікке соқтыратын бақытсыз жағдайлардың көптеп

орын алуы мен баспанамен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі, еңбек өтілімі көп, тәжірибесі толысқан байырғы кеншілердің жұмыстан шығып кетуіне себепші болып отыр. Осыған орай, жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мен кеніш жұмысшыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту шаралары тез арада қолға алынуы тиіс мәселелер екендігі» аталып өтілді [200]. Жұмысшы мамандар ағымын салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, аталған үдерістің қарқыны жұмысқа жаңадан қабылданған жас мамандар арасында жоғары болды. Оның басты себебі ретінде, комбинатта жас мамандарға тиісті еңбек жағдайының дұрыс жасалмауын, көрсетілетін мәдени және тұрмыстық қызметтер сапасының төмен болуын атап өтуге болады.

Еңбекақы төлеу жүйесі – жұмысшылардың біліктілік деңгейі мен жұмыс өтіліміне тікелей байланысты болды. Ащысай полиметалл комбинаттағы негізгі мамандықтар бойынша жұмысшылардың айлық жалақысының мөлшерін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 13 – 1959-1961 жылдар аралығындағы Ащысай полиметалл комбинатындағы негізгі мамандықтар бойынша орташа жалақы мөлшері [201].

Мамандық атауы	Өлшем бірлігі	1959 жыл	1960 жыл	1961 жыл
Кен үңгушісі (забойщик)	сом	225	234	250
Электровоз машинисті	сом	161	160	160
Слесарь-электрик	сом	147	154	153
Флотатор	сом	147	139	141
Жіктеуші	сом	136	136	132
Майдалаушы	сом	131	129	119
Станокшы	сом	97	99	92

Кесте мәліметтерінен, аталған жылдары ауыр еңбекті қажет ететін және адам денсаулығына қауіптілігі жоғары жердің астында еңбек ететін кеншілердің жалақылары жоғары болғанын байқаймыз. Ең төменгі жалақы мөлшері жер бетіндегі кен байыту фабрикасында жұмыс істейтін станокшыларға төленген.

Ащысай полиметалл комбинатының жұмысшы кадрлары, негізінен алғанда, жақын маңдағы елді мекендерден жинақтау, мамандарды сырттан шақыру, қаладағы жалпы білім беретін мектептер мен орта арнаулы оқу орындары (ФЗО, кәсіптік училищелер мен техникум) түлектерін жұмысқа қабылдау жолымен жасақталды.

1957 жылы КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Жалпы білім беретін мектеп түлектерін өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы жұмыстарына тарту туралы» қаулысы қабылданды [202, с.98].

Бұл бойынша, мектеп бітірген жастарды өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық жұмыстарына тікелей қабылдау жолға қойылды. Сондықтан, қала халқының арасында 16 жастан бастап, өндіріс орындарына жұмысқа тұру кең тарайды. Жұмысқа қабылданған жас жұмысшыларға біліктілігі жоғары мамандар

жетекшілікке бекітілді. Бірақ, көп жағдайда жастарға жетекшілікке бекітілген мамандар өз тәжірибелерімен бөлісуге және оқытуға онша құлықты болмағаны байқалады. Өйткені, біріншіден, бұл үшін оларға қосымша ақы төленбеді және жұмыстан босатылмады. Жұмысшылардың жалақысы еңбек еткен уақытына байланысты төленетіндіктен, ешкім жалақы алып отырған жұмысы барысында, арнайы уақыт бөліп жастарды үйретуге мүдделі болмады. Екіншіден, бұл жағдайды, күнделікті өмір тарихының германдық бағытының негізін салушылардың бірі А. Людткенің ғылыми айналымға енгізген «Eigensinn» термині арқылы түсіндіруге болады. Яғни, өзінің даңқты еңбегі мен тәжірибесінің арқасында табысқа жетіп, сый-құрметке бөленіп отырған білікті мамандар жетістіктерінің құпиясын ашып, жалпақ жұртқа жариялағысы келмеді.

Өндірістің қалыпты жұмыс істеуі мен еңбек өнімділігіне әсер ететін басты факторлардың бірі еңбек жағдайы болып табылады. Өнеркәсіп орнында қалыпты еңбек жағдайының ұйымдастырылмауы, жұмысшылардың көңіл-күйіне, денсаулығы мен еңбек өнімділігіне әсер ететіні белгілі. Ащысай полиметалл комбинаты басшылығы, жыл сайын жаңартылып отыратын ұжымдық келісім шартқа сәйкес, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды - жұмысшыларды қызметтік киімдермен жабдықтау, ауыр еңбекті механизациялау, жұмысшылардың еңбек орындарындағы қауіпсіздігін, тамақтануы мен демалысын ұйымдастыруға міндеттелді. Алайда, қарастырылып отырған кезеңде Ащысай полиметалл комбинатына қарасты кен-байыту фабрикаларында еңбек жағдайы ауыр және адам денсаулығына зиянды болғанын байқаймыз. Әсіресе, адам денсаулығына зиянды цехтар ретінде – флотация, барит өндіру, гуммирлеу, химиялық лаборатория цехы т.б. атап өтуге болады [203]. Мысалы, «Кентау правдасы» газетінің 1956 жылғы 24 – қыркүйектегі санында комбинаттағы гуммирлеу цехы химиялық лабораториясының бір топ әйел жұмысшыларының шағым хаты жарияланды. Шағым хат авторлары: «Біз Ащысай полиметалл комбинатының орталық химиялық лаборатория цехының қызметкерлері (Л. Худолеева, М. Васильева, А. Варонова), цех бастығы Разумовскаяның, техникалық басшы Шевцовтың орынсыз қылықтарын айтқымыз келеді. Олар өз басшылықтарын жалаң әкімгершілікке сүйеніп жүргізеді. Жұмысшылармен бірге жалпы жиналыста талқылаудың орнына, олар өздеріне ұнамаған жұмысшылардың сыртынан сөгіс жариялап, разрядын төмендетіп немесе жұмыстан босата салады. Кадр мәселесінде өз білермендікке салынып, жұмыстан қуамын немесе орнына басқа адам табылады деп қорқытады. Бізде өнімді еңбек етуге тиісті жағдай жасалмаған. Жұмыс кезінде лабораторияның ішін газды тұман басып тұрады. Оның қоюлығы соншалықты, қарама-қарсы отырған қызметкерлер бірін-бірі көрмейді. Соның салдарынан ауысым соңына дейін басымыз ауырып кетеді. Комбинат басшылығы, кәсіподақ қызметкерлері еш уақытта бізге келген емес. Олар жұмысшылардың қалай тұрып жатқанын, еңбек жағдайы мен толғағы жеткен мәселелерін білгісі келмейді» деп ашына жазады [204] (Қосымша II, сурет II2).

Жер бетінде орналасқан кен-байыту фабрикаларында, әсіресе, қыс мезгілінде жұмыс істеу ауыр екені белгілі. Көп жағдайда, қаржының уақытында бөлінбеуін сылтауратқан комбинат басшылығы кен-байыту фабрикасына қарасты цехтарды қысқы маусымға дайындап үлгеруге мұршалары жетпей жатты. Қысқы маусымда еңбек етуге тиісті жағдайлардың жасалмауы жөнінде Ащысай кен-байыту фабрикасына қарасты құю цехы жұмысшыларының келесі бір шағым хаты «Кентау правдасы» газетінің 1956 жылғы 21-қаңтарындағы санында жарық көрді. Хаттың қысқаша мазмұны төмендегідей: «Ащысай руднигінің құю цехы 14 жылдан аса жұмыс істеп келеді. Мұнда комбинаттың цехтары үшін қажетті бөлшектер құйылып, шығарылады. Бірақ цехта бірқалыпты жұмыс істеу үшін қажетті жағдай жоқтың қасы. Цехта үнемі су болу керек. Бірақ су түтіктерінің қысқа нашар әзірленуінен, ол әр уақытта қатып қалады. Мысалы, 3-қаңтарда күні бойы су түтігін жылытуға тура келді. Құюды сапалы жүргізу үшін құм қажет, ол тасып әкелінбеген. Цехта суық, есік қиюласып жабылмайды, сондықтан үнемі жел соғып тұрады. Бірнеше жыл бойы құю цехында техникалық оқу жүргізілмейді. Біздің арамызда оқуға тиісті көптеген жастар бар. Қол күшін керек ететін процестерді жеңілдетіп, бөлшектер сапасын жақсартатын еңбектегі озат әдістер мұнда енгізілмейді. 14 жылдың ішінде автоматтық электрі сатып алу жөнінде рудник дирекциясына талай рет өтініш жасадық. Бірақ мұнда бірде-бір жаңа механизм сатып алынған емес. Жұмыс киімдерінің сапасы нашар, уақытында берілмейді. Цехта ауыз су да жоқ. Біздің ыстық цехта жұмыс істейтінімізге қарамастан, тамаққа арнаулы майлар да беріліп тұрмайды» [205].

Ащысай полиметалл комбинатына қарасты жер асты кен орындарында да еңбек жағдайы мәз емес еді. Кеніштерде көп жылдар бойы жасанды ауа желдеткіштердің орнатылмауына байланысты шаңдану мен газдану мөлшері жоғары болды. 1959 жылы тамыз айында Ащысай полиметалл комбинатында еңбек жағдайы мен санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, Мемлекеттік тау-кен ісін қадағалау басқармасы қызметкерлерінің тарапынан тексерілді. Тексеру барысында Мырғалымсай және Ащысай кеніштерінде бірқатар кемшіліктерге жол берілгені анықталды. Мысалы, Ащысай кенішіндегі табиғи ауа тазарту қондырғыларының қуаты төмен. Кенішке минутына 2500 м<sup>3</sup> таза ауа жеткізіліп отыруы тиіс болса, орнатылған желдеткіш қондырғысы арқылы бар болғаны 1570 м<sup>3</sup> ауа келіп отырған. Кеніштің ескі блоктары мен камераларының жер бетіне шығатын жолдары, таза ауа келетін қондырғы жолдарынан бөлектенбеген. Осының салдарынан кенішке келетін таза ауаның жоғалу деңгейі өте жоғары. Кеніштің 5-жиегінде таза ауаның жоғалуы – 74%, 8-горизонтында- 62% құрайды. Кеніште желдеткіштерінің дұрыс жұмыс істемеуінен ауаның құрамындағы оттегінің мөлшері азайып, көмірқышқыл газының көлемінің көбеюі орын алған. Сондай-ақ, кеніште ауаның шаңдануы мен тау жыныстарын қопару кезінде улану оқиғалары жиілеген. 1958 жылдың 5 айында, Мырғалымсай кенішіндегі жер асты қазба жұмыстарында ауадағы оттегі мөлшері 20% кем болған 24 оқиға тіркелді. Кеніш ауасының шаңдануы санитарлық нормадан 5-6 есе, кейбір жағдайларда 10 есеге дейін жоғары екені

анықталды [206]. Баялдыр кенішінің жұмысын тексерген Мемлекеттік тау-кен ісін қадағалау басқармасы, еңбек қауіпсіздігі талаптары өрескел бұзылып отырғанын және мұнда жасанды ауа тазартқыш қондырғылардың мүлде орнатылмағанын анықтап, кеніш жұмысын уақытша тоқтатып тастайды.

Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты, Ащысай полиметалл комбинатында силикоз ауруына шалдыққан жұмысшылардың саны көп болды. Бұл аурудың атауы, латынша «silicium» – кремний деген мағынаны білдіреді. Силикоз – адамның өндірістік шаң-тозаңмен ұзақ уақыт тыныс алуының нәтижесінде өкпеде кремний қос тотығының жиналуынан туындайтын кеншілердің кәсіби ауруларының бірі [207, с.21].

Ащысай полиметалл комбинаты силикоз ауруының қауіпі бар кәсіпорын қатарына жататын еді. Өйткені, комбинатқа қарасты кен орындарында өндірілетін тау-кен жыныстарының құрамында кварц және кремний қышқылы қос тотығының мөлшері 8% жоғары еді [208]. Әсіресе үлкен тереңдіктегі жер асты кен өндіру жұмыстарында ауаның ластануы мен шаңдануы жоғары болатын. 1955 жылғы мәлімет бойынша, қаладағы кәсіпорындарда силикоз ауруына шалдыққан жұмысшылардың саны – 357 адамды құрады. 1956 жылдың 9 айында комбинат жұмысшылары арасында 135 адам силикоз ауруына ұшыраған [209].

Шаңдану мен газдануды болдырмау үшін, комбинаттағы жер асты кеніштері жалпы шахталық ауа тартқыш құрылғыларын (вентиляциялық) орнату, сондай-ақ, кенді бұрғылау, тасымалдау мен тиеу жұмыстарын ылғалдандыру арқылы жүргізу қолға алынды. 1961 жылдан бастап, комбинатқа қарасты жер асты кеніштерінде тұңғыш рет жасанды ауа желдеткіштер орнатыла бастады. Осы мақсатта бөлінген арнайы қаржыдан Мырғалысай кенішіне қуаты 18 м<sup>3</sup>/сек таза ауа бере алатын ВОКД-1,5 маркалы 4 желдеткіш қондырғы сатып алынды. Комбинатқа қарасты Ащысай кенішінде ауа тазартудың секциялық жүйесі орнатылып, инерциялық май айыру мүмкіндігіне ие бұрғылау перфораторлары жаппай қолдану енгізілді [210].

1960 жылдардың ортасына қарай, комбинат жұмысшыларының кәсіби ауруларын (силикоз, діріл ауруы) азайтуға қол жеткізілгенімен, жұқпалы инфекциялық аурулар өршіп тұрды. 1974 жылға дейін комбинатқа қарасты кеніш шахталары мен кен байыту фабрикалары қысқы маусымда ауаны жылытып жіберетін калориферлік қондырғылар орнатылмаған күйде жұмыс істеді. Мысалы, 1973 жылғы мәлімет бойынша, Ащысай полиметалл комбинатында 1000 жұмысшыға шаққанда 330 суық тиіп тұмаурату жағдайы тіркелді. Яғни комбинат жұмысшыларының 35% жуығы күз-қыс мезгілінде суық тиюден туындайтын тұмау ауруына ұшыраған [211].

Ащысай полиметалл комбинатында еңбек қауіпсіздігі шараларының сақталмау мәселесінен туындайтын өндірістік жарақаттану (травматизм), жазатайым бақытсыз оқиғалар мен төтенше жағдайлар да жиі орын алды. Кісі өліміне соқтыратын жазатайым бақытсыз жағдайлар, көбінесе, кен рудалары мен жұмысшыларды тасымалдау кезінде, механизмдерден жарақаттану мен тау жыныстарының опырылуынан болатын оқиғалардан туындады.

1955-1956 жылдардағы Қазақ КСР Түсті Металлургия Министрлігіне қарасты басты үш ірі кәсіпорындарында орын алған жазатайым оқиғалардың салыстырмалы көрсеткіштерін туралы төмендегі кестеден байқауға болады.

Кесте 14 – 1955-1956 жылдардағы Қазақ КСР ТММ кәсіпорындарындағы жазатайы оқиғалар [212].

Жылдар	Жұмысшы саны	Жазатайым оқиғалар саны	Оның ішінде		Жиілік коэффициенті	Ауырлық коэффициенті
			Кісі өлімі	Ауыр жағдай		
Лениногор комбинаты						
1955 ж.	13978	1415	2	12	80	12,7
1956 ж.	12295	1102	4	7	75,5	11,5
Зыряновск комбинаты						
1955 ж.	9722	765	14	7	78	12,7
1956 ж.	10123	509	6	4	50,2	15,6
Ащысай комбинаты						
1955 ж.	8362	436	10	4	52,8	12,5
1956 ж.	7468	399	7	7	53,7	14,4

Кесте мәліметтерінен жоғарыдағы аталған екі кәсіпорынмен салыстырғанда Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшыларының жалпы саны да, орын алған жазатайым оқиғалары да аз болғанымен, кісі өліміне соқтырған ауыр жағдайлар көп екенін көреміз. Техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан орын алатын жазатайым оқиғалардың үлесі, жердің үстіндегілермен салыстырғанда, жердің астында еңбек ететін жұмысшылардың арасында жоғары болды. Мұның басты себебі, Ащысай полиметалл комбинатында жер астындағы кен өндіру ісі күрделі жағдайда іске асырылды. Біріншіден, Мырғалымсай кенішінде кен өндіру жұмыстары барысында күшті жер асты суларының келуімен күрес жүргізуге тура келді. Екіншіден, бірқатар кеніштің тау жыныстарындағы металл мөлшерінің біртіндеп кемуі әсерінен кен рудасын, жердің терең қойнауынан өндіруге тура келді. Ащысай полиметалл комбинатының кеніштерінің жалпы орташа тереңдігі 200-400 метрді құраса, «Глубокий» кенішінің тереңдігі 800-900 метрге дейін жетті (Қосымша И, сурет И1). Кеніш ұңғымаларын бұрғылау тереңдігінің жыл сайын артуынан, кен өндіру ісі де қиындай түсті. Сондықтан кеніштердің терең қойнауындағы бос тау жыныстарының құлап кетуін болдырмау үшін, міндетте түрде тіреу және бекіту шаралары жүргізілді. Кейбір жағдайларда техникалық талаптардың сақталмауына байланысты тау жыныстары дұрыс бекітілмей тау жыныстарының опырылып құлауы орын алып, қауіпті еңбек жағдайын туындатты. Мысалы, 1968 жылы 13-мамыр күні Мырғалымсай

кенішінде кісі өліміне соқтырған топтық қайғылы оқиға орын алды. Тексеру барысында анықталғандай, И. Ваденовтың басқаруындағы үңгушілер (проходчик) бригадасы тік құламалы тау жынысын ұстап тұрған жабындыны жинап алу кезінде опырылу орын алып, нәтижесінде бригадир И. Ваденов қайтыс болса, техникалық-тау инспекторы Н.А. Татаркин дене жарақатын алды [213].

1968 жылы 2-шілде күні Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Западный» кенішінде тау жынысының опырылып құлауынан кен жарушы (забойщик) В.А. Зражевский мен машинист А. Нуримовтың өліміне соқтырған қайғылы оқиға орын алды [214]. Қайғылы жағдайдың себеп-салдарын тексерген арнайы комиссия, кеніште техникалық қауіпсіздік талаптары өрескел бұзылғанын, оқиғаның тау жыныстарын құлауын болдырмай, ұстап тұратын жабынды сапасының нашар болуы салдарынан жұмысшыларды тас басып қалғанын анықтады.

Кесте 15 – Ащысай полиметалл комбинаты бойынша, 1965-1985 жылдар аралығындағы өндірістік жарақаттар туралы мәлімет [215].

Көрсеткіштер	1965 ж.	1967 ж.	1969 ж.	1971 ж.	1977 ж.	1985 ж.
Қайғылы оқиғалар саны	56	47	45	44	41	49
Оның ішінде:						
- кісі өлімі	7	7	2	3	8	12
- Ауыр жағдай	3	3	5	2	8	12
Ауырлық коэффициенті	44,7	51,8	49,2	37,6	58,1	49,1
Жілік коэффициенті	6,4	5,1	4,7	4,4	4,3	7,2

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, 1965-1985 жылдар аралығында бұрынғы мерзіммен салыстырғанда өндірістік жарақаттардың саны кемігенімен, кісі өлімі мен ауыр жағдайларға соқтырған жазатайым оқиғалардың санының керісінше өскенін байқаймыз. Мұның себепін бір жағынан комбинат жұмысшыларының санының артуымен түсіндірсек, екінші жағынан, біз қарастырылып отырған жылдары комбинатта еңбек қауіпсіздігін жақсарту шаралары дұрыс жолға қойылмағанын және жұмысшылар тарапынан да қарапайым техникалық талаптар жүйесі жиі бұзылып отырғанын көреміз. Әсіресе, жер астында еңбек ететін жұмысшылардың арасында ішімдікке әуестенушілердің үлесі жоғары болды. Мысалы, 1969 жылдың алғашқы 6 айында Кентау қаласы бойынша 1089 адам медициналық айықтырғыш орталығына түссе, оның 95% комбинат жұмысшылары құрады. Әсіресе, «Мырғалымсай» және «Западный» кеніштерінің жұмысшылары медициналық айықтырғыштың тұрақты келушілер қатарын жиі толықтырды [216].

1960 жылдың соңынан бастап, комбинатта еңбек қауіпсіздігі мәселесін жақсарту мен жазатайым оқиғаларының алдын-алуға бағытталған кең ауқымды

шаралар қолға алынды. Кеніштерде инженер-техниктер мен жұмысшыларды өндіріс жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді үйрететін конструкторлық топтар ұйымдастырылды. Комбинатқа қарасты кеніштерде техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нұсқаулар бойынша, жауапты мамандардың білімдерін тұрақты тексеру қолға алынды. Еңбек қауіпсіздігін жақсарту үшін техникалық жетістіктер қолданыла бастады. Сонымен қатар, жұмысқа кірісер алдында кеншілерді медициналық тексеруден өткізу жүйесі күшейтілді.

1970 жылы жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту және өндірістік жарақаттарды болдырмай, алдын-алу үшін 506,4 мың сом қаржы бөлінсе, 1016 жұмысшы еңбек қауіпсіздігі ережесін сақтауды үйрену курсынан өтті. Техникалық қауіпсіздік талаптарын бұзған немесе апаттық жағдайларға кінәлі тұлғаларға – сыйақыдан айыру, айыппұл төлеу, қызметін төмендету және жұмыстан босату т.б. жазалар қолдану көзделді.

Жұмысшылардың әлеуметтік-психологиялық жағдайына және өндірістің тиімділігіне әсер ететін факторлардың бірі – ұжымдағы еңбек қатынасы болып табылады.

Қарастырылып отырған кезеңнің алғашқы жартысында комбинаттағы өндіріске қатысушылардың арасындағы еңбек қатынастарының бұзылуы жиі байқалып отырды. «Казахстанская Правда» газетінің 1955 жылы 2 - қарашадағы санында, Ащысай полиметалл комбинатындағы еңбек қатынастары саласында орын алған кемшіліктерді бүкіл республикаға әшкерелеген В. Шепеляның «Предельщики из Ачисая» атты сыни мақаласы жарық көрді [217]. Мақалада Ащысай полиметалл комбинатының қорғасын өндіру ісінде артта қалып келе жатқаны баяндалып, оның «жоспарлы-шығынды кәсіпорынға» айналуы мен еңбек өнімділігінің төмен болуының басты себебі – басшылықтың маман даярлау саясатындағы өрескел қателіктерінен туындап отырғаны жазылады.

Осы мақалаға байланысты 1955 жылы желтоқсан айында Ащысай полиметалл комбинатының жұмысын тексерген Оңтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің жанынан құрылған арнайы комиссия мүшелері басшылықтың мамандарды іріктеу мен тәрбиелеудегі былықтарын анықтады. Мысалы, Ащысай полиметалл комбинатының басшылық құрамында арнайы техникалық білімі жоқ, бір-бірімен туысқандық қатынастағы кадрлар жұмыс істеп келген. Атап айтқанда, комбинаттың бас инженері М. Харитонов және өндірістік-техникалық бөлім инженері Р. Шиманская, жоғары білім түгілі, техникум бітірмей жұмыс істеп келе жатқандығы белгілі болды. Техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы Кашавгалиевтің әйелі Виницкая болса, комбинаттың кадрлар жөніндегі инспекторы лауазымын, Мырғалымсай кенішінің директоры И. Таракановтың бажасы Г. Калужский Мырғалымсай кен байыту фабрикасының бас механигі болып қызмет істеген. Өндірістік-техникалық бөлімнің бас инженері Р. Шиманская және оның туған әпкесі мен бауыры, комбинатқа қарасты бір мекемеде жұмыс істесе, байланыс цехының бастығы лауазымына арнайы білімі жоқ Рухман тағайындалып, оның бірінші орынбасары қызметін әйелі атқарған. Комбинатта жоспарды артығымен орындап, үлгілі қызметімен көзге түскен өндірістегі қарапайым жұмысшыға



төленуі тиіс прогресивті сыйақы жүйесі мен директор қорындағы қаражаттар, басшылықтың жеке нұсқауымен өндіріске түк қатысы жоқ қызметкерлерге берілген. Мысалы, 1954 жылы ақпан айында – директордың тапсырмасын мүлтіксіз орындағаны үшін, комбинаттың заңгер-кеңесшісі Ю. Файзаковқа 1300 сом, жеңіл машинаны қыс маусымына дайындағаны үшін директордың жүргізушісі Катаевқа – 400 сом, дизельді автомашинаның моторын жөндегені үшін бас механик Донченкоға – 2600 сом, директордың тапсырмасын тыңғылықты бітіргені үшін жоспарлау бөлімінің бастығы Блейерге – 2500 сом сыйақы берілген. Осы қор қаражатынан комбинаттың бухгалтеріне, кассирге, архивариуске т.б. өндіріске тікелей қатысы жоқ адамдарға сыйақы төленіп келген. Комбинат директоры өзіне жақын тұлғаларға ерекше қамқорлық көрсетіп келген. Әсіресе, комбинаттағы жауапты басшылық қызметтерге қажетті инженер-техник мамандарды, тамыр-таныстық және туысқандық жолмен сырттан шақыру үдерісі жолға қойылғаны белгілі болды.

Тексеру комиссиясы өз жұмысын аяқтай келе, комбинат басшылығына кадр саясатындағы өрескел қателіктерді тез арада жою жөнінде шаралар жүргізуді тапсырды. Бірақ, комбинат басшылары аталған сыннан тиісті қорытынды шығармай, бұрынғы кадрлық саясаттың жалғастыра бергенін байқаймыз. Өйткені, Ащысай полиметалл комбинатында жұмысшы кадрларды тәрбиелеу мен іріктеуде жұмыстарындағы олқылықтар кейінгі жылдары да көрініс берді. Әсіресе, комбинат басшыларының жергілікті ұлт өкілдерінің жағдайына немқұрайлы қарап, шеттетуі белең алды. 1965 жылы осындай кемсітушілікке қарсы шығып, орталықтың ұлтаралық саясатының кемшіліктерін одақ көлемінде әшкерелеген қазақ инженерлерінің наразылығының ауқымдылығы мен маңызына байланысты келесі тарауда кеңінен тоқталамыз.

1956 жылы жергілікті «Кентау правдасы» газетінің 11-наурыз күнгі санында «Ащысай» кенішіндегі бір топ қазақ кеншілерінің шағымы жарық көрді [218]. Өз шағымдарында кеншілер бір жылдан бері 5-ші разряд бойынша жұмыс істеп, 4-ші разряд бойынша еңбекақы алып жүргендерін айтады. Шағымданушылар аталған мәселені шешуін өтініп, Ащысай полиметалл комбинатының директоры міндетін атқарушы М.И. Харитоновқа, Ащысай кенішінің директоры Кукушкинге, есеп айырысу бөлімінің бухгалтері Коваленконың алдына кіргенімен, олар бірін-біріне сілтеп, ақырында жұмыстан шығарып жіберемін деп қорқытып, шығарып салған. Өкінішке орай, аталған мәселелердің қалай шешілгені, газеттің келесі сандарында жазылмағандықтан, бізге сол күйі белгісіз болып қалды.

1970 жылға дейін, Ащысай полиметалл комбинаты «шығынмен жұмыс істейтін» кәсіпорын деп есептелініп келді. 1956 жылы Ащысай полиметалл комбинатының жылдық шығыны – 6 млн. сом болса, 1968 жылы шығын 3,5 млн. сомды құрады [219]. Мұның басты себебі – комбинатта өндірілген өнімнің өзіндік құнының әр тоннасы мемлекет тарапынан төмен бағалануына байланысты еді.

1968 жылдың қаңтарынан бастап, Ащысай полиметалл комбинаты жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшті. Жаңадан қабылданған шаруашылық есеп жүйесінің басты мақсаты – жұмысшыларды материалдық ынталандыру арқылы еңбек өнімділігін арттырып, Ащысай полиметалл комбинатын «шығынды кәсіпорын» қатарынан, табысты (рентабельді) кәсіпорынға айналдыруды көздеді. Сонымен қатар, комбинатта өндірілетін өнімнің мемлекет белгілеген бағасы өсіріліп, 1 тонна қорғасын концентратының құны – 615 сомға дейін жоғарылатылды. Еңбекақы төлеудің жаңа шарттары бойынша, кесімді-прогресивті ақы жүйесінің орнына кесімді-сыйлықты жалақы төлеу енгізілді. Егер бұрын өндіріс орындарында прогресивті еңбекақы төлеу өнімділік нормасы 80-90% орындалғанда есептелетін болса, жаңа жүйе бойынша сыйлық жоспардың 100% орындалғаны және асыра орындалғаны үшін берілетін болды. Сонымен қатар, жұмысшылардың еңбекақысы мен сыйақысын есептеу жүйесіне, белгіленген жоспарды артығымен орындаумен бірге, өнімді өндіруге жұмсалатын шығындарды (электр энергиясы, су, жылу, жанар-жағар май, реагентті шикізаттар т.б.) үнемдеу, еңбек қауіпсіздігін сақтау, өндіріске жаңалықтар енгізу талаптары да қосылды. Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі қоғамдық өндірістің өсуіне ұжымның материалдық мүдделігін туғызу принципіне негізделді.

Кесте 16 – 1970-1980 жж. жұмысшылардың барлық санаты бойынша орташа жылдық еңбекақысы [220].

	Өлшем бірлігі	1970 жыл		1980 жыл			1970 жылмен салыстырғанда %	
		Орташа жалақы	Оның ішінде сыйақы көлемі	Жоспар	Орташа жалақы	Оның ішінде сыйақы көлемі		Жоспардың орындалуы %
Жұмысшылар	сом	2117	424	2607	2628	476	100	124,1
Инженер-техниктер	"	3576	978	3780	3651	885	96	102,1
Қызметкерлер	"	2002	527	2200	1991	447	90	109,8
Кіші қызметкерлер персоналы	"	950	25	1236	1202	33	97	126,5
Күзет	"	1204	50	1236	1254	48	105	104,1
Барлық персоналдар бойынша	сом	2251	481	2412	2404	427	99	106,8

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, 1970 жылға қарағанда 1980 жылы жұмысшылардың барлық санаты бойынша еңбекақы мөлшері өскенін байқаймыз. 1970 жылы жұмысшылардың орташа айлық жалақысы -210 сомдай болса, 1980 жылы оның көлемі 260 сомды құраған. Әсіресе, өзге санаттағылармен салыстырғанда жұмысшылар мен кіші қызметкерлердің еңбекақы мөлшері едәуір артқан.

Өндірістің жер бетіндегі жұмыстарымен салыстырғанда, жер асты кеніштерінде еңбекақы мөлшері жоғары болды. Мысалы, 1977 жылы кен байыту фабрикасында жұмыс істейтін флотатор маманның орташа айлық жалақысы – 230 сом болса, жер астындағы кеншілердің орташа айлық жалақысы – 340 сомды құрады. Бұл жағдайдан, комбинат басшылығы жоғары жалақымен қызықтыру арқылы ауыр еңбекті қажет ететін өндірістік учаскелерге жұмысшы күшін тартуға ұмтылғанын көреміз.

Жұмысшылардың барлық санаты бойынша еңбекақыларының 10-25% сыйақыдан құралған. Жоспарды артығымен орындаған жұмысшыларға берілетін сыйақылар жалақы қорынан және материалдық ынталандыру қоры есебінен төленді. Ащысай полиметалл комбинатының КСРО Түсті Металлургия Министрлігіне жыл сайын жолдайтын есебіне талдау жасау барысында анықталғандай, комбинат басшылығы жалақы төлеу қорын артығымен жұмсауына байланысты, жоғары басшылық алдында ақталуға мәжбүр болғанын байқаймыз. Кейбір жағдайларда, жалақы қорынан артығынан жұмсалған қаражат, техниканы жаңарту мен күрделі жөндеу үшін орталықтан бөлінетін қаржыдан ұсталынып қалып отырған. Өндірістегі құрал-жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізуге және жаңасын сатып алуға Министрліктен сұранған қаржы үнемі аз бөлініп отырды. Мысалы, 1977 жылы Ащысай полиметалл комбинатына өндірістік құрал-жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізу үшін, сұраныс бойынша құны 3172 мың сомның құрылғыларының орнына, КСРО мемлекеттік жабдықтау мекемесі бар болғаны 1444 мың сомның құрылғыларын бөлген. Бұл қаржы бір жылда өндірістегі құрал-жабдықтарды күрделі жөндеуге қажетті шығынның 45% ғана еді. [221].

1970 жылдардан бастап, Ащысай полиметалл комбинатында еңбек жағдайы біршама жақсара бастады. Комбинаттағы өндірістік жұмыстарды механизациялауға, жаңа құрал-жабдықтар орнатуға, техникалық үдерістерді жақсартуға көңіл бөлінді. Кен қазу жұмыстарында Финляндияда шығарылған «Тамрок» және «Миниматик-Н» атты өздігінен жүретін қондырғылар пайдаланыла бастады. Комбинат кеніштерінде кенді тиеу және тасымалдау жүйесіне ДК-2, СТ-5А маркалы автосамосвал (Франция) машиналары енгізілді. Өндіріске өздігінен жүретін жабдықтарды енгізу нәтижесінде, Ащысай полиметалл комбинаты бірте-бірте табысты кәсіпорынға айнала бастады. Мәселен, 1965 жылы бір адамның ауысымдағы еңбек өнімділігі 44,8 тоннадан келсе, 1976 жылы – 77,9 тоннаға жетті (Қосымша И, сурет И4).

Кәсіпорынның 1970 жылғы таза табысы 6 млн. сомды құрады. Осы жылы шетелдік жаңа технологияларды өндіріске сәтті енгізудегі жетістіктері үшін, комбинаттағы инженер-техник қызметкерлердің бір тобы Мемлекеттік

сыйлықтың иегері атанды. 1971 жылы өндірістік саладағы жетістіктері үшін, Ащысай полиметалл комбинатына Октябрь Революциясы Орденді кәсіпорын деген атақ берілді. Осы аталған жылдан бастап, комбинат жұмысшыларына тұңғыш рет 13-ші айлық жалақы төлене бастады. Өндірісте кездесетін жазатайым оқиғалардан қаза болған жұмыскерлердің отбасының әрбір мүшесіне ай сайын жәрдемақы, ал асыраушысынан айырылған басқалай табысы жоқ мүшелеріне бір реттік ақшалай көмек көрсету де қолға алынды.

Қарастырылып отырған кезеңде, жұмысшылардың арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетіліп, коммунистік еңбек бригадаларының саны үнемі артып отырғанын байқауға болады. Мысалы, 1955 жылы – 689 адам, 1965 жылы – 1870 адам, 1977 жылы 6324 адам коммунистік еңбек үздігі атағына ие болды [222]. Яғни бұл 1955 жылмен салыстырғанда коммунистік еңбек үздігі атағын иеленген жұмысшылардың саны 1980 жылы 10 есе жуық артқанын байқаймыз. Әр айдың соңында социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, үздіктердің аттары құрмет тақтасына ілінді және ауыспалы Қызыл ту иегері атанды. Жарыс жеңімпаздарына ақшалай сыйақы ғана емес, халық тұтынатын тапшы тауарлар кезексіз беріліп отырды. Өндірістік еңбектегі жоғарыда аталған түрлі қиындықтарға қарамастан, Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшылары өндірістік еңбектің ерен үлгісін көрсетіп, социалистік жоспар міндеттемелерін үнемі артығымен орындап, бірнеше рет одақтық және әлемдік рекордтарды орната білді. Комбинат еңбеккерлері орнатқан одақтық және әлемдік рекордтардың ішінде ең көрнектісі 1965 жылы болған еді. 1965 жылдың сәуір айында Мырғалымсай кенішінде Н.С. Кулештің шапшаң проходкалау бригадасы 31 жұмыс күні ішінде 1237,8 погон метр кен қабатын көлденең штрекпен жүріп өтіп, әлемдік рекорд орнатты [223]. Кенді шапшаң проходкалау бойынша комбинат жұмысшылары орнатқан бұл рекорд қазіргі күнге дейін мұрты бұзылмаған күйінде тұр.

Қиындықтарға мойымай, жарқын болашақ үшін бел шешіп еңбек еткен комбинат жұмысшыларының өндірістегі табыстары ескерусіз қалмады. Қарастырылып отырған кезеңде, КСРО Түсті Металлургия Министрлігіне қарасты кәсіпорындардың арасында Ащысай полиметалл комбинатының жұмысшылары мемлекеттік наградалармен марапатталу жөнінен көш бастап тұрды. Мысалы, бір ғана 1977 жылдың өзінде Ащысай полиметалл комбинатында 2029 адам түрлі дәрежедегі мемлекеттік наградалармен марапатталуы сөзімізді дәлелдей түседі [224].

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңде Ащысай полиметалл комбинатынан 5 Социалистік Еңбек Ері, 12 Лениндік сыйлықтың лауреаты, 53 Ленин орденінің иегері, 15 Октябрь орденінің кавалері, 5 КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 11 Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 10 КСРО Министрлер Кеңесінің лауреаты т.б. өнеркәсіп саласындағы ірі марапаттардың жеңімпаздары шықты.

Алайда, жұмысшылар өндірістік жоспарларын үнемі артығымен орындағанымен, еңбек өнімділігіне сәйкес келмей, көп жағдайда оның өсуін тежеді. Өйткені, социалистік міндеттемелер мен өндірістік жоспарлардың

орындалғанын анықтауда, еңбек өнімділігінің көрсеткіші есепке алынбай жүргізілді. Айдың басында баяу басталатын жұмыс қарқыны, айдың соңында шапшаң артып, жоспарды дер кезінде орындау үшін «қарбаластық» (*штурмовщина*) үдерісі орын алды. Осыған сәйкес өндірілген өнімнің сапасы нашарлайды. Мысалы, 1977 жылғы мәлімет бойынша, кен өндірудегі ұтымсыздық (*разубоживание*) көрсеткіші бүкіл одақ көлемінде 8,6% құраса, оның мөлшері Ащысай полиметалл комбинатында 22,5% болды. Ал кен байыту жұмыстарындағы ұтымсыздық көрсеткіші одақ бойынша 12,3% болса, ол Ащысай полиметалл комбинатында 32% құрады [225].

Ащысай полиметалл комбинатындағы жұмысшылардың өндірістік белсенділігінің бір түрі – өнертапқыштық жұмыс болды. Алайда, өнертапқыштық жұмыстарды қарау мен өндіріске қосу үдерісі баяу жүрді. Өнертапқыштық жаңалықтардың көпшілігі өндіріске ендіруге жарамсыз еді. Техникалық талаптар бойынша, өнертапқыштық жаңалықтарды қарау мерзімі 10 күн деп белгіленгенімен, ұсыныстар көп жағдайда айлап, жылдап, қаралмай жатып қалды. 1975 жылы Ащысай полиметалл комбинатында 2240 өнертапқыштар өздерінің ұсыныстарын білдіргенімен, оның небәрі 106 ғана өндіріске енгізілді [226].

1977 жылы КСРО Түсті Металлургия Министрлігінің №204 қаулысының негізінде комбинатта бүкілодақтық арнайы шахта-ұңғылау мектебі құрылды [227]. Кен көздерін шапшаң ұңғылау тәжірибесі мен күшті су ағынының келуіне байланысты күрделі тау-геологиялық жағдайда кен өндіру тәжірибесін үйрену үшін, Ащысай полиметалл комбинатына Кеңестер Одағынан ғана емес, достық қарым-қатынастағы шет мемлекеттерден де кеншілер келіп тұрды.

1980 жылға қарай, тек экстенсивті жолмен ғана шикізат өндіру ісі жолға қойылған Ащысай полиметалл комбинатының кен көздері мен олардың құрамындағы металл мөлшері күрт кеми бастаған болатын. Әсіресе, Мырғалымсай мен Глубокий кеніштерінде металл мөлшерінің жоспарын орындай алмау көрсеткіші жоғары еді. Біріншіден, Мырғалымсай кенішіндегі руданың құрамындағы металл мөлшері небәрі 0,6% құрады. Ал тәжірибе бойынша кен құрамындағы металл мөлшері 5-6% аспаса ол рентабельді болып есептелмейді. Екіншіден, аталмыш кеніштердің 800-900 метр тереңдігінде сағатына 30 мың кубметр суды сыртқа сорып шығаратын 5 қуатты насосы бар станция жұмыс істеді. Осы станциялардың тұрақты жұмыс істеуіне бүкіл комбинат табысының үштен бірін құрайтын қаржы жұмсалатын еді. Жоғарғы басшылық Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын әлсіретіп, тоқырауға ұшыратып алмаудың жолдарын жан-жақты іздестіре бастады. 1977 жылы 22-наурызда Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Ащысай полиметалл комбинатын дамытудың кейбір мәселелері» атты арнайы қаулысы қабылданды. Қаулы бойынша, қорғасын мен алтын қорын барлап, іздеп табу үшін Қаратау тау-кен барлау экспедициясының жұмыстарына 5,2 млн. сом қаржы бөлінді [228].

Сонымен қатар, комбинаттың жүйелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, Қызылорда облысының аумағындағы Шалқия кен орнын тез арада

іске қосу міндеті көзделді. Ащысай полиметалл комбинатының толық өндірістік қуатын пайдалану үшін, мыңдаған шақырым қашықтықтағы Орталық Қазақстан аумағындағы қорғасынды-мырышты «Қарағайлы» және «Жәйрем» кеніштерінен шикізат кендерін тасып әкелу жолға қойылды. Аталған шаралар бәрібір де, Ащысай комбинатының 1980 жылдардың ортасынан бастап құлдырауға бет алған өндірістік қуатын қалпына келтіре алмады. Оның үстіне шикізат кенін шалғай қашықтықтан тасу (Кентау мен Жәйрем кеніштерінің арақашықтығы 1 мың км), өндірілетін кен өнімнің өзіндік құнын қымбаттатып, комбинаттың табыстылығына (*рентабельность*) да кері әсерін тигізді.

Қайта құру жылдарының соңын ала басталған саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты комбинаттың одақтың басқа аймақтарымен шаруашылық байланыстарының үзілуінен, өндіріске қажетті сырттан әкелінетін қосалқы бөлшектер мен құрал-жабдықтардың тапшылығы айқын сезіле бастады. Осындай объективті себептерден, уақыт өте келе комбинатта кен өндіру мен байыту жұмыстарының қарқыны барған сайын төмендей берді. Мысалы, Ащысай полиметалл комбинатында кен өндіру көлемі 1980 жылы – 4660 мың тонна болса, бұл көрсеткіштің көлемі 1990 жылы 4100 мың тоннаға дейін кеміді. Кәсіпорындағы қорғасын өндірісінің көлемі 1980 жылы – 64,8 мың тоннаны құраса, 1990 жылы 52,0 мың тонна қорғасын концентраты өндірілді [229].

Қорытындылай келгенде, комбинаттың қорғасын, мырыш, барит, күміс т.б. шикізаттық өнімдері ашкөздікпен орталыққа тасымалданып, кәсіпорын табысының аз ғана бөлігі Кентау қаласының дамуына жұмсалды. Комбинат өндіретін шикізаттың өзіндік құны, мемлекет тарапынан барынша арзанға бағаланды. Осыған байланысты, Ащысай полиметалл комбинаты 1970 жылға дейін шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде саналып, шығынды жабу үшін жұмысшылар үнемі социалистік міндеттемелерін барынша артығымен орындауға мәжбүр болды. Республикадағы өзге шикізат өндіретін кәсіпорындар сияқты, Ащысай полиметалл комбинатында өндіріс көлемін ұлғайту мен жоспарды артығымен орындау шаралары экстенсивті дамыту жолы арқылы ғана қол жеткізілді. Жылдан-жылға комбинатқа қарасты кен шикізатының құрамында металл мөлшері кеміп, өндірістің экономикалық тиімділігі баяулай бастады, есесіне шикізат өндіру жоспары ұлғая түсті. Аймақ кеніштеріндегі полиметалл кендерінің шикізаты сарқылғанша сыртқа толассыз тасып әкетілді. Мысалы, 1941 жылдан 1990-шы жылдардың басында өз жұмысын тоқтатқанға дейін, Ащысай комбинатында 161 млн. тонна полиметалл кені, оның ішінде 16 млн. 700 мың тонна барит, 2 млн. 300 мың тонна қорғасын, 800 мың тонна мырыш, 3600 тонна күміс өндірілген екен [230]. 1990 жылдардың соңына қарай, кен көздерінің бірте-бірте сарқылуынан күрделі гидрогеологиялық жағдайда шикізат өндірілген, одақтық маңыздағы түсті металлургияның алып кәсіпорыны саналатын Ащысай полиметалл комбинаты – қоғамда жаңадан басталған түбегейлі экономикалық өзгерістерге төтеп бере алмай тоқырауға ұшырап, толық тоқтап қалды.

### **3.2 Қала тұрғындарының азық-түлік және күнделікті тұтынатын тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейі**

Күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытының мазмұнын ашатын маңызды аспектілердің бірі – халықтың азық-түлік және тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз етілу деңгейі болып табылады. Тұрғындардың азық-түлік және күнделікті тұтынатын өнеркәсіптік тауарлармен жабдықталуын зерттеу арқылы халықтың белгілі бір кезеңдегі материалдық-тұрмыстық жағдайын, әлауқатының нақты деңгейін білуге болады. Оның үстіне кеңестік кезеңде жеке меншіктік қатынастардың дамуына шектеу қойылып, халықты азық-түлік және тұрмыстық тауарлармен жабдықтау тек қана мемлекет тарапынан жүргізілді.

Кентау қаласы бой көтерген алғашқы жылдардан бастап туындаған және тез арада шешілуі тиіс әлеуметтік мәселелердің бірі – тұрғындарды азық-түлік және өндірістік тауарлармен жабдықтау болды. Өйткені, қаланың дамуы мен ондағы өнеркәсіп орындарының болашағы тұрғындарды азық-түлік және өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету мәселесімен тығыз байланысты еді. Табиғаты қатал, жазы ыстық, қысы қатты, су ресурстары тапшы, адамның өмір сүруіне қолайсыздау аймақта орналасқан өндіріске сырттан келген жұмысшы мамандарды тұрақтандырып ұстап қалу үшін орталықтан тікелей бөлінетін жабдықтаумен қамтамасыз етудің маңызы зор болатын. Сондықтан, сырттан келетін жұмысшылардың қызығушылығын арттыратын түрлі материалдық ынталандыру шараларымен қатар, қала халқын орталықтандырылған азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлармен жеткілікті қамтылуға баса назар аударылды.

Жеке меншікке емес, мемлекеттік меншікке негізделген Кеңестер Одағында халықтың негізгі табыс көзі – жалақы мен мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектерден құралды. Осыған байланысты, халықтың материалдық жағдайы мемлекеттен алатын жалақыларының мөлшеріне тікелей байланысты болды. Сондықтан, кеңестік кезеңде жиі айтылатын «мемлекетке жұмыс істемеген адам ішіп-жемейді» деген сөз, халықтың күнделікті өмірінің ажырамас қағидасына айналды. Кеңестік кезеңде тау-кен өнеркәсібі жұмысшыларының еңбекақылары, халық шаруашылығының басқа салаларында еңбек ететіндермен салыстырғанда біршама жоғары болатын. Мысалы, 1954 жылы Қазақстанның халық шаруашылығында еңбек ететін жұмысшыларының орташа айлық жалақысы – 62 сом болса, ал тау-кен өнеркәсібінде жұмыс істейтін еңбекшілердің орташа жалақысы – 80 сомды құрады [231, с.28]. Алайда, архив деректеріне жүгінгенде, Кентау қаласының тұрғындарының жалақыларының мөлшері біркелкі болмағанын байқаймыз. Қалада өнеркәсіптен тыс, мекемелерде жұмыс істейтін тұрғындардың жалақылары салыстырмалы түрде төмен болды. Қалада ең жоғары айлық жер асты кеніштерінің жұмысшыларына төленсе, ал жалақылары төмен қызметкерлер санатына – тұрмыстық қызмет көрсету, құрылыс, дәрігер, мұғалім т.б. маман иелері жатты. Мысалы, 1955 жылы жабдықтау мекемесіне қарасты «Горняк» қосалқы шаруашылығы жұмысшыларының орташа күндік табысы 0,3-0,6 сом, тұрмыстық қызмет көрсету мекемесіндегі аяқ киім және шаштараз шеберінің

орташа күндік табысы 0,8-1,2 сом болды. Ал жер асты кенішінде жұмыс істейтін кен үңгушілерінің (забойщик) орташа күндік табысы – 7,3 сом, жер бетіндегі кен байыту фабрикасында жұмыс істейтін флотатордың бір күндегі табысы – 4,9 сомды құрады [232].

Кеңестер Одағында 1930-1940 жылдары қалыптасқан халықты азық-түлік және шаруашылық тауарлармен қамтамасыз етудің санатты жабдықтау жүйесі, соғыстан кейінгі жылдары да өз жалғасын тапты. Бұл жүйе бойынша, ерекше санаттағы жабдықталатын қалаларға – Мәскеу, Ленинград, сондай-ақ, одақтас елдердің астаналары және одақтық маңызы бар курортты өңірлер еңсе, бірінші санатта жабдықталатын қалалар қатарына – қорғаныс өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары орналасқан аймақтар жатқызылды. Екінші және үшінші санатта жабдықталатын елді мекендерге – шағын қалалар мен өнеркәсіп орындары жоқ қалалар енгізілді [233, с. 190].

Кентау қаласы – қорғаныс өнеркәсібіне қажетті түсті металлургияның одақтағы аса ірі кәсіпорны орналасқан, орталықтың ерекше бақылауындағы қалалар қатарында болғанына қарамастан, негізгі азық-түлік өнімдерін жергілікті ресурстардан алуға мәжбүр болды. Тау-кен өнеркәсібіне маманданған Кентау қаласында алғашқы жылдары халықты күнделікті тұтынатын азық-түлік және өнеркәсіп тауарлармен жабдықтау – ең өткір, шиеленіскен әлеуметтік мәселелердің бірі еді. Бұған қала халқының өндіріс орындарына сырттан шақырылған жұмысшылар есебінен жылдам өсуі, қаланың орталық аймақтардан шалғай, қиыр оңтүстікте орналасуы, осыған орай мемлекеттік арнайы қорлардан бөлінетін тауарлардың уақытында жеткізілмеуі сынды әлеуметтік – экономикалық факторлар себеп болды. Қала тұрғындары үшін орталықтанған қордан бөлінген азық-түлік пен тұрмыстық тауарлар алдымен Шымкентке, одан кейін Түркістандағы арнайы қоймаларға келіп түсетін. Осы қоймаға түскен тауарлар вагондарға артылып, тар табанды жолмен Кентауға жеткізілетін. Тар табанды жолмен баяу жүретін вагондар тек шикізат кенін тасуға арналғандықтан, жолай азық-түлік және тұрмыстық тауарлар бұзылуға ұшырап отырды. Оның үстіне тауарларды сақтайтын қала қоймаларының жағдайы да мәз емес еді. Қоймаларда тез бұзылатын заттарды сақтайтын арнайы тоңазытқыштар жеткіліксіз болды.

1948 жылы небәрі 4 мыңға жетпейтін халқы бар Мырғалымсай кенті тұрғындарының саны күрт өсіп, 1954 жылы 39,1 мың адамға көбейді. Алайда, қала халқының санының жылдам өсуіне жабдықтау мекемелері дайын болмай шықты. Бұған дейін жұмыс істеп келген жабдықтау мекемелері тек Ащысай комбинаты жұмысшыларын ғана қамтамасыз етіп келген болатын. Сондықтан бастапқы жылдары шапшаң өсіммен сипатталған қала халқын негізгі тұтыну тауарларымен, әсіресе, азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету шиеленісті мәселеге айналды. Басқа азық-түлік түрлерін айтпағанның өзінде, алғашқы жылдары қала тұрғындарын нанмен толық жабдықтаудың өзі мұң болды. 1946 жылы салынған Кентау қаласындағы жалғыз нан зауытының өндірістік қуаты тәулігіне 6 тонна нан өнімдерін шығаруға ғана қауқары жетті. Осы жылдары халықтың негізгі тұтынатын азығының бірі нан болғанын және қалада 40 мыңға



жуық адам тұрып жатқанын ескерсек, тұрғындарды нан өнімдерімен қамтамасыз етуде күрделі жағдай қалыптасқанына көз жеткізуге болады

1957 жылы күрделі жөндеуден өткен өндірістік қуаты тәулігіне 25 тонна нан өнімдерін шығаратын зауыт пайдалануға берілді. Жаңа нан зауытының іске қосылуы қала тұрғындарын нан өнімдерімен қамтамасыз етуді түпкілікті шешіп, қалыптасқан дағдарыстық жағдайдан шығуға мүмкіндік берді [234].

Нан өнімдерінен басқа, Кентау қаласы тұрғындарын сүт, ет, бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету де кезек күттірмей шешілуі тиіс әлеуметтік мәселенің бірі болды. Өйткені, осыған дейін тек Ащысай кеніші мен кен байыту фабрикасының жұмысшыларын сүт, ет, бау-бақша өнімдерімен жабдықтап келген «Горняк» және «Шахтер» қосалқы шаруашылықтарының өндірістік қуаты, күрт өскен Кентау қаласының тұрғындарын қамтамасыз етуге жетпеді.

Мемлекеттік жабдықтау мекемелерінің жұмысы осылай ақсап жатқанда, халықты азық-түлік дағдарысынан құтқаруға жәрдемдескен қала базары болды. Жақын маңдағы ауыл халқы мен жеке үйінің ауласында көкөніс пен мал өсіретін қала тұрғындары базарға келіп, өз өнімдерін сату және айырбас саудаға шығарып отырды. Жабдықтау мекемесіне қарасты мемлекеттік дүкендердегі тауар бағасымен базар бағасының салыстырмалы көрсеткішін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 17 – 1957 жылы наурыз айындағы Кентау қаласының орталық базарындағы азық-түліктің салыстырмалы бағасы [235, Р.307].

Азық-түлік түрлері	Өлшем бірлігі	Дүкендегі баға	Базардағы баға
Картоп	кг	1 сом 40 тиын	4 сом 50 тиын
Пияз	-//-	1 сом 90 тиын	2 сом 50 тиын
Сәбіз	-//-	1 сом 10 тиын	2 сом 30 тиын
Жүзім	-//-	5 сом 40 тиын	8 сом
Кепкен жеміс	-//-	12 сом	16 сом
Помидор	-//-	1 сом 80 тиын	2 сом 30 тиын
Баклажан	-//-	60 тиын	-
Жұмыртқа	10 дана	7 сом	12 сом
Сүт	литр	2 сом 50 тиын	7 сом
Қаймақ	литр	12 сом 40 тиын	-
Ірімшік	литр	9 сом	-

Кесте мәліметтеріне талдау жасасақ, азық-түліктің бағасы дүкенмен салыстырғанда базарда жоғары екенін байқаймыз. Бір жағынан бұған ауыл тұрғындарының өнімін арзан бағаға сатып алып, оны базарға әкеліп қымбатқа сататын пысықай алыпсатарлар ықпал етсе, екіншіден орталық жабдықтау мекемесіне қарасты дүкендерде бағаның базардан арзан болуына мемлекеттің өзі мүдделі болғаны байқалады. Осы арқылы нарыққа негізделген базарға қарағанда мемлекеттік дүкендердің артықшылығы мен тиімділігін көрсету мақсаты көзделген сияқты. Тауарлар бағасының қымбат болуына қарамастан,

қала базары тұрғындардың жиі келетін, қолда бар заттармен айырбас жасайтын маңызды қоғамдық орынға айналды. Осы жылдары қаланы көкөніс, бау-бақша және жеміс-жидек өнімдерімен қамтамасыз етуде жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің халқымен бірге, қала тұрғындарының жеке меншік үйлерінің ауласындағы қосалқы шаруашылық маңызды рөл атқарды. Бұл жылдары Кентау қаласы тұрғындарының басым бөлігі өз күштерімен салып алған жеке үйлерде тұрғандықтан, ауласына бау-бақша егіп, азын-аулақ сиыр, тауық, шошқа т.б. мал түрлерін ұстады. Сөйтіп қала халқы кейбір бау-бақша және азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтып отырды.

Кесте 18 – 1958 жылы халықтың азық-түлік өнімдерін алу көздері [236].

Өнім атауы	Барлығы	Оның ішінде:		
		Мемлекеттік сауда мекемелерінен	Базар және жеке адамдардан	Тұрғындардың жеке шаруашылығынан
1	2	3	4	5
Картоп	100	16	32	52
Бау-бақша	100	53	31	16
Жеміс-жидек	100	40	44	16
Сүт	100	63	22	15
Ет	100	62	24	14
Жұмыртқа	100	30	35	35

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге көз жүгіртсек, тұрғындар өздеріне қажетті азық-түлік өнімдерінің едәуір бөлігін базар және жеке қолдан, сондай-ақ, жеке қосалқы шаруашылықтан алғанын байқаймыз. Алайда, 1957 жылы Кеңестер Одағы көлемінде қала халқы үшін тұрғын жай ауласында мал ұстауға, сондай-ақ, жеке өзіндік қосалқы шаруашылықпен айналысуына тиым салу жөнінде заң қабылданды [237, с.333]. Бұл экономикалық саясаттың түп негізі - қала тұрғындарының үй маңындағы қосалқы шаруашылықпен айналысуы тиімсіз, ол халықтың өндірістегі қоғамдық еңбекпен алаңсыз шұғылдануына кедергі келтіреді деген қате тұжырымнан туындаған болатын. Заңға сәйкес, Кентау қаласының тұрғындары қолындағы азын-аулақ малын мәжбүрлі түрде мемлекеттік ет дайындау бөлімдеріне өткізуге тиіс болды. Жергілікті тұрғындарға қосалқы шаруашылықпен айналысуға осылайша тиым салу, кейін қалада ауыл шаруашылық өнімдерінің тапшылығын туындауына себепші болды.

1960 жылдарға дейін халықтың соғыс жылдарымен салыстырғанда күнкөріс деңгейі бірте-бірте жоғарылағанымен, тұрғындардың басты тұтынатын өнімдері – нан, картоп, жарма (күріш, бидай, арпа т.б.) болды. Адам денсаулығы үшін ең қажетті бағалы өнімдер – ет, жұмыртқа, бау-бақша, жеміс-жидектердің тамақ рационындағы үлесі тым аз еді.

Кесте 19 – 1960 жылғы халықтың азық-түлік өнімдерін тұтыну көрсеткіші (адам басына шаққанда жылдық кг есебімен) [238].

Азық-түлік өнімі	Тұтынудың физиологиялық қалыпты нормасы	Тұтынудың ең төменгі физиологиялық нормасы	Колхоз жұмысшысы	Өнеркәсіп жұмысшысы
1	2	3	4	5
Нан өнімдері	115	146	171,8	125
Картоп	110	124	168	118,8
Бау-бақша	130	91	84,5	88,8
Ет	82	31	35,9	56,8
Сүт	405	211	252,8	307,4
Жұмыртқа	292	183	149	142
Балық	18,2	13,5	4,7	12
Қант	40	20	12,9	23

Кесте мәліметтерінен байқағанымыздай, 1960 жылы халықтың жан басына шаққанда нан, жарма, картоп өнімдерін физиологиялық қалыпты нормадан артық тұтынса, бау-бақша, балық, жұмыртқа сияқты пайдалы өнімдерді ең төменгі физиологиялық нормадан да төмен пайдаланған. Салыстырмалы түрде колхоз жұмысшыларына қарағанда өнеркәсіп жұмысшыларының азық-түлікпен жабдықталуы жоғары болғандығын көреміз.

1961 жылдың 1-қаңтарында одақ көлемінде жүргізілген ақша реформасының нәтижесінде баға мөлшері бір нөлін алып тастау жолымен өзгеріске ұшырады. Яғни, ескі 10 сом, жаңа ақша реформасы бойынша 1 сомға тең болды. Айналымдағы ескі ақшалар шектеусіз түрде 10:1 есебімен жаңа номиналдармен ауыстырылды [239]. Бұл реформаның нәтижесі тұрғындардың жалпы күнкөріс деңгейіне кері әсер етіп, күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдері қымбаттап, шетелден келетін импорттық заттар қарапайым халықтың қолы жете бермейтін «тапшы» тауарларға айналды. Бұл жылдары қала тұрғындарының отбасылық бюджеті табысының көп бөлігін тек азық-түлік өнімдерін сатып алуға жұмсап отырды.

Жалпы халықты азық-түлік және әлеуметтік-мәдени мұқтаждықтарын қамтамасыз ету барысындағы мұндай күрделі ахуал елімізде соғыстан кейін жылдары шикізатты бағыттағы ірі өнеркәсіп орындарының маңында жедел бой көтере бастаған өндірістік қалаларға тән ортақ жағдай еді. Өйткені, соғыстан кейінгі жылдары жалаң коммунистік үгіт-насихат пен комсомолдық ұрандардың ықпалымен мыңдаған жастар, қарапайым тұрмыстық мәселелері шешілмеген жаңадан салынып жатқан өндірістік қалаларға ағылып келе бастаған болатын. Мұндай қалаларда ең алдымен өнеркәсіпті дамыту қажеттілігіне баса мән беріліп, жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени мұқтаждықтары мен азық-түлікпен қамтамасыз етілуі кейінгі кезекке

ысырылды. Ел басшылығының ұстанған мұндай саясаты, өндірістік қалалардағы экономикалық мәселелерді шиеленістіріп, халық наразылығын туындауына себепші болды. Жаңадан салынып жатқан өнеркәсіптік қалаларда орын алған осындай ірі әлеуметтік наразылықтың бірі - 1959 жылы тамыз айында Теміртауда болды. Бүкіл Кеңестер Одағын дүр сілкіндірген бұл оқиға, ел басшылығын жаңадан бой көтеріп жатқан өндірістік қалалардың әлеуметтік мәселелерін шешуді тез арада қолға алуға мәжбүрледі.

Осы оқиғадан кейін іле-шала Кентау қаласында халықты азық-түлік өнімдерімен жабдықтауға баса назар аударылып, осы мақсатта қосымша шаруашылық көлемін ұлғайту қамына кірісті. Ауа райы қатал, жері шөлейтті, су көздері аз Кентау қаласы үшін бұл мәселені шешудің өзіндік қиындықтары болды. Қосымша шаруашылықты ұйымдастырудағы басты кедергі – сумен қамтамасыз ету болды. Сонымен қатар, қаланың маңында ауыл шаруашылығына қолайлы алқаптардың көлемі де шектеулі болатын. Сондықтан, Кентау қаласы тұрғындарын бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ететін қосалқы шаруашылық көлемін, Түркістан ауданына бағынышты болып келген бірқатар совхоздар есебінен ұлғайту көзделді. 1959 жылы 23-желтоқсандағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен, Түркістан ауданына қарап келген Ленин жолы совхозы «Ачпродснаб» мекемесіне тиесілі ет-көкөніс дайындайтын қосымша шаруашылықтармен біріктіріліп, қала халқын ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ететін жаңа «Кентау» совхозы болып қайта құрылды [240].

1960 жылдың ортасынан, яғни «Брежневтік тоқырау» жылдарынан бастап, Кентау қаласында халықты азық-түлікпен жабдықтау жүйесінің жұмысы жақсара бастады. Кентаудағы қала құраушы Ащысай полиметалл комбинаты осы жылдардан бастап дотациялы кәсіпорыннан «табыспен» жұмыс істейтін өндіріс ошағына айналған болатын. Осыған орай, кәсіпорын жұмысшыларының айлық жалақысы көтеріліп, әлеуметтік жағдайы көтерілді.

Кентау қаласында кең тараған қоғамдық тамақтану жүйесі – асханалар болды. 1966 жылы Ащысай полиметалл комбинатына қарасты 22 асхана жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін асханалар өндіріс орындарының маңында немесе ішінде орналасты. Асханалар белгілі бір кәсіпорындардың балансында болғандықтан, ол жерден сол мекеменің жұмысшылары ғана тамақтана алды. Осы кезеңде қалада жұмысшы асханаларынан бөлек, кафе және ресторан түріндегі қоғамдық тамақтану орталықтарын ашыла бастады. 1964 жылы Кентау қаласының кеңестік кезеңіне тән жалғыз «Космос» мейрамханасы ашылды [241]. Арада көп уақыт өтпей, «Космос» мейрамханасы қала тұрғындарының жиі келіп бас қосатын және көңіл көтеретін қоғамдық тамақтану орнына айналып үлгерді. Сонымен қатар, Коммунистік көшесінің бойында «Қаратау» кафесі, Ленин даңғылының бойында «Снежинка» және «Минутка» кафелері ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады. Қала тұрғындарын балық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін комбинат басшылығының қолдауымен Сырдария өзені мен Қызылкөлдің жағасынан балық аулау шаруашылығы құрылды. 1967 жылы Ленин

даңғылының бойында осы балық шаруашылығының өнімдерін халыққа ұсынатын – «Балғын балық» дүкені ашылды.

Алайда, қала халқын азық-түлік және бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етуі тиіс қосымша шаруашылықтың жұмысы қаржы мен арнайы техниканың жетіспеушілігі салдарынан сылбыр дамып, қала тұрғындарының азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын толық қанағаттандыра алмады. 1970-1980 жылдардың аралығында қала тұрғындарына сатылған бау-бақша өнімдерінің ішінде «Кентау» совхозының үлесін төмендегі кестеден байқауға болады.

Кесте 20 – 1970 – 1980 жылдардың аралығында қала тұрғындары тұтынған бау-бақша өнімдерінің көлемі [242].

Өнім түрлері	1970 ж.		1975 ж.		1980 ж.	
	Өнімнің жалпы көлемі	Оның ішінде «Кентау» совхозы үлесі	Өнімнің жалпы көлемі	Оның ішінде «Кентау» совхозы үлесі	Өнімнің жалпы көлемі	Оның ішінде «Кентау» совхозы үлесі
1	2	3	4	5	6	7
Көкөніс	1950	1344	2433	1363	2953	1631
Картоп	1750	166	3760	118	3905	162
Бақша	739	734	1009	327	1289	457
Жеміс	226	72	469	65	555	145
Жүзім	69	17	114	-	133	20

Жоғарыдағы кесте мәліметтерінен, қала халқын бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етуде жергілікті қосымша шаруашылықтың үлесі тым аз екені байқалады. Бау-бақша өнімдерінің басым бөлігі шет аймақтардан әкелінді.

Қала тұрғындарын күнделікті тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз етумен «Ачпродснаб» мекемесі айналысты. Қалаға күнделікті тұтынатын тұрмыстық және өндірістік тауарларды әкелуде көп жағдайда тұрғылықты халықтың сұранысы ескеріле бермегені байқалады. Кейбір тауарлар аталған жабдықтау мекемесінің қоймаларында жылдап өтпей тұрса, кейбір заттар өте тапшы болды. Мысалы, 1956 жылы «Ачпродснаб» мекемесінің қоймасында 34232 мың сомның артық тауарлары сатылмай тұрды. Атап айтқанда, онда 250 мың сомды құрайтын 310 артикулды 8000 жұп галош, 185 мың сомды құрайтын сәннен қалып қойған әйелдер сөмкесі, қала тұрғындарының 3 жылдық қажеттілігін өтеуге жететін 5, 55 және 102 артикулды әйелдердің капрон шұлықтары өтпей жатты [243]. Ал керісінше халыққа қажетті тігін-тоқыма бұйымдары, тігін машинасы, әйелдер көйлегі, ерлер костюмы, галстук, түйме, іш киімдер т.б. өнеркәсіптік тауарлардың тапшылығы орын алды (Қосымша К, сурет К1). Тұтынушылар тілегін жүйелі түрде есепке алмаудың себебінен, қала дүкендеріне жаз мезгіліне арналған киімдер күзде, қыстық аяқ киімдер көктемде келіп түсіп жатты. Әсіресе, осы жылдары Кентау қаласында киім-кешектің жетіспеушілігі айқын сезілді. Респонденттердің көпшілігі өз

естеліктерінде, 1950-1960 жылдары көбінесе жергілікті жердегі аяқ киім шеберлерінің қолынан шыққан өнімдерді жиі пайдаланғанын айтады. Бозбалалық шағы Кентау қаласында өткен қазақтың таланты актеры А. Әшімов өз естелігінде былай деп жазған еді: «Менің жалынды жастық шағым өткен Кентау қаласында гректер көп тұратын. Олар былғарыдан тамаша етіп аяқ киім тігетін. Болашақ жұбайым Майра бірде мені өзінің анасымен таныстыру мақсатында жаңа жылдық кешке өз үйіне шақырғанда, осы грек шеберлерінің қолынан шыққан сары, қызыл-қара былғарыдан құрап тігілген, өкшесі биік туфли киіп бардым. Алайда, болашақ жұбайымның анасына менің гректерге арнайы тапсырыспен тіктірген аяқ киімім аса ұнай қоймағанын кейін Майрадан естідім. Болашақ қайын енем қызына менің туфлиімді көрсетіп тұрып: «мынау жігіттің аяқ киіміне қарашы, масқара емес пе? осындай «колхоз», олпы-солпы киінетін жігітке қалай тұрмысқа шықпақсың?» деп аяқ киімім арқылы мені жақтырмаған сыңай танытыпты...» [244, с.55].

Қалада орын алған тауар тапшылығы тамыр-таныстығын пайдаланып дүкендердегі тапшы тауарларды алдын-ала сатып алып, кейін оны қала базарына қымбат бағамен сататын алыпсатарлық іс-әрекетті туындатты. Мұндай құбылыс қала дүкендерінде жиі орын алатын үйреншікті жәйтке айналды. Сондықтан қала базарында алыпсатарлыққа қарсы ауқымды күрес жүргізілді. Қала басшылығы жеке сауданың кең қанат жаюуына жол бермеу мақсатында мемлекеттік дүкендерден тыс жерлерде, әсіресе, базар аумағында жеке тұлғаларға жаңа өндірістік тауарларды - мата, аяқ киім, костюм шалбар, пальто, перде, тігін машинасы, радиоқабылдағыш, парфюмерлі-косметикалық заттар, дәрі-дәрмек, кітап, дәптер, қолөнер бұйымдары мен шай т.б. сатуына тиым салды.


1960 жылдың ортасына дейін Кентау қаласы тұрғындарына тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің жұмысы көңіл көншітерлік деңгейде болмады. Қалада тігін шеберханасы, киім жуатын және химиялық тазалайтын орындар т.б. жетіспеді. Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту үшін, жаңадан пайдалануға берілген көпқабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатынан – шаштараз, фотосалон, аяқ киім жөндеу, телерадио жөндеу шеберханаларын жедел ашу қолға алынды. 1965 жылы әр қала тұрғынына шаққанда тұрмыстық қызмет көлемі – 4 сом 67 тиынды құрады. Бұл сол кезеңдегі жалпы республикалық көрсеткіштен 2 есеге төмен еді [245].

1966 жылы Кентау қалалық жоспарлау комиссиясы тарапынан жүргізілген талдау нәтижесінде қала халқының бір айдағы отбасылық бюджетінің шығындары төмендегідей болды: азық-түлікке – 41,6%, өндірістік және тұрмыстық тауарларды сатып алуға – 29%, пәтерақы мен коммуналдық төлемдерге – 3%, мәдени-тынығу шығындары – 2%, байланыс және баспа өнімдеріне (телефон, газет, кітап т.б.) – 2,5%, тұрмыстық қызмет шығындары (шаштараз, фотография т.б.) – 1,1%, табыс салығына жұмсалатын шығын – 5,2% құрады [246].

Бұл мәліметтен қала тұрғындары табысының едәуір бөлігі «Хрущевтік жылымық» жылдарындағыдай тек азық-түлікке ғана емес, тұрмыстық

тауарларды сатып алуға да жұмсай бастағанын байқаймыз. Өйткені, қала құрылған жылдармен салыстырғанда осы жылдары халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарып, жыл сайын тұрақты өсе түскен жалақы есебінен табыстары да молая түскен еді. Көп уақыт бойы қызметтік жатақханаларда тұрып келген қала тұрғындары, осы жылдары тұңғыш жеке отбасыларға арналған пәтерлерге қол жеткізе бастады. Тұрғындардың жеке жанұяға арналған баспаналарға ие болуы, үй ішіне қажетті жиһаздар мен күнделікті тұтынатын тұрмыстық техникаларға (теледидар, радио, сағат, тігін машинасы т.б.) деген сұранысты арттырды.

1967 жылы Кентау қаласында телевизиялық ретранслятор іске қосылған соң, халықтың теледидарларға деген сұранысы күрт жоғарлады. 1968 жылы Кентау қаласына алғашқылардың бірі болып, одақ көлемінде енді жаңадан таралып жатқан кең экраны, сезімталдығы жоғары «Восход» теледидары әкелініп, ол Ачполиметалл комбинатының жатақханасына қойылды. Осы жылы Кентау қаласында телефон станциясы да пайдалануға беріліп, дүкендерде тұңғыш рет «БАГТА-50», «Тесла» маркалы телефон аппараттары сатыла бастады. Қала халқы үшін тоңазытқыш, теледидар, кір жуу машинасына немесе үй гарнитурасына қол жеткізу – отбасылық бақуаттылықтың белгісі болып есептелді.



Сурет 3 – 1950-1990 жылдар аралығында Кентау қаласы еңбеккерлерінің орташа айлық жалақыларының көлемі [249].

Жоғарыдағы мәліметтен Кентау қаласында ең жоғары жалақы алатын мамандық иелерінің өзі үй жиһазы мен тұрмыстық техникаларды сатып алуға қаржылық мүмкіндіктері шамалы болғанын көреміз. Үй жиһаздары мен тұрмыстық техникаларды бірден сатып алуға ақшасы жетпеген қала

тұрғындары, қала дүкендерінен аталған тауарларды несиеге жаздырып болса да таласып алып жатты. Тұрғындарға тұтынушылық несие 3-6 ай көлемінде беріліп, ол жұмыс орындарынан төленетін жалақыларының есебінен ай сайын ұсталынып қалды.

1969 жылы қала тұрғындарына 550 млн сом тауарлары сатылып, 1959 жылмен салыстырғанда 35% өсім көрсетті. Сонымен бірге, осы бесжылдықта қала тұрғындарының табысы да айтарлықтай жоғарылап, алдыңғы бесжылдыққа қарағанда 16,4% көбейді. 1970 жылы «Ачпродснаб» жабдықтау мекемесіне қарасты қала дүкендерінен 804 мың сомның тауарлары несиеге сатылды [247]. Атап айтқанда, қала тұрғындарына – 30 теледидар, 550 радиоқабылдағыш, 82 мотоцикл, 4 «Запорожец» жеңіл көлігі, 242 велосипед, 334 тігін машинасы, 12 кір жуу машинасы, 390 қабырға сағаты, 2 пианино т.б. тұрмыстық заттар несие түрінде сатылды. Заттардың бағасына тоқталсақ, 1978 жылы қала дүкендерінде Польшада шығарылған «Эвина» импорттық жиһазы – 2278 сом, «Медеу» гарнитурасының бағасы – 2586 сом, «Шербон» (Румыния) үй гарнитурасының бағасы – 1940 сом, «Рубин» түрлі-түсті телевизоры – 800 сом, көлемі 2х3 метрді құрайтын кілемшенің бағасы – 570 сомды құрады [248].

Үй жиһаздары мен тұрмыстық техникаларға сұраныстың жоғары болуы, қала дүкендерінде аталған заттардың тапшылығын туындатты. Сондықтан, халықтың сұранысы жоғары тапшы тауарлар жұмыс орындарындағы кезек жүйесі арқылы сатылымға шығарылды. Бұл жүйені әсіресе, өндіріс орындарының басшылығы өз жұмысшыларының еңбекке деген ынталығын арттыру мен марапаттау мақсатында шебер пайдаланды. Тапшы тауарлар ең алдымен, өндірістік жоспарды мүлтіксіз орындайтын және еңбекте тамаша табыстарға жеткен жұмысшыларға кезекпен берілді. Арнайы тізім бойынша бөлінетін тапшы тауарларды өндіріс озаттарымен қатар, партия басшылары мен Ұлы Отан соғысына қатысқан тұлғалар да кезексіз алу мүмкіндігіне ие болды.

«Брежневтік тоқырау» жылдарында (1964-1985) қала тұрғындарының әл-ауқатының жақсара бастағанын мына мәлімет арқылы көз жеткізуге болады. 1975-1980 жылдардың аралығындағы ІХ-бесжылдықта Кентау қаласы бойынша халыққа 3 мың тоңазытқыш, 1,5 мың магнитофон, 500 жеңіл автомобиль көлігі сатылды. Бұл алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда 3 есе жоғары көрсеткіш болатын.

1976 жылы қаңтар айында Кентау қаласында жылына 16 млн дана ішкіім шығаратын тігін-трикотаж фабрикасы іске қосылды. Алайда, тігін-трикотаж фабрикасы қала тұрғындарының қажеттілігін емес, одақтың түрлі аймақтарынан түскен тапсырыстарды орындады. Фабриканың тігін-трикотаж тауарлары орталық жабдықтау мекемесі арқылы одақтың 35 қаласына жөнелтілді. 1984 жылы қаңтар айында Кентау қаласында бір ауысымда 30 тонна сүт өнімдерін 1,5 тонна балмұздақ шығаратын сүт зауыты іске қосылды. Сүт зауытының іске қосылуының арқасында қала тұрғындарының сүт өнімдеріне деген сұранысын толық қанағаттандыруға қол жеткізілді.

1980 жылдың ортасына дейін бір сарында жұмыс істеп келген мемлекеттік жабдықтау жүйесі өз мүмкіндіктерін толық сарқып, қайта құру



кезеңінде қоғам өміріне дендеп енген нарықтық қатынастардың тегеурініне төтеп бере алмауынан біртіндеп дағдарысқа ұшырай бастады. Қаланың бастапқы кезеңінде көрініс берген шиеленісті әлеуметтік жағдай тағы қайталанып, өндірістік тауарлардың жетіспеуі мен азық-түлік дағдарысы орын ала бастады. 1990 жылы Кентау қаласында 1989 жылмен салыстырғанда 29090 мың сомға кем азық-түлік өнімдері сатылды [250]. Осы жылдан бастап, қала дүкендерінде азық-түліктер қоры, жұмыс орындары тарапынан бөлінетін арнайы талон арқылы беріле бастады. Жығылғанға жұдырық болып, осы кезеңде қала көлемінде халықты жұмыспен қамтып отырған қала құраушы кәсіпорын Ащысай полиметалл комбинаты да тоқырауға ұшырай бастады. Аталған өнеркәсіп орындары өз жұмысшыларына айлап тиісті жалақыларын бере алмай, жұмыс орындарын жаппай қысқарта бастады. Бұл қалада онсыз да ушығып тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді одан әрі шиеленістіріп жіберген еді. 1990 жылы Кентау қаласында қалыптасқан қиын жағдайды айтып көмек сұраған кеншілердің ұжымдық хаты КСРО президенті, КОКП ОК бас хатшысы С. Горбачевтың, Қазақ КСР КОКП ОК бірінші хатшысы Н. Назарбаевтың, КСРО Металлургия Министрі В. Колпаковтың атына жолданды. Ол хаттың қысқаша мазмұны төмендегідей еді: «...Қала халқын жұмыспен қамтып отырған Ащысай полиметалл комбинаты мүшкіл халде: кен қазатын құрал-жабдықтар ескірген, қосалқы бөлшектер жоқ. Орталықтан бөлінетін арнайы жұмыс киімдері, қалаға келетін азық-түлік пен өндірістік тауарлар жеткізілуінде қиындық туындауда. Жұмысшылардың жалақысы уақытылы берілмеуде. Себебі, бізге комбинат өнімін тұтынушы кәсіпорындар 21 млн. сом қарыздарын төлей алмай отыр...» [251, с. 286].

Қорыта айтқанда, Кентау қаласының қалыптасуының бастапқы кезеңінде (1948-1964 жж.) қала тұрғындарын азық-түлік және өндірістік тауарлармен жабдықтауда бірқатар қиыншылықтар орын алды. Осы жылдары қалалық жабдықтау мекемелері жылдам өсуімен сипатталатын халықтың мұқтаждықтары мен сұранысын толық қанағаттандыруға мүмкіндігі жетпеді. 1959 жылы тамыздағы Теміртау қаласында орын алған әлеуметтік наразылықтан кейін, ел басшылығы өндіріс орындарының маңында орналасқан қалалардың әлеуметтік жағдайын, тұрғындарының мұң-мұқтаждықтарын шешуге көңіл бөле бастады.

Ал 1970-1987 жылдар аралығын қамтитын екінші кезеңде – қала түзуші басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуаты артып, шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорыннан «табысты» кәсіпорынға айналды. Осыған байланысты комбинат тарапынан әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы көлемі артып, халықты азық-түлікпен жабдықтау жүйесінің жұмысы да жақсара бастады. Өндіріс орындарында еңбек ететін жұмысшылардың жыл өткен сайын жалақысы мен табысының артуы халықтың әл-ауқатының жоғарлауына себепші болды. Осыған байланысты, қала тұрғындарының күнделікті тұтынатын тұрмыстық тауарларға деген сұранысы да ұлғая түсті. «Ачпродснаб» мекемесіне келіп түскен жоғары сұранысына ие тауарлар (үй жиһазы, тұрмыстық техника, автомобиль т.б.), өнеркәсіп орындарына тиесілі

кәсіподақ ұйымдары арқылы тұрғындарға кезекпен сатылды. Жоғары сұранысқа ие тауарлар ең алдымен социалистік жоспарды артығымен орындаған өндіріс озаттарына, партия және инженерлік басшылық құрамға берілді. Кеңестік кезеңде қала халқының арасындағы түрлі әлеуметтік топтардың мүддесіне сай сараланған материалдық игіліктерді бөлудің көп сатылы жүйесі қалыптасты.

### **3.3 Қала халқының күнделікті өмірінің көлеңкелі жақтары: қылмыстық жағдай және маскүнемдік**

Кеңестер Одағында қылмыс жасау, маскүнемдік т.б. әлеуметтік ауытқулардың келеңсіз формалары – «бұрынғы өткен қоғамның және ескіліктің сарқыншағы», жаңа социалистік қоғамға жат әрекет ретінде қарастырылып қатаң күрес жүргізілгенімен, халықтың күнделікті өмірінде жиі көрініс берді. Әлеуметтік құрылымының тұрақтылығы толықтай қалыптасып үлгермеген, тұрғындары басым көпшілігі сыртқы көші-қон үдерістердің нәтижесінде жинақталып, түрлі мәдени деңгейдегі азаматтардың басын тоғыстырған, қалалық ортасы жаңадан құрылып жатқан қоғамда қылмыстық әрекеттер жиі бой көрсететіні белгілі. Әсіресе, бұл үдеріс қоғамның түрлі салаларында түбірлі реформалық өзгерістерге ұшырап жатқан әлеуметтік ортада ерекше байқалады. Осындай тарихи сәттерде адамның бұрынғы күнделікті өмір сүру дағдылары мен құндылықтар жүйесі өзгеріске ұшырайды. Халықтың бұрынғы мінез-құлық үлгілері өзінің тиімділігін жоғалтып, жаңаша мазмұнға ие болады және оның маргиналды сипаты күшейеді.

Қылмыс ахуал – халықтың әл-ауқаты мен қоғамның нақты жағдайын, оның маргиналдану деңгейін, түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің қала тұрғындарының күнделікті өміріне тигізген әсерін көрсететін басты көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Жоғарыдағы аталған сипаттарға ие, соғыстан кейін іле-шала салына бастаған өнеркәсіптік Кентау қаласын өткен қоғамның сарқыншақтарынан ада, социалистік үлгідегі жаңа қоғамдық ортаға айналдыруды көздеген билік орындары қылмыстық жағдайлардың өршуін болдырмауға, кішігірім бұзақылық іс-әрекеттердің өзіне қарсы қатаң күрес жүргізуді қолға алды. Қоғамдық тәртіпті қатаң сақтап, қылмыстық әрекеттерді болдырмауға бағытталған тегеурінді шараларға қарамастан халықтың күнделікті өмірінде қылмыстық әрекеттер жиі орын алып отырды. Кентауда өзге қылмыстық әрекеттермен салыстырғанда, мемлекеттік мүлкін талан-таражыға салу, социалистік меншікті жеке бас мүддесі үшін иемдену сынды құқық бұзушылықтардың саны анағұрлым көп болып, оның көлемі жыл өткен сайын артып отырды. Мәселен, 1951 жылы жұмысшы кентінде аталған құқық бұзушылық бойынша мемлекетке 198 мың сом материалдық шығын әкелген 37 жағдай тіркеліп, 11 адам сотталса, 1959 жылы 422 мың сом материалдық шығын әкелген 125 қылмыстық жағдай анықталып, 28 адам түрлі мерзімге қамалды [252].

Кентау қала мәртебесіне ие болғаннан кейін іле-шала 1956 жылдың 9 – мамырында қалалық еңбекші депутаттары кеңесі Атқару Комитетінің №42 «Қала аумағында қоғамдық тәртіпті бұзған азаматтардың жауапкершілігі туралы» арнайы қаулысы қабылданды [253]. Қаулы бойынша, көшеде, кинотеатрда, клубта, саябақтар мен асханада, тұрғын үйлер мен басқа қоғамдық орындарда спирттік ішімдік пайдалануға және мас күйінде келуге, айқай-шу көтеріп, балағаттауға, құмар ойындар ойнауға тиым салынды. Сонымен қатар, тұрғын үй балкондарына, ашық тұрған терезе жақтауларына дыбыс зорайтқыш қондырғылар – радиоқабылдағыш, патефон т.б. орнатуға, ал кешкі сағат 20<sup>00</sup>-ден кейін жасөспірімдерге қоғамдық орындарға баруына, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сатуға шектеу қойылды. Аталған тәртіпті бұзған азаматтарға ескерту ретінде 100 сом айыппұл салынып, 30 күнге дейін қоғамдық еңбекке жегу жазасы тағайындалды. Сондай-ақ, қалалық милиция қызметкерлеріне қала аумағындағы кинотеатрлар мен дүкендерде, автобусқа отырғызуда кезек сақтамаған азаматтарға сол жерде 3 сом көлемінде айыппұл салу құқығы беріліп, қоғамдық тәртіпті бұзғандардың жұмыс орнына немесе оқитын жеріне хабарлау міндеті жүктелді.

Қоғамдық меншікке негізделген, тапсыз коммунистік қоғам құру жолына түскен Кеңестер Одағының қылмыстық кодексінде, мемлекеттік меншікті талан-таражыға салу және ұрлауға тағайындалатын жаза үкімі, адамның жеке басына жасалатын қылмыстардан жоғары тұрды. Сондықтан, мемлекет қадағалау мекемелері социалистік меншікті ұрлау мен иемденуге қарсы күрес шараларына ерекше маңыз берді. Ұрланған мүліктің құнына қарамастан аталған қылмыс бойынша ең төменгі жаза ретінде 5-7 жыл, кей жағдайда 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру мерзімі қолданылды.

Осыған қарамастан, социалистік мүлікті иемдену фактілері, әсіресе, Кентау қалалық «Ачпродснаб» жабдықтау мекемесіне қарасты сауда орындарында жиі кездесті. Тек, 1956 жылдың өзінде «Ачпродснаб» жабдықтау мекемесінің қызметкерлері 331 мың сомның тауарларын талан-таражыға ұшыратса, осы жылдың бір ғана қаңтар айында мұнда мемлекетке 78 мың сом материалдық шығын әкелген 10 қылмыстық оқиға тіркелді [254].

Мысалы, 1956 жылы 2-қаңтарда Кентау қаласындағы №12 дүкеннің сатушысы А. Таңсықовтың жұмысын тексерген, қалалық депутаттардан құралған арнайы комиссия, сауда дүкенінде 7,2 мың сомды құрайтын тауарлардың жетіспейтінін анықтады. 1956 жылдың 21-қаңтарында қалалық №11 дүкенді тексеру барысында, дүкен сатушысы Қ. Ақжанов 38 мың сомды құрайтын аяқ киім мен трикотаж бұйымдарын қолды қылғаны және осы дүкеннің ет сатушысы Ф. Минаев 4,5 мың сомды бас пайдасына жаратқаны белгілі болды. Аталған азаматтардың ісі қалалық прокуратура органдарының қарауына жіберіліп, қоластындағы қызметкерлерге бақылауды әлсіреткені үшін қалалық «Ачпродснаб» жабдықтау мекемесінің басшысы Т. Смольянкинге қатаң сөгіс берілді.

1957 жылы Баялдыр кентіндегі дүкен сатушысы М. Жұмақамбетов бақылау мен ревизияның жоқтығын пайдаланып, 30 мың сом ақшаны

жымқырған. Өз қылмысының ізін жасыру үшін, дүкенді әдейі өртеп жіберген. Қылмыстың салдарынан мемлекетке 75 мың сом шығын келген. Кентау қалалық №1 халық соты М. Жұмақанбетовты 8 жылға бас бостандығынан айыру жөнінде шешім шығарды. «Ачпродснаб» мекемесінің Хантағыдағы ет дүкенінің сатушысы И. Қадыров 6 сом 20 тиындық ешкі еті мен 8 сом 95 тиындық қой етін араластырып, бәрін қой еті деп сатқан. Сонымен бірге 11 сом 84 тиын болатын 1 сортты қой етін, көтеріңкі бағамен 16 сомнан сатып жүрген. Тұтынушыларды алдағаны үшін Кентау қалалық №1 халық соты И. Қадыровты 2 жылға соттады.

Мемлекеттік мүлікті заңсыз иемдену және жеке бас мүддесіне пайдалану фактілері өндіріс орындарында жиі орын алды. Мысалы, «Шахтақұрылыс» мекемесінің электр дәнекерлеушісі Б.А. Удовиченко жұмыс орнында ұрлық үстінде ұсталып, жалпы көлемі 445 сомның металл заттары тәркіленді. Кентау кен байыту фабрикасының слесары Н.П. Коваленконың ауласынан екі машинаға тиелген 418 сомның металл бұйымдары табылды. «Мырғалымсайсвинострой» тресінің инженері О. Сейітжанов жұмыс орнынан 6 темір бетонды плиталарды жымқырып, оларды жеке үй салушыларға 90 сомнан сатқан. Трансформатор зауытының диспетчері Р. Демина 17 кг сыр мен 26 кг лак ұрлап бара жатқан сәтінде қолға түсті. Аталған заңбұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылып, артық алынған қаржылар мемлекет есебіне өндіріліп алынды [255].

Мемлекет мүлкін ұрлау әрекеттері жасөспірім балалар арасында да байқалды. Өндірістік қала тұрғындарының еңбекке қабілетті жастағыларының барлығы жұмысбасты болғандықтан, балалар көп жағдайда ана-анасының бақылаусыз қалып қойды. Отбасылық тәрбиесі әлсіреген ортадан шығып, бақылаусыз қалған жасөспірімдер бірігіп келе, қалалық дүкендер желісінен азық-түлік өнімдерін, темекі мен спирттік ішімдіктерді ұрлаумен айналысты. Әсіресе, Кентау қаласында №81 өндірістік-техникалық училищенің оқушылары мен кешкі мектепте оқитын жастар арасында қылмыстық әрекеттер мен құқық бұзушылық жоғары болды. 1960 жылдың 6 айында кәмелетке толмағандар арасында тіркелген 16 құқық бұзушылықтың 11 аталған училищенің оқушыларына тиесілі болса, қалғаны кешкі мектепте оқитын жасөспірімдер екені анықталды [256]. Кейбір мектептерде үлгерімі нашар оқушыларды кешкі мектепке ауысуға ұсыныстар жасалып, нәтижесінде не өндірісте жұмыс істемейтін, не кешкі мектепте оқымайтын балалар ұсақ бұзақылық қылмыстарға жиі ұрынды.

Мәселен, кәмелеттік жасқа толмаған В. Дорохов, Н. Баранов, Ю. Павлиди сынды жасөспірімдер кешкі мектепке баруды қойып, бірнеше рет үйлерінен қашып кеткен. Олар бірлеске келе, жүйелі түрде қала дүкендерін тонаумен айналысқан. Алғашқыда олар автобекет маңында орналасқан дүңгіршектен темекі ұрласа, келесі жолы орталық алаң маңындағы дүкеннен екі қорап қойытылған сүт, бірнеше шөлмек спирттік өнімдерді жымқырған. Жасөспірімдер ұрлағап алған заттарын ешқайда сатпай өздері пайдаланып отырған. 1960 жылы 2-маусым күні күндізгі уақытта үшеуі бірлесіп отырып,

Ащысай полиметалл комбинатына қарасты техникалық жабдықтау қоймасынан 5 мың сомның тауарын ұрлап кеткен. Қалалық милиция қызметкерлері тарапынан ұйымдастырылған жедел іздестіру шараларының нәтижесінде жөсөспірімдер көп ұзамай-ақ қолға түсіп, әкімшілік жауапкершілікке тартылды [257].

Кеңес қоғамында жеке саудамен айналысушылармен қатаң күрес жүргізілді. Кеңестік кезеңде жеке саудамен айналысушылар халықтың күнделікті өмірінде жағымсыз мағынаға ие болып, алыпсатарлық алаяқтық мазмұндағы қылмыстық іс-әрекет ретінде бағаланды. Соған қарамастан алыпсатарлық іс-әрекеттер Кентау қаласы тұрғындарының арасында жиі кездесіп отырды. Олар халық көп тұтынатын өндіріс тауарларын, бағалы заттар мен азық-түлік өнімдерін арзан баға сатып алып, кейін үстеме бағамен қымбатқа сатып, пайда тауып отырды. Жеке кәсіппен айналысушылардың басым бөлігін арнайы мамандығы жоқ, қаладағы өндірістік мекемелерде біліктілігі төмен, айлығы аз қызметтерде істейтін немесе мүлде жұмыссыз тұрғындар құрады. Алыпсатар халықтың сұранысы жоғары өндірістік тауарлар мен азық-түлік өнімдерін таныс арқылы қала дүкендерінен, басқа қалалардан арнайы алып отырса, көкөністер мен бақша өнімдерін қала маңындағы ауылдық елді мекендерден әкелді. Әсіресе, жеке кәсіппен айналысушылардың ең көп шоғырланған жері орталық базар болды. Респонденттер өз естеліктерінде қарастырылып отырған кезеңде қала дүкендерінде тез таусылып кететін, халықтың сұранысы жоғары тауарларды орталық базардан сатып алуға болатынын айтады. Қатаң тиым салуларға қарамастан, қала тұрғындарының арасында алыпсатарлықпен айналысулар жиі кездесті. Мысалы, 1971 жылы Кентау қалалық ішкі істер басқармасы қарасты социалистік мүлікті талан-таражыға салушылармен күрес бөлімінің инспекторлары орталық базардан бірнеше алыпсатарларды ұстады [258]. Атап айтқанда, нан зауытының жұмысшысы Н. Жақсыбекова қала дүкендерінен әйелдердің көйлегін сатып алып, оны 10 сом үстемемен қымбатқа өткізіп жүрген. Балалар ауруханасының мейірбикесі К. Міршәріпова Ташкент қаласынан жас қыздардың сәнді киімдерін әкеліп, қымбат бағаға сатып отырған. Қаладағы 67-ші квартал тұрғыны, еш жерде жұмыс істемейтін С. Битанов «Экстра» арағын қала дүкендеріндегі кесімді бағадан 2 есе қымбат, яғни, 6 сомнан сатып жүрген жерінен қолға түсті.

Қала тұрғындары арасында жарты жылдан астам жұмыссыз жүрген еңбекке жарамды азаматтар, қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, арам тамақтық тұрмыс салтын ұстанушылар ретінде айыпталып, қала аумағындағы түрлі өндіріс орындарындағы қара жұмыстарға жіберіліп отырды. Мысалы, Кентау қалалық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің 1972 жылғы 14-шілдедегі №221 шешімімен төмендегідей азаматтар, қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, жеке кәсіптермен айналысқаны үшін, мәжбүрлі түрде өндіріс орындарында жұмысқа жіберілді:

1. Оразов Сақтаберген – 1940 жылы туылған. Қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, 6 айдан артық арамтамақтық тұрмыс салтын ұстанғаны үшін, Ащысай полиметалл комбинатына – жүк тасушы қызметіне;

2. Абдықадыров Абдіғани – 1942 жылы туылған. Қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, 6 айдан артық арамтамақтық тұрмыс салтын ұстанғаны үшін, «Мырғалымсайқорғасынкұрылыс» тресіне – тракторшы қызметіне;

3. Жук Александр – 1944 жылы туылған. Қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, 6 айдан артық арамтамақтық тұрмыс салтын ұстанғаны үшін, «Мырғалымсайқорғасынкұрылыс» тресіне – қара жұмысшы ретінде;

4. Максимова Мария – 1929 жылы туылған. Қоғамға пайдалы еңбектен бас тартып, 6 айдан артық арамтамақтық тұрмыс салтын ұстанғаны үшін, Кентау қалалық медицина бірлестігіне – бала күтуші қызметіне жіберілді [259].

1975 жылы Кентау қаласы бойынша қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін 212 адам ұсталып, ұсақ бұзақылығы үшін 228 адам жауапкершілікке тартылды. Қоғамдық тәртіпті сақтау және ұсақ бұзақылықтарды болдырмау үшін, Кентау қалалық ерікті жасақшылар ұйымы жұмыс істеді. Олардың саны жыл өткен сайын артып отырды. 1964 жылы Кентау қаласында жасақшылар саны 5124 адамды құраса, 1978 жылы олардың саны – 12785 адамға жетті [260].

Қоғамдық тәртіптің шырқын бұзғандар мен ұсақ бұзақылық қылмыс жасап жауапқа тартылғандардың басым көпшілігі спирттік ішімдік пайдалану салдарынан орын алды. Қарастырылып отырған кезеңде Кентау қаласы тұрғындарының арасында спирттік ішімдікті пайдаланушылар саны біршама жоғары болғаны байқалады. Оны мына ресми көрсеткіштен көруге болады: 1964 жылы қалалық медициналық айықтырғышға түскен азаматтардың саны - 880 адам болса, 1973 жылы – 1076 адам, 1981 жылы – 2173 адамды құрады [261]. Бейресми дерекке, яғни респонденттердің естелігіне сүйенсек, қала тұрғындарының басым көпшілігі спирттік ішімдікті тұрақты түрде қолданып келгенін байқаймыз. 1960-1970 жылдары Ащысайда еңбек еткен жұмысшылар өздерінің арасында кең тараған кейбір қызғылықты дәстүрлерді өз естеліктерінде келтірген еді. Осындай дәстүрлердің бірі халық арасында «Ащысайлық аперитив» деп аталып кеткен еді. Комбинат жұмысшыларының арасында болатын кез-келген мерекелік дастархан комбинат директоры болған В.И. Логинов келмей басталмаушы еді. Оның төбесі көрінгеннен барлығы дастарханға жайғаса бастайды. Тойды жүргізушілер 250 грамдық қырлы стакандарды дереу ішімдікке толтырады. В. Логиновтың бастауымен жиналғандар түгелдей стаканға құйылған ішімдікті қотарып ішіп қоюы тиіс болды. Жұрт тіске басарлардан ауыз тиіп жатқанда стакандар екінші қайтара толтырылады. Екінші стакандағы ішімдік тамшы қалдырылмай ішілген соң, дәстүр бойынша төңкеріліп қойылады. Осыдан кейін ғана той иесінің іс-шараны ресми түрде бастау туралы өтініші айтылады. Бұл кезеңде комбинатта спирттік ішімдік тұтынбайтын жұмысшылар некен-саяқ болатын. Денсаулық жағдайына немесе басқа түрлі себептерге байланысты спирттік ішімдік тұтынбайтын азаматтар комбинаттың директоры қатысатын мұндай той-жиындарға келмей, шеттеп жүруді жөн санайтын [81, 211 б.].

Әсіресе, спирттік ішімдікке салынған маскүнемдер қаладағы өндіріс орындары жұмысшыларының арасында кең тарады. Қалалық медициналық айықтырғыштың тұрақты келушілердің басым бөлігін, Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Мырғалымсай» және «Западный» кеніштерінің жұмысшылары құрады.

Спирттік ішімдікті пайдалану тек адам денсаулығына зиян келтіріп, қылмыстық әрекеттерге жол ашып қана қоймай, еңбек өнімділігі мен өндірістік жоспарлардың орындалу барысына да кері әсерін тигізді. Сондықтан қарастырылып отырған кезеңде маскүнемдікпен күрес шаралары өндіріс орындарында қарқынды жүргізілді. Әрбір кәсіпорында маскүнемдікпен және қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күрес жөнінде кеңестер құрылып, жолдастық соттар жұмыс істеді. Маскүнемдік салдарынан жұмысқа келмей қалған және медициналық айықтырғышқа түскен жұмысшылардың ісі, өзі қызмет істейтін мекемедегі жолдастық сотта қаралып, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қарсы 13 жалақыдан, сыйақыдан айыру, тұрғын үй кезегін соңына қарай жылжыту, еңбек демалысын қысқы мерзімге ауыстыру, еңбек кітапшасына сөгіс жазу т.б. жазалар қолданылды. Мысалы, 1979 жылдың алғашқы 6 айында Ащысай полиметалл комбинатының жолдастық соты мас күйінде қоғамдық тәртіпті бұзған 124 адамның ісін қарап, тиісті қорытынды шығармаған 36 азаматтың құжаттары қалалық халық сотының қарауына жіберілді. 1982 жылы Кентау қалалық №1 халық соты мас күйінде бұзақылық жасаған бір топ комбинат жұмысшыларының ісін қарады. Комбинатқа қарасты механика басқармасының бульдозершісі Ю. Карасавиди көршісінің үйіне ішіп келіп төбелес шығарған. Біраз уақыттан соң үйінен қосауыз мылтығын алып келіп, көршісінің терезесін көздеп алты рет оқ атқан. Аталған азамат осы қылмысы үшін 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресінің шофері Т. Жақыпбеков үйіне жиі ішіп келіп, отбасының шырқын бұзған, әйелін сабаған. Осылайша заң тәртібін бұзғаны үшін ол 45 тәулік мерзімге қамалды. Ал комбинаттың энергоцехында жұмыс істейтін Т. Жүнісов бауыры Талдыбекпен бірге А. Назарбековтың пәтерінде бұзақылық көрсетіп, үйдің терезелерін сындырған және төбелес шығарған. Осы бұзақылық әрекеттері үшін біріншісі 3 жыл 6 айға, екіншісі 2 жыл 6 айға сотталды [262].

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңде Кентау қаласы тұрғындарының арасында кең тараған спирттік ішімдікті пайдалануға және маскүнемдікке қарсы 3 ірі науқан ұйымдастырылды. Оның алғашқысы, 1958 жылы «Маскүнемдікпен күресті күшейту және спирттік ішімдіктерді сатуды тәртіпке келтіру» жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП Орталық Комитетінің қаулысын жүзеге асыру шараларын жүзеге асыру мақсатында қолға алынды [263]. Аталған қаулы бойынша, Кентау қаласында спирттік ішімдіктерді арнайы ет, балық, көкөніспен жеміс сататын, диеталық сүт өнімдерін сататын дүкендердерде, орталық «Гастроном» жүйесінде, сондай-ақ, буфеттер мен кафелерде сатуға тиым салынды. Сонымен қатар, өндіріс орындарына тиесілі қоғамдық тамақтану орындарында, автобекеттер мен теміржол вокзалы маңындағы сауда орындарында спирттік ішімдік сату тоқтатылды. Спирттік

ішімдік, қаладағы жалғыз «Космос» ресторанында ғана сатылып, оның өзінде тамақ пен тіскебасарға тапсырыс берілген жағдайда ғана әр бір келушіге 100 грамнан аспайтын мөлшерлеме енгізілді.

Кентау қаласында маскүнемдікке қарсы келесі үлкен науқаншылық 1970 жылдың басында өткізілді. 1972 жылдың 16-мамырында КСРО Министрлер Кеңесінің №361 «Алкоголизм мен маскүнемдікке қарсы шараларды күшейту туралы» қаулысы жарық көрді [264]. Қаулыда құрамында алкоголь мөлшері 30<sup>0</sup>-тан жоғары спирттік өнімдер өндіру көлемін шектеп, оның орнына шарап және сыра өнімдерін өндіру көлемін көбейту қажеттілігі айтылды. Осы қаулының негізінде, Кентау сыра зауытының өндірістік қуаттылығы артырылып, қаладағы қосымша шаруашылықта жүзім алқаптарының көлемін өсіру қолға алынды. Бұл науқанның басты ерекшелігі – маскүнемдікке салынған қала тұрғындарын мәжбүрлі түрде түзету мен емдеу мекемелеріне жіберу тәжірибесі енгізілді. Мысалы, 1979 жылы 30-қарашада Кентау қалалық халық соты «Глубокий» кенішінің жұмысшысы Н.И. Долинскийдің ісін қарады. 1948 жылы туылған, Кентау қаласы Тоқтаров көшесі-42 үй, 6-пәтердің тұрғыны Н.И. Долинский соңғы жылдары жүйелі түрде спирттік ішімдік пайдаланып, отбасының шырқын жиі бұзып, жұмысқа кешігуді, кейде келмей қалуды әдетке айналдырған. Жолдастық сотта қоғамдық тәртіпті бұзу дерегі бойынша бірнеше рет ескерту берілгенімен, тиісті нәтиже шығармаған. Кентау қалалық дәрігерлер комиссиясының қорытындысын негізге ала отырып, халық соты Н.И. Долинскийді маскүнемдіктен арылту үшін, 1 жылға Қызылорда қаласындағы еңбекпен емдеу профилакториясына жіберу жөнінде шешім қабылдады [265].

Кеңестік кезеңде қалада спирттік ішімдікті пайдалануға және маскүнемдікке қарсы ең соңғы тегеурінді науқан, «Горбачёвтік» деп аталып кеткен 1985-1987 жылдардың аралығында өткізілді [266]. Аталған алкогольге қарсылық науқан бойынша, қала дүкендерінде спирттік ішімдіктердің бағасы мемлекет тарапынан шарықтай өсіріліп, арақ-шарап сату көлемі сәйкесінше шектеуге ұшырады. Кентау қалалық «Ачпродснаб» мекемесіне қарасты арақ-шарап сататын арнайы дүкен, тек таңғы сағат 10<sup>00</sup>-ден кешкі 19<sup>00</sup> дейінгі аралықтағы жұмыс режиміне көшірілді. Кентау сыра зауытының өндірістік қуаты барынша төмендетіліп, қосымша шаруашылыққа қарасты жүзім алқаптары түгелімен жойылды. Алкогольдің адам денсаулығына зияндығын, отбасы шырқының бұзылуына, өндірістегі еңбек өнімділігіне, коммунистік құрылыс ісіне кері әсерін баяндайтын мақалалар жергілікті «Кентау правдасы» газеті беттерінде жиі жариялау қолға алынды. Спирттік ішімдік тұтынып, қолға түскен азаматтар жұмыстан және партия қатарынан шығару тәртібі қатаңданды. Қаладағы өндіріс орындарының кіре беріс жерлеріне және жатақхана алдындағы арнайы бұрышта, қалалық айықтырғышқа түскендердің әжуа түріндегі сатиралық суреттері іліп қою қолданысқа енгізілді.

Жалпы алғанда, алкоголь өнімдерін тұтынуға қарсы іс-шаралар қаншалықты қарқынды жүргізілгенімен, бәрібір аталған науқаншылық қала халқының арасында алкоголь өнімдерін пайдаланушылардың санын азайтуға



сеп болмады. Қала аумағында спирттік ішімдік пайдаланушылар саны жыл өткен сайын кемудің орнына, керісінше артып отырды.

Қорыта айтқанда, кеңестік кезеңде мемлекет мүлкін талан-таражыға салу мен бұзақылық қылмыстардың үлесі Кентау қаласында тіркелген барлық құқық бұзушылықтардың басым бөлігін құрады. Өндірістік шағын қалада бұзақылық пен түрлі қылмыстық іс-әрекеттердің көпшілігі спирттік ішімдікті тұтыну салдарынан туындайтыны анықталды.

## **4 КЕНТАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР**

### **4.1 Қала халқының күнделікті өміріндегі денсаулық сақтау мен білім беру жүйелерінің қызметі**

Халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды әлеуметтік мәселелердің қатарына – денсаулық сақтау жүйесі жатады. Қала тұрғындарының уақтылы, сапалы емделуін ұйымдастыру, жалпы денсаулық сақтау мекемелерінің қалыпты жұмыс істеуі – адам өмірінің сапасын анықтайтын басты көрсеткіштердің бірі болып табылады [267].

Кентау қаласы енді қалыптаса бастаған 1950 жылдары, тұрғындар үшін қажетті дәрігерлік көмек көрсететін мекемелердің жұмысы қанағаттанарлықсыз деңгейде болды. Мырғалымсай және Баялдыр кеніштерінің, кен-байыту фабрикасының іске қосылуы мен Кентаудың қала мәртебесіне ие болуы, халық санының күрт артуына алып келді. Ал қалаға қарасты емдеу мекемелері жедел өскен қала тұрғындарының сұранысын тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге мүмкіндігі жетпеді. Әсіресе, Кентау қаласынан шалғайдағы Ащысай, Хантағы жұмысшы елдімекендерінде орналасқан емдеу мекемелері кеншілерге жеткілікті дәрежеде қызмет көрсете алмады. Мысалы, 1955 жылы Кентау қаласына қарасты Ащысай жұмысшы кентінің медициналық мекемесіне қажетті 16 дәрігердің орнына 2 дәрігер ғана жұмыс істеді. Белгілі бір ауру түрін емдеуге маманданған дәрігерлер – стоматолог, хирург, невропатолог, терапевт т.б. мүлдем болмады.

1955 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша, Кентау қаласы мен оған қарасты елдімекендердегі халық саны 39,3 мың адамды құрады. Қала тұрғындарына дәрігерлік көмек көрсетуде – Ащысай полиметалл комбинатына қарасты №1 және №2 емхана, силикозды-туберкулез диспансері, тері-венерология емханасы, балаларға кеңес беру және жедел жәрдем мекемесі жұмыс істеді. Осы аталған медициналық мекемелерде – 40 дәрігер және 90 орта медициналық қызметкер еңбек етті [268].

1956 жылы Кентау қаласының емдеу мекемелерінің сыйымдылығы 550 орынды құрап, әрбір 1000 тұрғынына шаққанда 3,9 аурухана төсегінен келді. КСРО денсаулық сақтау Министрлігінің аурухана төсегі сыйымдылығының мөлшері бойынша, 1000 тұрғынға 8,6 аурухана орны болуы тиіс болатын. Бұл көрсеткіштен, аталған жылдардағы Кентау қаласының медициналық мекемелерінің жағдайы, жалпы одақтық деңгейден көп артта қалып қойғанын байқаймыз.

1956 жылы Кентау қалалық еңбекші депутаттарының Кеңесінің кезекті сессиясында «Қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің жай-күйі» мәселесі арнайы талқыланды. Кеңес сессиясында сөз алған қалалық санитарлық-эпидимиологиялық станциясының бас дәрігері А.К. Мусцевая өз баяндамасында: «Қала тұрғындарының арасында дизентерия, іш сүзегі, Боткин ауруы өршіп тұр. Мұның басты себебі, өндіріс орындарындағы және қаладағы емдеу мекемелері жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы мен ауру ошағының

дер кезінде анықталмауынан туындап отыр. Қаланың бірқатар аудандарының (Баялдыр, Хантағы, Ащысай) байырғы халқы ішуге жарамсыз, шахтадан келетін арық суын пайдалануға мәжбүр. Қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ететін «Ачпроснаб» мекемесінде тоңазытқыштар жүйесі орнатылмаған. Осыған байланысты азық-түліктер қоғамдық тамақтану орталықтарына бұзылған күйде жеткізіледі. Қала аумағындағы сауда орындарында санитарлық талаптар сақталмай келе жатқанын» атап өтті [269].

Осы сессияда жарыссөзге қатысқан Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. Пиченюк өз сөзінде: «Қаладағы денсаулық сақтау мекемелері бірінші кезекте, кеншілерге қызмет көрсетуі қажет. Комбинат жұмысшылары жылына екі рет алдын-ала медициналық тексеруден өтіп тұруы тиіс болатын. Алайда қазіргі күнде бұл талап орындалмауда. Дәрігерлеріміз әлі күнге дейін қала кеніштерінің силикозды қауіпті екендігін анықтай алмай жатыр. Сол себептен зияндылығы жоғары кәсіпорын ретінде комбинат жұмысшылары 6 сағат қана жұмыс істеуі керек екенін, Мәскеудегі басшылыққа дәлелдей алмай отырғанын» жеткізді [270].

Кентау қаласында адам денсаулығына зиянды, шаңдануы мен газдануы жоғары өндіріс орындары орналасқандықтан, жұмысшылардың кәсіби ауруы - силикоз, діріл ауруы, туберкулез т.б. ауыратын науқастардың саны көп болды. Силикоз ауруының бір ерекшелігі – науқастың диагнозы ерте анықталып, дер кезінде емдеу шараларын жүргізбесе, туберкулезге айналып кету қауіпі зор еді. Екіншіден, адам денсаулығына зиянды өндірістің ауыр жұмысында еңбек ететіндердің тиісті дәрежедегі құнарлы тамақтанбауы да, бейресми «кедейшілік ауруы» деп аталып кеткен туберкулездің өршуін туындатты. Сондықтан, Кентау қаласында алғашқылардың бірі болып, ұйымдастырылған медициналық мекеменің бірі – 1950 жылы ашылған силикозды-туберкулез диспансері болатын.

1955 жылы Кентау қаласы бойынша 1580 адам силикозды-туберкулез аурулары бойынша диспансерлік есепте тұрды [271]. Әсіресе, өндіріс орындарындағы туберкулез ауруының ең жоғары деңгейі, Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай және Хантағы кен байыту фабрикаларында тіркелді. Аталған кәсіпорындарда 100 адамға шаққанда туберкулез ауруына ұшырағандардың үлесі -2,8% құрады.

1960 жылы 29 қыркүйектегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №1017 «Тұрғындардың туберкулезбен ауруын ары қарай төмендету шаралары мен жағдайы туралы» қаулысы қабылданды [272]. Қаулы сәйкес, халықтың арасында туберкулезге шалдыққандарды дер кезінде анықтау үшін 2 жылдан кем емес мерзім ішінде бір рет рентгенді-флюорографиялық тексерістен өтіп тұруға, балалар мен 30 жасқа дейінгі жастарды міндетті түрде туберкулезге қарсы екпемен қамтамасыз етілуі тиіс болды. Кентау қаласының кәсіпорындардағы қарапайым еңбек адамдарына көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту үшін, тікелей өндіріс орындарында дәрігерлік жәрдем көрсету ісін ұйымдастыру қолға алынды. 1961 жылы Ащысай полиметалл комбинатында 5 цехтық медициналық қызмет көрсету бөлімшесі ашылып, одан

басқа әрбір кеніште фельдшерлік денсаулық пункттері ұйымдастырылды. Осы жылдан бастап, Ащысай полиметалл комбинатының жұмысшылары жылына екі рет, тұрақты медициналық тексеруден өтіп тұратын болды. Жұмысшылар жатақханасында тұратын туберкулездің ашық түріне шалдыққан азаматтарға кезексіз жеке үй беру мәселесі қолға алынды. Бұл шара бір жағынан, туберкулездің ашық түріне шалдыққандарды халықтан оқшаулай отырып, аурудың кең тарап кетуін болдырмау мақсатын көздеген еді.

Алғашқы жылдары Кентау қаласында баспана мәселесінің күрделілігінен отбасын қалдырып, жұмыс бабымен жалғыз өзі келген азаматтар мен әлі үйленбеген жастардың шоғырлануы, жыныстық жолмен таралатын аурулардың кең таралуына себепші болды. Сондықтан Кентау қаласында ең алғаш ашылған медициналық мекеме – 1949 жылы пайдалануға берілген тері-венерологиялық диспансері болды. Мысалы, 1958 жылдың алғашқы 4 айында қалалық жұқпалы тері-венерологиялық аурулары диспансерінде тіркеуге алынған өткір сөз (гонорея) аурумен ауыратындардың саны – 186 адамды, мерез (сифилис) ауруымен ауырғандар саны – 17 адамды, II деңгейдегі мерезбен ауырғандар саны – 5 адамды құрады [273]. Бұл тек ресми тіркелгендер жөніндегі мәлімет болғандықтан, сол жылдардағы жыныстық жолмен берілетін ауру жұқтырғандардың нақты санын дәл анықтау қиын еді.

Емдеу мекемелері жұмысының сапасын анықтайтын басты көрсеткіштердің бірі – ана мен бала денсаулығын сақтау екені белгілі. Кентау қаласында әйелдерді босандыратын перзентханалардың жағдайы да бастапқы жылдары сын көтермеді. 1960 жылға дейін қалада 40 орынға ғана лайықтап салынған әйелдерді босандыратын аурухана жұмыс істеді. Бұл әрине сол жылдары 40 мыңнан аса тұрғыны бар қала үшін мүлде жеткіліксіз болатын. Сондықтан, аталған медициналық мекеме шамадан тыс жүктемеде жұмыс істеуіне тура келді. Ауруханадағы орынның жеткіліксіздігінен әйелдердің үйде босануы да жиі кездесті. Мысалы, 1959 жылы – 158 әйел, 1960 жылы – 137 әйел үй жағдайында босанған [274].

Талап бойынша босануға дейінгі патронаж және жүктіліктің алғашқы 6 айына дейін медициналық мекемелерге тіркеуге тұру 80-90% құрауы тиіс болса, бұл көрсеткіш 1960 жылы Кентау қаласында небәрі 31,1% ғана құрады. Осыған байланысты, Кентау қаласында 1 жасқа толмаған сәбилер арасындағы өлім-жітім көрсеткіші жоғары болды. Әсіресе, 1 жасқа толмаған балалардың шетінеу көрсеткіші Ащысай жұмысшы кентінде өте жоғары болып, 1000 сәбиге шаққанда 163,5 шетінеу оқиғасы тіркелді. Үй жағдайында туылған сәбилер, көбінесе алғашқы айларда іріңдік асқынулардан туындайтын сепсис ауруынан шетінеп кетіп отырды [275].

1960 жылы Кентау қаласында 100 орындық жаңа перзентхана пайдалануға берілді. Заманауи медициналық құрылғыларымен жабдықталған жаңа перзентхананың іске қосылуы – әйелдердің үй жағдайында босануын азайтып, 1 жасқа толмаған сәбилердің арасындағы өлім-жітімнің бәсеңдеуіне өз септігін тигізді.

Жалпы алғанда, алғашқы жылдары Кентау қаласындағы балаларды емдеу мекемелерінің жағдайы көңіл көншітерлік деңгейде болмады. 1960 жылдың ортасына дейін қалалық емдеу мекемелерінде балалардың жекелеген аурулары бойынша тіс дәрігері, невропатолог, педиатр т.б. мамандардың жетіспеушілігі орын алды. Қала құрылған 1948 жылдан бастап өз жұмысын бастаған медициналық мекемелерде балаларды емдеуге тиісті жағдайлар жасалмағанын мына көрсеткіштен байқауға болады. Санитарлық талап бойынша медициналық емдеу мекемесіндегі орын саны әрбір балаға 6 м<sup>2</sup> көлемді құрауы тиіс болса, 1956 жылы бұл көрсеткіш Кентау қаласында 2,5 м<sup>2</sup> құрады. Қаладағы санитарлық-гигиеналық жағдайдың нашарлығынан 14 жасқа дейінгі балалар арасында дифтерия, іш сүзегі, көкжөтел, қызылша, қызамық т.б. инфекциялық аурулар эпидемиясы жиі орын алды. Мысалы, 1957 жылы Кентау қаласындағы балалар арасында дифтерия ауруына ұшыраған – 331 жағдай, қызылша ауруы бойынша – 725 жағдай, көкжөтел ауруы – 471 жағдай, қызамық ауруы – 192 жағдай, полиомелит ауруы – 5 жағдай, пневмония – 342 жағдай, іш ауруы бойынша – 203 жағдай тіркелді [276]. Яғни, осы жылдары Кентау қаласы балалар арасындағы кейбір жұқпалы аурулардың (дифтерия, көкжөтел, өткір ішек аурулары) таралу көрсеткіші жоғары болғаны байқалады.

Кентау қаласында жұқпалы инфекциялық аурулардың таралуы жөнінен одақтық және республикалық, тіпті облыстық орташа көрсеткіштен жоғары болды. Мысалы, 1970 жылы өткір ішек ауруы одақ бойынша 100 мың адамға шаққанда – 243 жағдай, республика бойынша – 206, Шымкент облысы бойынша – 282 болса, Кентау қаласында 464 жағдай тіркелді [277].

Әсіресе, жұқпалы инфекциялық аурулардың негізгі ошағы – қала құрамындағы жеткілікті деңгейде ауыз су және канализация жүйелерімен қамтамасыз етілмеген, көпшілігі қазақтар тұратын Хантағы және Ащысай кенттерінің аумағы болып саналды. Сонымен қатар, комбинатқа қарасты кен-байыту фабрикаларының қалдық сулары ағып өтетін Гаражной, Степной, Шахтерский, Горный, Кантагинский көшелерінің тұрғындарының арасында да жұқпалы инфекциялық аурулардың таралудың жоғары көрсеткіші байқалды.

1970 жылға дейін Кентау қаласының құрамына енбей қалған кеніштер маңындағы шеткі ауылдардың байырғы халқы ауыз су ретінде кеніш ұңғымаларында орнатылған қуатты су сорғыш қондырғыларының көмегімен сыртқа шығарылатын шахта суларын пайдаланып келген болатын. Ауыз су ретінде пайдаланылатын шахта сулары жолай арнайы тазалаудан өткізілгенімен, кейде түрлі металл қоспаларымен ластанған күйде жеткізілетін. Тұрғындардың осындай сапасыз ауыз суды тұтынуы жұқпалы инфекциялық аурулардың өршуіне де себепші болды.

1971 жылы жаңа бас жоспарының қабылдануына байланысты Кентау қаласының аумағы үш есеге жуық ұлғайып, кейбір шеткі аудандар қала құрамына енгізілді. Жаңа бас жоспарға сәйкес қала құрамына енгізілген аталған елді мекендерді аббаттандыру жұмыстары (су тораптарын тарту, канализация, жол салу т.б.) өнеркәсіп орындарының үлестік қатысуымен жедел қолға алына бастады. Осыған дейін түрлі инфекциялық эпидемиялардың ошағы болып

келген шеткі аудандарда аббаттандыру жұмыстарының жүргізілуі, қаланың санитарлық жағдайын жақсартып, жұқпалы аурулардың өршу көрсеткішін төмендетті. Осы жылдары Кентау қаласында инфекциялық аурулардың таралуын болдырмау үшін 18 жасқа дейінгі балаларға екпе егіп, алдын-ала иммундау шаралары қолға алынды. Жұқпалы аурулардың өршуіне жол бермеу мақсатында жүргізілген осындай белсенді профилактикалық шаралардың арқасында қаланың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы жақсарып, облыс көлемінде үздік нәтижелерге қол жеткізе бастады.

Оның дәлелі – 1978 жылы Алматы қаласында Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының қолдауымен, алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем бойынша өткізілген халықаралық конференцияның сәтті өтуіне бас дәрігер А.К. Құлмаханов бастаған бір топ кентаулық медицина қызметкерлері үлкен үлес қосты. Осы іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне белсенді атсалысқан кентаулық медицина қызметкерлерінің барлығы Қазақ КСР Денсаулық Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталып, қалалық атқару комитетінің төрағасы А.С. Сембековке министр Т.Ш. Шармановтың атынан Алғыс хат табыс етілді.

1984 жылы қала халқының денсаулық сақтау мекемелеріне деген сұранысын толық қанағаттандыру үшін жобалық сметалық құны 1,8 млн. сомды құрайтын 200 орындық орталық аурухана пайдалануға берілді [278]. Заманауи құрылғылармен жабдықталған орталық аурухананың бой көтеруі – қаладағы медицина саласының түйіткелді мәселелердің оң шешілуіне ықпал етті.

Қаладағы емдеу мекемелерін мемлекетпен бірге өнеркәсіп орындары да (Ащысай полиметалл комбинаты, Трансформатор, Экскаватор зауыттары) өз қамқорлығына алып, денсаулық сақтау саласының жұмысын жақсартуға жәрдемдесті және жаңа медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға қаржылай көмек қолын созды. Мысалы, Ащысай полиметалл комбинаты жаңадан бой көтерген орталық ауруханаға заманауи УЗИ қондырғыларын, флюорография аппараты орнатылған жылжымалы лабораторияны сатып әперді. Өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылар үшін жеңілдетілген жолдамалар арқылы денсаулықтарын сауықтыруға ерекше мән берілді. Ащысай полиметалл комбинатына қарасты емдеу-сауықтыру профилакториясында жылына 3 мыңға жуық адам демалып, тиісті медициналық ем-дом қабылдау мүмкіндігіне ие болды. Ащысай полиметалл комбинатының кәсіподақ ұйымы тарапынан шипалы су, таза ауасы бар демалыс орындарына, Сарыағаш, Манкент т.б. отандық шипажайларға тегін жолдамалар бөлінді. Ащысай полиметалл комбинатының көмегімен қала маңында туберкулезге шалдыққан балаларға арналған «Жансая» шипажайы ашылды. Өндіріс орындарының осындай әлеуметтік жауапкершілігінің арқасында қарастырылып отырған кезеңнің соңына қарай, Кентау қаласының денсаулық сақтау мекемелері сапалы дәрігерлік қызмет көрсетуге қол жеткізді.

*Білім беру жүйесі* – адамның тұлғалық құндылықтарын дамытатын және ой-санасы мен дүниетанымын қалыптастыратын басты әлеуметтік институт ретінде халықтың күнделікті өмірінде үлкен рөл атқарады. Оқу орындарының

тұтас жүйесі арқылы мамандарды даярлау, білім беру ошақтарының ауқымды, жүйелі жұмыс істеуі сияқты адамдардың интеллектуалдық дамуына жағдай жасайтын шаралардың барлығы қоғамның рухани деңгейін көрсететін маңызды факторлардың бірі.

Қарастырылып отырған кезеңде білім беру саласында қолға алынған жұмыстар тек өскелең жас ұрпақты ғана емес, жаппай сауатсыздықты жою шаралары арқылы ересек адамдардың да күнделікті өміріне үлкен ықпал етті. Соғыстан кейінгі жылдарда мемлекеттің білім беру саласында жүргізген осы реформалары арқылы коммунистік қоғам мен «жаңа кеңес адамын» қалыптастыру үдерістері қалай жүргізілгендігі, осы өзгерістердің қала тұрғындардың күнделікті өмірінде қалай көрініс тапқанын байқауға болады.

1956 жылдың 29-тамызында өткен Кентау қалалық еңбекші депутаттарының Кеңесі жиналысында кезек күттірмей, шешілуі тиіс маңызды мәселелер қатарында, білім беру саласын жақсарту шаралары да талқыланды. Қалалық білім бөлімінің бастығы Т. Романқұловтың баяндамасында «Оқушыларды толық қамтамасыз ету үшін қала мектептері 3 ауысымда, тіпті кейбір мектептер 4 ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Мысалы, 280 бала арналған Хантағыдағы Абай атындағы орта мектепте 900 оқушы 4 ауысымда оқып жатыр. Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайы сын көтермейді. Оқуға қажетті құрал-жабдықтар (парта, оқулықтар, тақта т.б) жетіспеушілігі орын алуда. КОКП XX съезінің шешіміне сәйкес, жалпы білім беретін кеңес мектептерінде политехникалық оқытуды жетілдіру міндеті қойылған болатын. Алайда, осы міндеттерді іске асыру үшін, сабақ беретін өндірістік темір шебері, электротехника мен жону ісі бойынша білікті мамандар жоқ. Сондай-ақ, қала мектептеріне бейнелеу өнері мен сызу, музыка пәндерінің мұғалімдері де жетіспейтіні» аталып өтілді [279].

Тығырықтан шығудың жолы ретінде, қаладағы өндірістік мекемелер арасында тығыздастыру жұмыстары жүргізіліп, босаған әкімшілік ғимараттарды мектепке бейімдеп, қайтадан күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары қолға алынды. Осы мақсатта, 1956 жылы әкімшілік ғимараттарды мектепке лайықтап, қайтадан күрделі жөндеуден өткізу үшін, қала бюджетінен 250 мың сом бөлінді. 1956 жылғы мәлімет бойынша, Кентау қаласында жалпы білім беретін 10 мектеп жұмыс істейді. Олардың ішінде 3 мектеп – қазақ тілінде, 7 мектеп – орыс және аралас тілде білім береді [280]. Қала мен оған қарасты жұмысшы кенттеріндегі осы 10 мектептің 4-уі – мектепке лайықталып жөнделген ғимараттарда орналасса, 6 мектеп – арнайы типтік негізде салынған. Қала мектептеріндегі білім алушылардың жалпы саны – 6190 оқушыны құрады. Жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде – 540 оқушы білім алып жатты. Ал, 1957 жылы Кентау қаласына жақын маңдағы елді мекендердегі ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін еңбекшілер мен малшылардың балаларын оқытатын алғашқы мектеп-интернат ашылды.

1958 жылы 24 желтоқсанда КСРО Жоғары Кеңесінің шешімімен «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халық ағарту жүйесін дамыту шаралары туралы» заң қабылданды [281]. Заң бойынша кеңестік білім беру

жүйесінің алдына өскелең ұрпақты еңбекке тәрбиелеу мен қоғам үшін қажетті байлықтарды өндіруге жұмылдыру міндеті қойылды және елде жалпыға бірдей сегізжылдық білім беру жүйесін енгізу көзделді. Осы қаулыға сәйкес, халықты жалпыға бірдей білім беру жүйесімен қамтамасыз ету үшін, қаладағы өнеркәсіп орындарында 19-49 жас аралығында жетіжылдық мектепті аяқтамаған немесе мүлде сауаты жоқ ересектерді есепке алу жүргізілді. Өйткені, жаңадан өркендеп келе жатқан жас қалаға арнайы шақырылған білікті мамандармен қатар, өндірістің қара жұмысына кәсіби мамандық алмағыны былай тұрсын, бастауыш білімі жоқ қарапайым адамдар да көптеп келген болатын. Тексеру барысында анықталғандай, қала бойынша орта мектепті аяқтамаған, бірақ, өнеркәсіпте еңбек ететін 2500 жуық жұмысшы бар екені белгілі болды. Бұдан өндірісте жұмыс істейтін әрбір бесінші жұмысшының екеуі 7-жылдық мектепті аяқтамаған немесе мүлде сауатсыз болғанын байқаймыз. Сондықтан жұмысшылардың өндірістен қол үзбей білім алуына жағдай жасау мақсатында, 1958 жылдан бастап Кентау қаласында жұмысшыларға арналған кешкі мектептер ұйымдастыру қолға алынды. Қаладағы өндіріс орындарында жетіжылдық білімі жоқ ересек жұмысшылар көп болғандықтан, кешкі мектептерде үшінші сыныптан бастап, барлық сыныптар ұйымдастырылды. Білім алушылардың жұмыс кестесіне байланысты, кешке жұмыс істейтіндер үшін сабақ күндізгі уақыттарда өткізілді.

Кешкі мектептердің жұмысы Кентау қалалық партия Кеңесінің жанынан құрылған арнайы комиссия тарапынан ұдайы тексеріліп тұрды. 1959 жылы қаладағы кешкі жұмысшы мектептерінің жұмысын тексерген осы комиссия, бірқатар кемшіліктер орын алғанын анықтады. Тексеру комиссиясының қорытынды хаттамасында: «Қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған 4 кешкі мектепте 800 жуық жұмысшы жастар білім алуда. Барлық кешкі мектептің білім алушылары білікті маман кадрлармен жеткілікті қамтамасыз етілгенімен, бірқатар кемшіліктер орын алуда. Білім алушылардың сабаққа қатысу өте төмен. 1958-1959 оқу жылының алғашқы жартысында 4 кешкі мектептен 129 адам оқуға бармай, тастап кеткен. Әсіресе, Хантағы және Ащысайдағы кешкі мектептерінде білім алушылардың 40% астамы сабаққа келмей қалады. 1959 жылы 800 оқушының 105 оқушысы үлгерімі нашарлар қатарында болды. Оқу кабинеттерінің жетіспеуі, кітапханалардың болмауы мен көрнекі құралдармен қамтамасыз етілмеуінің салдарынан кешкі мектептердің жұмысы ақсауда. Ащысай полиметалл комбинатының басшылығы, жұмысшы жастардың білім алу мәселесіне жеткілікті назар аудармай келеді. Кешкі мектепте оқитын білім алушылардың жұмыс күнін қысқартуды көздейтін, 1959 қарашадағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Өндірістен қол үзбей, кешкі мектептерде оқитын білім алушылардың жұмыс күнін қысқарту туралы» арнайы қаулысының талаптары бұзылып отырғаны [282]» айтылады.

Кентау қаласындағы барлық орта мектептердің алдына 1962-1963 оқу жылына дейін өндірістік еңбекпен ұштасқан 8 жылдық білім беру жүйесіне толық көшуі тиіс деген талап қойылды. Яғни, оқушылар 8 жылдық білімге ие бола отырып, қаладағы өндіріске қажетті белгілі бір мамандықты қоса меңгеріп



шығуы тиіс болды. Бірақ бұл міндеттерді жүзеге асыруда Кентау қаласындағы білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және қаржылық жағдайы жеткіліксіз болды. Сондықтан, қаладағы өнеркәсіп орындарына білім беру мекемелерін өз қамқорлығына алу міндеті жүктелді. Бұл шара бір жағынан, мектептердің оқу-материалдық және қаржылық әлеуетін арттыру үшін жасалса, екінші жағынан, білім беру мекемелерінің өндіріспен байланысын нығайтуға септігін тигізді. Қала мектептерінің түлектері қамқорлыққа алған өндіріс орындарына тікелей барып жұмыс істеу мүмкіншілігіне ие болды. Осы жүйе арқылы қаладағы білім беру мекемелері мен өндіріс орындарының арасында тығыз қарым-қатынас орнады. Өз кезегінде мектептер қала кәсіпорындарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету қызметін атқарды.

Мысалы, 1961-1962 оқу жылында Қазақстанның ХХХ жылдығы атындағы мектебінде (директоры А. Абаев), Экскаватор зауытының жұмысшыларға деген сұранысына орайластырып станокшы, электрші, электр-дәнекерлеуші, шофер, ағаш жонушы, темір ұстасы деген шеберханалар ұйымдастырылды. Аталған мектептің 10-11 сынып оқушылары өндірістік тәжірибеден өту үшін аптасына екі рет Экскаватор зауытында барып кәсіби дағдыларын шыңдауға мүмкіндік алды.

Қаладағы өнеркәсіп орындарын жұмысшылармен қамтамасыз ететін кәсіби-техникалық білім беру мекемелерінің төменгі буындарының бірі – фабрикалық-зауыттық оқыту (ФЗО) еді. Кеңестер Одағында аталған оқу орындары 1940 жылдан бастап, 1963 жылға дейін тұрақты түрде жұмыс істеді. 1963 жылы фабрикалық-зауыттық оқыту (ФЗО) жүйесі өзгеріске ұшырап, кәсіби-техникалық училищелер болып қайта құрылды. Осы жылдар аралығында ФЗО мектебі өндіріс орындарын қажетті қарапайым жұмысшылармен толықтырудың басты көзі болып саналды. Мысалы, Ащысай жұмысшы кентіндегі №2 ФЗО мектебінің түлектері 1960 жылдардың ортасына дейін, қаладағы өнеркәсіп орындары жұмысшыларының негізгі өзегін құраған болатын. ФЗО жүйесінің басты ерекшелігі – білім алушыларды белгілі бір жұмысшы мамандығын қысқа мерзім аралығында меңгертіп шығара алу мүмкіндігінде еді. Әдетте, ФЗО оқыту мерзімі 6 айды құрады және оған 16-18 жас аралығындағы қала тұрғындары қабылданды. Сонымен қатар, Кентау қаласында жергілікті тұрғындардың сұранысымен, техникалық бағытта білім беретін арнаулы орта оқу орындары ашыла бастады. 1963 жылы қала еңбекшілерінің сұранысымен Кентауда Шымкент политехникумының филиалы ұйымдастырылып, ол 1965 жылы дербес оқу орны ретінде, Кентау тау-кен металлургия техникумы болып қайта құрылды. Техникумда қаладағы өнеркәсіп орындарына қажетті мамандар даярлап шығаратын тау-кен ісі, электротехникалық және құрылыс факультеттері ашылды. Техникумдар түлектері арнайы жолдамамен 3 жыл көлемінде жергілікті және одақтың түрлі өңірлеріндегі өнеркәсіп орындарында жұмыс істеуге міндетті болды. Кентау тау-кен металлургия техникумы қаладағы өндіріс орындарын кәсіби мамандармен қамтамасыз ететін басты оқу орны ретінде, 1965 жылдан 1991

жылға дейін 7 мыңға жуық жұмысшы мамандығын меңгерген жастарды даярлап шығарды [283].

1972 жылы 20 маусымда КСРО Министрлер Кеңесінің №463 «Жалпы орта білім беруге көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектептерді одан әрі дамыту» туралы қаулысы жарық көрді [284]. Қаулы бойынша, 8 жылдық білім беретін орта мектептерді 10 жылдық білім беру жүйесіне көшіру қолға алынып, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту, жеке пәндерді тереңдетіп оқыту, мектептің жанынан ұзартылған күн топтарын ашу, т.б. шараларды іске асыру міндеті қойылды. Осы қаулы басшылыққа ала отырып, Кентау қаласында өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім берудің сапасын арттыру мақсатында бірқатар тындырымды тірліктер қолға алынды. Бұл жылдары Кентау қаласында мектеп жетіспеушілігі мәселесі толық шешілді. Қалада материалдық-техникалық базасы талапқа сай, екі ауысым бойынша білім беретін мектептер жүйесі қалыптасты. Сәйкесінше, оқушылардың білім сапасы артып, бірқатар қала мектептері жыл сайын облыс бойынша ең үздіктердің қатарынан табылып жатты. 1973 жылы Кентау қаласында мектеп бітірген 600 түлектің 380-дейі қала кәсіпорындарына жұмысқа алынды.

Ал 1974 жылғы мәлімет бойынша, қалада 22 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде, 2 кешкі ауысымдық мектеп, 1 сырттай оқытатын мектеп, 1 кәсіптік техникум, №81 кәсіби техникалық училище жұмыс істеді [285].

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін 17 мектептің жанынан 2550 баланы қамтыған 73 ұзартылған күн топтары ашылды. Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығайып, 1972-1973 оқу жылында қала мектептері толығымен кабинеттік білім беруге көшірілді. Осы оқу жылында білім деңгейінің төмендігіне байланысты келесі сыныпқа көшірілмей қалған оқушылар саны азайғаны байқалып, білім сапасының көрсеткіші 98% құрады.

1984 жылы 12-сәуірде КОКП Орталық Комитетінің «Жалпы білім беретін мектептерде жүргізілетін реформалардың басты бағыттары туралы» атты қаулы бойынша кеңестік кезеңдегі білім беру саласында ең соңғы реформа жүргізілді [286]. Аталған реформа жалпы білім беретін мектептерге оқытуды өндірістік еңбекпен ұштастыруды көздейтін кәсіби бағдарланған политехникалық білім және еңбек тәрбиесін түбегейлі күшейту міндетін жүктеді. Орта мектептерге 6 жастан бастап оқыту енгізіліп, 11 жылдық білім беру жүйесіне көшу басталды.

Бұл реформаның келесі бір міндеті – өскелең ұрпақты қоғамдық және ұжымдық негіздегі тәрбиелеуге барынша қолайлы жағдай жасау болды. Бұл ата-аналарды бала тәрбиесі міндетінен босатып, алаңсыз еңбек етуге жағдай жасаумен қатар, жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу үшін ең оңтайлы мүмкіндік деп есептелінді. Балалар алдымен, бөбекжайларда, балалар бақшасында, кейін мектепте және ұзартылған күн топтарында, жаздық демалыс уақытын пионер лагерлерінде өткізуі тиіс болды (Қосымша 3, сурет 32). Жас ұрпақтың тәрбиесі октябрыя және пионер ұйымдары арқылы коммунистік партияның толық ықпалына түсті. Мектеп түлектері жоғары оқу орындарында түскеннен кейін де комсомол ұйымдары арқылы, жұмысқа кіргенде

коммунистік еңбек ұжымы арқылы партияның үнемі бақылауында болды. Аталған реформа бойынша, жас ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап, өндірістік еңбекпен ұштасқан ересектік өмірге дайындауға баса назар аударылды. Балалар сабақтан тыс уақыттарында қоғамдық еңбекке тартылып, металл сынықтарын жинауға, совхоздың ауыл шаруашылық жұмыстарына көмектесуі тиіс болды. Мысалы, Кентау қаласының мектеп оқушылары жыл сайын мақта теру науқанына белсене қатысып, Мақтарал ауданы еңбекшілеріне көмекке барып тұрды.

Әсіресе, Кентау қаласында мектепке дейінгі мекемелерге деген тұрғындардың сұранысы өте жоғары болды. Алайда, қалада орналасқан мектепке дейінгі мекемелер, тұрғындарының сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндігі жетпеді. Халық санының жыл өткен сайын артуымен қатар, балалар бақшасына деген сұраныс та көбейе берді. Тіпті қарастырылып отырған кезеңнің соңында қарай, қала халқының арасында табиғи өсімнің артуына байланысты балалар бақшасының жетіспеушілігінен күрделі жағдай қалыптасты. Мысалы, 1985 жылы Кентау қаласында 7 жасқа дейін – 10015 бала болса, оның жартысына жуығы ғана мектепке дейінгі мекемелермен қамтылды. 1989 жылы балалар бақшасы кезегінде – 2160 бала тіркелсе, 1328 бала бөбекжайлар кезегінде есепте тұрды [287].

Жалпы алғанда, балалар бақшасы мен бөбекжайлар қаладағы өнеркәсіп орындарының балансында болды. Оның үстіне мектепке дейінгі мекемелердің барлығында тек орыс тілінде білім берілді. Бұл жағдай, баласын мектепке дейінгі мекемелерге беріп, өндірісте жұмыс істегісі келген қазақ әйелдеріне қолбайлау болды. Қорыта келгенде, Кентау қаласының білім беру жүйесінің өзіне тән басты ерекшелігі – кәсіптік бағыттаға мамандарды даярлауға бейімделуінде еді. Білім беру мекемелерінің басты қызметі, негізінен алғанда, қала аумағында орналасқан өнеркәсіп орындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталды.

#### **4.2 Қала тұрғындарының мәдени-тынығуы мен демалысы**

Қала тұрғындарының күнделікті өмірінде халықтың рухани дамуын қамтамасыз ететін мәдени-ағарту, тәрбие мекемелерінің, демалыс нысандарының тұрақты жұмыс істеуінің маңызды үлкен. Қарапайым адамдардың рухани сұранысына сай келетін мәдени-ағарту мекемелерінің тұтас жүйесін қалыптастырмай, халықтың әлеуметтік талаптарын толық қанағаттандыру қиын екендігі даусыз. Басым көпшілігі өндіріс орындарында жұмыс істейтін қарапайым қала тұрғындарының тиянақты демалысын ұйымдастыру және қолайлы жағдай жасау, рухани жан-дүниесінің тынығуымен қатар, жоғары өнімді еңбек көрсеткіштеріне жетудің қажетті алғышарттарының бірі.

Халықтың мәдени-тынығуы мен демалысы дұрыс жолға қойылмаған жерде, маскүнемдік, бұзақылық, нашақорлық, құмар ойындарына әуестену және т.б. қоғамға жат әдеттер бой көрсететіні белгілі. Әсіресе, халықтың өмір сүру дағдылары енді қалыптасып келе жатқан Кентау сияқты жаңадан бой

көтерген қалаларда, халықтың бос уақыты мен демалысын тиімді ұйымдастырмаудың зардаптары ауыр болары анық болатын. Мәдени-тынығуы дұрыс ұйымдастырылмаған, енді қалыптасып келе жатқан қалаларда белең алған жат әдеттер, уақыт өте келе халықтың күнделікті өмір сүру дағдысына айналып кетер еді. Тұрғындарының күнделікті өмір салтында мәдени мекемелерге бару және бос уақытын сонда өткізу дағдысы қалыптаспаған мұндай қалаларда, кейінірек мәдени нысандар қаншалықты көптеп салынғанымен, ондай мекемелердің қызметіне сұраныс аз болатыны белгілі жағдай болатын.

Қоғамға жат әдеттер, адамның денсаулығы мен отбасының бұзылуына себебші болуымен қатар, еңбек өнімділігіне де кері әсер етеді. Сондықтан, одақтағы маңызды әскери-стратегиялық кәсіпорны бар Кентау сияқты өнеркәсіптік қалада тұрғындардың мәдени-тынығуы мен демалысының дұрыс ұйымдастырылуына ерекше мән берілді. Сонымен бірге, мәдени-тынығу саласын жаңа қоғам талаптарына сай ұйымдастыру арқылы мемлекет тұрғындардың бойында коммунистік дүниетанымды, кеңес адамына тән эстетикалық талғам мен құндылықтарды сіңірту көзделді. Халықтың мәдени-тынығу әрекеті рекреациялық және тәрбиелік қызметтерімен қатар, толыққанды демалудың арқасында азаматтардың өнімді еңбек етуін қамтамасыз етуі тиіс болды. Халықтың еңбек етуі және тұрмысы ғана емес, жеке өмірі мен демалысын да толық бақылауға алуға тырысқан мемлекеттік билік жүйесі, оны өз мақсаттарына сай мазмұнда ұйымдастыруға әрекет жасады.

Қарастырылып отырған кезеңде, қала тұрғындарының мәдени-тынығуы мен демалысы – кітапханалар, клубтар, демалыс саябағы мен мәдениет үйі, коммунистік қоғам міндеттеріне байланысты қызыл бұрыштар арқылы ұйымдастырылды.

Кентау қаласының құрылысы басталған алғашқы жылдардың өзінде-ақ, әлеуметтік нысандармен қатар, бір мезгілде мәдени мекемелер мен демалыс орындарын салу да қолға алынды. 1950 жылы Ащысай полиметалл комбинатының жұмысшыларының күшімен, кейінгі уақытта кеншілердің сүйікті демалыс орнына айналған, аумағы 4,5 га құрайтын «Горняк» саябағы ашылды (Қосымша Ж, сурет Ж1).

1950-1959 жылдардың аралығында қалада жаңадан 12 мәдени мекеме салынды. Атап айтқанда, Кентау қаласы мен оған қарасты жұмысшы кенттерінде «Баялдыр», «Октябрьдің 40 жылдығы» мен «Строитель» клубтары, 300 орынға арналған «Дружба» кинотеатры, 500 орындық Лекторий, 4 демалыс саябағы, 12 кітапхана, білім беру орындары мен өндірістік цехтарда 22 қызыл бұрыштар - қала тұрғындарына мәдени-тынығушылық қызмет көрсетті [288].

Алғашқы жылдары Кентау қаласы тұрғындарының толыққанды демалысын ұйымдастыруға кедергі болған басты мәселелердің бірі – мәдени және ойын-сауық мекемелерінің қала аумағында біркелкі таралмауы еді. Мәдени-тынығу мекемелерінің жұмыстарындағы кемшіліктер жайында, қаладан 5-6 шақырым жердегі Баялдыр және Хантағы, 60 шақырым алыстағы Ащысай, 240 шақырым қашықтықта орналасқан Байжансай жұмысшы

кенттерінің тұрғындары жиі шағымданды. 1956 жылы Кентау қалалық еңбекші депутаттарының Кеңесіне қалаға қарасты Хантағы жұмысшы кенті тұрғындарынан арыз-шағымдар көптеп түсті. Хантағы елдімекенінің тұрғындары өз шағымдарында, кітапханалар жұмысындағы кемшіліктерді тізе отырып, күрделі жөндеуге байланысты клубтың қазіргі уақытта жабық тұрғанын, кинофильм және концерт көретін, қызықты дәрістер тыңдайтын мәдени мекемелердің жоқ екендігін баяндайды. Сонымен қатар, осы елдімекендерді Кентау қаласымен байланыстыратын қоғамдық көліктің жұмысы да дұрыс жолға қойылмағанын, әсіресе, қала орталығындағы мәдени мекемелерге барған тұрғындардың кешкі мезгілде үйлеріне қайтудың қиын болатыны айтылады. 1979 жылы Кентау қаласы тұрғындарының бос уақытын пайдалану көрсеткіштерін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте – 21 – 1979 жылы Кентау қаласы тұрғындарының бос уақытын пайдалану көрсеткіштері (бір аптадағы жұмсалатын сағат мөлшері)

Іс-әрекет түрі	Ерлер			Әйелдер			
	жұмысшы	басшы	ИТР	жұмысшы	Өндіріс емес сала	ИТР	Сауда
Білім	-	-	9,0	-	0,1	0,4	1,0
Қоғамдық жұмыс	0,9	0,4	-	1,2	2,4	0,8	-
Мәдени орындарға бару	0,1	1,1	0,6	-	0,1	1,4	-
Әңгіме	2,9	3,3	3,2	2,1	7,7	5,8	3,0
Спорт	0,8	1,3	0,1	-	0,2	1,1	-
Табиғатта демалыс	0,2	0,5	-	-	1,8	2,6	0,2
Хобби	0,3	1,4	-	1,4	1,8	4,7	2,0
Радио тыңдау	0,5	-	-	0,1	-	-	-
Телевизор көру	18,4	7,2	14,5	11,1	10,7	10,4	9,9
Кітап оқу	1,7	1,9	3,7	1,6	2,7	1,1	0,5
Газет-журнал қарау	3,3	2,4	1,5	1,8	1,4	2,4	
Серуендеу	2,1	2,0	2,0	0,9	1,4	1,7	1,3
Барлығы	33,3	36,6	36,6	28,7	32,0	33,1	23,3

Бастапқы жылдары қала халқының арасында кең таралған мәдени тынығу түрі – клубтан кинофильм тамашалау болды. Кинофильмдер алғашқы кезде қаладағы клубтар мен мәдениет үйінде көрсетілді. Кино көрсетілімінің алдында, көбінесе, қала кеншілерінің күн сайынғы социалистік міндеттерін орындау жолындағы жетістіктері мен қол жеткен табыстары, партияның шешімдері жөніндегі қысқаша хабарламалар жасалынды. 1956 жылдың ақпан айында Кентау қаласында ең алғашқы 330 орынға лайықталған «Дружба»кинотеатры ашылды. Сонымен қатар, қаладағы демалыс саябақтарында жылжымалы 4 жазғы кино зал жұмыс істеді. Алайда, осы жылдары 50 мыңға жуық халқы бар Кентау қаласы үшін бұл жеткіліксіз болды. Халықты кинотеатрлармен қамтудың ресми қабылданған нормасы бойынша, 1000 тұрғынға шаққанда 44 орыннан келуі тиіс болса, 1956 жылы Кентау қаласындағы көрсеткіш – 23 орынды құрады. 1961 жылдың сәуір айында қаланың 43-кварталындағы Ленин көшесінің бойынан тұңғыш кең экранды кинотеатр ашылды. Кентау қалалық еңбекші депутаттарының Кеңесі Атқару Комитетінің шешімімен, жаңадан ашылған 600 орындық кинотеатрға «Спутник» атауы берілді [289].

1962 жылдың 9 айында, «Спутник» кинотеатрында – 6034 киносеанс өткізіліп, келушілер саны – 775 мың адам, билет сатудан түскен табыс көлемі – 272,7 мың сомды құрады. Кинофильмдерді тамашалау үшін әрбір қала тұрғыны орташа алғанда 17 реттен келгені анықталды [290].

1965 жылдан бастап, «Спутник» кинотеатрында «КПСС тарихын оқып-үйренушілерге көмек» атты кинотуындыларды сараптайтын университет жұмыс істеді. «Бронды соғыс кемесі Потемкин», «20 жылдан соң», «1918 жылы Ленин», «Ульяновтардың жанұясы» т.б. фильмдер осы университеттің арнайы кинолекторларының сүйемелдеуімен көрсетілді. «Білім» қоғамымен бірлесе отырып, кинотеатрда аптасына бір рет «Біздің мақсатымыз – коммунизм» атты кинодәріс өткізіліп отырды. Жыл сайын оқушылардың жазғы демалысқа шығуына орайластырылып кинофестиваль ұйымдастырылды. Оқушыларға кинофильмдерді көрсетер алдында әрдайым қалалық комсомол ұйымының басшысы Л.В. Шпилянская және өзге де партия жетекшілері тарапынан саяси-ағартушылық тақырыптағы дәрістер оқылды (Қосымша Р).

Қарастырылып отырған кезеңде, кинофильмдер ресми мемлекеттік идеологияға сәйкес, азаматтардың саяси және моралдық жағынан тәрбиелеуші құрал қызметін атқарды. Қала кинотеатрларында идеологиялық сүзгіден өткізілген, коммунистік идеологиялық сарындағы отандық фильмдер көрсетілді. Көркем фильмдер жанры бойынша, көбінесе, жарқын болашақ үшін аянбай еңбек етуге үндейтін, отанды қорғауға және азаматтық борышқа адал болуға шақыратын, ескіліктің, өткен қоғамның сарқыншақтарын сынап, жаңа қоғамдық қатынастарды дәріптейтін көрсетілімдер болды. Қала клубтарында отандық фильмдер мен қатар, өзге де социалистік даму бағытындағы шет елдер мен Кеңестер Одағына достық қатынастағы мемлекеттерде түсірілген кинолар да көрсетіліп тұрды.

1967 жылдан бастап, Кентау қаласының тұрғындары алғаш Орталық телехабарлар тарату жүйесіне қосылуға мүмкіндік алды. Қала тұрғындары үшін кешкі мезгілде екі сағатқа қосылатын Орталық телехабардан көрсетілетін «КВН», «Голубой огонек» т.б. бағдарламалары халық сүйсініп көретін көрсетілімдерге айналды. Жұмыстан кейін шаршап келген қала тұрғындары, енді үйден шықпай-ақ, теледидардан сүйікті кинофильмі мен бағдарламасын көру арқылы көңіл сергітуге мүмкіндік алды. Уақыт өте келе, теледидарлардың жаппай қолданысқа енуі, қала халқының кинотеатрларға деген сұранысының бірте-бірте азаюына сеп болды.

Коммунистік идеяны насихаттаудың ең жарқын бұқаралық үлгілерінің бірі – жалпыхалықтық мерекелер мен қаланың орталық алаңында ұйымдастырылатын шерулер болды. Қалада ұйымдастырылатын көптеген идеологияланған коммунистік мазмұндағы мерекелік іс-шаралардың ішінде Ұлы Қазан Төңкерісі мен 1 Мамыр мейрамдары, Metallургтер күні ерекше тойланды [291]. Мысалы, Ұлы Қазан Төңкерісі мерекесі құрметіне жыл сайын өткізілетін шеру қаланың В. Ленин атындағы орталық алаңында, көбінесе, аптаның сенбі, жексенбі күніне сәйкестендіріліп ұйымдастырылды. Қала басшылығы мерекелік шеруді мүмкіндігінше салтанатты, барша тұрғындарды қамтыған кең көлемдегі бұқаралық сипатта өткізуге тырысты. Шеру болатын күні мемлекеттік жабдықтау жүйесіне қарасты дүкендердерде халыққа сатылатын күнделікті тұтынатын тапшы тауарлардың түрлері, асханаларда азық-түлік өнімдерінің сапалы ассортименти көбейтілді. Мұндай шерулер өзге де атаулы даталарға байланысты және партия көсемдерінің туған күндеріне байланысты тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Мерекелік шерулер жарқын коммунистік қоғамды құру жолында аянбай еңбек етуге үндейтін кезекті іс-шаралардың бірі ретінде қала халқының бұқаралық санасына идеологиялық ықпалы зор болды. Шеруде мінберден сөйлеген партия басшыларының сөздері партияны мадақтайтын және социалистік міндеттерді асыра орындауға үндейтін үгіт-насихаттық сипатта болды (Қосымша Л, сурет Л1, Л2).

Идеологиялық мазмұндағы мемлекеттік іс-шаралардан әбден мезі болған қала халқы демалыстарын өз беттерінше ұйымдастыруға тырысты. Қала тұрғындарының бейресми мәдени-тынығуының формалары – табиғат аясына демалу, қонаққа бару, спорттық жарыстарды тамашалау, ұлттық және діни мерекелерді бірлесіп тойлау т.б. арқылы іске асырылды. Бірақ, коммунистік-атеистік дүниетанымды орнықтыру жолында үкіметтік органдар қала халқының арасында кең тараған ұлттық салт-дәстүрлер мен діни жоралғылардың ықпалын барынша азайтуға күш салды. Осы мақсатта қаладағы әрбір мәдени мекеменің және өнеркәсіп орындарының ішінен «қызыл мүйіс» ұйымдастырылып, өндірісте ұжымдық оқулар өткізілді. Қала халқының арасында дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу міндеті – қалалық «Білім» қоғамының мойнына жүктелді. Кентау қалалық «Білім» қоғамы ресми түрде тұрғындардың мәдени қажеттіліктері мен рухани сұранысын қанағаттанырумен айналысады деп айтылғанымен, шын мәнінде социалистік құрылыс жетістіктерін жан-жақты дәріштеп, тұрғындардың коммунистік дүниетанымын қалыптастырумен тікелей

айналысатын партияның үгіт-насихат органы болды. Әсіресе, «Білім» қоғамының атеистік бағыттағы іс-шаралары әдетте Ораза және Құрбан айт тұсында, сондай-ақ, «Пасха» сынды діни мерекелер қарсаңында қызу жүргізілді. Діннің зияндылығын насихаттайтын дәрістер мен семинарлар ұйымдастырылып, жергілікті «Кентау правдасы» газетінің бетінде – «Дін – бұл апиын», «Сектанттармен белсенді күрес жүргізейік», «Ораза ұстаудың еңбек адамының денсаулығына зияны» т.б. айдармен мақалалар басылды [292, р.28]. Діни және ұлттық мейрамдарға қарсы балама ретінде советтік мерекелер (1 Мамыр, Ұлы Қазан Революциясы күні, Металлургтер мерекесі) мен азаматтық рәсімдер (комсомол тойы, кеңес паспортын алу, жұмысшы қатарына салтанатты қабылдау т.б.) ұйымдастырылды.

Қала халқының мәдени-тынығуы мен демалысын ұйымдастыруда клубтар да маңызды рөл атқарды. Клубтар ведомствалық бағыныштылығы бойынша, қаладағы өнеркәсіп орындарының кәсіподақтарына тиесілі болды. Қарастырылып отырған кезеңде клубтар кеңес қоғамы мәдениетінің ажырамас бөлігі бола отырып, жұмысшылардың озат тәжірибесі мен ғылыми-техниканың жетістіктерін насихаттайтын, тәрбиелік-ағартушылық және бұқаралық саяси жұмыстарды жүргізетін басты идеологиялық орталыққа айналды. Клубтарда ұйымдастырылатын тәрбиелік және бұқаралық саяси жұмыстар бірнеше бағыттар бойынша жүргізілді. Қала тұрғындары клубтарға кинофильмдер көруге, жастар жағы мереке күндері қойылатын би кештеріне қатысу үшін келіп тұрды. Әсіресе, қала халқы саяси-идеологиялық және ағартушылық іс-шаралар кезінде клубтарда жиі бас қосты. Қалалық партия комитетінің басшылығы мен инженер-техникалық қызметкерлердің көмегімен баяндамалар мен дәрістер ұйымдастырылды. Айтулы даталарға және партия көсемдерінің туған күндеріне орай тақырыптық кештер өткізілді.

Кентау қаласында – «Дружба», «Строитель», «Октябрьдің 40 жылдығы», «Ащысай», «Байжансай», «Геологиялық кен барлаушылар», «Баялдыр», «Түркістан таулы темір жолшылар» атты 8 кәсіподақ клубтары жұмыс істеді. Аталған клубтардың ішіндегі ең көрнектісі және халықтың жиі баратын мәдени орталығы – Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Дружба» клубы болды.

1966 жылы «Дружба» клубында саяси-идеологиялық тақырыпта 12 баяндама оқылып, өндірістік-техникалық 14 іс-шара және атаулы күндерге байланысты 18 тақырыптық кеш өткізілді. Осы іс-шаралардың нәтижесінде 300 мың көрерменге мәдени қызмет көрсетілді [293]. Сонымен қатар, «Дружба» клубында қала халқының салт-дәстүріне жаңадан енгізілген рәсімдер – отау құрып жатқан жастардың некесін қию, азаматтық паспорт тапсыру, комсомол және партия қатарына қабылдау, күміс той т.б. салтанатты жағдайда ұйымдастыру жолға қойылды.

1967 жылы, Кентау қаласындағы өнеркәсіп орындары екі күндік демалысы бар, бескүндік жұмыс күніне көшуіне байланысты, жұмысшылардың мәдени – тынығуын жаңа жағдайға бейімдеп, жақсарту шаралары жүргізілді. Осы мақсатта, 1968 жылы, Ащысай полиметалл комбинаты өз жұмысшыларына арнап, Сырдария өзені және «Құмкөл» көлінің жағалауынан балықшылар мен



аңшылар үйін тұрғызды. Сонымен қатар, Ащысай кеншілері үшін, Созақ ауданындағы «Қызылкөл» көлінің маңында демалыс аймағы салынды. Күшата өзенінің бойынан шомылу бассейні ашылып, «Шаршенкөл» көлінің маңы туристік нысанға сәйкестендіріліп, қайтадан абаттандырылды. Кеншілердің балалары жазғы каникул кезінде дем алатын Балабүргем су қоймасының жанынан «Орленок» т.б. демалыс орталықтары салынды.

Кеншілер қаласын тек әкімшілік, өндіріс орталығы ғана емес, ірі мәдени орталыққа айналдыру мақсатында, 1960 жылы Мәдениет сарайының құрылысын жүргізу қолға алынды. Алайда, қаржы көлемінің «қалдық» жүйесі бойынша бөлінуі мен архитектуралық жоспарының жиі өзгеруіне байланысты Мәдениет сарайының құрылысы ұзақ жылдарға созылды. Мәдениет сарайының құрылысы арада 17 жыл өткен соң ғана аяқталып, 1977 жылы пайдалануға берілді.

Қарастырылып отырған кезеңде, қала тұрғындарының бос уақытында жиі келіп тынығатын мәдени орталықтардың бірі – демалыс саябақтары болды. Демалыс саябақтарында жазғы мезгілінде балалар атракциондары, би алаңы және кинозалдар, субұрқақтар жұмыс істейді. Әсіресе, қала тұрғындарының арасында «Горняк» саябағы ерекше әйгілі болды. Респонденттер өз естеліктерінде, жаз мезгілінде аталған демалысы саябағына келушілердің көптігі соншалықты, кейде бос орындықтар болмайтын деп еске алады. Кентау қаласына келген кезінде «Горняков» саябағында болған жазушы М. Әуезов: «Саябақ патша сарайының айналасындай көркем, скамьялары мен орнатылған гүлсатар ларектары да әдемі. Ең әдемі нәрсе – саябақтың қолдан өсірілген гүлдермен безендірілуі. Маңынан өте берсең хош иісін аңқытады. Мұнда асханалар да жақсы, фонтандары да көп» деп саябақ көркіне тамсанып кеткен еді [115, 185 б.].

Қала тұрғындарының рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруда ерекше мәнге ие болған мәдени-ағарту мекемесі – кітапханалар болды. Қарастырылып отырған жылдары қала халқының кітап оқуға деген ынтасы өте жоғары болғандығы байқалды. 1950 жылдары қалада 12 кітапхана бар болса, 1980 жылы 192507 кітап қоры бар 45 кітапхана, 3 кітап сататын арнайы дүкендер жұмыс істеді. Алайда, кітаптардың басым көпшілігі марстік-лениндік теорияны түсіндіретін, коммунистік құрылыстың артықшылықтарын насихаттау бағытында жазылған еңбектер болды. Сонымен қатар, кітаптардың көпшілігі орыс тілінде болғандықтан, қазақ тіліндегі еңбектер тапшы болды. Мәселен, 1989 жылы 305498 дана кітаптың 39499 данасы, яғни 12,9% ғана қазақ тіліндегі кітаптар болды. Кейде, қазақ тілінде кітап сұраған оқырмандарға кітапхана қызметкерлері, өзбек тіліндегі кітаптарды берген жағдайлар да кездесті [294].

Қорытындылай келгенде, қала тұрғындарының арасында жүргізілген мәдени-тынығу жұмыстарының идеологиялық сипаты басым болды. Қаладағы мәдени-тынығу мекемелерінің жұмысы – коммунистік жарқын болашақ үшін тынбай еңбек ететін, атеистік дүниетанымдағы «жаңа кеңес адамын» қалыптастыру ісіне бағытталды. Идеологиялық бір сарынды мәдени-тынығу шараларынан мезі болған қала тұрғындары демалысын өз беттерінше өткізуге

талпынды. Тұрғындардың дәстүрлі емес мәдени-тынығуы – спорттық жарыстарға бару, табиғат аясында демалу, қонаққа бару, діни және ұлттық мерекелерді бірлесіп тойлау арқылы іске асырылды.

Сонымен бірге, Кентау қаласы тұрғындарының қажеттілігін қанағаттандыратын мәдени-тынығу мекемелерінің жұмысын қаржыландыру ісі «бюджеттік қалдық» жүйесі бойынша іске асырылды. Бұл жүйе бойынша, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсалатын бюджеттік қаржының ең соңында қалған «қалдығы» ғана тұрғындардың мәдени-тынығуын қамтамасыз ететін мекемелердің жұмысына бөлінді. Осыған қарамастан, Мырғалымсай кентінің орнында 1948 жылдан бастап бой көтерген өнеркәсіптік Кентау қаласы – тек әкімшілік, өндіріс орталығы ғана емес, оңтүстік өңірдегі ірі мәдени орталыққа айналды.

#### **4.3 «Біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясаты және оның қала тұрғындардың ұлттық бірегейлігіне тигізген әсері**

Қазіргі таңда өткенімізді жаңа әдіснама мен тұжырымдар арқылы қайта қорытып, ұлт мұратына негізделген отан тарихының шынайы бейнесін қалпына келтіру ісі өте өзекті болып отыр. Әсіресе, Қазақстанның өндірістік қалаларында кеңестік кезеңде жүргізілген ұлт саясатының мәні мен салдарлары, отандық тарихнамада әлі күнге дейін толыққанды зерттеліп, объективті бағасын алмаған, ақтандақ мәселелердің бірі. Кеңестер Одағы деп аталатын тоталитарлық алып мемлекет ыдырағанға дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерінде, Қазақстанды өнеркәсіптік жағынан жаңғыртудың кеңестік үлгісі идеологиялық ұстанымдарға байланысты асыра дәріптеліп, тек жағымды жағынан ғана сипатталды. Одақ құрамындағы халықтарды тарихи тамырынан ажырату және олардың ұлттық бірегейлігінен айыруға бағытталған кеңестік жымсықы саясаттың қалалар мен өндіріс орындарында қарқынды жүргізілгені соңғы жылдарға дейін айтылмай келді. Еліміздің егемендік алуының нәтижесінде орын алған түбірлі өзгерістер - отан тарихының кеңестік кезеңіндегі осындай ақтандақ тұстарын ұлттық ұстаным негізінде қайта жазуға мүмкіндік беріп отыр.

Кеңестік жаңғырту әдістерінің келеңсіз салдарлары жөнінде ҚР бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Кеңестік жаңғырту әдістері экономикада волонтаристік, қарапайым адамдардың өмірінде зорлықшылдық сипатта жүргізілді, ал оның салдарынан қазақ халқы өз жерінде азшылдыққа ұшырады. Қазақ жері «бұрын жан аяғы баспаған жапан тұз» «иесіз жатқан меңіреу дала» деген сияқты барып тұрған тоңмойын топастық ұрандардың салдарынан сол кезде Қазақстанға келген жүздеген жас азаматтар билікші жүйенің «сендер ізашарсындар, тұңғыш түреншісіндер» деп миларына сіңіре берген насихатына сеніп, қазақтарға менсінбей, мұрнын шүйіре қарады. Бірақ, ақыры қайырлы болып, уақыт бәрін өз орнына қойды. Алайда, ұлттың тарихына, зейін-зердесі мен бауыр басқан жеріне зорлықпен жасалған тоталитарлық тәжірибелерді ешуақытта естен шығаруға болмайды» - деп әділ бағасын берген еді [2, 248 б.].

Біз өз зерттеуімізде академик М. Қойгелдиевтің тұжырымын басшылыққа ала отырып, ұлттық бірегейлік (лат. *identitas*) түсінігін – жеке тұлғаның өзін мәдени-тарихи және рухани құндылықтарының ортақтығымен ерекшелінетін белгілі бір қауымның (этнос) немесе әлеуметтік топтың мүшесі екенін сезінуі ретінде қарастырамыз [295, б б.].

Кеңестер Одағында жаңа қалалардың салынуы жаңа өмірдің бастауы ретінде кеңінен насихатталып, осындай қалаларда бұрынғы мәдени және ұлттық стереотиптерден арылған коммунистік рухтағы «кеңес адамы» тұруы тиіс деген ұран көтерілді. Сондықтан салынып жатқан өнеркәсіптік орындары мен оның маңындағы қалаларды екпінді комсомол құрылысы деп жариялаған кеңес үкіметі, осы өңірлерде «жаңа кеңес адамын» қалыптастыру мақсатына қызу кірісті.

Соғыстан кейінгі жылдардан бастап, болашақ Кентау қаласы мен ондағы өндіріс орындары ел көлемінде екпінді комсомол құрылысына айналып, қоғамдық шақыртулар негізінде Кеңестер Одағының әр түкпірінен түрлі ұлт өкілдері ағылып келе бастады. Жаңадан бой көтеріп келе жатқан Кентау қаласына түрлі ұлт өкілдерін шоғырландыру және оларды осы жерлерде тұрақты түрде қалдыру, басқарушы биліктің басты көздеген мақсаты болды. Әсіресе, кеңес үкіметі қалаға славян тектес ұлттардың көптеп келуіне мүдделілік танытып, оның ішінде орыс ұлтының негізінде біртұтас «кеңес халқын» қалыптастырамыз деген жымсық саясат ұстанды. Кеңестік кезеңде Кентау қаласында жергілікті қазақ халқының үлесінің 40% аспауын, осы саясаттың жемісі деп қарауымызға болады. Осыған байланысты, жұмыс іздеп әр аймақтан жинақталған орыс ұлтының өкілдерін Кентау қаласында тұрақтап қалдыру мақсатында, орыс тілінде білім беретін мектептерді көптеп ашу қолға алынды. Мәселен, 1956 жылы Кентау қаласында материалдық-техникалық базасы талапқа сай, тұңғыш типтік негізде ашылған Б. Алтынсарин атындағы №1 орта мектеп – аралас тілде білім беретін мектеп болып ашылды. Жалпы алғанда, кеңестік кезеңде Кентау қаласы мен оған қарасты жұмысшы кенттерінде жалпы саны 20 орта мектеп жұмыс істесе, соның 5 ғана қазақ тілінде болатын. Оның өзінде аталған қазақ тіліндегі мектептер қаланың орталығында емес, жергілікті ұлт өкілдері көп шоғырланған Хантағы, Баялдыр, Ащысай кенттерінде орналасты.

1960 жылдардан бастап Кеңестер Одағында «біртұтас кеңес халқы» қалыптастыру саясаты кең етек жая бастады. Әсіресе, 1961 жылы КОКП XXII съезінде қабылданған бағдарламадан кейін бұл үдерістің қарқыны тіптен күшейе түсті. Аталған бағдарламада Кеңестер Одағында ұлт мәселесі түпкілікті шешілген мәселе екендігі айтылып, ұлы орыс ұлтының арқасында барлық одақтас республикалардың халқы озық үлгідегі өнеркәсіп жүйесін, түрі ұлттық, мазмұны жағынан социалистік мәдениетін құра алды деп мәлімденді [296].

Аталған бағдарламаға сәйкес, Кеңестер Одағының құрамындағы жеке ұлттар «біртұтас кеңес халқы» болып өз қалауларымен бірігу процесі барысында, олардың төл тарихы, тілі, мәдениеті мен салт-дәстүрі өткен кезеңнің сарқыншақтары ретінде бірте-бірте жойылуы тиіс деп есептелінді. Аға

халық ретінде орыс ұлтының интернационалды қамқорлығының арқасында Кеңестер Одағында ұлт мәселесі толықтай шешіліп, пролетарлық интернационализм негізінде ұлттардың өзара кірігуі нәтижесінде халықтың біртұтастығы орнайды деп насихатталды. Қарастырылып отырған жылдары өндірістік қалаларда ерекше қарқынмен жүргізілген осындай «біртұтас кеңес халқы» деп аталатын ұлт саясаттың түпкі мән-мағынасы жөнінде еліміздің Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Назарбаев: «Кеңес халқының арасында «аға халық» ретінде орыстардың ерекше орны бар деген аңыздар шынтуайтына келгенде ұлттық сезім мен ұлттық сананы езіп-жаншудың талай жылға созылған жымысқы саясатын бүркемелеп тұратын бет перде ғана болатын [297, 27 б.]» деп орынды жазған еді.

Кеңестер Одағында Лениндік ұлт саясаты бойынша, барлығы ұлттар мен ұлыстар тең құқықты деп жарияланды. Алайда, оның шынайы өмірде іске асырылуында алшақтық орын алды. Оның нақты көрінісі мен кеңестік ұлт саясатының келеңсіз салдарлары Кентау қаласындағы өндіріс орындарында ерекше байқалды. Қала тұзуші басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатында бастапқы кезеңдерден бастап, инженер-техниктерден құралған басшылық құрамы сырттан әкелінген мамандардан жасақталды. Сырттан келгендердің басым көпшілігі жергілікті халықтың мәдениетін білуге ұмтылмақ түгіл, оларға екінші сортты халық ретінде шекеден қарау үдерісі белең алды. Осының салдарынан сырттан келгендерден құралған, әкімшіл-әміршіл аппарат рухында тәрбиеленген комбинат басшылығы жергілікті кадрларды шеттетіп, жергілікті ұлт өкілдеріне сенімсіздік танытты.

Өндірістегі басшылық қызметтерге жергілікті ұлт өкілдерін жолатпау саясаты, 1950-1960 жылдары бүкіл республикадағы ірі өнеркәсіп орындарына тән ортақ жағдай еді. Бұл жөнінде белгілі тарихшы ғалым М. Қозыбаев: «Өндірісті дамыту мен басқару ісі тек сырттан келген кадрларға байланысты болды да, жергілікті мамандарға жауапты қызметтер сеніп тапсырылмады. Оларға шаруашылықтың кәсіподақ ұйымын басқару, өндірісте мастер болудан өзге қызмет тимеді. Осындай кадр саясатындағы өрескел қателіктер Қазақстанның өнеркәсіп саласында ұзақ жылдар үстем болып келді. Жігерлігімен, іскерлігімен көзге түскен бірқатар жергілікті мамандар кәсіпорын басшылығынан қолдау таппай, жұмысы ақсап жатқан шеткі кеніштерге жіберілді» [298, 302 б.].

Соғысқа дейінгі жылдары Ащысай полиметалл комбинатында жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан жоғарғы білімі бар, білікті мамандар аз болғанымен, 1950-ші жылдың ортасынан бастап, өндірісте инженерлік-техникалық мамандықтарды оқып келген жоғары білімді қазақ жастарының саны көбейе бастады. Алайда, жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан мамандарға біліктілігіне сай қызмет ұсынылмағандықтан, төмен деңгейдегі қара жұмыстарды атқаруға мәжбүр болды. Сырттан келген еуропалық ұлт өкілдерінің көпшілігінің жоғары білімі жоқ, практиктер болса да, өндірісте тез өсіп, жауапты басшылық жұмыстарға тағайындалып жатты. Комбинатта жұмысшы санын қысқарту мен

оңтайландыру шаралары тек жергілікті қазақ ұлтының есебінен жүргізілгенін респонденттер өз естеліктерінде көптеп келтіреді.

1965 жылы кадр мәселесіндегі осындай озбырлық пен кемсітушілікке шыдамаған қазақ ұлтынан шыққан бір топ инженер-техник қызметкерлер, Ащысай полиметалл комбинатында лениндік ұлт саясатының өрескел бұрмалануына қарсы бас көтерді. Бұл соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның бүкіл өндіріс орындарында жүргізілген орталықтың озбыр саясатын одақ көлемінде әшкерелеп, әйгілеген алғашқы наразылықтардың бірі еді. Наразылықты ұйымдастырушылар ұлт намысы жолында өз құқықтарын қорғаудың ең тиімді тәсілі ретінде жоғары басшылыққа шағым хат жазу қажет деп тапты.

Ащысай полиметалл комбинаты одақ көлеміндегі қорғаныстық маңыздағы ірі кәсіпорын болғандықтан, ол мемлекеттік қауіпсіздік органдары мен жергілікті партия басшылығының жіті бақылауында болатын. Сондықтан, шағым хатты жазу құпия жағдайда іске асырылды және оны дайындау жұмысы бірнеше айға созылды. Жұмысты тиянақты жүргізу үшін құпия топ құрылып, жетекшілері сайланды. Осы істі ұйымдастырып, соңына дейін жетуіне ұйытқы болған құпия топ жетекшілері – А. Айменов, А. Жарымбетов, Қ. Қожабеков сынды азаматтар болды. Топ мүшелері апта сайын жұмыс барысын талқылау үшін жасырын түрде бас қосып отырды. Комбинаттағы кадр саясатына наразы құпия топ мүшелерінің саны да күн өткен сайын молая түсті. Араға біраз уақыт салып, комбинат мұрағатынан құпия түрде алынған соңғы 10 жыл көлеміндегі мәліметтер негізінде, жергілікті ұлт өкілдерінің кемсітушілікке ұшыраған фактілер толық көрсетілген қазақ тіліндегі шағым хат жазылып бітті. Енді қазақ тіліндегі шағым хаттың мәтіні көпшілікке, әсіресе басшыларға түсінікті болуы үшін орыс тіліне аудару қажеттілігі туындады. Шағым хатты жазуға және оны қазақ тілінен орыс тіліне аударуға көмектескен, кейін ауысым шеберінен Ащысай полиметалл комбинатының директорлығына дейін көтерілген М.Ж. Битимбаев, былай деп еске алады: «Ануарбек Айменовпен «Западный» кенішінде бірге жұмыс істеп жүргенде таныстық. Бірде ол ақылдасатын шаруа бар еді деп, мені өз пәтеріне шақырды. Барсам, мұнда менен өзге 20 шақты комбинаттың тәжірибелі инженер-техник қызметкерлері жиналған екен. Жиылысқа қатысушылар бірінен кейін бірі сөз алып, комбинат басшыларының жергілікті ұлт өкілдеріне жасап отырған қысастығын баяндай бастады. Комбинатта жұмыс істейтін 10 мыңға жуық жұмысшының жартысынан астамы қазақтар болғанымен, жауапты қызметтегі басшылық құрамында бірде-бір қазақ жоқ екені айтылды. Комбинат басшылығының жергілікті қазақтардың мүддесімен санаспай, өз білгенін істеп, белден басып отырғаны әңгіме болды. Бұл жағдайды өзімде байқап, іштей түйсініп жүрген болатынмын. Кеңес соңында жиналғандар маған ұсыныс жасап, қазақ тілінде жазылған шағым хатты орыс тіліне аударып беруімді өтінді. Мен қазақ тілі мен орыс тілін бірдей жетік білетінмін. Сондықтан, өтініштен бас тартпай, шағым хатты орыс тіліне аударып бердім» (Қосымша II).

Шағым хатқа жергілікті ұлт өкілдерінен 43 инженер-техник қызметкер қол қойды. Шағым хатты жоғары басшылыққа жеткізу және осы жолдағы қиындықтар жөнінде, осы істің бас-қасында жүрген Ә. Бегимбетов былай деп еске алған еді: «Біз шағым хатты Қазақстан КП Орталық Комитетіне алып бармас бұрын, бұл жөнінде Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ж. Тәшеновпен ақылдасуды жөн санадық. Ол кісінің солтүстіктегі бес облысты Ресейге беруге қарсы шыққаны үшін Н.С. Хрущевтің қырына ілініп, Шымкентке «жер аударылып» келгеніне көп уақыт бола қоймаған кезі еді. Жүрегі қазақ деп соққан осы ұлтжанды азаматпен кеңесу үшін А. Айменов бастаған бірнеше адам Шымкентке жол тартып, оның қабылдауында болды. Ж. Тәшеновке барған азаматтар шағым хатты көрсетіп, комбинат басшыларының жергілікті ұлт өкілдеріне жасап отырған озбырлықтарын тізбелеп айтып шығады. Олардың сөздерін асықпай тыңдап, мән-жайға толық қаныққаннан кейін Ж. Тәшенов біздің қолға алған ісіміздің оң екеніне қолдау білдіріп, хатты Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың өз қолына тікелей табыстаған жөн деп кеңес берді. Содан ақылдаса келе, шағым хатты жоғары жаққа жеткізу міндетін құпия топ жетекшілері - А. Айменов, А. Жарымбетов, Қ. Қожабеков сынды жігіттерге жүктеуді ұйғардық. Жергілікті ұлт өкілдерінің аманатын арқалаған азаматтар 1965 жылы тамыз айында құпия түрде Кентаудан Алматыға аттанды. Олар ретін тауып, көмекшісі арқылы Д.А. Қонаевқа тікелей жолығып, өз қолдарымен шағым хатты сәтті тапсырып қайтты. Қоштасарда Д.А. Қонаев, оларға шағым хатта баяндалған жайттар анықталмаса, өздері қатаң шара көрілетінін ескерткен екен» [299, 6 б.].

Шағым хат табысталғаннан соң, іле-шала жазылған фактілердің дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін, Кентау қаласына Д.А. Қонаевтің тікелей тапсыруымен Қазақстан КП ОК хатшысы А.С. Колебаев бастаған арнайы комиссия келеді. Тексеріс қорытындысында комбинаттағы кадр даярлау ісінде, оның ішінде байырғы ұлт өкілдерінен шыққан мамандарды тәрбиелеу мен өсіруде өрескел қателіктерге жол берілгені және хатта көрсетілген барлық деректер түгелімен расталды. Атап айтқанда, арнайы комиссия мүшелері комбинат және оған қарасты мекемелердің басшыларының ( И.Г. Тараканов, И.Ш. Коган, М.Ф. Федоров, В.В. Матусевич, В.П. Спиваков, А.А. Кузнецов және т.б.) кадрларды іріктеуде өзін білермендікке салынып, тамыр-таныстыққа жол бергенін анықтады. Хатта көрсетілгеніндей, комбинат басшылары арнайы білімі жоқ, жұмысқа мас болып келетін, пара талап еткіш, жұмыс орнында әйел зорлап еңбек тәртібіне жат қылықтармен көзге түскен өздеріне жақын жүрген мамандарды (А.Т. Королев, М. Волков, Л.П. Чурбанов, Н.Д. Лившиц, А.К. Полоконцев т.б.) басшылық қызметтерге жоғарылатып, қазақ ұлтынан шыққан білікті мамандарды әдейі назардан тыс қалдырып келген. Әсіресе, комбинатқа қазақ ұлтынан шыққан қыздар мен әйелдерді жұмысқа қабылдауды тіпті қиындатып жіберген. Кейбір жекелеген басшылар (В. Матусевич, М. Федоров) қазақ мектебін бітіріп келген қыздардан орыс тілін жетік меңгергенін анықтау үшін, емтихан ұйымдастырып, сынақтан сүрінгендерді және сыртқы келбеті ұнамағандарды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан. Бұл жөнінде шағым хатта

төмендегідей мәліметтер келтіріледі: «Мырғалымсай кеніші мен кен байыту фабрикасында жұмыс істейтін 235 әйелдің 6 ғана қазақ, Западный кенішіндегі 48 әйелдің арасында бірде-бір қазақ азаматшасы жоқ. Кәсіпорында қазақ қыздарын өндіріске тарту ісі нашар жолға қойылған. Қаладағы мектепке дейінгі мекемелердің жұмысы, тек орыс тілінде жүргізілетіндіктен, қазақ тілді балаларды қабылдаудан бас тартады. Бұл жағдай, өндірісте жұмыс істегісі келетін қазақ әйелдеріне қол байлау болып отыр. Комбинатта ұйымдастырылған оқу-өндірістік курстар тек орыс тілінде жүргізілетіндіктен, қазақ ұлтынан шыққан жұмысшылардың біліктілігін көтеруге мүмкіндігі болмауы себепті, жалақысы мен біліктілігі төмен жұмыстарды атқаруға мәжбүр» [300, 15 б.].

1965 жылы 18-қыркүйекте Шымкент қаласында облыстық партия комитетінің «О письме группы инженерно-технических работников комбината «Ачполиметалл» в Президиум ЦК КП Казахстана о серьезных недостатках в подборе, расстановке, выдвижении и воспитании кадров на комбинате» атты арнайы талқылау жиналысы ұйымдастырылды [301]. Талқылаудың нәтижесінде, кадр саясатындағы олқылықтарға жол бергені үшін, Кентау қалалық партия комитетінің бірқатар лауазымды тұлғалары қатаң ескерту алып, комбинат директоры И.Г. Тараканов қызметінен босатылды.

Алайда, жергілікті ұлт өкілдерінің мерейін өсіріп, рухын көтерген бұл оқиға оң шешілгенімен, осы жолда жан аямай күрескен тұлғалардың соңына тиісті жазасын алған комбинат басшылары шам алып түсті. Қарсы топтың түрлі қитұрқы астыртын әрекеттерінің нәтижесінде ұлтшыл, ұжым ішінде іріткі салушы деп айыпталып, қуғынға түскен А. Айменов, соңында Кентау қаласындағы өндіріс орындарынан кетуге мәжбүр болды. Қай жұмысқа барса да, ұлтшыл деген айып алдынан шығып, істеген еңбегі еленбеген абзал тұлға ішқұсалыққа ұшырап, ақыры жүрегі кенеттен тоқтап қайтыс болады. А. Айменовпен бірге осы наразылыққа жетекшілік жасаған Қ. Қожабековты жұмбақ жағдайда өз пәтерінде бұзақылар өлтіріп кетті. Бірақ, аталған азаматтардың жанқиярлық еңбегі із-түзсіз кетпеді. Осы жағдайдан соң, жоғары басшылық жергілікті ұлт өкілдерінің мүддесімен санаспауға болмайтынын түсінді. Ащысай полиметалл комбинатында орын алған осы оқиға, Қазақстанның басқа қалаларында орналасқан өнеркәсіп орындарына да сабақ болып, өндірістегі жергілікті ұлт өкілдерінің жағдайына баса назар аударыла бастады. Ал, Ащысай полиметалл комбинатында осы жағдайдан кейін қазақ ұлтынан шыққан білікті мамандардың қызметтік сатымен жоғары өрлеуіне жол ашылып, кейбір азаматтар комбинат директоры лауазымына дейін көтерілді [302].

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігінен айыруға бағытталған кеңестік ұлт саясаты мұнан кейінгі жылдары бір сәтке де толастаған емес. 1970-ші жылдары орыстандыру үдерісі ерекше қарқын алып, Кентау қаласында ықпалды түрде жүргізіле бастады. Кентау қаласында орыс тілінде білім беретін мектептер мен балалар бақшасының саны көбейіп, өндіріс орындарындағы басшылық қызметтерге орталықтан жіберілген мамандар ағылып келіп жатты. Жергілікті

телерадио хабарлар мен мерзімді басылымдардың орыс тіліндегі тиражы да уақыт өткен сайын артқан үстіне арта түсті. Мысалы, 1974 жылы қаладағы жергілікті жалғыз «Кентау правдасы» газетінің қазақ тіліндегі нұсқасы 2300 мың данамен жарық көрсе, ал орыс тіліндегі нұсқасы 7800 мың дана болып басылды. «Кентау правдасы» газетінің орыс тіліндегі тиражын көбейту халықтар достығының көрінісі деген зиянды тұжырым қалыптасты. Жергілікті басылым беттерінде қаладағы барлық жетістіктерді коммунистік партия және Қазан революциясы жеңісімен байланыстыру, оны жөн-жосықсыз асыра дәріптеу дәстүрі қалыптасты. Қоғамдық пікір саласында патшалық кезеңде Ащысайдың жер асты қазба байлықтары аяусыз тоналғаны ашық айтылса, кеңестік кезеңде де осы саясат жалғасып, аймақтың тек шикізат көзі ретінде дамытылып келе жатқаны жасырын түрде әдейі айтылмады.

1979 жылы мамыр айының 22-24 күндері Ташкент қаласында «Орыс тілі – КСРО халықтарының ынтымақтастығы мен достығының тілі» деп аталатын Бүкілодақтық ғылыми – теориялық конференциясы ұйымдастырылды [303]. Конференция жұмысы КОКП ОК Бас хатшысы Л. Брежнев тарапынан жіберілген құттықтау сөзімен ашылып, онда коммунизмді құру мен жаңа кеңес адамын қалыптастыру ісінде орыс тілінің маңызының зор екендігі баса айтылды. Конференцияға қатысу үшін одақтың түкпір-түкпірінен жиналған партия қызметкерлері мен тілтанушы мамандардың барлығы да орыс тілін кең өріс алуын қолдай келе, соңында ұлттық республикаларда оның рөлін барынша күшейтіп, жан-жақты дамыту жөніндегі резолюцияны бірауыздан қабылдады.

Одақ құрамындағы ұлттық мектептерде орыс тілінің өрісін кеңейту мақсатын Кентау қаласының білім беру мекемелері де қызу қолдады. Кентау қалалық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің пленумында білім берудің жай-күйі талқыланып, жауапты тұлғаларға орыс тілін дамытуға байланысты бірқатар міндеттер жүктелді. Пленумның қорытынды хаттамасы бойынша: «кеңестік білім беру жүйесіне қойылып отырған жаңа талап бойынша, қала мектептерінде орыс тілін оқытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Алайда, бұл мәселені жүзеге асыруда бірқатар кемшіліктерге жол берілуде. Әсіресе, бастауыш қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту қанағатанарлықсыз деңгейде. Қазақ мектептерінің оқушыларының орыс тілін меңгеруіне үлкен тежеу болып отырған жағдай - кадрлар құрамының әлсіздігі. Пушкин атындағы №6 орта мектептің мұғалімдері - Аманжолов А., Тойлыбаев М., Қалкөзов Қ. т.б. өздері орыс тілін жетік меңгермегендіктен, орыс тілі сабағына қазақ тілін араластырып жүргізуге мәжбүр. Сондықтан мектептерде тез арада орыс тіліндегі әдебиеттер қоры толықтырылсын. Орыс тілінде түрлі кештер конференциялар ұйымдастырылып, диафильмдер мен радиохабарлар тыңдалсын. Саяси тәрбиелік жұмыстарды кеңінен өрістетіп жүргізу арқылы, қазақ тілді оқушылардың орыс тілін меңгеруге деген құлшынысы мен ынтасын ояту жолға қойылсын. Қалалық білім бөлімінің басшылары қалада жаңадан ашылатын мектептерді, енді тек орыс-қазақ аралас мектептері ретінде ұйымдастыру тапсырылсын» деген қаулы қабылданды [304]. Қаулыға сәйкес, қазақ тіліндегі қала мектептерінде орыс тілінің сағаты мен оқыту сапасы



күшейтілді. Партия басшылығы лениндік ұлт саясатын берік ұстана отырып, жергілікті ұлт өкілдерінің тілі мен мәдениетінің дамуына барынша жағдай жасап отырмыз деп көлгірсігенімен, шын мәнінде қаладағы білім беру мекемелерінде орыс тілінің өрісін кеңейту саясаты қарқынды жүргізілді. Қаладағы балалар бақшасы мен бөбекжайлар 100% орыс тілінде жұмыс істеді. Қазақ мектептеріне қарағанда Кентау қаласында орыс тіліндегі аралас мектептердің материалдық-техникалық базасы мен білікті кадрлармен қамтамасыз етілуі жоғары болып, сәйкесінше оқыту сапасы жақсартылды. Сонымен қатар, қаладағы орта арнаулы кәсіптік білім мекемелерінде сабақ өтілу барысы мен өндіріс орындарында тәжірибелік курстарының жүргізілуі түгелдей орыс тілінде болды. Қаладағы кәсіптік оқу орындарына түсу кезінде және оны бітірген соң іс жүргізілуі толығымен орыс тіліндегі өнеркәсіп орындарына жұмысқа тұру барысында қиындықтарға тап болатынын түсінген ата-аналар, өз балаларын аралас мектептерге беруге мәжбүр болды. Лениндік ұлт саясатының жемісі деп бүркемеленіп, Кентау қаласында қарқынды жүргізілген орыстандыру саясаты кейінгі жылдары өз жемісін берді. 1989 жылы қалада өткізілген бүкілодақтық халық санағы нәтижесінде, қала халқының ішінде орыс тілін еркін меңгергендердің үлесі 71,4% құрап, ал күнделікті тұрмыста пайдаланатын қарым-қатынас тілі деп орыс тілін атап көрсетті.

1991 жылы 17-мамырда КСРО көлемінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Референдумда «Тең құқықты мемлекеттер одағы ретінде КСРО-ны сақтап қалуды қалайсыз ба?» деген жалғыз сұрақ талқылауға ұсынылды. Кентау қаласының халқы да осы шарада ерекше белсенділік танытты. Аталған референдумға қала тұрғындардың 85% қатысып, оның 92% астамы Кеңестер Одағын сақтап қалуды жақтап дауыс берді [305]. Бұл сол кезде жалпы республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып тіркелді.

Жалпы алғанда, қайта құру жылдарынан бастау алған жариялық және қоғам өмірін демократияландыру қадамдары, қазақ халқының үзіліп бара жатқан ұлттық тамырына қайта оралып, ұлттық бірегейлігін қалпына келтіруге бағытталған шараларға жол ашты. 1988 жылдан бастап Кентау қаласындағы «Одуванчик», «Айгүл», «Гүлдер» балалар бақшасында тұңғыш рет қазақ тіліндегі топтар ашылды. 1989 жылы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының мұрындық болуымен Ленин атындағы орталық алаңда тұңғыш «Наурыз» мерекесі тойланып, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінен көріністер көрсетілді. Қазақ халқына жат қаладағы көше атаулары жаппай өзгертіле бастады. Кентау қаласында кеңестік кезеңде байырғы ұлт өкілдерінің тілі мен дініне, салт-дәстүрі мен ұлттық санасынан айыруға бағытталған жымсықы саясат қаншалықты тегеурінді жүргізілгенімен, жергілікті халық өзінің ұлттық бірегейлігінен бүтіндей қол үзіп қалмай, болмыс-бітімін сақтап қала алды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмысымызда күнделікті өмір әдіснамасына сүйене отырып, қойнауы қазынаға толы, қасиетті қарт Қаратаудың өнеркәсіптік тұрғыдан игерілуі, осының негізінде Кентау қаласының дамып, өсіп-өркендеуі және тәуелсіздік жылдарына дейінгі шежірелі тарихы ой елегінен өткізілді. Кентау қаласының мысалында кеңестік модернизация құбылысының жай жапсары және моноқалалардың салынуының тарихи алғышарттары жаңа көзқарас тұрғысынан ғылыми зерделенді. Автор тарапынан бұрын жарияланбаған ауқымды архив деректері мен сол кезеңнің замандастарының естеліктері ғылыми айналымға енгізілді. Осы деректерді басшылыққа ала отырып, қаланың инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетінің қалыптасуы, этнодемографиялық даму ерекшеліктері, күнделікті өмірінің көлеңкелі жақтары, тұрғылықты халқының тұрмысы, отбасылық жеке өмірі, тұрғын үймен және жұмыспен қамтылуы, білім және денсаулық сақтау, мәдени-тынығуы, сондай-ақ, өндірістік шағын қалада жүргізілген кеңестік ұлт саясатының мәні мен салдарлары зерттелініп, бірқатар ғылыми тұжырымдар жасалынды.

1. Қаратау өңірінің полиметалл кеніне, оның ішінде қорғасын мен мырышқа бай екендігі ерте замандардан белгілі болатын. Алайда, бұл өңірдің белсенді игерілуі кеңестік кезеңнен басталды. Әсіресе, Ащысай полиметалл комбинатының маңызы соғыс жылдары артып, майдан шебін қорғасынмен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды. Соғыстың қиын-қыстау кезеңінде Қ.И. Сәтбаевтің басшылығымен жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Мырғалымсай өңірінің полиметалл кеніне аса бай, өндірісті дамыту мүмкіндіктері зор екені анықталды. Сондықтан соғыстан кейін іле-шала елдің әскери-қорғаныс кешенін нығайтуға кіріскен Кеңес үкіметі – Мырғалымсай кеніші мен осы аттас кен байыту фабрикасын салу арқылы Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын ұлғайту жөнінде шешімге келді. Бұл аймаққа өнеркәсіп орындарын орналастыруда Кеңес үкіметі бірнеше мақсаттарды көздеді. Біріншісі, шикізатқа аса бай аймақтың өндірістік қуатын толық пайдалану болса, екіншіден, өндіргіш күштерді ұтымды орналастырамыз деген желеумен тұтас қазақтар шоғырланған қиыр оңтүстікке түрлі ұлт өкілдерін жаппай қоныстандыру арқылы біртұтас кеңес халқын құру тәжірибесін тездету мақсаты жүзеге асырылды. Ащысай полиметалл комбинатының өндірістік қуатын дамыту шараларымен бірге, осы кәсіпорын жұмысшылары өмір сүретін Кентау қаласының құрылысы да бастау алды.

2. Өркениетті елдерде қала құрылысының дамуы эволюциялық жолмен, біртіндеп баяу жүретін әлеуметтік үдеріс болса, өндірістік мақсаттарға орай Кентау қаласының құрылысы жеделдете салынды. Себебі, жалынды комсомолдық ұрандар мен қоғамдық шақыртулардың жетегінде жақсы тұрмысты аңсап, қалаға одақтың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан халықты тұрғын үймен, әлеуметтік-мәдени мекемелермен тез арада қамту керек болды. Қалада тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың жетіспеуі өткір сипат

алды. Алайда, өндіріс орындарымен бір мезгілде Кентау қаласының құрылысын жүргізуге аймақтың демографиялық әлеуеті жетпеді. Сондықтан, Кентау қаласы мен ондағы кәсіпорындарды салуға еріктілермен қатар, соғыс тұтқындары (неміс, жапон) және жер аударылған халықтардың (грек, татар, шешен-ингуш, корей т.б.) мәжбүрлі еңбегі кеңінен қолданылды. Осыған байланысты сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылып келген халықтар – Кентау қаласының алғашқы тұрғындарын құрады.

3. Қаладағы тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени нысандардың құрылысы, Кентаудың 1955 жылы қала мәртебесіне ие болуынан кейінгі уақытта, яғни Хрущевтік «жылымық» жылдары ерекше қарқын алды. КОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.С. Хрущевтің бастамасымен қолға алынып, бүкіл Кеңестер Одағы көлемінде өріс алған халықты тұрғын үймен қамту науқаны, енді бой көтеріп келе жатқан Кентау қаласының құрылысына тың серпін берді. Кентау қаласында тұрғын үй құрылысын дамытудың бесжылдық жоспары қабылданды. Қала көлемінде тұрғын үйлерді барынша арзандатып және тез салу үшін, құрылыстың көлемі мен көркемдік безендірілуі мүмкіндігі барынша азайтылды. «Хрущевтік» тұрғын үй науқанының нәтижесінде көптеген қала тұрғындары тұңғыш рет жеке отбасыларға арналған баспаналарға ие болды. Бұл кезеңде салынған тұрғын үйлер, бөлмелерінің барынша тар болуымен, архитектуралық безендіруінің жұтаңдығымен ерекшеленді. Соған қарамастан, осыған дейін тұруға жарамсыз, тозығы жеткен жеркепелер мен ортақ коммуналды тұрғын үйлерде өмір сүріп келген қала тұрғындары үшін мұндай баспанаға қол жеткізу зор қуаныш болатын. Халықтың жеке отбасыларға арналған, коммуналдық тораптармен қамтамасыз етілген шағын пәтерлерге көшуі, олардың күнделікті өміріне оң ықпал етті. Қала тұрғындарының тұтынушылық сұранысы артып, үйге қажетті жиһаздар мен жабдықтарды көптеп сатып ала бастады. Бірақ, қала тұрғындардың тұтынушылық өскелең қажеттілігі толық қанағаттандыру мүмкін болмады. Үй жиһаздары мен тұрмыстық техникаға деген үлкен сұраныс, қала дүкендерінде аталған заттардың тапшылығын туындатты. Үйге қажетті кейбір жабдықтарды қала тұрғындары өз қолдарымен жасап алуға мәжбүр болды. Осы жылдардағы жергілікті «Кентау правдасы» газетінің беттерінде күнделікті тұрмысқа қажетті үстелдер мен орындықтарды, киім ілетін шкафтарды т.б. үй іші жабдықтарын қалай жасауға болатыны жөнінде кеңестердің жиі басылғанын көруге болады. Қала дүкендерінде үй жиһаздары, тұрмыстық техника, автомобиль т.б. күнделікті тұтылатын тауарлардың тапшы болуы, аталған заттарды өнеркәсіп орындары арқылы кезекпен сату жүйесін қалыптастырды. Өндіріс орындары материалдық игіліктерді бөлу жүйесі – жұмысшылардың еңбек ынтасын арттыруға, марапаттау мен мәжбүрлеуге, яғни, бірте-бірте басқару мен ықпал етудің құралына айналды.

4. Қарастырылып отырған кезеңде, Кентау қаласы тұрғындарының отбасылық өмірі үлкен өзгерістерге ұшырады. Кеңес үкіметі коммунистік қоғам талаптарына сай келетін жаңа отбасы саясатын жүргізуді қолға алды. Мемлекет тарапынан отбасылық өмірдің ішкі ісіне араласу мен бақылауы кең етек жайды.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы отбасылық қатынастар жеке адамдардың емес, барша қоғамның ісі деп есептелінді. Отбасылық дау-жанжалдар, бала тәрбиесі партия жиналыстарында, еңбек ұжымындағы жолдастық соттарда талқыланып, кінәлі азаматтардың аты-жөні көрсетіліп, жергілікті баспасөз бетінде жарияланып отырды. Неке-отбасы саласындағы бұрынғы салт-дәстүрлер, ұлттық жоралғылар «ескіліктің қалдығы» деп бағаланып, жаңа қоғамға сай кеңестік дәстүрлер (салтанатты түрде неке кию, кеңес паспортына ие болу мерекесі, әскер қатарына шығарып салу, партия көсемдері ескерткішіне гүл шоқтарын қою, комсомол той т.б.) енгізіле бастады.

5. Кеңестік кезеңде Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын басты кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинаты болып есептелді. Ащысай полиметалл комбинаты республикада ғана емес, одақтағы түсті металлургияның алып кәсіпорны болды. Комбинатқа қарасты кен байыту фабрикалары қорғасын, мырыш, алтын, күміс, барит, қорғасын концентратын т.б. өңдесе, кеніштерден алынған полиметалл кендері Шымкент қорғасын зауытын шикізатпен қамтамасыз етіп отырды. 1970 жылға дейін Ащысай полиметалл комбинаты техникалық жабдықталуы нашар дамыған, өндірістік жарақаттар мен қайғылы оқиғалардың жиілігі жоғары кәсіпорын санатында болды. Шығарылатын өнімнің өзіндік құны барынша арзан бағаланғандықтан, кәсіпорын көп жылдар бойы «шығынды» кәсіпорын санатында болды. Есесіне, орталықтан бекітілетін шикізат өндіру жоспарының көлемі жыл өткен сайын көбейе берді. Әсіресе, Ащысай полиметалл комбинатына еңбек қатынастары жиі бұзылып отырды. Комбинат директоры Мәскеудегі орталықтың тікелей нұсқауымен тағайындалғандықтан, басшылық қызметтер сырттан келген мамандардан жасақталды. Жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан мамандардың біліктілігі сай келіп тұрса да, жауапты қызметтерге тағайындалмай, сенімсіздік көрсетілді. Жергілікті ұлт өкілдерінің шет қақпай көруінен, көптеген талапты инженерлер мен техниктер біліктілігінен төмен қызметтерді атқаруға мәжбүр болды. Өндірісте қысқартулар болған жағдайда ең алдымен, жергілікті ұлт өкілдері ілінді. Қазақ халқынан шыққан әйел азаматтардың бірен-сараны болмаса, көпшілігіне өндірістің есігі тарс жабық болды. Мұндай қысастық Қазақстан аумағында орналасқан өнеркәсіп орындарына тән ортақ жағдай болатын. Бұл кезең қазақтардың өз жерінде өгей баланың күйін кешкен кездері еді. Алайда, жергілікті ұлт өкілдеріне жасалған мұндай қиянатқа төзбеген Ащысай полиметалл комбинатының бір топ қазақ инженерлері орталықтың озбыр саясатына қарсы шықты. «Біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясатына қарсы шыққандар «ұлтшыл» деген айып тағылып, қатаң жазаланып отырған кезеңде, орталықтың тікелей бақылауындағы кәсіпорында бұлай бас көтеру ерлікпен пара-пар еді. Қазақстанның өнеркәсіп орындарында жүргізілген осындай кеңестік өктем саясаттың кемшіліктері 1965 жылы Ащысай полиметалл комбинатындағы 43 қазақ инженерлерінің шағым хатынан кейін тұңғыш рет жалпақ жұртқа жария болды. Осы оқиғадан соң орталықтағы басшылық жергілікті ұлт өкілдерінің мүддесімен санаспаудың салдары ауыр болатынын түсінді. Республикадағы барлық өнеркәсіп орындарының бастауыш

партия комитеттеріне жергілікті ұлт өкілдерінің жағдайына айрықша көңіл бөлу жөніндегі нұсқаулар берілді.

6. Қарастырылып отырған кезеңде, қылмыс жасау, жезөкшелік, маскүнемдік т.б. әлеуметтік ауытқушылықтар – мәнін жоғалтқан бұрынғы қоғамның сарқыншақтары, кеңестік жаңа қоғамға жат әрекеттер деп есептелінгенмен, қала тұрғындарының күнделікті өмірінде жиі кездесті. Қылмыстық іс-әрекеттердің ішінде мемлекет мүлкін талан-таражыға салу мен бұзақылық алғашқы орындарда тұрды. Мемлекет мүлкін заңсыз иемдену әрекеттері «Ачпродснаб» жабдықтау мекемесіне қарасты қала дүкендерінде, өнеркәсіп орындарында көп байқалды. Бақылаудың әлсіздігін пайдаланып, жұмыстан үйге керекті заттарды іліп кету, қала тұрғындарының күнделікті өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналды.

7. Кентау қаласында адам денсаулығына зиянды кәсіпорындар көп шоғырланғандықтан, жұмысшылардың кәсіби аурулары – силикозды туберкулез, діріл-шудан туындайтын жүйке аурулары, өндірістік жарақаттар т.б. кең тарады. Кентау қаласының жеткілікті абаттандырылмаған аудандарында, атап айтқанда, байырғы қазақ халқы мекендейтін Хантағы және Баялдыр, Бала бүргем аудандарында жұқпалы инфекциялық ауру эпидемиясы жиі қайталанып тұрды. Кентау қаласының білім беру мекемелерінің қызметі – қаладағы өндіріс орындарын қажетті еңбек ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталды. Қала мектептері өндіріс орындарының шефтік қамқорлығында болып, кәсіпорындармен тығыз байланыста, қоян-қолтық жұмыс істеді.

8. Кеңестік кезеңде сырттан келгендер көп шоғырланған өндірістік Кентау қаласында орыстандыру үдерісі қарқынды жүрді. Әсіресе, 1961 жылдан бастап етек алған біртұтас «кеңес халқын» қалыптастыру саясаты, осы жердің байырғы иесі – қазақтардың ұлттық тұтастығы мен бірегейлігіне нұқсан келтірді. Ел басшылығы біртұтас «кеңес халқын» жасаймыз деп көлгірсігенімен, шын мәнінде бұл саясаттың астарында орыстандыру саясаты жатқаны баршаға белгілі жәйт еді. Кентау қаласында бала-бақшалар мен орта арнаулы оқу орындары түгел дерлік орыс тілінде жұмыс істеді. Қаладағы орта мектептердің көпшілігі аралас мектептер деп айтылғанымен, онда қай тілге басымдық берілгені өзінен-өзі түсінікті. Өнеркәсіп орындары мен мемлекеттік мекемелердегі іс жүргізу және қаладағы жер-су аттары орыс тілінде болды. Орыстандыру саясатының қарқыны қайта құру жылдарының соңында басталған саяси және демократиялық өзгерістерге байланысты саябырсып, қазақ халқы жоғалта жаздаған ұлттық бірегейлігін тек тәуелсіздік жылдарының қарсаңында ғана толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік алды.

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының барлық қиындықтарға төзіп, жан аямай жасаған еңбегі зая кеткен жоқ. Кенді өлкенің қазына байлығы мен халқының еңбекқорлығын паш еткен әсем қала - Кентау шаһары бой көтерді.

Зерттеу жұмысы барысында қала тұрғындарынан сұқбат алынып, әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сұқбат нәтижесін талдау барысында анықталғандай, респонденттердің басым көпшілігінің әңгімесінен кеңестік

кезеңді аңсаушылық байқалды. Әрине, кеңестік кезеңде Кентау қаласы қалыптасып, оңтүстік өлкедегі әсем шаһарға айналғанына және егде жастағы қала тұрғындарының жалындаған жастық шағының қызығын осы жылдары басынан кешіргеніне ешкімнің дауы жоқ шығар. Бірақ, қазіргі уақыттағы Кентау қаласында орын алған әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтардың астарында кеңестік кезеңде жүргізілген солақай саясаттың салқыны жатқанын, қала халқының күнделікті өмірі шикізаттық бағытта жалғыз кәсіпорынға артылып қойылғанын, экологиялық мәселелердің күрт шиеленіп, ұлт өміріне келеңсіз құбылыстардың дендей енгенін естен шығармауға тиіспіз. Жалпы Қазақстанда кеңестік кезеңде ірі өнеркәсіп кешендерінің пайда болғаны рас. Бірақ олардың басым түрде шикізаттық сипат алғанын да жоққа шығару қиын.

2018 жылы облыс орталығын күллі түркі жұртының қасиетті мекені - Түркістан қаласына көшіру жөніндегі шешімінің қабылдануы тарихи және рухани мәні зор оқиға болуымен қатар, іргелей орналасқан Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына тың серпін беріп, серіктес қалалардың қосарласа дамуына жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Екінші жағынан, облыс орталығы мәртебесіне жаңадан ие болып, жаңғыру жолына түскен Түркістан қаласы үшін, соғыстан кейін бой көтерген Кентау қаласының даму тәжірибесі мен игі дәстүрлерін ескерген артық болмас еді деп есептейміз.

Диссертациялық зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, төмендегідей ұсыныстарымызды білдіруді жөн көрдік:

- Түркістан қаласының маңындағы Кентау шаһарының кеңестік кезеңде бой көтерген орасан зор өнеркәсіптік инфрақұрылымы мен әлеуетін пайдаланып, жаңадан құрылғалы жатқан «Түркістан» арнайы экономикалық зонасының өндірістік базасын Кентау қаласына орналастыру;

- Полиметалл өндірісінің көне ошақтарының бірі ретінде Кентау қаласында «Ежелгі металлургия мұражайын» ашу және Қаратаудың орасан зор тарихи-экотуристік әлеуетін тиімді пайдаланып туризм кластерін дамыту;

- Кентау қаласының қазіргі таңдағы бас жоспарын қайта қарап, инфрақұрылымын жетілдіру барысында кеңестік кезеңдегі өнеркәсіп орындарының мүддесіне орайластырып жасалған бас жоспарының келеңсіз тұстарын өзгерту;

- Кентау қаласын аббаттандыру ісінде кеңестік кезеңдегі өзіне тән микроклиматтық жүйесінің қалыптасуына мұрындық болған тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, жасыл-желекті «бақ-қала» жобасын іске асыру;

- Кентау және іргелес жатқан Түркістан қаласын жасыл-желек көмкерген, жанға саялы көгерішті шаһарларға айналдыру үшін кеңестік кезеңде барланған Қаратаудың аса мол жер асты суларын тиімді пайдалану;

- Кеңестік кезеңде Кентау қаласының ерекше толеранттылыққа негізделген көпұлтты қоғамдық ортасының қалыптасуын ескере отырып, өнеркәсіптік әлеуетін жандандыру ісінде тек отандық қана емес, шетел инвестициясы мен мамандарын тарту;

- Кентау қаласында кеңестік кезеңде жергілікті өнеркәсіп орындарымен тығыз байланыста озық үлгідегі білім беру жүйесін құрған тәжірибесіне

сүйеніп, жоғары технологияларға негізделген ғылыми-инновациялық білім паркін ( зияткерлік мектептер, тау-кен ісі колледжі т.б.) құру;

- Қазақстанның өнеркәсіп орындарында жүргізілген жергілікті халықтан шыққан ұлттық кадрларды жауапты қызметтерге жолатпау саясатын бүкіл ел көлемінде әшкерелеген, Ащысай полиметалл комбинатындағы қазақ инженерлерінің наразылығын ұйымдастырып, жетекшілік жасаған - А. Айменов, А. Жарымбетов, Қ. Қожабеков т.б. ұлтжанды азаматтардың ерлігін ел есінде мәңгі қалдырып, кең көлемде насихаттау шараларын жүргізу («Кенді өлкенің ұлы есімдері» атты аллея ашу, көше атауын беру т.б.);

- Түркістан және іргелес жатқан Кентау қалалары тұрғындарының ұлттық және аймақтық бірегейлігін, тарихи-мәдени дәстүрлерін зерттейтін жаңа ғылыми жобаларды жүргізуді қолға алу;

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: КИСИ 2017. – 512 с.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». – Алматы: Атамұра, 1999. – 290 б.
- 3 ҚР бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы / жауап. ред. С.Т. Сейдуманов, Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ, 2012. – 168 с.
- 4 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728> 04.10.2017.
- 5 Pazilov Y. Tapalova A. Actual Problems of Everyday Life History in the Modern Kazakhstan Historiography // Man In India. – 2017. – Vol. 97 (10). – P. 97-104.
- 6 Гуссерль Э. Избранные работы / под ред. В.А. Куренной. – М.: Издательский дом «Территория будущего», 2005. – 464 с.
- 7 Шюц А. Структура повседневного мышления // Социологические исследования. – 1988. – №2. – С. 129-137.
- 8 Элиас Н. Придворное общество: Исследования по социологии короля и придворной аристократии, с введением: Социология и история / перев. с нем. А.П. Кухтенкова и др. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 368 с.
- 9 Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. – М.: «Медиум», 1995. – 323 с.
- 10 Блок М. Апология истории или ремесло историка. – Изд. 2-е, доп., пер. Е.М Лысенко. – М.: Наука, 1986. – 255 с.
- 11 Февр Л. Бой за историю. – М.: Наука, 1991. – 629 с.
- 12 Braudel F. The Structures of Everyday Life: The Limits of the Possible. – Berkeley: University of California Press, 1992. – 623 p.
- 13 Medick H. «Missionare im Ruderboot»: Ethnologosche Erkenntnisweisen als Herausforderung an die Sozialgeschichte // Geschichte und Gesellschaft, 1984. – Bd.10. – S. 295–319.
- 14 Kocka J. Klassen oder Kultur? Durchbrüche und Sackgassen in der Arbeitergeschichte // Merkur. – 1982. – №36. – S. 21-31.
- 15 Ludtke A. The history of everyday life. Reconstructing historical experiences and ways of life. – Princeton: Princeton University Press, 1995. – 315 p.
- 16 Медик Х. Микроистории // Thesis: теория и история экономических и социальных институтов и систем. Альманах. – М., 1994. Т. II. – №4. – С.193-197.
- 17 Гинзбург К. Сыр и черви. Картина мира одного мельника, жившего в XVI в. / пер. с итал. М.Л. Андреева, М.Н. Архангельской. – М.: РОССПЭН, 2000. – 272 с.
- 18 Гренди Э. Еще раз о микроистории // Казус. Индивидуальное и уникальное в истории. Вып 1. – М., 1997. – С. 291-302.
- 19 Репина Л.П. Социальная история в историографии XX века. – М. РОССПЭН, 2001. – 345 с.



- 20 Козлова Н.Н. Горизонты повседневности советской эпохи: голоса из хора. – М.: ИФРАН, 1996. – 216 с.
- 21 Журавлев С.В. «Маленькие люди» и «большая история»: иностранцы московского Электростанции в советском обществе 1920-х–1930-х гг. – М.: РОССПЭН, 2000. – 250 с.
- 22 Поляков Ю.А. Человек в повседневности (исторические аспекты) // Отечественная история. – 2000 – №3. – С. 14–20.
- 23 Соколов А.К., Журавлев С. В. Повседневная жизнь советских людей в 1920-е годы // Социальная история: ежегодник. – М.: РОССПЭН, 1998.– С.15-25.
- 24 Pazilov Y. Actual Problems of Everyday Life History in the Modern Kazakhstan Historiography // Man in India. Vol 97 (10). P.97-104.
- 25 Лебина Н.Б. Повседневная жизнь советского города. Нормы и аномалии. 1920–1930-е годы. – СПб.: Изд.«Летний Сад», 1999. – 382 с.
- 26 Орлов И.Б. Советская повседневность: исторический и социологический аспекты становления. – М.: ВШЭ, 2010. – 288 с.
- 27 Володина Н.Н. Производственная повседневность тюменских рабочих в 1945-1965 гг.: дис. ...канд. ист. наук. – Тюмень, 2012. – 314 с.
- 28 Макарова Н.Н. Повседневная жизнь Магнитогорска в 1929-1935 гг.: автореф. ...канд. ист. наук. – Челябинск, 2010. – 31 с.
- 29 Доченко А.М. Повседневная жизнь советского города 1950-1980 гг (на материалах г. Кубышева и городов Кубышевской области):дис. ...канд. ист. наук. – Самара, 2007. – 260 с.
- 30 Зубкова Е.Ю. Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945-1953. – М.: РОССПЭН, 1999. – 230 с.
- 31 Жидченко А. В. Повседневная жизнь в новом городском районе: проблемы формирования городской среды, 1950-1960-е годы.:дис. ...канд. ист. наук. – Омск, 2013. – 199 с.
- 32 Рафикова С.А. Повседневная жизнь Сибирских горожан в 1960-е годы.: автореф. ...док. ист. наук. – Новосибирск, 2013. – 39 с.
- 33 Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / пер. с англ. Л.Ю. Пантина. 2-е изд. – М.: РОССПЭН, 2008. – 336 с.
- 34 Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: Арыс, 2002. – 380 б.
- 35 Нусупбеков А.Н. Рабочий класс Казахстана в период упрочения и развития социализма (1938-1960 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 459 с.
- 36 Асылбеков, М.Х., Галиев, А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). АН КазССР, Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 192 с.
- 37 Жакыпбеков С.К. История легкой индустрии Казахстана (1917-1980 гг.) – Алматы: Наука, 1984. – 316 с.

38 Атауов С. Борьба партийных организаций Казахстана за развитие тяжелой промышленности в 1956-1965 гг.: автореф. ...док. ист. наук. – Л.: 1972. – 46 с.

39 Кункожаев Н. Деятельность парторганизации Южного Казахстана по руководству промышленностью. – Алма-Ата: Казахстан, 1969. – 170 с.

40 Мауленкулов С.М., Попов Г.С. Рабочая доблесть Ачисая. – Алма-Ата, 1979. – 253 с.

41 Аяпов М. Венец черных гор. – Алма – Ата: Казахстан, 1980. – 142 с.

42 Капли истории: Кентау – 50 лет. – Кентау: Еркин и К-XXI, 2005. – 312 с.

43 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства Древнего Казахстана. – Алма-Ата: Акад. наук КазССР, 1950. – 122 с.

44 Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 с.

45 Алпысбаев Х. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана (О древнейшем заселении Казахстана первобыт. человеком). – Алма-Ата: Наука, 1979. – 208 с.

46 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. (социально-экономический аспект). – Алма-Ата: Наука, 1990. – 184 с.

47 Садыков Т.С. Из истории возникновения горной промышленности в Казахстане // В кн.: Некоторые вопросы истории Казахстана. – Жезказган, 1996 – С.23-35.

48 Алпысбаева Г.А. Проблемы социально-экономического и культурного развития города Акмолы (1832-1914 гг.). – Алматы: Ғылым, 1997. – 178 с.

49 Нурбаев К.Ж. История города Павлодара (1917-1940 гг.). – Алматы: Ғылым, 1998. – 152 с.

50 Тапалов Д. 1920-1930-шы жылдардағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы (тарихи аспект): автореф. ...тар. ғыл. кандидаты: – Алматы, 2004. – 28 б.

51 Нұрғалымова К.С. Ақтөбе қаласының тарихы (1946-1999): автореф. ...тар. ғыл. кандидаты: – Алматы, 1994.- 24 б.

52 Кузетбаева Б.К. Социально-экономическое развитие города Актау (1959-2000 гг.). – Алматы: Ғылым, 2001. – 149 б.

53 Алтаев А.Ш. История малых городов. – Алматы: Ғылым, 2007. – 208 с.

54 Байсалбаева Т.М. Социально-экономическое развитие малых городов Казахстана (1959-2000 гг.): автореф. ...кан.ист.наук. – Алматы, 2004. – 26 с.

55 Жолдыбаев Ж.Т. Социально-экономическое развитие малых городов Южно-Казахстана: автореф. ...кан.ист.наук. – Алматы, 2009. – 28 с.

56 Шаукенов Ж.А. Социально-экономическое и культурное развитие малых городов Казахстана. (г. Аркалыка 1956-2006 гг.): автореф. ...кан.ист.наук. – Уральск. 2009. – 31 с.

57 Уалтаева А.С. Население малых городов Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2011. – 198 с.

58 Өмірбекұлы Ж. Түркістан қаласы мен агломерациясының әлеуметтік-демографиялық жағдайы: автореф. ...тар. ғыл. кандидаты: – Алматы, 2010. – 28 с.

59 Қауанова Х.А. Образ жизни и быт рабочих семей (на материалах Казахстана). – Алма – Ата: Наука, 1982. – 168 с.

60 Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 472 с.

61 Ескекбаев Д.Б., Қалшабаева Б.К. Түркістан қаласының этномәдени процестері (Этнографиялық экспедиция материалдары). – Алматы: Қаскелең, 2003. – 134 б.

62 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (В контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX вв.). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.

63 Баудиярова Қ.Б. Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығын сақтау мәселелері: автореф. ...тар. ғыл. кандидаты: – Алматы, 2009. – 26 б.

64 Абдрахманова К.К. Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945–1953 гг.: автореф. ... канд. ист. наук. – Караганда, 2009. – 30 с.

65 История городской повседневности Центрального Казахстана в 1946–1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории): Монография / Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К и др; под общ. ред. З.Г. Сактагановой. – Караганда: «Гласир», 2017. – 456 с.

66 Советтік қоғамдағы еңбек феномені. Ұжымдық монография // Ред. басқарған М. Қойгелдиев. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 272 б.

67 Асымова Д.Б. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарындағы көрінісі: дис. ...тар. ғыл. док. (PhD): 6D020300. – Астана, 2013. – 160 б.

68 Хамидуллина Д.Ұ. Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірі ( XX ғасырдың 30-50-шы жылдары): дис. ...тар. ғыл. док. (PhD): 6D020300.– Алматы, 2014. – 173 б.

69 Қозыбаева М.М. Повседневная жизнь городского населения Северного Казахстана в 1920-1930-е годы: дис. ...док. ист. наук. (PhD): 6D020300.– Астана, 2015. – 164 с.

70 Пазиров Е. Кеңестік кезеңдегі қалалардың күнделікті өмірін зерттеудің өзекті мәселелері // «Әлемдік тарих ғылымының дамуы» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы. – 2017. – 258-261 бб.

71 Людтке А. История повседневности в Германии: Новые подходы к изучения труда, войны и власти // пер. с англ. и нем. К.А. Левинсона и др. – М.: РОССПЭН. 2010. – 271 с.

72 Бродель Ф. Структура повседневности: возможное и невозможное. Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV–XVIII вв. / пер. с фр. Л.Е. Куббеля; вступ. ст. Ю.Н. Афанасьева. – М.: Прогресс, 1986. – Т. 1. – 622 с.

- 73 Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Палеолит в районе Турланского перевала хребта Каратау // ВАН КазССР. – 1966. – №8. – С. 67-70.
- 74 РМЭА. 9022-қ., 30-т., 22-іс., 16-п.
- 75 ШӨМА. 8-қ., 1-т., 80-іс., 2-п.
- 76 Ремезов С.У. Приложение к чертежной книге Сибири, составленной Тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1701 г. Текст П. Указатель. – Спб: Тип. (бывшая) А.М. Котомина, 1882. – 58 с.
- 77 Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 году // Вестник Императорского русского Географического общества на 1851 год. Ч.1. кн. 1-ая. География историческая, VI. 1851.
- 78 Пазиров Е. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның өндірістік шағын қалаларының қалыптасуы // «Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. – 2018. – 295–301 бб.
- 79 Северцов Н.А. Путешествия по Туркестанскому краю. – Спб.: 1873. – 453 с.
- 80 Атабек Р.А. Кентау: алпыс жыл-алпыс белес (1955-2015): Тарихи жылнама. – Алматы: Өнер, 2015. – 352 б.
- 81 Құлымбетов С.Ә. Ащысай – Қаратау тәжінің гаухар тасы. – Кентау: Еркін и К-XXI, 2017. – 249 б.
- 82 Сәтбаев Қ.И. Торлан кендерінің шамасы және келешегі // Қызыл Қазақстан. 1928. – №4. – 8-16 бб.
- 83 Найманбаев М. Ачисай – первенец металлургии Южного Казахстана. Алматы: Төрт бөрі, 2011. – 563 с.
- 84 Валетов Т. Я. Цветные металлы в СССР. Производство и внешняя торговля в 1917-1966 гг. // Электронный журнал «История», 2015. – Т.6. – Вып. 8. (41).
- 85 Шпилянская Л. Капли истории. – Бишкек: Учкин, 2005. – 310 с.
- 86 РМЭА. 9022-қ., 30-т., 22-іс., 59-п.
- 87 Дозорный В. Ачисай. К 15-летию Казахстана. – Кзыл-орда, 1935. – 87 с.
- 88 Сидоренко П.П. Кентау – Детище Ачисайского полиметаллического комбината // Горный журнал Казахстана. – 2005. – №5. – С.6-11.
- 89 Мауленқұлов С. Кентау аңызы // Құраст. Г. Шаңғытбаева. – Алматы: Сага, 2018. – 416 б.
- 90 Байтиков С.Б. Зарождение и развитие стахановского движения в цветной металлургии Казахстана ( 1935-1940 гг.):автореф. ...канд.ист.наук: – Алма-Ата, 1953. – 22 с.
- 91 Шымкент қаласындағы ПМ қарасты арнайы архиві. №537-іс. 8-том.
- 92 ҚРПА. 708-қ., 33-т., 1502-іс., 104-п.
- 93 Гудзева Л. Бәрі майдан үшін // Қаратау кеншілері. – 1941, қыркүйек-25.
- 94 Мауленқұлов С. Жасампаздық жолмен // Кентау правдасы. – 1977, тамыз – 26.

- 95 Пазиллов Е.Д., Сыздыкова Ж.П. Трудовой подвиг коллектива Ачисайского полиметаллического комбината в годы Великой Отечественной войны // Евразийский Союз: вопросы международных отношений. 2022. №4 (44). С.301-310
- 96 ШӨМА. 40-қ., 5-т., 435-іс., 52-п.
- 97 ШӨМА. 40-қ., 5-т., 435-іс., 54-п.
- 98 Бобуш Г. Әлем картасынан лайықты орнын алды // Кентау правдасы. – 1979, қазан – 16.
- 99 КӨМА. 15-қ., 1-т., 8-іс. 71-п.
- 100 Пазиллов Е. Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетінің қалыптасуы (1950-1970 жж.) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2017. – №4 (55). – 300-306 бб.
- 101 РМЭА. 9022-қ., 33-т., 9-іс., 5-6-пп.
- 102 РМЭА. 9022-қ., 33-т., 205-іс., 21-п.
- 103 РМЭА. 9022-қ., 28-т., 392-іс., 54-п.
- 104 ТОМА. 692-қ., 1-т., 3-іс., 43-п.
- 105 ТОМА. 692-қ., 1-т., 3-іс., 79-п.
- 106 ТОМА. 692-қ., 1-т., 3-іс., 84-п.
- 107 Миронов Г. Қашан шара көрілер екен? // Кентау правдасы. – 1955, сәуір – 23.
- 108 Пазиллов Е.Д. Становление основ промышленного производства Казахского города Кентау // Вопросы национальных и федеративных отношений. 2022. Том 12. №9 (90). С.3263-3271
- 109 ШӨМА. 40-қ., 8-т., 295-іс., 46-п.
- 110 КӨМА. 15-қ., 1-т., 1-іс., 30-п.
- 111 ҚРПА. 708-қ., 28-т., 55-іс., 7-п.
- 112 КӨМА. 15-қ., 3-т., 19-іс. 79-п.
- 113 М. Қойгелдиев З.Мырзатаева Т.Далаева, Пазиллов Е. Ащысай-Кентау тұрғындары өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. – ХХІ ғ.б.). Ұжымдық монография: Алматы: ИП Балауса, 2020. – 464 б.
- 114 Постановление Центрального Комитета КПСС и Совета Министров СССР от 4 ноября 1955 года, «Об устранении излишеств в проектировании и строительстве», №1871 // КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференции и пленумов ЦК. Т.8. – М.: 1985.
- 115 Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Дәуір, 2014. – 280 б.
- 116 ҚРПА.708-қ., 28-т., 704-іс., 55-п.
- 117 ТОМА. 692-қ., 1-т., 15-іс., 28-п.
- 118 КӨМА. 15-қ., 2-т., 66-іс., 119-п.
- 119 ҚРПА. 708-қ., 74-т., 1347-іс., 8-п.
- 120 ҚРПА. 708-қ., 74-т., 1347-іс., 12-п.
- 121 ҚРПА. 708-қ., 80-т., 1533-іс., 86-п.
- 122 КӨМА. 85-қ., 1-т., 3-іс., 131-п.
- 123 КӨМА. 85-қ., 1-т., 10-іс., 81-п.
- 124 Тілеубергенов Ы. Өмір өткелдері. – Алматы: Дәстүр, 1998. – 287 б.

- 125 Говард Э. Города будущего. – М.: Прогресс, 1989. – 208 с.
- 126 Меерович М.Г. Наказание жилищем: жилищная политика в СССР как средство управления людьми (1917–1937). – М.: РОССПЭН, 2008. – 303 с.
- 127 КӨМА. 15-қ., 1-т., 1-іс., 230-п.
- 128 Пазиров Е.Д. 1955-1991 жылдары Қазақстанның өнеркәсіптік қалаларындағы кеңестік тұрғын-үй саясаты (Кентау қ. материалы бойынша) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. – 2017. – №4 (87). – 98-107 бб.
- 129 КӨМА. 15-қ., 8-т., 833-іс., 61-п.
- 130 Постановление Совет Министров СССР «О развитии жилищного строительства в СССР». Постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР от 31.07.1957 // Решение партии и правительства по хозяйственным вопросам. – Т.4. – М., 1968. – 784 с.
- 131 Утро в Кентау. 1956 год. <https://youtu.be/l2vnc5bwisw> 07.11.2017.
- 132 КӨМА. 8-қ., 43-т., 12-іс., 39-п.
- 133 Назиров Р. Тұрғын үй құрылысының артта қалуын жояйық // Кентау правдасы. – 1957, сәуір – 21.
- 134 ҚРПА. 708-қ., 32-т., 1237-іс., 42-п.
- 135 КӨМА. 15-қ., 1-т., 32,41-іс., 54-п.
- 136 ҚРПА. 708-қ., 38-т., 1508-іс., 73-п.
- 137 КӨМА. 9-қ., 1-т., 28-іс., 13-п.
- 138 КӨМА. 5-қ., 1-т., 451-іс., 69-п.
- 139 КӨМА. 85-қ., 21-т., 146-іс., 88-п.
- 140 Назиров Р. Тұрғын үй бөлу тәртіпке келтірілсін // Кентау правдасы. – 1957, қаңтар – 5.
- 141 КӨМА. 15-қ., 1-т., 110-іс., 114-п.
- 142 Мауленкулов С. Рабочая доблесть Ачисая. – Кентау: Еркін и К-XXI.– 2010. – 150 с.
- 143 КӨМА. 15-қ., 1-т., 137-іс., 104-п.
- 144 КӨМА. 15-қ., 2-т., 460-іс., 86-п.
- 145 КӨМА. 15-қ., 2-т., 656-іс., 25-п.
- 146 КӨМА. 15-қ., 2-т., 763-іс., 40-п.
- 147 Исмаилов А.А. Война и Победа: из истории Казахстана в 1941-1945 года. – Шымкент: Экспресс печать, 2010. – 180 с.
- 148 Пазиров Е.Д. История повседневности депортированных греков в город Кентау (на основе новых архивных документов) // Материалы международной научно-практической конференции «Цифровые архивы в Узбекистане: Достижение и проблемы» (г. Ташкент, 27 апрель 2023. С.461-470
- 149 ШӨМА. 40-қ., 8-т., 109-іс., 87-п.
- 150 ШӨМА. 40-қ., 8-т., 109-іс., 2-п.
- 151 РМӨСТА. 17-қ., 162-т., 40-іс., 185-п.
- 152 РМӨСТА. 17-қ., 162-т., 40-іс., 140-п.
- 153 Джуха И.Г. Спецшелоны идут на Восток. История репрессий против греков в СССР. Депортации 1940-х гг.. – СПб.: Издательство «Алетейя», 2008. — 560 с.

154 Koigeldiev M. Pazilov Y. Oral history of the pontian greeks deported in 1949 to South Kazakhstan. // *Ponte:International multidisciplinary Journal of Sciences and Research*. – 2017. – Vol.73, № 10. – P. 120-127.

155 ҚРПА. 708-қ., 13-т., 38-іс., 255-п.

156 Пазиллов Е. Кентау қаласына жер аударылған грек ұлты өкілдерінің күнделікті өмір тарихы (1941-1956 жж.) // «Интеграция және модернизация жағдайындағы әлем тарихы және Еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. – 2018. – 404-407 бб.

157 Иосиф Сталин – Лаврентию Берии: «Их надо депортировать...» Документы, факты, комментарий // Сост. Н. Бугай. – М.: Дружба народов, 1992. – 282 с.

158 Ответный удар: Сборник очерков // Сост. Н.И. Милованов. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 432 с.

159 Benediktas S. Pazilov Y. Forced labor of deported peoples in the industry of Southern Kazakhstan (the example of Kentau city). // *Al-Farabi kazakh national University journal of history*. – 2018. – №1 (88) – P.103-111.

160 Наумов Н.И. Позывные разведчика – «Коршун» // Текст. В. Д. Фисатици. – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – 99 с.

161 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 28-п.

162 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 32-п.

163 КӨМА. 57-қ., 1-т., 37, 41, 56-істер.

164 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 57-п.

165 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 58-п.

166 Құдайбергенова А.И. Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917-1991 жж.): автореф. ...тар. ғыл. кандидаты: – Алматы, 2010. – 48 с.

167 Пазиллов Е.Д. Кентау қаласының кеңестік кезеңдегі күнделікті өмірінің демографиялық аспектілері // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы – Тарих сериясы*. – 2018. – №2 (89). – 234-241 бб.

168 Пожилые люди в современном российском обществе: перепринт / А.А. Шабунова и др. – Вологда: ИСЭРТ РАН, 2015. – 111 с.

169 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 197-п.

170 Пазиллов Е.Д. Повседневная жизнь населения города Кентау во второй половине XX века // Материалы международный научно-практической конференции «Мирзо Улугбек великий ученый-мыслитель и государственный деятель» (г. Ташкент, 25 апрель. 2023. С.348-353

171 КӨМА. 57-қ., 1-т., 6-іс., 64-п.

172 Население СССР: По данным Всесоюзной переписи населения 1989 г. // Госкомстат СССР. – М.: Финансы и статистика, 1990. – 45 с.

173 Об итогах всесоюзной переписи населения 1989 г. по Чимкентской области // Чимкентское обл. управ. стат. – Чимкент, 1990. – 41 с.

174 КӨМА. 57-қ., 1-т., 6-іс., 173-п.

175 Хаев В. Капли истории. – Кентау: Еркін и К XXI, 2010. – 366 с.

- 176 Развитие населения и демографическая политика. Памяти А.Я. Кваша: Сборник статей / Под ред. М. Б. Денисенко., В.В. Елизарова. – М.: Макс Пресс, 2014. – 380 с.
- 177 КӨМА. 9-қ., 1-т., 45-іс., 17-п.
- 178 Шляхтина С. Ескіліктің қалдығымен аяусыз күресейік // Кентау правдасы. – 1955, сәуір – 23.
- 179 Усенко П. Мейрімсіз балалар туралы // Қаратау кеншілері. – 1957, мамыр – 11.
- 180 Абаев А. Башкатов жолдасқа жағдай жасалынсын // Қаратау кеншілері. – 1957, мамыр – 15.
- 181 Қадырбаев М. Азаматша Л – ның жарамсыз мінезі // Кентау правдасы. – 1959, наурыз – 11.
- 182 Юлин С. Кеңес әйелінің намысын жоғары ұстайық // Кентау правдасы. – 1959, желтоқсан – 17.
- 183 КӨМА. 15-қ., 1-т., 14,78-істер., 45-89-пп.
- 184 Митюкова Н.С. Диагнозы – рухани жан-дүниесі мүгедек // Кентау правдасы. – 1959, желтоқсан – 27.
- 185 О некотором изменении порядка рассмотрения в судах дел о расторжении брака: Указом Президиума Верховного Совета СССР о 10 декабря 1965 года // Ведомости ВС СССР 1965. №49. С.725.
- 186 КӨМА.Қ.15. Т.2.26-іс.П.23.
- 187 Об утверждении Кодекса о браке и семье РСФСР: Закон РСФСР от 30 июля 1969 года // Ведомости ВС РСФСР. – 1969. – №32. – С.1086.
- 188 ҚРПА.708-қ., 56-т., 1917-іс., 62-п.
- 189 ШӨМА. 40-қ., 9-т., 6341-іс., 48-п.
- 190 Мосунова Е. Комбинаттың қыз-келіншектері // Кентау правдасы. – 1977, қыркүйек – 22.
- 191 Шекербеков К. Азғындағана аналар, қараусыз қалған балалар // Кентау правдасы. – 1982, ақпан –13.
- 192 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 61-п.
- 193 КӨМА. 15-қ., 1-т., 119-іс., 277-п
- 194 Есмағамбетов К. Тарих ақтаңдақтары. – Алматы: Арыс, 2008. – 416 б.
- 195 КСРО Жоғары Кеңесінің Қаулысы «Жұмысшылар мен қызметшілер үшін демалыс және мейрам алдындағы күндерде жұмыс күні мерзімін қысқарту туралы» // Кентау правдасы. – 1957, наурыз – 15.
- 196 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 175<sup>а</sup>,188<sup>а</sup>,1401-іс. ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 23, 504-іс.
- 197 КӨМА. 15-қ., 1-т., 44-іс., 51-53-пп.
- 198 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 7401-іс., 76-п.
- 199 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup> т., 424, 1191, 1220-істер.
- 200 ҚРОМА.1553-қ., 1-т., 24-іс., 9-п.
- 201 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 208-іс., 37-п.
- 202 Пыжиков А.В. Реформирование системы образования в СССР в период «оттепели» (1953-1964 г.) // Вопросы истории. – 2004. – №9. – С. 95-104.



- 203 Бамбуров Н. Еңбек қауіпсіздігі техникасына көңіл бөлінсін // Қаратау кеншілері. – 1950, тамыз – 14.
- 204 Худолева Л. Өнімді еңбек етуге қолайлы жағдай жасалынсын! // Кентау правдасы. – 1956, қыркүйек – 24.
- 205 Смирнов Н. Ащысай құю цехы жұмысшыларының еңбек жағдайы // Кентау правдасы. – 1956, қаңтар – 21.
- 206 ҚРОМА.1553-қ., 1-т., 528-іс., 178-п.
- 207 Бабанов С.А. Пылевые заболевания легких: особенности диагностики и лечения // Фарматека. – 2011. – №18. – С. 21-27.
- 208 РМЭА. 9022-қ., 33-т., 9-іс., 19-п.
- 209 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 131-іс., 122-п.
- 210 Нұрман Ш. Соғыстан кейінгі жылдардағы Ащысай полиметалл комбинатындағы жұмысшылардың күнделікті өмірі //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2016. – №3 (50). – 63 бб.
- 211 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 505-іс., 30-п.
- 212 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 656-іс., 57-п.
- 213 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 704-іс., 83-п.
- 214 ҚРОМА. 1553-қ., 1-т., 528, 838-іс., 319-п.
- 215 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 735-іс., 39-п.
- 216 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 587-іс., 61-п.
- 217 Шепель В. Предельщики Ачисая // Казахстанская правда. – 1955, караша – 2.
- 218 Емельянов Ф. Бұл былық қашан аяқталар екен? // Кентау правдасы. – 1956, наурыз – 11.
- 219 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 1622-іс., 117-п.
- 220 КӨМА.119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 1401-іс., 96-116 пп.
- 221 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 1219-іс., 10-п.
- 222 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 990-іс., 56-п.
- 223 ҚРОМА. 1553-қ., 3-т., 28-іс., 110-п.
- 224 Битимбаев М.Ж. Ачисайский полиметаллический комбинат – наша вечная молодость // Горный журнал Казахстана. – 2006. – №5. – С.19-22.
- 225 ҚРОМА. 1553-қ., 4-т., 37-іс., 218-п.
- 226 ҚРОМА. 1553-қ., 4-т., 104-іс., 187-п.
- 227 ҚРОМА. 1553-қ., 4-т., 110-іс., 131-п.
- 228 ҚР ПА.Қ.708.Т.80.1533-іс., 52-п.
- 229 ҚРОМА.Қ.1553.Т.1.404-іс., 205-п.
- 230 Битимбаев М.Ж. Слово о надежном партнере // Современные проблемы механики сплошных сред. – 2011. – №13. – С.56-60.
- 231 Промышленность СССР: Статистический сборник. – М.: Госстатиздат, 1957. – 431 с.
- 232 КӨМА.15-қ., 1-т., 1-іс., 61-п.
- 233 Осокина Е.А. За фасадом «сталинского изобилия». – М.: Молодая гвардия, 2008. – 351 с.

- 234 КӨМА. 57-қ., 1-т., 35-іс., 60-п.
- 235 Pazilov Ye. Food supply of residents of an industrial city in the context of everyday life of the 1940s-1980s (on the example of the Kentau city) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы- Тарих және әлеуметтік -саяси ғылымдар сериясы.- 2023. - №2 (77). Р. 304-312.
- 236 РМЭА. 1562-қ., 41-т., 271-іс., 9-п.
- 237 Президиум ЦК КПСС. 1954-1964. Т.2. Постановления. 1954-1958 // Гл. ред. А.А. Фурсенко. – М.: Наука, 2006. – 173 с.
- 238 РМЭА. 1562-қ., 41-т., 381-іс., 3-5 пп.
- 239 Чуднов И.А. Теория и практика денежных реформ СССР: дис. ... док. экон. наук. – Спб.: 2005. – 293 с.
- 240 ҚРПА.708-қ., 33-т., 1501-іс., 115-п.
- 241 ҚРПА. 708-қ., 33-т., 1501-іс., 119-п.
- 242 ҚРПА. 708-қ., 80-т., 1546-іс., 56-68-пп.
- 243 КӨМА.119-қ., 5-т., 98-іс., 42-п.
- 244 Әшімов А. С любовью – ваш Ашимов. – Алматы: Білім, 2009. – 208 с.
- 245 КӨМА.15-қ., 2-т., 31-іс., 19-п.
- 246 КӨМА. 15-қ., 2-т., 32-іс., 26-п.
- 247 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 140-іс., 1-157-п.
- 248 КӨМА. 15-қ., 2-т., 52-іс., 4-п.
- 249 КӨМА.119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 98, 1401-істер., 90-125 пп.
- 250 КӨМА. 15-қ., 2-т., 80-іс., 53-п.
- 251 Ачисайский полиметаллический комбинат: История, события, люди (К 90-летию со дня создания) // Сост. М. Битимбаев. – Алматы: ARTQRAFT, 2018. – 304 с.
- 252 ҚРПА. 708-қ., 29-т., 1399-іс., 27-п.
- 253 КӨМА. 15-қ., 1-т., 102-іс., 25-п.
- 254 КӨМА. 15-қ., 1-т., 105-іс., 81-п.
- 255 КӨМА. 15-қ., 1-т., 108-іс., 112-п.
- 256 Шәкелеков С. Мемлекет мүлкін ұрлауға жол бермейік // Кентау правдасы. – 1974, қазан – 12.
- 257 ҚРПА. 708-қ., 29-т., 1399-іс., 26-п.
- 258 Шериев А. Алыпсатарларға аяушылық болмасын // Кентау правдасы. – 1971, қыркүйек– 13.
- 259 ҚРПА. 708-қ., 30-т., 1421-іс., 79-п.
- 260 ҚРПА. 708-қ., 33-т., 1504-іс., 62-п.
- 261 ҚРПА. 708-қ., 33-т., 1506-іс., 11-п.
- 262 ҚРПА. 708-қ., 33-т.,1508-іс., 56-п.
- 263 Фокин А.А. Постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР «Об усилении борьбы с пьянством и о наведении порядка в торговле крепкими спиртными напитками» и антиалкогольная компания 1960-х годов // Вестник Челябинского государственного университета. – 2014. – №12 (341). – С.109-115.
- 264 Дорошенко А.В. Борьба с пьянством в СССР с 1970-х первой половине 1980 –х гг.: автореф. ... канд. ист. наук. – Омск, 2016. – 28 с.

- 265 КӨМА.15-қ., 2-т., 311-іс., 105-п.
- 266 О мерах по преодолению пьянства и алкоголизма, искоренению самогонарения: Постановление Совета Министров СССР от 7 мая 1985 г. // Ведомости ВС СССР. – 1985. – №2. – С.82.
- 267 Садықов Т.С. Жезқазған өнеркәсіп аймағының қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғ. ортасы – XX ғ.):дис. ... тар. ғыл. док. – Алматы, 1998. – 262 б.
- 268 КӨМА.15-қ., 1-т., 1-іс., 134-п.
- 269 КӨМА. 15-қ., 1-т., 6<sup>а</sup> -іс., 180-п.
- 270 КӨМА. 15-қ., 1-т., 7-іс., 156-п.
- 271 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 30-п.
- 272 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 52-п.
- 273 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 107-п.
- 274 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 43-п.
- 275 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 53-п.
- 276 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 60-п.
- 277 КӨМА. 15-қ., 1-т., 104-іс., 129-п.
- 278 ҚРПА. 708-қ., 51-т., 1546-іс., 37-п.
- 279 ҚРПА. 708-қ., 37-т., 1260-іс., 24-п.
- 280 ҚРПА.Қ.708. 56-т., 1855-іс., 158-п.
- 281 Закон об укреплении связи школы с жизнью и о дальнейшем развитии системы народного образования в СССР // Вест. выс. шк. – 1959. – № 1. – С. 3.
- 282 ҚРПА. 708-қ., 63-т., 1795-іс., 55-п.
- 283 ҚРПА. 708-қ., 68-т., 1874-іс., 31-п.
- 284 Постановление ЦК КПСС «О завершении перехода ко всеобщему среднему образованию молодежи и дальнейшем развитии общеобразовательных школы» // Вестник высшая школа. – 1972. – № 6. – С.3-7.
- 285 ҚРПА. 708-қ., 146-т., 1696-іс., 14-п.
- 286 Бабанский Ю.К. Реформы школы (задачи, содержание, научно-теоретическое значение). – М.: Общество «Знание» РСФСР, 1984. – 357 с.
- 287 ҚРПА. 708-қ., 29-т., 1487-іс., 101-п.
- 288 Pazilov Y. Features of the organizing leisure in small towns of Kazakhstan in 1955-1991 (based on the materials of the Kentau) // Proceedings of the II International Scientific and Practical Conference «Modern Methodology of Science and Education». – February 19. – 2018, Poland:Warsaw. – P. 14-18
- 289 КӨМА.119-қ., 1-т., 87-іс., 3-п.
- 290 КӨМА. 15-қ., 1-т., 54-іс., 28-п.
- 291 Томский А. Кентаулықтардың мерекелік шеруі // Кентау правдасы. – 1981, мамыр – 5.
- 292 Pazilov Y. Otarbayeva G. The Anti-Religious Campaign of Soviet Authorities In The Mono-City of Kazakhstan // Bitlis Eren University Journal of Academic Projection. – 2018. – Vol. 3, Sayı/Number: – Aralık/Dec. – P. 19-31.
- 293 КӨМА.15-қ., 1-т., 7-іс., 221-п.
- 294 КӨМА. 119-қ., 1<sup>а</sup>-т., 409-іс., 45-п.

295 Қойгелдиев М. Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы: Дәуір, 2014. – 432 б.

296 XXII съезд Коммунистической партии Советского Союза. 17-31 октября 1961 г. // Стенографический отчет. – М.: Госполитиздат, 1962. – 592 с.

297 Назарбаев Н. Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 27 бб.

298 Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – Т.6. – 380 б.

299 Адырбекұлы К. Құпия пәтерде жазылған хат // Түркістан. – 2017, тамыз – 17.

300 Қоғамдық еңбек феномені: Хрестоматия // Б.О. Жангуттин және т.б. жалпы редак. басқ. М. Қойгелдиев. – Алматы: Дәуір, 2016. – 120 б.

301 ШӨМА. 40-қ., 28-т., 74-іс., 4-п.

302 Пазилов Е. Қазақстанның өндірістік қалаларында жүргізілген кеңестік ұлт саясатының тарихи астарлары (Кентау қ. мысалында) //// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы- Тарих және әлеуметтік -саяси ғылымдар сериясы.- 2018. - №4 (59). 399-406 бб.

Паначин Ф.Г., Страхов И.Н. Русский язык – язык дружбы и сотрудничества народов СССР. – М: Наука, 1981. – 300 с.

303 КӨМА. 15-қ., 2-т., 48-іс., 79-п.

304 КӨМА. 15-қ., 2-т., 52-іс., 111-п.

# ҚОСЫМША – А

Түркістан облысы  
Кентау қаласы  
әкімінің орынбасары



Заместитель акима  
города Кентау  
Туркестанской области

160400 Кентау қаласы, Иссауи даңғылы, 87, тел.: 8(72536)3-58-65,  
факс: 8(72536)3-55-65 ММ коды 1223528,  
ЖСҚ КЗ29070103КСНС818000 БСК ККМҒКЗ2А, БСН 000440003992,  
ҚР ҚМ Қазыналық комитеті РММ

160400 г. Кентау, проспект Исауи 87, тел.: 8(72536)3-58-65  
факс: 8(72536)3-55-65 Код ГУ 1223528,  
ИНК КЗ29070103КСНС818000, БИК ККМҒКЗ2А,  
БИН 000440003992, РГУ Комитет казначейства МФРК

25.10.2018 № 1-01-21/86РЗ

Диссертациялық кеңеске

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті 6D020300 –  
Тарих мамандығының докторанты Пазилов Ержан Джаркинбаевичтің  
ғылыми зерттеу жұмысының ендірілуі туралы  
**АКТ**

Пазилов Ержан Джаркинбаевичтің «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» атты диссертациялық жұмысының негізгі теориялық және практикалық нәтижелері Түркістан облысы Кентау қаласының тұрақты дамыту жоспарына келесі бағыттар бойынша енгізілді:

1. Кентау қаласының сәулеттік-жоспарлы инфрақұрылымының тарихи даму тәжірибесі мен кеңестік кезеңдегі бас жоспарының озық идеялары «Жайлы қалалық ортаны қалыптастыру» жобасы аясында;
2. Кентау қаласын аббаттандыру ісінде кеңестік кезеңдегі өзіне тән микроклиматтық жүйесінің қалыптасуына мұрындық болған тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, диссертациялық жұмыста қарастырылған жасыл-желекті «бақ-қала» концепциясын жүзеге асыруда;
3. Кентау қаласының тарихи демографиясын сипаттайтын кестелер мен инфографика мәліметтерін, қаланың өткен кезеңдегі және қазіргі таңдағы этнодемографиялық даму үдерістерін талдауда;
4. Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары мен тұжырымдары Кентау қаласының өзіне тән, қазіргі заманғы ішкі даму әлеуеті мен өзіндік дәстүрлерін анықтау ісінде;
5. Кентау қаласының орта мектептерінде «Туған жер» бағдарламасы аясында оқытылатын «Өлкетану», «Туған өлке тарихы» атты курс мазмұнына және оқу үрдісіне енгізілді.

  
Б.Алимбетов

орынд.: С.Ажигабьлов  
сым.: 8/72536/3-10-14

000079

## ҚОСЫМША – Б

Ф.7.07-15

Қазақстан Республикасының Ғылым және Инновация жөніндегі проректор Байболлов Қ.С. 2018 г.

Қазақстан Республикасының Ғылым және Инновация жөніндегі проректор Байболлов Қ.С. 2018 г.

Оқу және ӨӘЖ жөніндегі проректор Байболлов Қ.С. 2018 г.

Оқу үдерісіне ҒЗЖ әндіру АКТІ

«Б-16-12-03-«Мәңгілік ел идеясы контекстінде Оңтүстік Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеу» тақырыбында ҒЗЖ нәтижесі «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» PhD докторлық диссертация (ҒЗЖ атауы мен тақырып шифрі)

- осы акт 2018-2019 оқу жылында Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасына қарасты 5В011400 - Тарих, 5В020300 - Тарих, 5В011600 – География, 5В060800 – Археология, 5В041900 – Мұражай ісі, 5В091000 – Кітапхана ісі мамандығы студенттеріне жүргізілетін «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша лекция және семинар сабақтарында оқу үдерісіне енгізілгенін растайды.

- Е.Д. Пазилев пәннің мазмұнын жетілдіруде ХХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның өнеркәсіп орындарының маңында қалалардың бой көтеруін әлемдік тарихи процесс контекстінде қарастырып, Кентау қаласының мысалында моноқалаларды дамытудың стратегиялық бағдарламаларын басшылыққа алған.

*(ғылыми нәтиженің қысқаша сипаттамасы)*

Осы акт Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты Пазилев Е.Д.

*(қызметі, дәрежесі, атағы, аты-жөні)*

орындалған м/б ҒЗЖ нәтижелері: «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбында ҒЗЖ нәтижесі *(тақырыптың атауы мен шифрі.)*


### Оқу процесіне

**Дәріс сабақтары** Модуль 2. ХХ ғасырдың II-жартысындағы кеңестік реформалардың Қазақстанға тигізген әсері; Дәріс 9. Қазақстандағы рухани, шаруашылық «тоқыраулар» және экологиялық дағдарыстар.


**Семинар сабақтарға** 1. Модуль 2. ХХ ғасырдың II-жартысындағы кеңестік реформалардың Қазақстанға тигізген әсері; Семинар 16 Қазақстанды ауылшаруашылық және өнеркәсіптік тұрғыдан игеру: салдарлары мен қорытындылары, моноқалалардың салынуы тақырыптары бойынша ендірілгенін растайды.

Е.Д. Пазилев тарапынан «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұнына енгізілген толықтырулар, студенттердің оқу материалын тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді.


Каф. меңгерушісі

 Г. Отарбаева


АМЖД директоры м.а.

 С. Пернебеков


Гуманитарлық-педагогикалық ғылымдар бөлімінің бастығы

 С.Алдешов.

ҒЗБ директоры

 Ұ.Назарбек

## ҚОСЫМША В



Сурет В 1 – 1940 жылдардағы Ащысай кен байыту фабрикасының жалпы көрінісі  
ҚРПА. Қ.895. Т.1. 5859-іс.



Сурет В 2 – Бүргем шатқалынан алғаш қорғасынның мол кенінін тапқан Мерғалым  
Фахреддинов (1930 ж.). Кентау қ. тұрғыны Д. Каракозидидің жеке архиві.

## ҚОСЫМША – Г



Сурет Г 1 – Мырғалымсай кеніші маңындағы қазақтардың баспанасы (1948 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.




Сурет Г 2 – Мырғалымсай кентінің алғашқы тұрғын үйлері (1950 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет Г 3 – Мырғалымсай кенішінің бұрғылаушысы Д. Боядов үйі (1952 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



## ҚОСЫМША – Д



Сурет Д 1 – Кентау қаласындағы тұңғыш көпқабатты үйлер құрылысы (1956 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет Д 2 – Кентау қаласы тұрғын үй құрылысындағы ең озат С. Куимсаның бригадасы (1956 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.

## ҚОСЫМША – Е



Сурет Е 1 – Кентау қаласы көшелерінің жалпы көрінісі (1965 ж.). ҚРПА. Қ.895. Т1. 5524-іс.



Сурет Е 2 – Кентау қаласындағы Ленин атындағы даңғыл (1970 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.

## ҚОСЫМША – Ж



Сурет Ж 1 – Кентау қаласындағы «Дружба» кинотеатры мен Лектория үйі алдындағы Горняк саябағы (1979 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет Ж 2 – Кентау қаласындағы орталық саябақ (1980 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.

### ҚОСЫМША – 3



Сурет 3 1 – Қаладағы олимпиадалық үлгідегі жүзу бассейні (1980 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет 3 2 – Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Костер» пионер лагері (1982 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.

## ҚОСЫМША – И



Сурет И 1 – Мырғалымсай кенішінде забой тазалау (1980 ж.). ҚР ПА. Қ. 895. Т.1. 5434-іс



Сурет И 2 – Ащысай полиметалл комбинатының гуммирлеу цехы (1980 ж.). ҚРОММ.  
Қ.1553. Т.1. 4034-іс.



Сурет И 3 – Комбинаттан барит кенін жөнелту (1983 ж.). ҚРОММ. Қ.1553. Т.1. 4034-іс.



Сурет И 4 – «Западный» кеніші үңгушілерінің бригадирі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері С.Ф. Соколов (1984 ж.). ҚРОММ. Қ.1553. Т.1. 4034-іс.

## ҚОСЫМША – К



Сурет К 1 – Кентау қаласындағы №1 азық-түлік дүкені (1971 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет К 2 – Кентау қаласындағы сенбіліктен көрініс (1985 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.

## ҚОСЫМША – Л



Сурет Л 1 – Кентау қаласы тұрғындары Ұлы Қазан Революциясы мерекесіндегі шеруде (1977 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



Сурет Л 2 – Кентау қаласы тұрғындары 1 мамыр мерекесі шеруінде (1977 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.



## ҚОСЫМША – М

Кентау қаласындағы гректердің «Селена» мәдени қоғамының жетекшісі  
Дмитрий Андреевич Каракозидидің естелігінен үзінді (Ұлты грек. 1944 ж.т.)

Мен 1944 жылы 26-қарашада Грузияның Абхазия өлкесіндегі Гудаута ауданында өмірге келдім. Кавказ бойы мен Қара теңіз жағалауындағы гректерді жаппай жер аударуға ұшыраған 1949 жылы мен 5 жастағы бала екенмін. Әлі кішкентай бала болғандықтан болар, поезбен қанша күн жүргеніміз, осы азапқа толы ауыр күндері орын алған оқиғалар жадымда жоқ. Әке-шешемнің айтуынша, 1949 жылы шілде айында бізді Бадам станциясынан түсіріп, жүк машинасымен Мақтарал ауданының Ворошиловка колхозына алып келген. Алғашқыда жер аударылған гректер ауылдық клуб ғимаратына орналастырса, кейінен лайдан тұрғызылған үйшіктерге бірнеше отбасыларға бөліп жайғастырды. Балалық шақтан ерекше есімде қалған сәттері жергілікті қазақтардың жұпыны тіршілігі, әкем мен анамның күні бойы мақта алқабында еңбек етуі, суық күндері үстімізге, аяғымызға киетін киім болмағандықтан тысқа шыға алмай үйде отыратыным, ашқұрсақ жүріп, үнемі бір нәрсе жеуге аңсарым ауып тұратыны еді. Балалар түгіл ересектердің өзіне ол кездері киім жетіспеді. Азық-түлік тапшы. Алғашқы жылдары ауа-райының күрт ауысуы мен қиын тұрмыстық ауыртпалықтардың әсерінен жер ауып келген гректердің арасында жаппай белгісіз жұқпалы аурулар тарады. Аталған аурулар ересектерге қарағанда ең алдымен, жас балаларға ауыр тиді. Жас балалардың барлығы дерлік, оның ішінде інім Юрада бар, белгісіз іш ауруы және ірінді көз ауруымен ауырды. Арнайы дәрі болмағандықтан, ауру балалардың көзіне жас босанған әйелдердің емшек сүтін, көк шайдың суын тамызу арқылы ем-дом жүргізілді. Бір күні менің де тамағым ісіп, қатты жөтел қысатын демікпемен ауырдым. Ауруыма ем болар деген үмітпен ата-анам маған иттің майын, біреулердің кеңесімен керосин ішкізіп, салидол дейтін машинаға қолданылатын майды жегізеді. Бірақ бұдан кейін жөтел ауруым одан бетер асқынып, ыстығым көтеріліп, жағдайым күрт нашарлай бастайды. Тез арада дәрігерге алып бармаса, өзге балалар сияқты менен айырылып қалатынын сезген әкем көрші тұратын Харитиди Таки әкейдің арбасына мені таңып алып, 40-50 шақырым жердегі аудан орталығындағы емханаға жеткізеді. Бақытыма орай, маған емханада депортацияға ұшырап жер ауып келген неміс профессор жолығып, жалған тамақ ауруы (ложный круп) деген диагноз қойды. Сол кісінің арқасында 10 күннің ішінде ауруымнан құлан-таза айығып кеттім. Ауылда сол жылдары талай балалар шалғайдағы ауруханаға жете алмай көз жұмған екен. Әлі есімде, аштықтан қалжыраған біздерді «Сталиндік эшелон» деп аталатын орталықтан арнайы бөлінген көмек келіп құтқарды. Жер аударылған гректерге «сталиндік көмек» ретінде орталықтан бөлінген азық-түлік пен киім-кешектер ауылға түйелерге артылып әкелінді. Отбасындағы адам санына байланысты бөлінетін азық-түліктен өз үлесін әкем қапшығына салып алып, үйге алып келді. Қапшықты көтеріп әкем есіктен кіріп келгенде, азық-түліктің керемет иісі үйдің

ішін жайлап кетті. Азық-түліктердің арасында қант бар болып шықты. Анам бізге бір түйір қантты суға салып, оған ұн қосып қайнатып, быламық ботқа әзірлеп берді. Ініміз екеуміз ботқаны сол кезде әлемде одан артық тәтті тамақ жоқтай сезініп, сүйсініп жегеніміз есімнен кетпейді.

.....Гректерге өз атамекеніне қайта оралуға түпкілікті тиым салынғанымен, Сталин қайтыс болғаннан кейін елдің ішкі аумақтарына көшіп-қонуға рұқсат беріле бастады. Әкем қайта-қайта жергілікті НКВД мекемесіне барып жүріп, ақыры туыстарымыз тұратын Кентауға көшуге рұқсат алып келді. Кентауға көшуіміздің басты себебі, біріншіден, онда жер аударылған гректердің ең үлкен бөлігі шоғырланған болса, екіншіден, өндіріс орындары шоғырланған мұнда ауылдық жермен салыстырғанда халықтың тұрмыс жағдайы жоғары болды. Содан заттарымызды буып-түйіп, жейтін азық-түлігімізді қамдап, Кентау қаласын бетке алып жолға шықтық. Ол кезде Мақтарал ауданы Өзбекстанға қарағандықтан, шекарадан өтуде көп қиындықтарға кезігіп, әзер дегенде діттеген жерімізге жеттік. Кентауда уақытша туыстарымыздың жер үйіне жайғастық. Ата-анам мені қаладағы №16 орта мектепке орналастырып, өздері жергілікті құрылыс мекемесіне жұмысқа тұрды. Кентауға келген соң әкем мен анам, кеңес елінің азаматтығын алуға өтініш берді. Бір қызық жері, кеңес елінің паспортын алуға әкеме рұқсат берілді де, анама берілмеді.

.....1956 жылы Кентауға көшіп келгеннен бері, қаланың өсіп-өнуі мен гүлденуі көз алдымнан өтті. Қала құрылысын жүргізуге және көгалдандыруға басқалармен қатар, гректер ерекше ат салысты. Әсіресе, Кентау қаласын жасыл-желекке айналдыруға ерекше мән беріліп, көгеріш үшін қатаң күрес жүргізілді. Өзім куә болған бір жайды айтып өтейін. Бірде Ащысай полиметалл комбинатының директоры В.И. Логиновтың кабинетінде сөйлесіп отырғанымызда, хатшысы кіріп келіп: «Владимир Илларионович! Қазір ғана бір қала тұрғыны телефон арқылы Коммунистер даңғылында гүлдің жұлынып жатқанын хабарлады» деді. Директор жалма-жан қалалық ішкі істер бөлімінің бастығына телефон соғып: «Ей сендер қайда қарап отырсындар! Күндізгі уақыттың өзінде көз алдарыңдағы орталық даңғылда гүлдер жұлынып жатыр. Гүлді бүлдіргенді тез тауып жауапқа тартындар! Басында түнейсіңдер ме, жұмысым жоқ, гүлдерді күзететін болындар!» деп тұтқаны қоя салды.

.....Кентау қаласы көп ұлттан құралғанымен, біздер тату-тәтті бірлікте өмір сүрдік. Ұлтқа, тілге, дінге бөліну болмайтын. Мұсылмандардың Құрбан айт мерекесін, христиандардың «Пасха» және «Масленица» мерекелерін қай ұлттың өкілі болмасын бірге тойлайтынбыз. Бір-бірімізді үйге қонаққа шақырып, қайтыс болған кісінің жерлеу рәсімдерін бірлесіп атқаратынбыз.....

Ескерту: Дерек көзі – Сұқбат Е.Д. Пазилов тарапынан жазып алынып, респондент рұқсатымен қазақ тіліне аударылған. Кентау қаласы, 20.07.2017 ж.

## ҚОСЫМША – Н

Кентау қаласының байырғы тұрғыны Күләнда Ахметқызының естелігінен үзінді (Ұлты қазақ, 1938 ж.т.)

Мен Ахметқызы Күләнда 1938 жылы Түркістан ауданына қарасты Үйреката деген жерде дүниеге келдім. Мен 5 жасқа толғанда біздің отбасымызды Мырзашөл өңіріндегі Мақтарал ауданына көшіріп жіберіпті. Бұл 1943 жылы болса керек. Ал 1945 жылы соғыс аяқталған жылы інім дүниеге келгенде әкем қуанып, атын Сұлтанбек деп қойыпты. Мақтаралға барғанда отбасымыз тамақ, ас-су жетіспей, көп қиындықтар көріпті. Су тапшы болып, әкем арықтан су алуға барғанда өлген адамдар судың бетінде қалқып жүреді екен. Сөйтіп әкешемнің менен үлкендеуі баласы болған екен, жерсінбеді ме, қиыншылық көргеннен болар қайтыс болып кетіпті. Әкем қалған балаларымды да қиыншылықтан өлтіріп алармын деп, қайтадан Түркістанға қарай қашқан ғой. Анамызды алып, екі ағам мен бір інімді арқалап қашып келген әкем Кентаудың маңындағы Оранғай деген жерге орнықанға ұқсайды. Анам фермада сауыншы, әкем колхозда малшы болды. Көшіп келгеннен кейін ауыр жұмыстан қажыған әкем көп ұзамай ауырып, қайтыс болды. Оранғайда мен 6-сыныпқа дейін өзбек тілінде оқыдым. Себебі қазақ тіліндегі сыныптар болмады. Шалбарлардың балағын кесіп, сөмке жасаймыз, форма деген болмайтын, бірақ әйтеуір мойнымыздан қызыл галстукты тастамай тағып жүретінміз. Кіші ағам мына шалым қатарлы жаста еді. Мырғалымсайға келіп, шахтада жұмыс істеп жүрді. 1950 жылы отбасымызбен Мырғалымсайға біржола көшіп келдік. Мұнда нағашыларымыз тұрушы еді. Ол кезде Кентау деген Мырғалымсай кенішінің маңындағы шағын ауыл еді. Нағашыларымыз өздерінің екі бөлмелі қоржын үйінің бір бөлмесін бізге босатып берді. Бізде ешқандай жиһаз, үй заттары болмады, біреуі көрпесімен, біреуі тамағымен бөлісті. Біздер де Кентауға жер ауып келген гректер сияқты өмір сүрдік. Ол жылдары жұмыс іздеп жақын маңдағы ауылдардан көшіп келген біздермен бірге жергілікті қарапайым қазақтардың да тұрмыстық жағдайы өте жұпыны болды. Қазақтардың көпшілігі өз қолдарымен салып алған жеркепе үйлерде тұрып жатты. Арасында киіз үйде тұратын қазақтар да кездесетін. Бізде кейін сол жерде қазақы қоржын там салып алдық. Кентау қаласына келгеннен кейін Алтынсарин атындағы қазақ мектебінде оқыдым. Жоғары сыныпта каникулға шыққанда мына шал алып қашып кетті. Біздер бұл кісімен көрші тұрдық. Сол жылы 7-сыныпты бітірген едім. Ерте тұрмысқа шығып кеттім. Шешем момын кісі болатын. Мені оқытпаймын, қыз баланың көп оқығанын ұнатпаймын дейтін. «Қыз оқып, қазы болмайды, ит жүгіріп, тазы болмайды» деп мақалдап қоятын. Мен ашуланып, онда оқытпасаңдар тұрмысқа шығамын деппін. Шалым алып қашып кеткен кезде 17 жасқа жаңа толған едім.

1960 жылдарға дейін біздер тойып тамақ ішпедік. Қазіргі уақытта біреудің заттынан біреу ішпейді ғой. Ол уақытта тамақты ортаға қойып, екі ұрттап, жаңағыны келесісіне бересін, ол ұрттап оны анаған береді. Сондай жағдайлар басымыздан өтті. Қиыншылық кез, ыдыс-аяқ жетіспейді, төсекті де

ауыстырмаймыз. Біріміздің киімімізді біріміз киіп кете беретінбіз. Мысалы, менің өзімде әдемі қызыл пальтом болды. Осы менің пальтомды барлық таныстарым тойға, мерекеге сұрап киіп кететін. Шалым жалақысы жоғары жер астындағы шахтаға проходчик болып жұмысқа кіргеннен кейін ғана аузымыз аққа тиіп, жағдайымыз жақсара бастады.

Алғашқы баламызды босанғанда көптеген қиыншылықтарды бастан кешірдік. Кентаудағы жалғыз роддомда орын тапшы, тамақ жоқ, аурухананың іші суық. Ол кезде өзіміз киген ескі киімдерді жуып, үтіктеп, әдемілеп қоямыз. Соған баланы орап, алып шығамыз. Қазіргі әйелдерде арман жоқ қой шіркін. Тамақ болмай қарның ашып өлейін деп, бозарып жатасын. Осындай қиыншылықтардан басында бір-екі балам шетінеді, біреуі 2-3 жасқа келіп қайтыс болды. Солардан кейінгі бір қызымды роддомда жаңадан босанғанда, жейтін түк жоқ, талықсып жаттым. Үйден туыстар келеміз деген еді, олар да келе қоймады. Талықсып жатып, оянып кетсем, біреу жаныма бір стакан шай, бір тілім қара нан қойып кетіпті. Соны жеп, қайтадан ұйықтап қалдым. Сол оқиға еш есімнен шықпайды.

Алғашқы жылдары есімде қалғаны Кентау қаласына гректерді көшіріп алып келіп жатты. Оларды зорлап жұмысқа салды. Тұрмыс тауқыметіне шыдамаған гректер ашуланып, адамдарды, жергілікті қазақтарды өлтіруге дейін барды. Базарға мал сатуға барғандардың малын тартып алып, өздерін өлтіріп кеткен жағдайлар да болды. Оларға жергілікті милицияның адамдарының да шамасы келмеді. Көздеріне қан толған олар алғашқы екі-үш жыл басылмай, жергілікті қазақтардың жуастығын пайдаланып, әбден басынып, бірталай зәбір көрсетті. Өз елдерінен күштеп көшіріп жіберген соң, ашынып істегендері екен. Кейін келе басылып, осы жерге сіңіскен соң, тұрмыстары түзеліп, зәулім үйлер сала бастады. Гректер пысық, шетінен ұста болып, аз жылдардың ішінде байып шыға келді. Олар бейнеткеш халық болып шықты. Қазақтар сияқты бас салып, ет жей бермейді. Бір-екі бочка баклажанды тұздап алып, қара нанды арқалап бара жатқанын көресің. Көбіне құрылыс саласында жұмыс істеді. Кез-келген жұмысты тез меңгеріп, сапалы істейтін өнерлі еді. Кейін жұмыс істеп жүріп, үй салып, тұрмыстарын түзеп алды. Тігіншілік, саудагерлік сияқты кәсіптерге гректер бейім еді. Солардан қыруар ақша тауып жатты. Әйелдері торт, тәтті тағамдар сатып байып жатты. Біздің қазақтар ол кезде бұл нәрселерді білмейтін еді. Кейін-кейін шығарып жатты ғой. Гректер кейін қазақтар сияқты құрылыспен бірге, мал өсірумен айналысты. Араласа келе олардың да жақсы халық екеніне көзіміз жетті. Менің күйеуім шахтада жұмыс істемес бұрын қаладағы үлкен қоймада гректермен бірге жұмыс істеді. Кейін олармен табысып кеттік, бірге ас ішіп, бір нанды бөлісіп жедік.....

Ескерту: Дерек көзі – Сұқбат З. Мырзатаева тарапынан жазып алынып, Е. Пазиловтың көмегімен қағазға түсірілген. Алматы қаласы, 08.10.2016 жыл.

## ҚОСЫМША – О

Кентау қаласына күштеп жер аударылғандардың бірі, Ачполиметалл комбинатының еңбек ардагері Иван Панайотович Пиминидидің естелігінен үзінді (Ұлты грек.1930 ж.т.)

Мен 1930 жылы Грузия КСР, Сухими қаласында дүниеге келдім. Гректер жаппай депортацияға ұшыраған 1949 жылы мен ес біліп қалған бозбала шақта едім. Сондықтан бұл оқиғаның барысы түгелімен әлі күнге дейін жадымда жаңғырып тұр. Біздің ауылдан гректерді көшіру шарасы түнде басталды. Сол күні шабаланып үрген иттің даусынан шошып оянған әкем сыртқа шығады. Келгендер қарулы солдаттар екен. Олар тез арада жиналуымызды және басқа аймаққа көшірілетінімізді ескертті. Түн ортасында бізді темір жол станциясына алып келді. Айналаның бәрі азан-қазан, шулаған халық. Кей тұстан Грецияға кетеміз деп ойлаған жұрттың қуанышты күлкісі мен кемеңженің (гректердің ұлттық музыка аспабы) әуені естіледі. Барлығымызды екі қабатты сәкілермен жабдықталған 18 тонналық жүк вагондарына лық толтыра тиіс елген поезд эшелоны, бізге беймәлім жаққа жүріп кетті.

Содан шілде айының ми қайнатар ыстығынан қиналып шөлдеп, арып-ашқан біздерді Мырғалымсай кентіне алып келді. Мұнда жер ауып келген гректерді орналастыратын баспаналар дайын болмағандықтан, бізді кезінде жапон тұтқындары салып кеткен жеркепеге уақытша жайғастырды. Арнайы қоныстанушыларға арналған бұл лагеріміз Пушкин көшесінің бойында орналасты. Бастапқыда жер аударылғандар қашып кетпеуі үшін және жергілікті халықтан алшақ ұстау мақсатында лагерді арнайы әскерилер күзететін. Жергілікті халық арасында гректерге жақындауға болмайды, бірден бас салып тонайды, өлтіріп кетеді деген жалған өсек таратылғандықтан, жергілікті халық бізге жақындамауға тырысты. Кез-келген бейсауыт уақытта арнайы қоныста гректерге әрі-бері жүруге қатаң тиым салынды. Лагерь аумағынан сәл ұзаған жағдайда күзетшінің «Тоқта! Артқа! Атамын!» деген даусы естілетін.

Бір күні жергілікті қазақтар мекендейтін Бала-Бүргем жақтан екі қарайған нүктенің сұлбасы көрінді. Жақындап келгенде байқағанымыз, әр бірінде айран мен сүт құйылған 10 литрлік ыдыстары бар екі қазақ әйелі екен. Әйелдердің ауыр еңбекпен күнелтіп жатқан осы маңдағы қазақ ауылдарындағы қарапайым малшылар екендігін, күс басқан қолдарының адырайған тамырларынан байқауға болатын еді. Күзетшілер олардың бізге жақындауына алғашқыда рұқсат бермеді. Бірде олар жанымыздан өтіп бара жатқандай кейіп танытып, күзетшілердің ары қарағанда, күрт бұрылып, жер аударылған гректердің арасына еніп кетті. Алдымен сүт жас балаларға үлестірілді. Бір стакан сүттің өзінен әлсіреген балалардың өңіне қан жүгіртіп, көздерін жайнатып жібергендігі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Қазақ әйелдері кей кездері тілімізді түсінбесе де, қиыншылықтан қажыған немесе баласынан айырылған грек әйелдерімен қосылып, ұзақ жылайтын. Басқа түскен ауыртпашылықты түсіну үшін тілін білудің қажеті жоқ екендігін, баласын аман сақтап қалуға ұмтылған аналардың қайғысының ортақ болатынын сол кезде түсіндім.

Әйелдер кейін күн сайын келіп тұрды. Күзетшілер олардың еш зияны жоқ адамдар екеніне көздері жеткен соң келуіне рұқсат бере бастады. 1956 жылы гректерге салынған шектеу алынып тасталғаннан кейін, Бала-бүргемдегі қазақ ауылынан бізді аштықтан құтқаруға көмектескен сол екі әйелді іздестіре бастадық. Қанша шарқ ұрып іздегенімізбен оларды сол күйі таба алмадық. Қиын-қыстау кезеңдерде адамгершілікпен мейірімділіктің жоғары үлгісін көрсеткен екі қазақ әйеліне сол күйі ризашылығымызды айтып, құрмет көрсете алмағанымыз, біз үшін өкініш болып қала берді....

Ескерту: Дерек көзі – Сұқбат Е.Д. Пазилов тарапынан жазып алынып, респондент рұқсатымен қазақ тіліне аударылған. Кентау қаласы, 21.07.2017 ж.

## ҚОСЫМША – II

Қарапайым жұмысшыдан Ащысай полиметалл комбинатының директоры қызметіне дейін көтерілген, т.ғ.д., профессор Битимбаев Марат Жақыпұлымен сұқбаттан үзінді (Ұлты қазақ.1940 ж.т.)

Мен 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында дүниеге келдім. Осы Зайсан қаласында орта мектепті алтын медальмен бітіріп, 1957 жылы Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен институтына емтихансыз оқуға қабылдандым. 1962 жылы осы институттағы оқуымды үздік аяқтап, «тау-кен инженері» деген мамандық алып шықтым. Институт қабырғасында жақсы оқыған мені мұғалімдер аспирантураға алып қалғысы келді. Бірақ, институтта диссертация қорғап алып, практикадан түк хабары жоқ, теорияны ғана меңгерген маман болып жүргенше, іс жүзінде өндіріспен танысып көрейін, одан кейін ғылыммен айналысу жеңіл болады деп ойлап, тікелей өнеркәсіпке жұмысқа баруға бел байладым. Осындай мақсатпен 1963 жылы ақпан айында Ащысай полиметалл комбинатына арнайы жолдамамен жұмысқа келдім. Мен барған жылдары Ащысай полиметалл комбинатының Қазақстандағы басқа өнеркәсіп орындарынан басты ерекшелігі – мұндағы жұмысшылардың жартысынан астамы жергілікті қазақтардан құралған еді. Соған қарамастан, 1960 жылдарға дейін комбинаттың инженер-техникалық басшылық құрамында қазақтардың үлесі тым аз болды. Мен секілді институтты бітіріп, жоғары білім алған жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан мамандар атағы жер жарған комбинатқа өздері сұранып жолдамамен келіп жатты. Бірақ оларға комбинатта біліктілігіне сай жұмыстар берілмеді. Ащысай полиметалл комбинаты ресми түрде Қазақ КСР Түсті металлургия Министрлігіне бағынғанымен, одақтағы ерекше өкілеттілігі бар кәсіпорын ретінде директорлық лауазымына Мәскеуде мақұлданған азаматтар тағайындалатын. Сондықтан, комбинат басшылары кадр саясатында өзім білермендікке салынып, жергілікті ұлт өкілдерін шет қақпайлады. Соған ашынған біздер 1965 жылы Қазақ КСР ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың атына шағым хат жазып, комбинат басшыларының жүргізіп отырған кадр саясатына қарсы өз наразылығымызды білдірдік. Осы жерде қазақ инженерлерінің наразылығына жетекшілік жасап, істің соңына дейін жеткізілуіне сеп болған тұлға – Ануарбек Әйменовтың есімін ереше атап өтуді парыз санаймын.

Мен Ануарбек Әйменовпен «Западный» кенішінде бірге жұмыс істеп жүргенде таныстым. Бірде ол ақылдасатын шаруа бар еді деп, мені өз пәтеріне шақырды. Барсам, мұнда менен өзге 20 шақты комбинаттың тәжірибелі қазақ инженер-техник қызметкерлері жиналған екен. Жиналысқа қатысушылар бірінен кейін бірі сөз алып, комбинат басшыларының жергілікті ұлт өкілдеріне жасап отырған қысастығын баяндай бастады. Комбинатта жұмыс істейтін 10 мыңға жуық жұмысшының жартысынан астамы қазақтар болғанымен, жауапты қызметтегі басшылық құрамында бірде-бір қазақ жоқ екені айтылды. Комбинат басшылығының жергілікті қазақтардың мүддесімен санаспай, өз білгенін істеп,

белден басып отырғаны әңгіме болды. Бұл жағдайды өзімде байқап, іштей түйсініп жүрген болатынмын. Кеңес соңында А. Айменов маған ұсыныс жасап, қазақ тілінде жазылған шағым хатты орыс тіліне аударып беруімді өтінді. Мен қазақ тілі мен орыс тілін бірдей жетік білетінмін. Сондықтан, қазақ тілінде жазылған шағым хатты орыс тіліне тез-ақ аударып бердім. Содан кейін Әнуарбек Әйменов пен оның Западный кенішіндегі екі серігі – Қ. Қожабеков және А. Жақсымбетовтер Алматыға барып, өз қолдарымен шағым хатты Д.А. Қонаевқа тапсырып, біздің наразылығымыздың мән-жайын білдіріп қайтты. Арада көп күттірмей, Қазақ КСР Орталық Комитетінің хатшысы А.С. Колебаев бастаған арнайы тексеру комиссиясы Кентау қаласына келіп жетті. Әрқайсымызбен жеке-жеке сөйлесіп, комбинат басшылары жүргізіп отырған кадр саясатына әбден қаныққан соң, тексеру комиссиясының мүшелері шағым хатта жазылған фактілердің барлығының рас екеніне көздері жетті. Комбинат директоры И. Тараканов қызметінен босатылып, бірқатар азаматтар қатаң сөгіс алды.

Халық арасында кең тарап кеткен «қандай революцияны болмасын, романтиктер ойластырып, прагматиктер іске асырады, жемісін оңбағандар көреді» дейтін тәмсіл бар ғой. Сол сияқты осы наразылықты ұйымдастырған жетекшілерінің кейінгі тағдыры қайғылы жағдаймен аяқталды. Қ. Қожабековті өз пәтерінде бұзақылар өлтіріп кетсе, А. Жақсымбетов комбинаттағы жұмысын тастап кетуге мәжбүр болды. Әнуарбек Айменовті үш жылға Алжир мемлекетіне жұмысқа жіберілді, одан оралған соң Байжансай кенішінде участка бастығы болып қызмет етті. Осы жерде де ол «ұлтшыл», ұжым ішіне іріткі салғыш деген айыппен қарсыластарының қуғынына ұшырап, Алматыдағы «Казгостехнадзор» мекемесіне ауысып кетті. Осы мекемеде жұмыс істей жүріп, көп ұзамай жүрек талмасынан қайтыс болды. Қандай өкінішті тағдыр десеңізші!

.....Ащысай полиметалл комбинатында жердің терең қабаттарынан қиын гидрогеологиялық жағдайда түсті металл кендері өндірілгендіктен, көп жылдар бойы дотациялы кәсіпорын санатында болды. Қиын гидрогеологиялық жағдайда кен өндірілді дегенім – комбинат кеншілері кен қазу ісінде күшті жер асты суы ағынымен күресуге тура келгендігі еді. Қаратау өңірі – Қазақстандағы жер асты суларына ең бай аймақтардың бірі болып есептелетін. Бастапқыда бізге «жау» болған жер асты суын, «Гипроцветмет» институтының мамандарымен бірлесе отырып, өз «досымызға» айналдырдық. Кеніштерге орналастырылған қуатты насосар көмегімен жер асты суларын сыртқа айдап шығарып, арнайы құбырлар арқылы Кентау қаласына жіберілді. Бұл мол судың арнайы тазалаудан өткізілген бір бөлігін тұрғындар ауыз су ретінде пайдаланса, қалғаны арық-атыздармен қаланың ішін суландыруға жұмсалды. Кеңестік кезеңде Кентау қаласының жасыл-желекке айналып, гүлденіп тұрғаны, осы құбырлар арқылы үздіксіз беріліп отырған жер асты суының арқасында болатын.

1960 жылдардың ортасынан бастап, комбинаттан тек түсті металдар ғана емес, мұнай-газ өндірісіне, косметика саласында, рентген аппараттарын



құрастыруға аса қажетті – барит деп аталатын өнім шығара бастадық. Біздің комбинатта бүкіл одақ көлеміндегі бариттің 90% астамын өндірілді. Сондай-ақ, комбинатта металлургиялық вельц пеші және лакты бояу шығаратын цех іске қосылды. 1970 жылдан бастап, комбинатта кенді өндіру және тасымалдау жұмыстарында тұңғыш жоғары технологиялы өздігінен жүретін қондырғылар қолданыла бастады. Осындай шаралардың арқасында комбинаттың табысы еселеп өсіп, шығынмен жұмыс істейтін өндіріс орнынан рентабельді кәсіпорынға айналды.

Жалпы алғанда, Кеңестер Одағындағы түсті металл өндіретін кәсіпорындардың арасында тек 3 полиметалл комбинатында – Норильск, Жезқазған, Ащысайда ғана еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған техникалық қондырғыларды өндіру және мамандарды оқытумен айналысатын тәжірибелік алаң ұйымдастырылды. Норильск және Жезқазған комбинаттары құпия кәсіпорындар қатарына жатқызылды да, біздің комбинатқа ғана шетелден келген мамандарды тәжірибеден өткізуге және жаңа қондырғылармен таныстыруға рұқсат берілді. Біздің комбинатқа Кеңестер Одағына достық қатынастағы шет елдерден – Франция, Алжир, Болгария, Финляндия, Мали, Индия, Қытай т.б. мемлекеттерден мамандар келіп тәжірибелерін шыңдап кететін. Біздің мамандар тәжірибе жүзінде бізде сынақтан өткізілген өздігінен жүретін қондырғыларды шетелдегі өнеркәсіп орындарына барып орнатып қайтып жүрді.

Осы комбинатта жұмыс істей жүріп, 1975 жылы жер асты кеніштердің технологиялық жүйесінде өздігінен жүретін қондырғыларды пайдалану арқылы тиеу-тасымалдау жұмыстарының тиімділігін арттыру атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым. Тау шебері қызметінен «Глубокий» кенішінің бастығы қызметіне дейін жоғарылады. 1977 жылы қиын гидрогеологиялық жағдайда 500-800 метр тереңдікте сағ/20-25 мың тау кенін өндіру жұмыстарында алдыңғы қатарлы техника мен технологияны өндіргенім үшін, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты аттандым.

1989 жылы 28 қаңтарда конкурстық комиссияның мәжілісінде құпия дауыс беру арқылы Ащысай полиметалл комбинатының директоры қызметіне тағайындалдым. Мен директор болған кездері комбинаттың басынан бағы тая бастаған жылдар еді. Одақтың өзге кәсіпорындарымен шаруашылық байланыстар әлсіреуі салдарынан жұмысшыларға жалақы төлеуге қаржы болмай, қалаға берілетін жылудың, судың, электр энергиясының мөлшері азайып, дүкендерде азық-түлік пен күнделікті тұтынатын заттардың тапшылығы айқын сезіле бастаған. Осынау қиын жағдайда комбинатты 2 жыл абыроймен басқарып, 1991 жылы арнайы шақыртумен ҚР Өнеркәсіп министрінің орынбасары қызметіне ауысып кеттім.....

Ескерту: Дерек көзі – Сұқбат Е.Д. Пазилов тарапынан жазып алынған. Кентау қаласы, 24.04.2017 ж

## ҚОСЫМША – Р



Сурет Р 1 – Кентау қаласындағы «Спутник» кинотеатры (1978 ж.). Кентау қалалық тау-кен мұражайы альбомынан алынды.